

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

821.512.122

ЖС-27



лемге
йгілі
лихан

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ




ӘЛИХАН

Әлемге

әйгілі

ӘЛИХАН

Қарағанды, 2024 ж.



ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84 (5Қаз)

Ж27

Ж27. ЖАНЫСБАЙ Сүйіндік. Әлемге әйгілі Әлихан.

(Әлихан Бөкейханов туралы деректі кітап). –

Қарағанды: «TENGRİ Ltd» баспасы, 2023. – 239 бет.

ISBN 978-601-7652-94-4

-54421-

Жазушы Сүйіндік Жанысбайдың бұл кітабы қазақтың біртуар ұлы, Алаш көсемі, сан қырлы талант иесі болған, халқымыз қадірлеген, туғанына 150 жыл толуы 2016 жылы ЮНЕСКО тарапынан аталып өтілген Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханның бейнетке толы өмір жолын оқырман қауымға жеткізуді мақсат тұтады. Қайраткердің өмірі мен қызметі туралы көптеген деректі оқиғаларға толы бұл кітаптың оқырман жүрегіне жылы жол табары сөзсіз.

ISBN 978-601-7652-94-4




9 786017 652944

УДК 821.512.122

ББК 84 (5Қаз)

© Жанысбай С., 2024



**«Тірі болсам, хан баласында қазақтың
хақысы бар еді, қазаққа қызмет
кылмай қоймаймын...»**

Әлихан БӨКЕЙХАН

ЖЕЛТАУДАҒЫ ЖАРҚЫН КҮНДЕР

Әлиханның Желтаудың етегіндегі шөбі майса, суы бал Желтаудағы Жекежал қыстауына келгеніне екінші күн. Ауыл сыртындағы биік төбе басындағы өзінің әдеттегі орны, биік тасқа отырып алып, сонау алыс-алыс тауларға, қырлар мен жоталарға көз сала бастады. Ал ауыл болса осы жерден тура алақандағыдай көрінеді. Анау жақта қозы қайырған балалар, ауылдың мына жағында желі басында бір топ адам жүр. Олардың ішінде ересек жігіттер бие сауса, балалар олардың құлындарын салып, жандарында көмектесуде. Алыс қыр басында жайылып жатқан қой осы ауылдікі. Қойшылар таң сәріден өргізіп әкетеді де, түске қарай өзенге құлатады. Осылардың барлығын тас үстінен қарап отырып үлкен бір ой түйген еді.

Мықан төре атанған әкесі Нұрмұхамед ауылда болған сәтінде киіз үйдің есігін айқара аштырып қойып, алысқа көз тігетін әдеті бар. Кейде сыртқа шығады. Осы жолы да үй артындағы қырға қарай беттеген. Әуелде байқамаған екен, жақындай бере көзі шалды, баласы Әлихан тас үстінде отыр екен.

Әкесі осы баласына ерекше риза. Бәйбішесі Бегім (Бежекем) екеуі мұның тілі шыққанша қатты уайымдаған. Өз бетімен ойнап отыра беретін. Тіпті, бала болып жөнді жылаған да жоқ. Айтқанды түсінеді, бұлжытпай орындайды, «әкел» деген затынды әкеліп береді, «апар» деген затынды апарып тастайды. Бірақ үндемейді, бетіне қарайды да қояды.

Бірде Мықан төре шыдамай кетті білем, бәйбішесіне:

- Біздің мына бала қашан сөйлер екен? – деп ойлы көзбен қарап, сұрап қалғаны бар.

Қашан да орнықты Бежекем:

- Асықпа, төрем, Құдай бұйыртқан күні сөйлейді, - деп нық жауап берген.

Шынында да Әлиханның тілі алты жасында ғана шықты. Тілі шығысымен сайрап кетті. «Тілі кеш шыққан бала ақылды болады» дейтіні бар атам қазақтың. Сондықтан да төре де, Бежекем де бұл тәмсілді білгенімен, сырт шығарып айтқан емес. Іштерінен ғана шүкіршілік етті де қойды.

Бірде төр алдында қисайып жатқан Мықан төре шаңыраққа қарап ұзақ ойланған соң бәйбішесіне бұрылып:

- Бегім, Әлиханды оқуға беретін уақыт болған сияқты ғой, - деді өзінің қашанғы сабырлы қалпында.

Негізі төре ойына алған ісін өз бетімен орындауға тырысады. Бірақ сонда да ол туралы бәйбішесіне шет жағасын шығарып қоятын жайы бар. Бұл кісі айтып отыр екен, яғни оның баланы оқуға беру туралы бір ойы бары анық. Сондықтан да бәйбішесі төренің сөзін мақұлдамасқа амалы жоқ.

- Иә, төрем, соны мен де ойлап жүрмін. Бірақ әлі жастау емес пе?

- Неге жас болсын? Наурызда жетіге толып кетті ғой.

- Сонда қайда апармақсыз?

- Мына Қарқаралыға апарамыз да, басқа қайда барамыз?

Бұл жылы Әлихан оқуға барған жоқ. Оған Бегім бәйбішенің «әлі жастау емес пе» дегені де әсер етті ме, әлде басқа да жағдайлар себеп болды ма, әйтеуір күз келе Мықан төре үнсіз қалды. Қандай мәселеде болмасын сұлтан қашан да бәйбішесімен ақылдасып отыратын еді. Өйткені, бәйбішесінің де шыққан жері осал емес. Әлиханның анасы Бегім ханым мен Төлебике ханым апалы-сіңлілі еді. Бұлар Атақты Мамай батырдың немерелері болатын. Ал, Төлебике ханым болса – Абайдың немере інісі Шәкәрім ақынның анасы. Бегім ханым арабша және парсыша сауатты болған. Баласын жанына отырғызып қойып, молланың оқытқанын өзі пысықтап отыратын. Ескіше әңгімелерді көп білетін. Неше түрлі ертегілер мен хиссалар айтып беретін. Өте мейірімді ана тек Әлиханға ғана емес, ауылдың басқа да балаларына арабша сабақ үйретіпті. Тіпті, көрші ауылдардағы жетім балаларды жинап, арабша сауатын ашқан деседі.

Баланы оқуға беру туралы ой қыстай әкесінің де, анасының да көкейінде жүрген. Жаз ортасынан бастап сол мәселе қайтадан көтерілді. Кішкентай Әлихан өте зерек еді. Бір көргенін де, бір естігенін де бірнеше күннен соң сол беті қайталап айтып береді. Жазғытұрым қой қоздап жатқан кезде жас қозылар енесінен адасып қалып, маңырап жүргенде Әлихан оларды қолма-қол табыстырып жібереді. Оның мұндай байқағыштығына кәнігі сақманшылардың өздері де таң қалады.

Ауылда ертегі, нақыл, жұмбақ айтатын адамдар болады. Кішкентай Әлихан әкесімен бірге қонаққа барғанда сондай айтқыш адамдардың аузынан шыққан сөздерді де көкейіне түйіп алып, көпке дейін айтып жүреді. Кейде «Қар неге жауады? Ол қайдан пайда болады?», «Күн неге күркіреді» деген сияқты қайдағы бір адам ойламайтын сұрақтар қоятыны бар. Оған оқыған, көзі ашық, көп нәрседен хабардар әкесінің өзі де кейде жауап таппай қиналады.

Ондай сұрақтар қойған кезде:

- Ол құдіреті күшті Құдайдың жаратуы. Жер дүниесі және қыс, көктем, жаз бен күзді ол осылай жаратыпты, - деп жауап береді.

- Ал, неге олай жаратқан?

- Алланың өзінің қалауы солай, оған ешқандай шәк келтіруге болмайды...

Әкесінің мұндай жауаптарына баласының көңілі толмайды, бірақ сонда да «түсінген» сыңай танытады.

Алғашқыда ауыл молдасы Зиевтен әліпті «таяқ» деп білген еді. Ақыры әкесі оны Қарқаралыға әкеліп, белгілі көпес Қалиолла Бекметовтың үйіне орналастырып, Зафир молданың медресесіне берді. Жас мүрит бір күні молдадан да өзінің түсінбейтін жайлары туралы білгісі келген. Бірақ ол жауап орнына ысылдаған көк шыбықтың дауысын естіді.

- Пәтшағар, пәтшағар! - деп бірнеше рет қайталаған татар молда қатты ашуланып, енді қайтадан мұндай сұрақ қоймауды сес көрсете ескертті.

Бекметовтың үйінде оған жақсы болды. Оның ересек қыздары қазақша жақсы түсінетін, бірақ үйде бір-бірімен орысша сөйлесетін. Олардан орысша тіл үйрене бастады.

Білмегенін солардан сұрайтын болды. Екі жыл медреседе білім алып, тілін сындырған соң бұл оқу оның көңіліне жақпады. Оған қоса көрші балалардың көпшілігі мектептерде оқиды екен.

Әлихан медреседен қайтып келе жатқан. Көше ортасындағы биіктеу бір дөңес жерден балалар сырғанап ойнап жүр екен. Күндегі әдетімен бұл да бір екі рет сырғанап түсті. Қолдан тігілген қазақы етіктің ұлтаны тайғақ, сырғанауға тіпті қолайлы болатын. Енді тағы бір рет сырғанауға бұрыла бергенінде көрші тұратын өзі қатарлы Топай мен тағы бір баланың келгенін көрді. Олар мойындарындағы киіз қапшықтарын сыпырып, қар тимесін деген оймен жандарындағы бұтаның басына ілді. Бірақ бұта ішіне кітаптар салынған киіз қапшықты көтере алмай, олар жерге құлап түсті. Сол екен ішінен бір-екі кітап сыртқа шығып, қар болып қалды. Кітаптардың сыртында әдемі суреттері бар екен. Мұндай киіз қапшық мұнда да болғанымен, ішінде тек бір-екі дәптер мен екі қарындаштан басқа ештеңе жоқ бұл таңғалып тұрып қалды. Артынша ақырын келіп, сыртының қарын қағып жатқан Топайдан кітапты алып көрді.

- Бұл қандай кітап?

- Менің оқу кітаптарым ғой.

Ішін ашып көрді. Түрлі-түсті суреттері бар, тамаша оқулық екен. Екінші кітабының ішінде суреті аз болғанымен, әр түрлі санға толы. Сірә, есеп сабағының оқулығы болар? Бұрын мұндай кітаптарды Бекметовтың қыздарынан да көрген, бірақ Әлихан мыналарға қызығып кетті. Кешке дейін діни дәрісімен жалықтыратын медреседен гөрі мектепте оқу қызықты екенін түсінді.

Келесі күні аяндап орыс-қазақ бастауыш мектебіне барған. Мектептің ауласында балалар топ-топ болып ойнап жүр. Бірін-бірі қуалайды, секіреді, жүгіреді. Қызығушылығы тіпті арта түсті. Бір кезде қоңырау соғылып, балалар ішке кіріп кетті. Аулада ешкім қалған жоқ. Сол кезде бұл да кірген. Қайда барарын білмей, неше түрлі безендірілген, қабырғадағы суреттерге қарап тұрып қалды. Қарсы шыққан әйел оның неге келгенін сұрады.

- Менің осында оқығым келеді.

Әлгі әйел мұны бір кабинетке кіргізді. Мұнда төр алдындағы стол басында көзелдірік киген ер адам отыр екен. Ол көзелдірігін шешіп, бұларға қарады.

- Мына бала бізде оқығысы келеді екен, - деп әлгі әйел өзі шығып кетті.

- Солай де. Өзің бұрын оқыған жоқ па едің?

- Мен медреседе оқып жүрмін.

- Онда неге бізде оқығың келеді?

Онысын түсіндіріп айта алмаған Әлихан иығын қиқан еткізді.

- Мектепте оқыған жақсы ғой деп ойлаймын.

Қарт ұстаз баланың ойын жақсы түсінді және оның мұндай талабына дән риза болды. Балаға мейірімді жүзбен қарап тұрып:

- Бізде оқып, білім алуға деген құштарлығың тамаша екен. Мен өте құптаймын. Бірақ биылғы оқу жылы басталып кетті ғой. Жаңа оқу жылында, күзде кел. Қабылдаймыз. Міндетті түрде қабылдаймыз, - деді нық сеніммен.

Қарт ұстаз күзде келгенінде жылы қарсы алып, әріптер танытын, аздап есеп шығара білетін мұны бірден қабылдады.

- Сенің фамилияң қалай? – деп сұраған.

- Әкемнің аты – Нұрмұхамед, - деп жауап берді бұл. Бұрын медреседе де «Әлихан Нұрмұхамед баласы» деп жазылған болатын. Сол әдетпен мектепте де «Нұрмұхамедов» болып кетті...

Келісімінсіз жасаған өзінің бұл әрекетіне әкесі ренжитін шығар деп ойлаған. Олай болмай шықты. Қысқы каникулда өзін алуға келгенде әкесіне мектепке ауысқанын айтқан болатын.

- Дұрыс-ақ! – деп әкесі риза болып қалды.

Ауылға келісімен Бежекеме:

- Бәйбіше, балаң ерледі! Өз бетімен мектепке ауысып алыпты, - деп қуана хабарлаған. Осыдан соң ол өзінің шешімінің дұрыс екендігіне шәк келтірген жоқ.

Міне, биік тастың басында отырған Әлихан төменге қарай түсіп келеді. Өйткені, асық ойнау үшін тақырға балалар

жинала бастағанын көрді. Бұл оның екінші класты бітірген жылы болатын.

Қарсы келе жатқан әкесінің алдына келіп тоқтады.

- Балам, ауылды сағындың ба? – деп сұраған әкесіне:

- Әрине, әке! Жусан иісі бұрқыраған сары даласына дейін сағындым, - деп жауап берген. Әкесі баласының жауабына дән риза болған еді. – Балалар жиналып жатыр екен, солармен аздап асық ойнасам ба деп келе жатырмын.

- Жарайды онда, бара ғой. Бірақ «Асық ойнаған – азар...» деген сөзді де ұмытпа.

- Білем ғой, әке! Қой бағуға ертең барамын...

Әкесі оның ешқандай ойын-қалжыңсыз, шын пейілмен айтып тұрғанын анық байқады. Ол қашан да айтқанын бұлжытпай орындайды.

- Ал, қане, қандай ойын ойнаймыз? – деп сұраған Әлихан мұны күтіп, жиналып тұрған балаларға келгенде.

- Біз ылғи «Шеңбер» ойнап жүрміз, - деді өзімен жасы шамалас Нұржан, алға қарай шығып.

Әлихан ойын шартын жақсы біледі. Шеңбер сызылады да, оның дәл ортасына әрбір бала бірден асық тігеді. Асықтарды кезекпен атып, шеңбердің сыртына шығаруы керек. Әр бала өзінің атқан асығын өзі жинайды. Кім асықты көп атып шығарса – сол ұтқан болып саналады.

Түске қарай ойын аяқталған еді. Әлихан асықты бәрінен де көп ұтыпты.

- Сен неше асық ұтылды? – деп сұрады Нұржаннан.

- Мен екі асық ұтылдым, - деп жауап берді ол.

- Онда – мә! – деп оған екі асық берді. Сол сияқты басқа балалардың да ұтылған асығын өздеріне қайтарып, суат басына қарай кетті.

Асықты жасынан жақсы ойнайтын Әлихан бәрін ұтып алып жүрді. Бірақ ол асықтарды өзі алып кетпесі, ұтылған балаға қайтарып береді.

Суат басында жүргендер Әлиханның келгенін көріп, бері қарай бұрылған. Барлықтары қуана сәлем беріп жатыр.

- «Оқу өтіп кетеді» дейді ғой. Былтырғыдай емес, жүдеген сияқты, - деп жатыр үлкендер жағы.

Әлихан болса, амандықтан соң мал суаруға кіріскен. Түйе мен сиырларды үлкендер суарып болған екен, ол бұзаулар мен қозыларға су құйып, шөлін қандырды. Ертеңіне тұра салып, қозы бағуға кетті. Өйткені кешкілігінде қозышы баланың:

- Шаршадым, - дегенін естіп қалып еді.

- Онда қозы бағуға мен барайын, сен дем ал, - деп ауылда қалдырып кеткен. Түнімен жылқы бағуға шығатын кездері де болады. Ондайда кірпік қақпайтын.

Ауыл қоныс аударған кезде ол қашанғы әдетімен құдық қазуға белсене қатысады. Бірде ауыл көшіп келе жатқанда түйелі әйелдің жүгі ауып қалды. Сол-ақ екен, Әлихан тайымен шауып келіп, түйені шөгеріп, жүкті қолма-қол қайтадан жайғастырып берген.

- Жеңге, жүкті кім артып еді? Дұрыс таңбаған екен, түйе жүрген кезде екі жағына теңселмейді, алды-артына қарай изендеп жүреді. Жүкті де сол ырғаққа қарай таңу керек, - деп қояды.

- Тәңірі жарылқасын, Ақанжан, көп жаса! Келесі жолы солай таң деп тапсырармын, - деп қояды ол кісі ризашылығын білдіріп.

Ауыл қонатын жерге жетіп, шаңырақтарын көтере бастаған сәтте де қиындықтар басталады. Ер азаматтардың барлығы дала жұмысында болғандықтан, шаңырақ көтеретін жігіт табылмай қалатын сәттері болады. Сол кезде де жеңгелері «Ақан» деп атап кеткен Әлихан дайын тұрады. Бақанды ала салып, шаңырағын көтеріп береді.

Ауылдан алыс жерлерге бүлдірген, қарақат теруге барғанда Әлихан және басқа бірнеше бала тайға мінеді. Мінетін тайы жоқ, көздері жәудіреп тұрғандарды өзі артына мінгізіп алады. Қалғандары болса, басқалардың артына мінгестіреді. Ол әділетсіздікке төзбейтін. Егер ауылда болсын, қалада болсын, кішілерге зорлы-зомбылық жасайтын баланы көрсе, ұстап алып таяқтап тастаудан тайынбайтын. Әлихан оқудан келгенде ауыл балалары осылай бір жасап қалады. Ол ауылдағы барлық баланың, сонымен қоса өзінің бауырлары Смаханға, базылханға, Әзілханға, Тәтіханға және қарындасы

Нұрбекке де қамқоры болды. Каникулға келгенінде кішкентай қарындасын қолынан тастамай көтеріп жүреді.

Ақан бірде қысқы каникулда келгенінде әкесімен бірге аң аулауға шықты. Аңшылықты, саятшылықты ұнататын әкесі баласының көзі қаныға берсін деп ойлаған еді. Қараүңгір Апақай деген жерге алып барды. Сол күні қатты суық болды. Арқадағы «жетіаяз» кезі болса керек. Қатты суықтың салдарынан әкесінің қолындағы бүркіт жоғарылап ұша алмады. Соның өзінде қанжығаларын екі тұлкімен майлап қайтты. Әкесі болса, баласына көзінің астымен қарап қояды. Бірақ сол кезде небәрі он бес жастағы Әлихан өзін нағыз жігіттерше ұстап, тоңғанын білдірген жоқ.

Әлиханның жеті жылы Қарқаралыдағы бастауыш мектеп пен одан соң кәсіптік мектепте өткен. Онда ол етікшілік мамандығын алып шыққан екен. Осында оқып жүргенде Әлиханның өміріне зор бетбұрыс жасаған үлкен оқиға болады. Қарқаралыға арнайы сапармен келген генерал-губернатор Герасим Алексеевич Колпаковский осы училищеге кіріп, оқушылармен кездесу кезінде:

- Омбы мен Қарқаралының арасы 760 шақырым. Сонда осы екі арада арбаның доңғалағы неше рет айналады? – деген сұрақ қояды.

Бұл есепті Әлихан Нұрмұхамедов бірінші болып шешкен екен. Сонда генерал-губернатор Әлиханды Омбы техникалық училищесіне жіберуге училище директорына пәрмен берген еді. Сөйтіп, Әлихан екі шұға сырт киім, шапан, тон мен екі жұп іш киім алып, оқуға аттанып кетті. Оны мұнда пансионатқа қабылдады.

Сөйтіп, қазақтың болашақ көсемінің алғашқы аттанысы осылай басталып еді.

ОМБЫДА ОҚЫҒАН ЖЫЛДАР

Омбыға келген Әлихан әуелгі кезде алыстағы ауылын, Желтауды, жазғы жайлауды, өзі оқыған Қарқаралыны қатты сағынған. Кереуетіне жатып алып, Арқаның кең даласын көз алдынан өткізген кездері болды. Сарыарқаның сары

даласының саумал ауасымен көкірек кере дем алғанның өзі неге тұрады?! Бұлардың барлығын түнге қарай, сабағын оқып болған соң төсегіне қисайған шақта көпке дейін көз ілмей, біраз жайларды ой елегінен өткізетін. Дегенмен, Әлиханның көп нәрсеге мұршасы бола берген жоқ. Ол күндіз түске дейін училищеде сабақ оқиды да, кешке қарай талай үйірмелердің жұмысына қатысатын болды. Тек Омбыдағы өмірге әлі үйрене алмай жүрген шамалы шақтарда ғана болмаса, кейіннен қаланың байырғы тұрғыны сияқты өмірді басынан өткере бастады.

Омбының техникалық училищесіне келген кезі қаланың Ресейдің бұрынғы және қазіргі астаналары Мәскеу мен Петербургті Сібірімен және Қиыр Шығыспен жалғастыратын темір жол торабындағы ірі стратегиялық орталыққа айналып келе жатқан жылдары болатын. Қала күн өткен сайын құлпырып, ай өткен сайын ұлғая түсті. Сонау бала кезінде Қарқаралыны ірі қала деп ойлайтын Әлиханға енді ол Омбының ширегіне де жетпейтіндей көрінді. Бұл училище Ресей императорының жарлығымен салынып жатқан темір жол бойына техникалық кадрлар даярлау мақсатында осыдан төрт жыл бұрын ғана ашылған. Жаңа оқу орнында отыратын орындарынан бастап жататын төсегіне дейін әлі ескіре қоймаған, бәрі де жаңа еді. Осылардың барлығы білімге, ертеңгі күнге деген ұмтылысы бар жас жігітке үлкен дем бере түсті.

Бұған қоса Қарқаралының мектеп-интернатында оқығанда алған етікшілік мамандығының да кәдеге жараған кездері болды. Сабақтан келген соң аяғындағы етігінің өкшесіне нәл қағып ала қоятын. Ауылдан жәшігіне балға, біз сияқты етікшілік саймандарын сала келгені мұндай жақсы болар ма!?

Бір күні сабақтан келе сала етігінің мыжырайып бара жатқан өкшесін жөндеп отырған. Бөлмеде бірге тұратын Жұмағұл мен Сартай кіріп келді. Әлиханның мұндай «өнерін» бұрын байқамаған олар көздері бақырайып тұрып қалды.

- Ей, сен не істеп отырсың?

- Етігімнің өкшесі қисайып кетіпті. Соны жөндеп отырмын.

- Етікші болған не теңің, одан да математикадан берген есепті шығармайсың ба?

- Оны бағана, сабақ арасында шығарып тастағанмын...

Екеуі аң-таң. Кейін өздері айтқандай, олардың ойларына етікті тек ересек адамдар мен шалдар ғана тігіп, солар ғана жөндейді екен.

- Біздің ауылда етікті Тәйпақ деген шал тігуші еді. Оның құрым етіктерін байлар құлынды биеге сатып алатын. Қисайған өкшені де қолма-қол жөндеп бере қоятын. Сенің мына ілдебайың неше күнге шыдар екен? – деп мысқылдай күлді Сартай.

- Одан да етігінді шеш. Мен нәл қағып берейін. Әйтпесе, қолдан тігілген аяқ киімнің өкшесі мен ұлтаны қаланың тасы мен құмына шыдас бермейді екен. Тез қисайып кетеді, - деді Әлихан өз ісімен айналысқан беті, оның аяғын көрсетіп.

Анау етігін шешіп беріп еді, бұл екі нәлді екі өкшесіне шегелеп бере қойды. Сартай болса, бөлменің тақтай еденін нәлді етігімен тақылдата баса біраз жүріп, мээ болып қалды.

Бұдан соң ауылдан келген балалардың етігінің қисайғанын көрсе, Әлихан өзінде жоқ болса, оған көн мен былғары немесе нәл сатып әкелуді тапсырып, істеп бере салады. Сөйтіп, ол шамалы уақытта «етікші бала» атанып шыға келді.

Бірде қызық оқиға болды. Әзілқой Сартай:

- Әлихан, сен елдің етігін неге тегін тігуге тиіссің? Ана көшеде отыратын Вася ағай сияқты сен де одан бірдене тиын-тебен алмайсың ба? – деп ой тастаған.

- Жоқ, болмайды, - деді оған Әлихан. – Алланың өзі қайырымдылықты қолдайды. «Кең болсаң – кем болмайсың» деген мақал да бар. Мен өйтіп ақша таппай-ақ қояйын...

Бірақ Сартай келесі күні екі жұп етік алып келді.

- Курстағы балалардікі, жөндей салшы, - деп оларды Әлиханға ұсынған.

Бұл болса, қашанғысындай өкшесін жөндеп, нәлін қағып берген. Ал сол күні кешке бөлмедегі сабақ даярлайтын үстел үстінде бір қалбыр мәмпәси тұрған еді. Бір бөлмеде жататын алты баланың барлығы да жапырлап, бірінен соң бірі мәмпәсиді ауыздарына салып, рахаттана бастады. Әлихан да

аузына үш-төртеуін бірден салып жіберген. Тамаша дәмді тас кәмпиттің еріген сайын дәмі кіре түскен сияқты.

Қалбырдағы мәмпәсиді барлығы да жеп болған соң, көзін сығырайта күлімдетіп жанына Сартай келген.

- Қалай екен? Мәмпәси тәтті ме?

Мұның бір қулық ойластырғанын сезе қойған Әлихан үндемей, оны тыңдап тұра қалған.

- Бұл бағанағы екі етіктің жөндеу ақысы болатын, - деді ол қулана жымып.

- Сартай, - деді Әлихан оны оң жақ білегінен сығымдай ұстап. – Екінші бұлай істейтін болсаң – менен жақсылық күтпе...

Бұл кезде жиырмаға толған Әлиханмен кейбірі ғана шамалас болғанымен, көпшілігінің жасы кіші еді. Сартай да одан жас еді, әрі өзінен бойшаң, әлі қуатты қолы білегін сығып жіберген соң қарсы ештеңе айта алмай, тайсақтап шыға келді.

Әлихан болса, басқа үн қатпай, бұрылып жүре берді. Бұдан соң ондай оқиға болған жоқ. Оның өзіне деген ілтипаты тұрғыластары арасында бұрынғыдан да арта берді.

Ал, етікші бала болса, күн өткен сайын білім биігіне құлаш ұрып, өзіндік танымын бұрынғыдан да өрістетте түсті. Бұл оқу орнында математика, физика, химия, орыс тілі сияқты дәстүрлі пәндермен бірге теориялық механика, кинематика, жүк көтергіш машиналар және басқа да күрделі пәндер оқытылатын. Бұлармен қоса көптеген шеберханаларда тәжірибелік сабақтар өткізілетін. Солардың арасынан Әлихан ағаш шебері мен темір соғу шеберханаларында өтетін үйірмелерді аса қатты жақсы көріп, оған үзбей қатысып отырды. Қолы майысып, талай модельдер жасап шығарған кезде бармағынан бал таматын. Әсіресе, Ертісте сол кездерде жүзіп жүретін шағын катердің макетін аудармай жасағаны үшін, жалпы жақсы оқығаны және үлгілі тәртібі үшін училище басшылары тарапынан сан мәрте мадақтауларға да ие болды.

Кейде ауылды, туып-өскен жерін сағынатын кездері болады. Күндіз күні бойы сабақта, кешке қарай қол өнері үйірмелеріне қатысатын Әлиханның ойлануға да уақыты жоқ еді. Тек төсекке жатқан соң көзі ілінгенше ғана қиял қанатына мініп, талай жерді шарлап қайтады. Көбіне сағыныш сазы

кеудесін кернеп, ауыл жақты, өзінің үй ішін, әкесі мен шешесін ойлайды. Кішкентай кезінде шешесінің жанында көбірек болғанымен, есейе келе, тіпті тілі шыққан соң әкесінің жанында көбірек болған еді. Сондай сәттерде әкесі мұның құлағына құя беруді көздеді ме екен, ата-бабасының шежіре тізбесін үнемі айтып отырудан жалықпайтын.

- Біздің арғы атамыз Бөкей хан болған, - деп баласына қарайды. - Негізі біз дүние жүзінің жартысын жалаң қылышпен, көк найзаның ұшымен жаулап алған Шыңғыс ханнан тараймыз. Біз – ақсүйекпіз...

Әкесі оңаша отырып, осындай әңгіме бастаған кезде өзінің ақсүйек екендігін әрқашан естен шығармай, мағмұрлана отырып айтып кететін. Әсіресе, Бөкей атасын құрмет тұтады. Оны сан мәрте мақтан ете айтқан еді. Сондай сәттерде көзі күлімдеп, тамаша бір әсерге бөленетінін жас та болса байқап қалған. Хан тұқымы төрелердің қара халықтан үстем екендігін, бұлардың билік иесі екендігін көріп-біліп өсті. Бірде есік алдында ойнап жүрген еді, әкесі «төре» деп силап жүретін бір кісі қатты-қатты сөздер айтып, ат үстінен жерде тұрған жалшыны қамшымен осып жібергенін көзімен көрді. Сол кезде қамшы өзінің арқасына тигендей, денесі тітіркеніп қалған.

Бұл оқиғаны көпке дейін ұмытпай жүрді де, бір күні орайы келгенде әкесінен:

- Әке, сонда ана кісі неге ашуланды? Жалшыны неге ұрды? – деп сұраған.

Баласының бетіне қараған әке ойланып барып:

- Оның себебі болды ғой, балам, - деп жауап берген.

- Ұрмауға болмады ма?

- Оларды солай ұстамасаң – басынып кетеді, түге!

Әке баланың көкейінде не жатқанын жорамалдап қалды да, хан, төре тұқымдарының билеуші болатындығын, қара халықтың оларға бағынышты екендігін түсіндірмекке тырысты.

- Хан жаза ретінде дүре соқтырып отырған, егер күнәсі ауыр болса, өз жарлығымен басын алуға дейін жаза кескен...

- Сонда, біздің хан болған аталарымыздың барлығы да кісінің басын алғызған ба?

- Әрине!..

Әкесі айтарын айтса да, баласының не ойлағанын болжай алмай отырып қалды.

Бұл күнде ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы екендігін есінде мықтап сақтаған. Арғы атасы Барақ сұлтан. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Барақ сұлтанның баласы. Бөкейден – Батыр, одан – Мырзатай, одан – өзінің әкесі Нұрмұхамед туады. Бұл шежіре түзілімін миына мықтап тоқығаны сондай – ұйқыда жатқанда сұраса, атып тұрып айта жөнелер еді. Бірақ солардың барлығының билеуші болғандығы, қара халықты аямағаны өкінішті. Осыларды кейде ойлап жатқан Әлихан бір кезде қалай ұйықтап кеткенін білмей де қалады.

Қалада тұратын жастар мен училище оқушылары арасында келіспеушілік болып тұрады. Сондай сәттерде де Қарқаралының жатақтарымен тіресіп үйреніп қалған ол қазақ балаларына әрқашан қолдау көрсетіп жүрді. Әлихан өз тұрғыластарынан бойшаң, жасынан әлді болып өсті. Тек Қарқаралының жатақтарымен ғана емес, ауылда жүрген кезінің өзінде жасы кішілерге көмегін көрсетіп, үлкендердің әлімжеттік жасауына жол бермейтін. Кейбір дөрекі, тоңмінез балалардың теріс қылықтарын көргенде оларды өзі таяқтап, енді мұндайды қайталамауын ескертетін.

Аспан ашық, күздің маужыраған күндерінің бірі еді. Сабақтан шығысымен пансионға қарай аяндап кеткен Әлихан бөлмелестерін ұзақ күтті. Ақыры шыдамы таусылып, училищенің оқу корпусына қарай қайтадан келе жатқан. Бір бұрыштан айнала бергенде бір топ баланың иіріліп тұрғанын көрді. Мұның тегін емес екенін іштей сезіп, жандарына тезірек жақындап келген. Сол кезде бір орыстың баласы мұны да итермелеп, ортаға қарай кіргізіп жіберді. Сөйтсе, бөлмеде бірге тұратын балаларды қоршап алған, ортасында Гоша атты осы қаланың бұзақыларының бірі шекірейіп қарап тұр. Оның бет әлпетінен Жұмағұл мен Сартайды ұрып тастағанын байқап қалды. Әсіресе, Жұмағұл қып-қызыл болып кеткен жағын сипай береді, Сартайдың тісі қанап қалыпты. Гоша бұған жақындап келді де, тұмсығынан соқпақ болып, оң жұдырығын сермеді келіп. Сол кезде бұл басын жылдам бұрып әкеткен.

Жұдырығы жанынан зу ете қалды. Қалай болғанын өзі де түсінбеген Гоша өршелене ұмтылды. Сол кезде Әлихан оң жақ тізеден сарт еткізіп бір тепті. Жуырда ғана нәл қағылған құрым етіктің тұмсығы тіздедегі қақ сүйектен оңдырмай тигендіктен, аяғын баса алмай, тізесін қос қолдап ұстаған Гоша жерге отыра кетті. Жұдырығын түйген Әлихан оған жетіп келіп, қақ тұмсықтан соқпақ болып еді, анау жасқанып, бетін басты да жата қалды. Ол кездің жазылмаған заңы бойынша төбелесте жығылған адамды ұрмайтын. Әлихан жұдырығын түйген беті тұрып қалды. Бұдан соң «Тағы қайсың барсың?» дегендей, жан-жағына барлай қараған. Жаңағы өзін итермелеп кіргізіп жіберген орыс баласына қарай қадам басып еді, ол ортадан сытыла жөнелді. Сол-ақ екен бәрі ыдырай бастады. Жолдастарын ерткен ол жатын орындарына оралды. Бұл төбелес басқаларына сабақ болды. Бұдан соң қаланың балалары пансионат тұрғындарына онша жақындай қойған жоқ. Әсіресе, Әлихан келе жатқанда олар тайсақтай бастайды.

Училищеде беделі арта түсті. Бүкіл қала білетін бұзақы Гошаны тізе бүктіргені ауыздан-ауызға тарап кетті. Қашан да әділеттілікті жақтайтын Әлихан би кештеріндегі кейбір келеңсіздіктерді де ретке келтіріп жүрді. Жоғарғы класта бұлар сенбі күні болатын қалалық би кештерінен қалмайтын болған.

Ақан сабақта да үздік болды. Балалардың барлығы да мұның жанынан кетпейді. Ондайда эзілқой Әлихан өзінің қалжыңымен үйіріп әкетеді. Өзінің білгенін айтып, түсіндіреді. Сабақ тек орыс тілінде жүретіндіктен, ауылдан келген балаларға әуелде қиын болғаны рас. Сондай кезде әрқашан көмектесуден тайынған емес. Төменгі курс оқушыларының сабағын дайындауына қамқорлық жасайтын.

Әңгіме үстінде ауылдастары мен туған-туыстарының өзін «Ақан» деп атайтындығын айтқан болатын. Содан бастап бөлмеде бірге тұартын жолдастары да оны «Ақан» деп атай бастаған.

Үшінші сыныптан бастап училище оқушылары зауыттар мен фабрикаларға, ірі диірмендер мен әр түрлі кәсіпорындарға, темір жол шеберханаларына барып, тәжірибеден өтіп жүрді. Бұл кезде оларды кешкілікте өтетін

шараларға, би кештеріне, әдеби ертеңгіліктерге, мәжілістерге қатысуға рұқсат берген. Жастар жиналып алып, әр түрлі музыкалық аспаптарда ойнайды, оларды тарта білетіндер бір-біріне үйретеді.

Осы жылдарда Әлихан тағы бір қырынан көріне бастады. Ол әр түрлі газеттерге мақалалар бастырып жүрді. Қашан да ой үстінде жүретін Әлихан сол кездегі қоғамдық құрылыс жайында терең толғанатын. Ауыл-ауылдағы қазақтардың өмірі кешке дейін малмен ғана өтеді. Олардың кейбір кездері ауыл арасында ат шаптырып той жасап, көкпар тартқан қызықтары болмаса, басқа алданыштары да жоқ. Оның өзінде тойға «үстінде тоны барлар» ғана барады. Қызықты солар ғана көреді. Ал, жалпы халық, малшы-жалшылар болса, таңның атысынан кештің батысына дейін мал соңында. Ақан «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде шығатын мерзімдік басылым «Особые прибавление» («Айырықша қосымша») газетінің бір санын оқып, оның мекен-жайын тауып алған еді. Осындай ойларының бірін осы газетке хатпен жіберген. Кейін біраз түзетулермен басып шығарыпты, негізгі ойы сақталған екен. Содан бастап өзін толғандыратын мәселелер туралы газетке мақала жазуды әдетке айналдырып алды. Онда қоғамдық құрылыстың сыйқын сынап-мінеген болса, қазақ халқының озық дәстүрлері мен салтын, мәдениеті мен рухани құндылықтарын насихаттауға және оны құрмет тұту қажеттігіне арналған жиырмаға жуық мақала жария етті.

Ол өзінің бос уақытын қалай өткізуді жақсы біледі. Оқу орнындағы шәкірттерге тән барлық қоғамдық жұмыстардан да қалмайды. Кластастарына да көмектесуге уақыт табады. Төсекке жатқан соң да бірден ұйқыға кетпей, талай нәрсені ой елегінен өткізеді. Өзін толғандырып жүрген жайларды саралайды. Ақанды шаруашылықтың дәстүрлі құрылымы, мал шаруашылығымен айналысу, оның ішінде жер өңдеу мәселесі қатты толғандыратын. «О земледелии в Токраунской, Котан-Булакской и Западно-Балхашской волостях Каркаралинского уезда» («Қарқаралы уезінің Тоқырауын, Қотана-Бұлақ және Батыс Балқаш болыстықтарындағы егіншілік туралы») мақаласы осындай ойлардың жемісі еді. Өзінің бұл

мақаласында ата-баба кәсібінің қаншалықты маңыздылығын сүйіспеншілікпен жеткізген. Сол елге, жерге деген сүйіспеншілік оны кейіннен Санкт-Петербургтегі орман институтына түсуге жетеледі.

Алғыр жігіт өзінің ата-тегін жетік білгендіктен, өзінің тегін өзгертуді ойланып жүрді. Қарқаралының орта мектебін үздік бітіріп келгендігі туралы құжатта оның тегі Нұрмұхамедов болып жазылып келген. Осы құжат бойынша Омбы қалалық техникалық училищесіне қабылданғанда жиырма жаста болатын. Енді училищені бітірейін деп жатқан жиырма төрт жастағы жігіт Бөкейханов болып жазылуды ойлайды. Ондағы ойы өзінің атақты хан болған бабасын ұмытпай, есте сақтау болатын. Сол 1980 жылы мамыр айында ол өзінің шын тегі Нұрмұхамедов емес, Бөкейханов екендігін айтып, өтініш жазып, директорға кірген болатын. Есік қағып, рұқсат алған соң табалдырық аттаған жасөспірім оқушыны көрген директор таңданып қарап қалды да, тершіген кең маңдайы мен мойынын қалтасынан алған ормалмен сүртіп болып:

- Иә, қандай мәселемен келдің? – деп сұрады.

Әлихан үнсіз ғана жазып әкелген қолындағы өтінішін ұсынды.

- Солай де? Бұл екі тегінің айырмасы қандай?

- Нұрмұхамед сұлтан әкемнің аты, ал мен үшін ұлы атам Бөкей ханның атына жазылу үлкен дәреже...

Жас жігіттің атасын құрмет тұтуы орынды деп түсінген директор осы өтініш бойынша Қарқаралының уезд бастығына «Нұрмұхамедов Бөкейханов болып жазыла ала ма?» деген сауал жолдады. Бірақ ол сауалға уезд бастығынан «болмайды» деген жауап келді. Сондықтан да оның Омбы техникалық училищесін бітіргендігі туралы 1990 жылғы 14 маусымда берілген аттестат Әлихан Нұрмұхамедовтың атына толтырылды.

Училищені бітіріп, тамаша тәртібімен көзге түсіп, техник мамандығына ие болған ол дін сабағынан, орыс тілінен, орыс тарихынан – «үздік», геометриядан, алгебрадан, тригонометриядан, физикадан – «үздік», механикадан, ағаш пен металл технологиясынан – «үздік», құрылыс өнерінен –

«үздік», геометриялық, проекциялық, техникалық сызулардан – «жақсы», ағаш шеберлігі-модельдеу, слесарьлық-механикалық, шойын құю және ұсталық цехы тәжірибелік сабақтарынан – «жақсы» деген бағалар қойылған аттестатты қолына алды.

Бұл кезде ол Санкт-Петербургтегі орман институтына түсуге ниет етіп жүрген ол Омбы техникалық училищесінің курсың бітірген техник Әлихан Нұрмұхамедов Сұлтан Бөкейханов атынан осы институттың директоры мырзаға орман институтына тыңдаушы болғысы келетіндігін, сондықтан да қабылдау сынағына жіберуін өтінеді.

Ресей астанасынан хабар күтіп жүрген Ақан көп ұзамай қатты қуанышқа кенелген еді. Бұл кезде Мемлекеттік мүлік министрлігі бөлімі Орман департаментінің директоры Е.Писаревтен Орман институты директорының атына түскен хатта басқарушы мырзаның Сұлтан Әлихан Нұрмұхамедов Бөкей Хановты институтқа конкурстан тыс тыңдаушы етіп қабылдауды бұйырғанын жазған екен. Сөйтіп, оған Дала генерал-губернаторының ұйғарымы бойынша Қарқаралы уезінен үш жүз сом шәкіртақы тағайындалып, Санкт-Петербургтегі императорлық Орман технологиялық институтына қабылданды.

САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙРАН

Ресей империясының астанасы кімді де болмасын баурап алатын. Әсіресе, ақ түндерінің өзі неге тұрады. Қанша дегенмен де елорда болғандықтан, адамның сана-сезімін, ой-өрісін, бағыт-бағдарын өзгертуге әсерін тигізбей қоймады. Алғашқы күндері өзінің құжаттарын толтырумен айналысқан Ақан одан қолы босаған соң қаланы аралап, көрікті көшелерге таңданумен болды. Әрине, бірден қалаға шығып кеткен жоқ. Әуелгі кезге институттың өз аумағында да тамашалауға тұрарлық талай әсем дүниелер бар болатын.

Орман шаруашылығының мамандарын даярлауға арналған Ресейдің тұңғыш жоғары оқу орны 1803 жылы

құрылған екен. Орналасып болған Ақан жақсылап аралай бастады. Институт аумағы жасыл желекпен көмкерілген. Ағаштан салынған саяжайлар бау-бақшалардың түкпірінде орналасыпты. Оларға жұпаргүл бұталары мен гүл егілген гүлзарлар тамаша өң беріп тұр. Онша биік емес ағаш шарбақтардың кейбірі ою-өрнекпен әсемделген. Саяжайлардың кіре берістері түрлі-түсті шынылармен безендіріліп, күн сәулесіне шағылысқан сәтте ерекше бір көріністі көз алдына әкеледі.

Жолдарының өзі тамаша. Кейбір жерлерінің тығыз тапталғандығы сондай – тақтайдай тақылдап жатыр. Институтқа жақын жердегі Екінші Мурунский және Ескі Парголавский көшелеріндегі тас төселген жолдармен жүрудің өзі бір ғанибет. Осыншама жолға қаншама тас кеткені бір Құдайға ғана аян. Ал басқа көшелер мен жаяулар жолына тамаша тығыздалған қиыршық тас төселген екен. Жаяулар жолы мен көлік жүретін жолдың арасында су ағып жатыр. Есіктердің алдында олардың үстінен өтетін шағын ғана ағаш көпірлер жасап қойған. Сыртқы қоршаудың қақпасы мен есіктері ұстаханада темірден оюланып соғылыпты. Сол кезде өзінің аулындағы шағын ұстахана дүкені есіне оралды. Кей жерлерде суағардың үстіне төндіре көлеңкелі күркеше жасап, ішіне ағаш орындықтар қойған. Оған келіп отырғанда дәл жанында төменде су ағып жатады. Осылардың барлығына Ақан танданыспен ұзақ қарады, кейбіріне отырып та көрді. Өйткені, қазақтың кең далалы Сарыарқасында да, орыстың орманды Сібір алқабында да мұндай тамаша орындар ол кезде жоқ еді.

Орман институты алғашқы ашылған күннен-ақ орыстың орман жөніндегі ғылымының орталығына айналған. Әлихан оқыған жылдары онда ормантанушы А.Ф.Рудзкийдің, Д.М.Кравчинскийдің, Г.Ф.Морозовтың, В.Д.Огиевскийдің, химик М.Г.Кучеровтің, топырақтанушы П.А.Костычевтің, энтимолог Н.А.Холодковскийдің, ботаник И.П.Бородиннің және Ресейдің орман туралы білімін дамытуға үлес қосқан басқа да көптеген ғалымдарының есімдері кеңінен танымал болатын.

Институтта дәріс ала бастаған алғашқы күндерінен-ақ Ақан тек студент жастардың арасында ғана емес, оқытушылар мен профессорлар арасында да өзінің алғырлығымен, қандай іске болмасын бейімділігімен көзге түсе бастады. Дәріс оқыған профессордың әр сөзін қағаз бетіне өзінің маржандай жазуымен қалт жібермей түсіріп, семинарлық сабақтарда мүдірмей жауап беретін.

Ол кезде патшалық Ресейдің қоғамдық құрылысына деген қарсылықтар мен әр түрлі қайшылықтардың туындап жатуына байланысты әрбір тыңдаушы «Мен, төменде қол қоюшы, Орман Институтының Директоры мырзаға Институттың тыңдаушыларына арналған барлық ережелерді нақпа-нақ орындап отыруға және ешқандай қоғамдастыққа, яғни жерлестіктерге, үйірмелерге және басқаларға қатыспаймын, сол сияқты заңмен рұқсат етілген қоғамдарға Директор мырзаның рұқсатынсыз кірмеймін деп қолхат беремін. Егер бұл айтылғандарды бұзған жағдайда Орман Институтынан шығарыламын» деген мазмұнда қолхат беретін. Сондай қолхаттың біріне Ақан да қол қойғанымен, көп ұзамай-ақ ешнәрседен бейтарап қала алмады. Өйткені бұл уақытта Солтүстік Пальмирада төңкерістік қозғалыстың жаңа толқыны басталып, алдыңғы қатарлы ресейлік интеллигенция мен студент жастардың ой-санасына жаңа қозғалыстың салқыны берік кіре бастаған еді. Бұл толқын Әлиханды да өзіне тартып әкетті.

Бөлмеде бірге жататын жастардың әңгімесі тек Институттағы ғана емес, жалпы қоғамдағы, әлемдегі болып жатқан оқиғалар төңірегінде өрбитін. Бірақ олар мұндай әңгімелерді онша дабыраламай, өзара күңкілдесіп қана бір-біріне айтып отырады. Сондай сәттердің бірінде бөлмеге кіріп келген Әлихан ыңғайсызданып қалған еді. Өйткені, сөйлесіп отырған жігіттер мұны көрген соң бір-біріне көз қысып, ақырын ғана жылыстай бастады. Басқа бөлмеде тұратын екеуі шығып кетті. Сірә, олар өзі Сібірден келген, өзі бұратана халықтың өкілі болғандықтан, бұған ештеңені сездірмеу керек деп ойлаған да шығар. Бір маңызды шаруаны талқылап жатқандығын түсінген Әлихан оларға:

- Жігіттер, біз барлығымыз бір бөлмеде жатамыз, бір ауамен тыныстаймыз. Біздің халықта «Кемедегінің жаны бір» деген нақыл бар. Мүмкін барлығымыз бірігіп шешерміз. Жасырмағандарың дұрыс, - деді үрпис қалған орыс жігіттеріне қарап.

Орталарындағы Андрей ғана Әлиханға жақындап келді. Басқалары не дерін білмеген беті тұрып қалған.

- Ештеңе емес, біз өз шаруларымызды айтып отырғанбыз, - деп ақталғандай болды.

Көп ұзамай тағы да сондай жағдайдың үстінен түсті. Бұл жолы олардың бірінің «Әлиханға да айту керек» деген сөзін анық естіп қалды.

- Ал, жігіттер, маған не айтпақ болдыңдар?

- Жай ғой, жай...

- Жок, жай емес, - деді Андрей дауысын жайлап қана шығарып. - Біз бір үйірме туралы сөз етіп отырғанбыз. Тек ол жайлы ешкім білмеуге тиіс. Біз саған айтайық деп шештік. Тек ешкімге тіс жармаймын деген уәденді бересің.

- Жарайды, уәде беремін. Ешқандай сыр шашпауға сендерді сендіре аламын, - деді Әлихан да ақырын ғана.

Бұдан соң Андрей үйірме туралы айтып берді. Ол жайлы бірге тұратын Василий мен Протап та жақсы біледі екен. Енді бөлмедегі төртеуі астыртын үйірменің жұмысына бірге барамыз деп уағдаласты.

Басында бірге барып жүргенімен, кейіннен кезектесіп баратынды шығарды. Өйткені, тексеріс жиі болатындықтан, барлығы бірдей бөлмеде жоқ болса, сезік туып қалуы мүмкін ғой. Ал үйірмеде не туралы сөз болғандығын қатысқандар мұнда қалғандарға айтып беріп отырады.

Бұл жылдары Петербургте төңкерістік бағыттағы маркстік үйірмеге Христо Благовое жетекшілік етті. Әуелде ол да Әлиханға сезікпен қараған. «Благовое тобы» Маркстың теориясын, оның ішінде «Капиталын» оқып-үйренумен айналысатын. Үйірмеге бұрыннан қатысып жүрген Андрей әкеліп таныстырған соң онда отыз шақты адамның бар екендігін, оның басым көпшілігі студенттер екендігін білді. Христо алғыр жігіттің тапсырманы екі етпей орындайтындығы, айтқанды бұлжытпай қайталайтын

ұғымталдығы, ең бастысы өзінің алған бетінен қайтпайтын бірбеткейлігі үшін ұнатты.

Бұл топ Женеваның «Освобождение труда» тобымен тығыз байланыста болды. Ол 15 жұмыс үйірмесіне негіз қалап, Ресейдегі алғашқы социал-демократиялық басылым – «Жұмысшы» («Рабочий») астыртын газетінің екі санын шығаруды ұйымдастырған еді. Әлихан студенттік қоғалыстың алдыңғы шебінде болды.

Сол жылдары Ресей астанасында студенттік бей-берекет оқиғалар жиі болып тұратын. Благоев үйірмесінің ықпалымен ондай оқиғаларға жиі араласып жүрді және кейінде ондайларды Андрей мен Протаптың қодауымен өзі де ұйымдастыратын болды. Тіпті әр түрлі әдеби-саяси ұялар мен үйірмелерге де белсене қатысатын мүше болып алды. Бірде стражникетрдің қолына түсіп қалғаны да бар. Олар мұның қайда бара жатқанын, қайдан келе жатқанын тексерді, неше түрлі құйтырқы сұрақтар қойды. Бұл болса, өзінің жай қыдырып жүргенін, ештеңе білмейтіндігін, ешқандай үйірмеге қатыспайтындығын айтты. Қойны-қонышын түгел тінткенімен ештеңе таппаған олар бұған қатаң ескерту жасап, екінші қолға түссе қамап қоятындығын айтып жайына кетті. Дегенмен де сол уақыттағы полиция департаментінің Санкт-Петербургтегі студенттер қозғалыстарына қатысты №3 архив құжаттарында оқу орындарында тәртіпсіздік ұйымдасуына бейім кейбір сенімсіз жандардың бар екендігін айта келіп, сондай жағдай Орман институтында орын алуда деп көрсеткен тыңшының есебін келтіреді. Ал тыңшының №4 кара тізімді есеп парағаның бірінде «Бөкей-Ханов – Нұрмұхамедов Әли-Хан, ІУ курс – сенімділігі күмәнді тұлға» деп сипаттама берген жолдары бар.

Аса көркем, көшелері граниттермен, мәрмәрлармен көмкерілген, үйлері ерекше сәулетшілік өнермен салынған әсем қалада оқи жүріп, Әлихан шешендік өнерге, саяси пікірталасқа үйренді, әдебиет, өнер, қоғамдық-саяси және пәлсапа ғылымдары саласындағы танымын өрістете түсті.

Екінші курсты бітірген жылы жазғы демалысы кезінде Омбыға демалысқа барып-келуге Институт директорынан

сұранған. Мұнда келген соң әкесінің тамыры доктор Тилавиннің үйіне тоқтайды.

Ол уақытта ағылып жатқан көлік жоқ, ешкім кездеспей, бір аптадай жатып қалады. Ауылын, үйін сағынған Ақан ақыры біреулермен ілесіп, Қарқаралыға жетеді. Осы жерден өзінің туған ауылының алыс емес екенін білетін Ақанның сағынышы тиянақ таптырмай, жаяу жүріп кетеді. Жай уақытта салт атпен небәрі 4-5 сағат қана жүретін. Сондықтан ол таңертең шығып кетсе, Қызыларай тауының жанымен тіке тартып, кешке қарай жететіндігіне кәміл сенген еді.

Жолшыбай сай-саладағы өсімдіктер мен шөптердің жұпар иісіне рахаттана отырып, көзге көрінбейтін жіптерге ілініп тұрған сияқты қалықтаған бозторғайдың үнін, шөп арасындағы шегіртке мен әр түрлі жәндіктердің шырылын тыңдап, рахат сезімге бөленген беті жалғызаяқ жолмен аяндады да отырды. Бір жерде өзектегі шалғында алаңсыз жайылып жүрген арқарларды көрді. Мұны олар таяп қалғанда ғана байқап, үріккен беті бір қырқадан асып кетті. Сарыарқаның саумал ауасымен көкірегін кере рахаттана дем алып, талай жерді жүріп өтті. Жолшыбай аздап тыныстап алған сәттері де болды.

Ауылға жақындап қалған сәттегі оқиғаны Ақанның етжақын бауырының бірі Сырым Райымжанұлы Бөкейханов өзінің «Өткен күнде белгі бар» (Орыс тілінен аударған Қ.Сәдуақасов), «Нельзя о прошлом позабыть» (Алматы, 2016 ж.) атты кітабында жазады. (Бұл оқиға Ақанның туған інісі Смахан төренің жазып қалдырған 18 дәптер естелігінің бірінші дәптерінде де келтіріліпті. «Жұлдыз» журналы, 1996 ж. №3, 106 бет.).

Бір дөңнен асқанда етекте жайылып жүрген қой көрінеді. Қойшысы таяғын ұстап бір шетінде тұр екен. Ақан оның жанына таяп келген. Бір қартаң адам. Амандықтан соң одан қойдың кімдікі екендігін сұраған.

- Төренікі, - деп жауап берді қойшы, жарылып кеткен ерінін жалап қойып.

- Қай төренікі? – деп сұрады бұдан соң, осы маңайдағы төрелердің барлығын жақсы білетін Ақан.

- Оның аты – Көстә.

- «Көстә?» дейсіз бе? Оның қыстауы қайда?

- Ол Қарқаралыда тұрады.

- Өзі қайда?

- Әне, анау жақта келе жатыр.

Бұл Қарқаралыда қарауыл болып істейтін казак-орыс екен. Кім екенін сұраса, «Костямын» деп шіренеді. Ал, мына малдың кімдікі екендігін сұраса, «менікі» дейді одан сайын маңғаздана. Оларды қайдан алғанын сұраса, елден жинап алғандығын айтып мақтанады. Төсіне патшаның шені сияқты жарқыратып тағып алған қаңылтырды көреді де, жанына барып, үніліп оқыған Ақан шек-сілесі қатып күледі-ай келіп. Сөйтсе, онда «Лучшая икра» деген жазуы бар, қәдімгі консервінің қақпағы екен.

Осы сияқты жылпос кулар ауылдың сауаты жоқ қарапайым адамдарын алдап немесе қорқытып, малын тартып алып отырған. Мұндай басынғандықты көрген соң ыза болған Ақан Костяны ұстап алып, таяқтайды да, малды бақташымен бірге иелеріне тараттырып береді. Мұны естіген Дайыр төре Ақанның әкесі Мұқанға: «Балаңды тый!» деп ренжіген екен.

Жаздай ауылда болған Ақан күзге қарай оқуына асыға жететін. Онда өзінің бірге оқитын курстастарымен, үйірмеге бірге қатысатындармен қуана қауышатын. Институттың кітапханасындағы кітаптардан білімі мен қоса ой-өрісін де кеңейте түсті. Тіпті, ол қалалық кітапханаға баруға да уақыт табатын. Солардың ішінде тарихи деректерге ерекше ден қойды. Үйірмедегілердің де және алдыңғы қатарлы, озық ойлы азаматтармен араласқандықтың әсері болған шығар, кешегі өткен Ресей патшаларының, боярлары мен помещиктерінің (әсіресе, зауыт иелері мен фабриканттарының) халықты қанап, солардың арқасында күн көргеніне көзі жетті. Сол арқылы қазақ хандарының да халықты теспей сроғандығын көкірегіне берік түйді. Өзі болса, сол хан тұқымынан еді. Халықтың сондай жағдайға тап болуының басты себебі – қараңғылық деп түсінді. Сондықтан да ол өз тұрғыластары мен өзінің басты міндеті – халықты сауаттандыру, ағарту ісімен айналысу екендігіне көз жеткізді. Қазақ даласының қойнауы толған байлық бола тұра, неге тек малмен ғана айналысуы керек деген ой төңірегінде үнемі

толғаныста болды. Болашақта өнеркәсіптік өндіріс орындарын ашу жайы да миынан кетпеді.

Халқының болашағы туралы толғаныстағы жас жігіт институтты бітіре салысымен, диплом алуға да қарамай, өзі оқыған Омбыға жүріп кетті. Мұнда келіп, қызметке орналасқан соң ғана институтқа өзінің дипломын салып жіберуді сұрап, өтініш жолдаған. Сол өтініш бойынша желтоқсан айында келген дипломда мынадай жазу бар еді: «.. Орман институты кеңесінің 1890 жылғы 9 қазанындағы қаулысы бойынша институттың тыңдаушысы болып қабылданып және толық курсың тыңдағаннан кейін барлық пәндер бойынша мынадай сынақтан өтті:

ботаникадан – 5, дендрологиядан – 4, зоологиядан, минералогиядан, химиядан – 5, статистикадан – 3, жалпы заңтану және полиция құқығынан – 5, орман және меже заңдарынан – 4, орман өсіру, орман технологиясы, орманды бағалаудан – 3, орман шаруашылығын жүргізу жүйесінен, орман және инженерлік өнерден – 5, орман технологиясы және неміс тілінен – 3.

1894 жылғы 12 қыркүйектегі отырысында екінші дәрежелі орман шаруашылығын жүргізуші ғалым атағына лайықты болды.

Аттестат 1894 жылғы 19 қыркүйекте берілді».

Ақан Омбыдағы еңбек жолын жергілікті орман мектебінде сабақ беруден бастайды. Бұл кезде қала бұрынғыдан да көркейіп, тамаша жаңа бейнеге енген болатын. Ең бастысы Батыс Сібірдің өнеркәсіпті және қоғамдық-мәдени орталықтарының біріне айналған еді. Ертіс арқылы жаңа үлкен көпір салынып, Челябинден Новосібірге дейін поездардың қатынас жолы ашылған. Қалада бірнеше көп қабатты үй пайда болған. Драма театрының үйі салынып жатты.

Ақан Омбыға Петербордан жоғары білім алғаны туралы екі диплом алып келді. Оның бірі сол орман институтын бітіргенде берген диплом болса, екіншісі – Петербор Императорлық университетінің заң факультетін бітіргені туралы диплом еді. Ол бұл факультетті жедел түрде (экстренно) бітірген болатын. Сол кезде бұл факультетті

жұмысшылар пролетариатының болашақ көсемі Владимир Ильич Ленин де (Ульянов) жедел бітіріп жатқан болатын. Олар бір-бірімен осы кезде танысты.

Ресей астанасынан соң Омбы шағын ғана қала болып көрінгенімен, қолына құжатын алған Ақан мұнда зор құлшыныспен еңбек етуге кірісті. Негізгі жұмысымен қоса әр түрлі газеттерге мақала жазып жүрген ол құжаттарда «сібірлік қырғыздар» (қазақтар) деп аталған тұрғындардың мәселелерін ешқашан назардан тыс қалдырып көрген емес. Өйткені осы кезде Батыс Сібірде 50 мыңнан астам қазақ өмір сүріп жатқан болса, соның кем дегенде 38 мыңнан астамы Ақмола облысының Омбы округінде тұратын еді.

Қазақ балаларына арналған бұл оқу орнында Әлихан ұзақ қызмет істей алған жоқ. «Оқу орны жабылады екен» деген қауесет күн сайын өрши түсті. Сары уайымға түскен оқытушылардың барлығының сабақ арасындағы әңгімелері мектептің жабылатындығы жайлы ғана. Енді бірі болса мектеп жабылмайды, басқа жаққа ауыстырылады дегенді көлденең тартады. Қайсысы болса да, мұнда істеп жатқандарға онша қолайлы емес. Егер оқу орны жабылып қалса, қайда барып қызмет атқарарын білмейді. Дегенмен де кейбіреулер өздеріне орын тауып, ауысып кетіп жатты. Енді біразы мектеппен бірге баратындарын айтуда. Әлихан не де болса, ақыр соңына дейін күтті. Шынында да қаңқу сөз шындыққа айналып, оқу орны орман алқабы көп Көкшетау қаласына ауысатын болған екен. Бір күні мектеп директоры шақырды. Орта жастағы орыс жігіті еді. Кабинетке кірген Әлиханға орындықты нұсқады да:

- Мектептің ауысатынын естідің ғой? – деп сұрады.

- Иә, естідім.

- Онда не айтасың? Көкшетауға баратын шығарсың? – деп сынап қарады.

Бұл мәселе жайлы көп ойланған Әлихан сабақ білмейтін бала сияқты желкесін қасып тұрған жоқ:

- Мен осы қалада қалғанды дұрыс көріп тұрмын, - деп турасын айтты.

Директор енді өктемдеу үнмен:

- Неге? Ата-бабаларыңның, хан тұқымының, Абылай ханның Көкшетауы емес пе? Сонда барғаның дұрыс... – деді.

- Жок, мен осында қаламын, - деді Әлихан да нық сөйлеп.

- Қызмет қалай болады?

- Оны көре жатармыз...

Кейіннен ойлап отырса, директордың астарлы ойы бар сияқты. Омбыға оралысымен қаланың қоғамдық өміріне белсене араласып кеткен Әлиханның мұндай буырқанған қызметі, студент кезінен «сенімсіз» атанған ол, әсіресе тиісті сала қызметінің «қырағы» көзіне түспей қалмаған сыңайлы. Мұндай сөздерді директордың аузына солар салып, Омбыдан алысырақ жіберуге талпынған болулары керек.

Сөз осымен бітті деп ойлаған. Бірақ бұл тақырып бірнеше рет көтерілді. Бәрібір ол айтқан бетінен қайтқан жоқ. Ақыры Әлихан көшіп бара жатқан мектеппен есеп айрысып, осында қалып қойды.

Басқа ұлт өкілдері билік етіп тұрған қалада қызмет табу да оңай болған жоқ. Дегенмен де қолында Санкт-Петербург орман институтын және заң факультетін бітірген, қолында «күректей» қос дипломы бар қазақ жігіті далада қалған жоқ, қызметті оп-оңай тапты. Оны Омбының қоныс аудару басқармасына қатардағы шенеунік етіп қабылдады. Мұнда да жас жігіттің кеңсе қызметін атқара алатындығына шек келтіріп, күдікпен қарағандар аз болған жоқ. Олардың барлығына да Әлихан тиянақты ісімен, тыңғылықты атқарушылығымен жауап берді. Сөйтіп, бұл орында 1905 жылға дейін қызмет атқарды.

МАХАББАТ МАШАҚАТЫ

Омбыға келісімен қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан Ақан өзінің бұрынғы әдетінше газеттерге мақала жазудан тайған жоқ, қайта бұрынғысынан да жігерлене кірісті. Соның ішінде «Степной край» газетімен қызметтес болуы ерекше айтарлықтай. Петерборда оқып келген, көп нәрсені зердесіне түйген жігіттің талай мақаласы газетте жарық көрді. Оның қаламынан туындаған дүниелердің тартымыдылығы

сондай – ел газетті іздеп жүріп оқитын болды. Соның нәтижесінде басылым маркстік бағытқа бет бұрып, қоғамда провинциалдық басылымдар арасынан алдыңғы қатарға шықты, бұрын болмаған ықпалға қол жеткізді. Бұған дейін өз дегендерінен шықпайтын басылымның бағытын былай күрт өзгертуі жергілікті әкімшілікке онша ұнай қойған жоқ.

Орман мектебінің Көкшетауға көшерінде директормен болған әңгіме Әлиханның ойына сан рет оралған еді. Өйткені, ол өзін үнемі біреулердің сырттай бақылап жүретіндігін сезіп қалған болатын. Бірде қаланың қараңғы көшелерінің бірімен қайтып келе жатқан. Үйіне жете бере бұрышта тұрған адамды байқап қалды. Ол темекі шегіп тұр екен, мұның келе жатқанын сезіп, темекісін тыға қойды. Бірақ оның шоғы көзге анық шалынған еді. Ешқашан да, ешкімнен де қорқып көрмеген Әлихан оған тура жүріп еді. Анау зытып кетті. Бұдан кейін де бір-екі рет байқады. Бірде соңынан қуа түсіп:

- Ей, тоқта! Сен кімсің? – деп еді, анау тоқтамады. Әлихан болса: - Егер қолыма түссең – мойыныңды үземін! – деп айқайлап қала берді. Содан ол көпке дейін көрінбей жүрді.

- Неге біздің әкімшілік газетті жек көреді? Дала генерал-губернаторы өкімінің барлығы да шығып жатыр ғой, одан артық не істе дейді? – деген Әлиханның сұрағына газет редакторы:

- Әкімшілік «Газеттің барлығы да қатерлі» деген ұстанымды берік сақтаған. Олар өз дегенін істеп бағады. Оны әлі өзін де көресің, - деген болатын.

Айтқандай-ақ, басылым қожайындарына қысым жасау арқылы мұның мақалаларын бастырмауға әрекеттенді, газеттің шығуын тоқтатқан кездері де болды. Тіпті, бірге араласып, қызмет атқарып жүрген жергілікті зайырлы оқығандар мен жер аударылғандар арасында іріткі салуға тырысқан жағдайлар да кездесті. Бірақ осылардың барлығына мойыған Әлихан жоқ. Редакцияға келмей-ақ мақалаларын жіберіп, бүркеншік атпен шығарып жүре берді.

- Біздің жұмысымыздың нәтижесінде газет оралдық жұмысшылардың мұң мұқтажын өтеуге қызмет ете отырып, олардың таптық сана-сезімдерінің оянуына да түрткі бола

білді, - деген еді көңілді бір сәтінде газет редакторы, қуанышын жасыра алмай.

Әлихан тек осы газетпен ғана емес, Омбының «Киргизская Степная газета» - «Дала уәлаятының газеті», Иркуттің «Сибирьская жизнь», Семейдің «Семейпалатинские областные ведомости», Ташкенттің «Туркестанские новости» газеттеріне және Дала өлкесінің басқа да қалаларында шығатын мерзімдік басылымдарына, Санкт-Петербургтің газеттеріне де мақалалар жолдап, олар әр түрлі бүркеншік аттармен жарық көріп тұрды.

Осы кезеңде көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен Императорлық орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшелігіне сайланып, Әлиханның тағы бір қоғамдық жұмысы басталды. Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, мал шаруашылығын, кәсібін зерттеуді жүзеге асырып, отарлық ресейдің езгісінде отырған елдің тұрмыс-тіршілігі туралы сыни мақалалар жазуды Омбы техникалық училищесінің соңғы курсына оқып жүрген кезінің өзінде қолға алған ол «Ресей. Жалпы географиялық сипаттама» атты көптомдық ғылыми еңбектің қазақ даласына арналған он сегізінші томына автор ретінде қатысты.

Әлиханның «Степной край» газетінде қызмет атқаруы оның бүкіл өміріне түбегейлі өзгеріс әкелетіндігін ол әлі білмейтін. Сол жылдары қоныс аударылып келген, газетте істейтін Яков Сергеевич Севастьяновпен және оның қызы, болашақ жары Еленамен осы уақытта танысқан еді. Бұл кезде Санкт-Петербург институтын бітіріп келгеніне бір жылдай өткен болатын.

Яков Сергеевич Севастьяновпен редактордың кабинетінде жолыққан. Бойы ортадан жоғары, аққұба өнді, жайдары жанды:

- Бұл кісі бізге жаңадан келген қызметкер, - деп таныстырды редактор. - Енді бірге істейтін боламыз...

Одан соң Әлиханды ол кісіге таныстырды. Яков Сергеевич шынында да жайдары, ашық адам болып шықты. Жасы үлкен және тәжірибелі адам ретінде өзінің білгенін әрқашан айтып отыратын болды. Енді бір жолы жұмысқа қызымен бірге келген. Әлі үйленбеген, отыздың ортасындағы

жігіт әдеміше келген жас қызға қарады да қойды. «Қызы сүйкімді екен» деп ойлаған да қойған.

Газеттің жұмысы ауыр. Күндіз күні бойы мақала жазумен отырады. Кейде әріп теруші мен бет жасаушы болмай қалатын жағдайлар да кездеседі. Мақаланы қорғасыннан құйылған әріптермен қайтадан теру керек, терілген әріптерді бетке орналастыру керек. Содан әбден баспаханаға жіберілгенше еш тыным жоқ. Сондықтан да Елена редакцияның баспаханада терілген материалдарын оқуға, түскен мақалалардың сауатты болуы үшін қателерін түзетуге әкесіне көмектесуге келіп жүретін болды.

Ал, Яков Сергеевичке келетін болсақ, Сібірге жер аударылғандардың отбасынан еді. Ол 1855 жылы Саратов қаласында туған. Динабургте гимназия бітіреді. Ереуілге қатысканы үшін 1876 жылы Тау-кен институтының төртінші курсына жүргенде оқуынан шығарылады. Одан соң әскер қатарына алынып, әскери қызметін фейерверкер шенімен аяқтапты. Кейіннен «Жер және Еркіндік» («Земля и Воля») қоғамының белсендісіне айналады.

Әлихан бұлардың барлығын Яковтың өз аузынан естіген. Бұл кезде емес, әрине. Кейіннен, күйеу бала болған соң айтып берген. Оған қоса Әлиханның да сол кездегі патша үкіметіне деген көзқарасын анық байқағандықтан және оған сенгендіктен болар. Әйтпесе, ондай адамдардың кім көрінгенге ішкі сырын ақтара бермейтіндігі әмбеге аян. Дегенмен, ол Әлиханның Петербургтегі үйірмелерде саяси күрестің түрлері мен әдістерін біршама білетін, астыртын істерді ұйымдастыра алатын күрескер екендігін жақсы байқаған еді. Сондықтан да оған «Жер және Еркіндік» қоғамы туралы айтып берді.

- Біздің қоғам, - деді ол ойланып отырып. - Негізінен жер мәселесіне қатты көңіл бөледі. Ресейдің капиталистік емес ерекше жолмен даму бағытына түсуі мүмкіндігін мойындайды, оған шаруалар қауымы негіз болуы қажет. Қозғалыстың мақсаты мен үндеуін біздің сеніміміз бойынша қазірдің өзінде бар өз бетінше дара төңкерісшілдік ұмтылысқа лайықтау дұрыс деп білеміз. Біздің ұранымыз бойынша

барлық жер шаруаларға берілуі, оның ішінде тең дәрежеде бөлініп берілуі керек...

Марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған Әлихан бұл бастаманың қандай артықшылығы мен кемшіліктері барлығын өзінше тұжырымдаған. Бірақ бұл жерде Яков жалғыз, ал бүкіл қоғам, олардың мүшелері өздерінің алған бағыттарымен жұмыс атқаруда. Бұл мәселе төңірегінде Әлихан көп ойланды. Бірақ Ресеймен салыстырғанда жер мәселесіне келгенде қазақ даласында жағдайдың аздап болса да өзгешеліктері бар еді. Ол өзгешеліктер жайлы толғаныстары кейіннен газет беттерінде бірінен соң бірі шыға бастады.

Басында Әлихан мен Елена бір-біріне тек газет қызметкері, әріптестер ретінде ғана қараған. Газеттің кеш бітуіне байланысты бірде Әлиханның қызды үйіне дейін шығарып салуына тура келді. Олар тұратын Спокойная көшесі қаланың ең шетінде екен. Онша ұзын емес, бірақ жасыл желекке малынған, үйлерінің жанында зәулім-зәулім ағаштар өскен. Бірақ тас та төселмеген, топырағы да тапталмаған, қаттырақ жүрсен балағыңмен қоса шаң борайтын, кәдімгі топырағы аспанға шығып жататын тар көше. Түнде тек кейбір терезелерден сығырайған жарық байқалғаны болмаса, шамдары да жоқ, тас қараңғы. Кейде жол бойында шұңқырлар да кездесіп қалады. Өзінің жалдамалы пәтері қаланың орта тұсында болғандықтан, осындай көшеде қалай тұратындығына жаны ашыды. Қызды аяп кетті.

- Мынадай тас қараңғы көшеде қалай тұрасыңдар? – деп сұрайды.

- Енді, біздің басқа амалымыз жоқ қой, - дейді қыз ақырын ғана.

Бұдан соң кешіккен жағдай болса, өзі шығарып салып жүрді. Бірде қараңғы көшеде қатар келе жатқан. Кенет Елена аяғын шұңқырға тығып алды да, құлап қала жаздады. Әлихан оны сүйсіне қалды. Қараңғыда ештеңе көрмесе де көйлегінің етегіне қағып, жұп-жұмыр тізесін сипап жатыр.

- Бір жерің ауырып қалған жоқ па?

- Жоқ, ештеңе етпейді, - дейді қыз болса ибалы үнмен. – Сіріккен жоқ па? Қол сөмкем...

- Жок, мен шылым шекпеймін ғой...

- А, солай екен ғой...

Екеуі екіжақтап іздеп, жығылған кезде ұшып кеткен қол сөмкені зорға тапты. Бұдан соң тағы да жығылып қалмасын деген оймен қызды қолтықтап алды. Ол болса, тартынған жоқ, жігіттің қолтығына кіре түсті. Үйінің шарбағынан кіргізіп салған Әлихан ақырын аяндап кері қайтты. Ертеңіне Елена есіктен қашанғы әдетімен жайдары түрде амандаса кіріп келгенде оның бір тізесін тастардың сырып кеткендігін байқады. Бұдан соң ол газеттің ерте не кеш біткеніне қарамастан, қызды үйіне күн сайын шығарып салатын және қалтасына сіріңке салып жүретін болды.

Екеуі жолда келе жатып әр түрлі әңгімелер айтады. Жастық шақтарын, студенттік кезеңдерін еске түсіреді. Әлихан Санкт-Петербургтегі күндерді әңгімелегенде тіпті әсерленіп кетті:

- Самаладай жарқыраған көшелері, гранитпен және мәрмәр тастармен көмкерілген жағалаулары, мыс салт атқа мінген күйі бейнеленген Бірінші Петрдің ескерткіші, алдында ауқымды алаңы бар, сәулетші Растреллидің сызбасы бойынша салынған Қысқы сарай, Петропавл қорғаны және басқалары қандай әсем дүниелер! Жазғы Бақтың өзі қандай, ақ түндер ше! Эрмитаждағы картиналар, орыстың атақты жазушылары мен ақындары жүріп өткен Нева даңғылы менің көкейімнен өмірі кетпестей болып орнығып қалды!

Сол сәтте жанындағы қыз да әсерленіп кетті:

- Шіркін, мен де Петербургке барсам ғой! Екеуміз сол жерлерді араласақ қой! – деп арманын ақтара салды.

- Иә, Лена, амандық болса, барамыз! Еркін аралаймыз!

Сол сәтте құшағындағы қыздың от демі бетін алаулата күйдіріп, жабыса түскен кезінде өне бойына қан жүгіріп, тұла бойы оттай жана бастады. Қазақ қыздарында болмайтын еркелеген еркіндікпен өзін қалай баурап әкеткенін сезбей де қалды. Еркінен тыс бір тылсым күш аспанға қалықтата, ерекше бір бақытты сәттің иіріміне тартып, шыр айналдырып әкетті.

Жастық жалынның жасындай жарқылы екі жастың бір-бірімен түсінісуіне, ақыры бастарын бір жастықта түйістіруіне

әкеліп тіреді. Бір-бірінсіз тұра алмайтын сәтке жеткен кезде әкелерінің алдынан өтуге келіскен. Өйткені, Әлиханның ауылы алыста. Онда барғанмен де бұл шешімді ешкімнің қолдамайтындығы белгілі.

Сәтті күннің бірінде олар қол ұстасқан беті Яков Сергеевичтің алдына келді. Бір-бірін шығарып салып, қарсы алып жүрген, редакцияда болған кездерінде бір-біріне көздерінің астымен ғана қарап, сырт көзге білдірмегенсіп, бір-бірін ыммен ғана түсінісіп жүрген жастардың ендігі қадамдары қандай екендігі, алдына қандай мақсатпен келгендігі өзінен-өзі түсінікті еді.

Яковтың ақ-сұр жүзі бұрынғыдан да бозара түскен сияқтанып кетті. Қызының тағдыры үшін көптен алаңдап жүрген саясаткер, бұл жолы да толғанысын сыртқа толық шығарған жоқ. Дегенмен де ойындағысын бүгіп қалмады. Қызына қарап отырып, Әлиханның азаматтығына сенетіндігін, одан артық жігіт таппайтындығын айта келіп, оның ұлты басқа болғандығының өзінен ғана көптеген қиындықтар туындайтындығын жайып салды.

- Ол қырда өскен адам, оның өз дәстүрі мен салты бар. Ал, қызым, сен – орысың. Сенің де жақындарың мен таныстарың басқа ұлт өкіліне тұрмысқа шыққаныңды бетіңе басатын болады да, оның жақындары мен туыстары болса, орыстан әйел алды деп жазғырады. Таңдаған жолдарың өте қиын болғалы тұр. Оны өздерің түсінулерің керек. Негізі мен қарсы емеспін. Мен ақ батамды беремін. Бірақ әрқашан да бәріне шыдауларыңа тура келеді. Сендерді махаббаттарың қорғап жүрсін.

Яков Сергеевич осындай мағынадағы жүректен жарып шыққан ақ тілегін алдарына ақтарды. Қызына қыр дәстүріне сай күйеуін сыйлауының, ал күйеу баласына қызына қамқор болып, әрқашан қорғап жүруінің қажеттігін де еске салып өтті.

Бұдан соң көп ұзаған жоқ. Олардың шағын ғана үйлену тойы өтті. Стол басына Әлихан мен Яков Сергеевичтің қызметтес әріптестері мен достары ғана жиналған еді. Бірақ көпке бармай Ақанның орыс қызына үйленгені туралы хабар бүкіл қазақ Сахарасына тарап, бұл сөз Желтау тұрғындарына да жеткен.

Жайлауға шыққанына жиырма шақты күн болған ауылдың жайма шуақ тірлігі өз кезегімен өтіп жатқан. Әркім өз шаруасымен әлек дегендей. Алпыс үш жасында дүние салған Мұқан төренің жылы өткеніне де көп болмаған. Асты әдейі жер аяғы кеңіп, ауыл жайлауға көшкен соң берген еді. Күн түске тырмасқан шақ болатын, есік алдына шыққан Бегім ханым бір топ адамның түсіп жатқанын байқады. Төреге көңіл айтуға келген кісілер ме дейін десе, барлығы да кіріп шыққан адамдар. Бегім ханым қызметшіге қымыз дайындай беруге белгі беріп, сол жерде тұрып қалды. Ішінде үлкен адамдар да болған соң байырғы әдетімен иіле сәлем етті. Бұл келісті неге жорырын білмеген ханымның жүрегі аузына тығылды. Үйге кірген соң қамшыларын белдеріне қыстырған олар аласа дөңгелек үстелдің басына жайғасқан. Бегім ханым да иіле келіп, шеткерірек отырды.

Осы кезде қымыз толы дәу шара ортаға келіп, жағалай түгел қымыз құйылған еді:

- Қызмыз алыңыздар, - деді оларға ханым ілтисат жасап.

Отырғандардың барлығы бір-бір тостаған қымызды ішіп алған соң «әңгімені сен баста» деген сыңайда Шоңға қарай бастарын бұрды. Сол сәтті күтіп отырғандай нәсілі қырғыз болып келетін Шөкең бөркін кейін ысырып қойды да, қою қара сакалын бір сипап алып, тақпақтап сөйлеп кетті. «Құдайым жайсыз хабардан сақтай гөр», - деп тілеп отырған Бегім ханымның құлағы түрулі. Шөкеңнің бір баласы Нұржан кезінде осы ауылда Ақанмен қатар өсіп, бірге асық ойнаған еді. Бұл күнде ақындығымен, суырып салма шешендігімен, мәйекті сөзімен Нұржан ақын атанған жігіт болды. Шын мәнінде әкесінен дарыған сияқты. Шөкеңнің «Жас-жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір» деген үні құлағына жеткен соң, бұл бір жақсылықтың хабары екендігіне күмәні қалмаған Бегім ханым жадырап сала берді. Әрі қарай өз ойымен болып кетті. «Ақаннан бір хабар келген ғой. Әйтпесе, Смахан мен Базылхан бұл кезде үйленген, Әзілханның қалындығы дайын, Тәтіхан болса кішкентай. «Құда түсіп келіп отыр» дейтіндей қыздары Нұрбек әлі жас. Иә, Ақан үйленетін болған... А, құдайым, ақсарыбас...»

Шөкеңнің ұзақ толғауы аяқталып келе жатқанын сезді. Енді сөзінің аяғын тосуға тура келді. «Енді көп соза бермей, тезірек айтса екен» деп отыр.

- Иә, бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Алланың өзі жұп болып өмір сүруді мақұл көрген. Ақанжан шаңырақ көтеріпті...

Бегім ханымның аузына сөз түспей қалды. «Бұл кісілер неге қазаға келгендей тұнжырайды? Неге үйге «Сүйінші!» деп келмейді?» Мұнда бір сыр жатқанын ұққан сұңғыла бәйбіше дыбысын шығармай, әліптің артын баққанды жөн көрді.

- Келіміз сол Омбыда тұрады екен, аты «Ленә» дейді...

- А-а, қалай дейді? – деп бірден түсінбеген Бегім ханым аузын ашып қарап қалды.

- Иә, - деді сол кезде бағанадан үндемей отырған кісілердің бірі шыдамай кетті білем. – Ақан орыстың қызына үйленіпті.

- Не-е-е?

- Иә, балалар бақытты болсын!

- Салт жүргеннен шаңырақ көтергендері дұрыс болған...

- Отаулары ордалы болсын... – десіп отырғандар әрі қарай іліп әкетті.

«Е-е-е, бәсе! Бағанадан бұл кісілердің айта алмай алыстан орағатып отырғандары осы екен ғой». Келгендердің мақсатын Бегім ханым енді түсінді.

Үлкен кісілердің алдына ізеттілігімен ауызға іліккен ханым бұл жолы да әдетінен таңған жоқ. Дегенмен де:

- О, жасаған! Мойнына крест тағатын әйелді «Келінім» деп маңдайынан қалай иіскеймін? – деп айтып қалды.

Отырған жұртшылық алдарындағы тостағандағы қымыздарын тауысып ішіп, беттерін сипады да орындарынан түрегелді.

Сөйтіп, бұл сөз әкесі қайтыс болған соң, шешесінің келісіміне қарамастан 1902 жылы отыз бес жасында шаңырақ көтерген Әлиханға «ұзын құлақ» арқылы көп ұзамай-ақ жеткен болатын. Сондықтан да ол келінді әкеліп көрсетуді қажет деп таппады. Келесі жылы тұңғышы Лиза (оған Бегім ханым Зейнеп деп ат қойған), одан екі жылдан кейін Өкітай

дүниеге келді. Ақан бірнеше жылдан соң ғана ауылға екі баласымен ат басын тіреген.

Әлиханның жас кезінде жүрегі лүпілдеп, қыздарға көз салған кездері болған. Әуелі Қарқаралыда мектепте оқып жүргенінде Құралай атты қызға көңілі ауды. Ол балалық шақтың алғашқы балғын махаббаты еді. «Құралай» десе құралай. Көзі мөлдіреп, кісіге мейірімді жүзбен қарап тұратын. Өте сүйкімді қыз еді. Сабақтан қайтқанда үйіне дейін шығарып салатын. Таудан сырғанақ тебуге барғанда шанасын тауға шығарып беріп, отырғызады да, төмен қарай сырғанатып қоя береді. Бозбала жігіт осының өзінен ерекше бір қуаны сезімге бөленіп жүрді.

Жоғары класқа көшкен соң Құралай сырғанаққа да көп келмейтін болды. Ол кәдімгідей есейіп, бойжеткен қыз екендігін байқатты.

Бірде күндегі әдетімен қатарласып келе жатыр еді:

- Әлихан, - деді қыз кенет тұра қалып. – Мені енді үйге шығарып салудың қажеті жоқ. Өзім барамын ғой...

Бұдан соң ол бұрылып қарамастан, үйіне қарай асыға басып жүріп кетті. Әлихан не істерін білмей сол жерде тұрып қалды.

Кейін бір реті келіп қалған сәтте. Оның неге ренжігенін сұраған.

- Жоқ, ренжігемін жоқ. Жай, менің басым бос емес. Мені айттырып қойыпты. Оқу бітірген соң жазда әке-шешем мені ұзатпақ...

Ол соңғы сөздерді дауысы дірілдеп зорға айтты да, теріс айналып, жүре берді. Осы сәтте оның көзінен мөлдір моншақтар көрінгенін Әлихан анық сезді.

Кейін ойлап қараса, шыныда да балғын жастықтың алғашқы сезімі екен. Ол кезде өзі оқуға аттанбақ болып жүрген...

Омбыдағы оқу жылдарында да екінші курста Сырға атты қызбен тіл табысқандай болып еді. Ол осында бірінші курста оқып жүрген. Сол жылдың жазында каникулға барып, күзде қайта оралғанда Сырға оқуға келмей қалды. Тұрмысқа шығып кетіпті. Айттырып қойған жері келіспей, балаларын үйлендіріп жіберіпті.

Үшінші курсты бітірген жылы болатын. Қашанғы әдеті бойынша өзінің ауыл сыртындағы орны – Желтаудың шет жағындағы биік тастың (оның кейін «Хан тасы» аталып кететінін әлі білмейтін еді) басына шығып, өзінің сүйікті орнына отырды. Алақандағыдай көрінген ауылды, көзге шалынатын бар аймақты шола қарап өтті. Содан соң жалығып кеткен кезде жанына екі-үш баланы ертіп алып, сай-саланы аралауға шыққан.

Ауылға аңсап жеткендіктен, әуелі үлкендерге кіріп, сәлем береді. Содан соң жанына бір топ баланы ертіп алып, қыр астынан бүлдірген тереді немесе қарақатқа барады. Қарақат, әрине, алыстау. Ол үшін тайға мінуі керек. Ауыл баласының барлығында бірдей тай бола бермейді. Сондықтан да екі-үш шақырымдай жаяу жүріп, бір-екі дөң асқан соң жидегі қалың сай бар. Ол жерді Ақан жақсы біледі. Жылда сол жерге барып келуді әдетке айналдырған. Бұл жолы да сол әдетімен келе жатқан. Белуардан асатын қалың шөп аяққа оралып жүргізбейді. Жалбыз бен киік отының, басқа да шөптердің бұрқыраған балауса иісі мұрынын қытықтап, тамаша бір әсерге бөленген. Бүлдіргенді сайға келгенде көрші ауылдың бір топ баласы тағы кездесті. Бұлардың арасында бір-екі ересек қыз бар екен. Енді барлығы бүлдіргенді бірге теретін болды.

Қыздардың бірі бұған жақындап келіп сәлемдесті де:

- Қашан келдіңіз, Ақан аға? – деп сұраған еді, мөлдір қара көздерін жәудіреті қарап.

«Өзі сүйкімді екен» деп ойлаған Ақан:

- Кеше келгенмін, - деп жауап берді оған риясыз ақ көңілмен.

- Қалада оқыған жақсы шығар ә, аға?

- Әрине, жақсы. Оқыған неге жаман болсын...

Бұдан әрі қыз да не сұрарын білмеген болуы керек, жігіт те не айтарын таппай тосылып қалды да, әңгімелері жараспады. Еріксіз бұлар да жапырлай жүріп, бүлдірген теруге кіріскен балаларға араласып кетті. Ақанның бүлдірген тергенінен термегені көп, ой үстінде жүр. Өлгі қыздың аты кім екенін, кімнің қызы екенін білгісі келеді. Жүзі таныс, көптен көрмеген соң ұмытып қалыпты. Басқалардан сұрауға – ұят

көрдi. Қыз да бүлдірген тере жүріп, бұл жаққа көз салып қоятын сияқты. Бір-екі рет көздері түйісіп те қалды. Кешке қарай олар өз ауылдарына бет алды, бұлар да үйлеріне қайтты.

Содан бірнеше күннен соң көрші ауылда үйлену тойы болатындығы туралы хабар жетіп, оған Ақан да шақырылған. Бүлдірген теруге барғанда көрген қызбен осы тойда кездесетініне ол күмәнсіз болды және кездесті де.

Есіне сол жерде түсті. Бұл сонау жылдары ауылға шешесімен бірге қонаққа келген, Ғалия атты тұлымы желбіреген кішкентай қыз ғой. Міне, енді бой жетіп қалыпты. Ол әнді сызылтып тамаша айтады екен. Ауыл жастарының, әсіресе жас жігіттердің оған деген пейілінің теріс емес екендігі байқалады.

Сол күні талай ойын ойналды. «Көрші» ойыны кезінде екеуі қатар отырып қалды. Көршісін сұрағандарға Ақан берген жоқ. Сол үшін жазаға да тартылды. Үш дүркін дүреге де арқасын тосты. Ойын жүргізуші енді көршісімен «татулықтың үш белгісін» көрсетуді сұрады. Бұл шарт бойынша әуелі қол алысуы, одан соң құшақтауы, үшіншіде қыздың бетінен сүюі қажет болатын. Ақан бұл үш белгіні көрсетуден де сүрінбей өтті. Алғашқы белгіні көрсетерде қыз ыстық алақанын жігіттің қолына өзі салды. Екінші белгіге де қарсы еместігін сездірді. Ең қиыны үшінші белгі еді, оған да Ғалияның өзі ыңғай танытты. Оның күн қаққан бетінен ептеп қана тиер-тимес өбіп өткен. Бірақ ойын бастаушы «дұрыстап сүю» қажеттігін талап етіп тұрып алды. Еріксіз өзіне қарай икемдеп, «дұрыстап сүйген». Ойынға қатысушы қыз-жігіттер жаппай ду қол шапалақтады, бұдан соң олардың жұбын ешкім бұзған жоқ, ойын әрі қарай жалғасып кетті. Жас жігіт болса, бойына бір ерекше жылу тарағандай, зор әсерге бөленді. Осы ойын кезіндегі Ғалияның өзіне қарай икемделген, оны бетінен сүйген сәті көпке дейін есінен кетпей жүрді.

Соңғы курсқа баратын күзге қарай жанына бір-екі бозбаланы ертіп, өзі де тайға мініп көрші ауылға келген. Ауыл жастарының бұлай бір-бірінің үйіне келіп, қыдырып жүре беретін уақыты. Оның еш сөкеттігі жоқ. Мүмкіндігі барлар мұндайда жас қонақтарға тоқты-торымын да сойып тастайды. Бұлар да өзі қатарлы бір бозбаланың үйіне түсіп, тайларын

есік алдындағы кермеге байлаған. Мұны Ғалия да байқаған болуы керек. Бір кезде Ақанға қыздың су алуға бұлаққа қарай кеткені туралы хабар жетті. Тайларын суғаруды сылтау еткен жігіттер де бұлақтың төменгі ағысына қарай беттеген. Сағаға жеткен соң басқалары тайларымен қалды да, Ақан қызға жолығуға келді.

- Амансың ба, Ғалия!

- Амансыз ба?

Қыздың дауысы бір түрлі, булыға шықты.

- Ренжулісің бе, қалай?

- Иә, Ақан аға... – деп сөз бастаған қыз ойын үзіп-үзіп жеткізді. – Жарық дүниеге қыз болып келген соң, Алланың жазуына көнуге тура келеді екен... Сіздің не айтқалы келгеніңізді сезіп тұрмын. Бірақ... Сіз сияқты оқыған бір азаматтың етегінен ұстасам деп ойлаушы едім... Ол ойым орындалмайтын арманға айналғалы тұр... Осы күзде ұзатыламын. Жуырда айттырған күйеуім ұрын келемін деп хабар жіберіпті. Сондықтан да, Ақан аға, бір-бірімізді қинап, жүрегімізге жара салмайық... Осы соңғы кездесуіміз болсын... Кешіріңіз мені...

Қыз су толған шелегін көтеріп, кетуге бет алды. Жігіт болса, не дерін білмей тұрып қалды да:

- Бақытты бол... – деді ақырын ғана.

- Айтқаныңыз келсін, Ақан аға...

Жұлқынған бұла күшін қайда жұмсарын, не істерін білмей, жаралы жолбарыстай жұлқынған Ақан тайына міне салып, ауылына қарай жүріп кетті. Басқалары не істерге жөн таппай сол жерде тұрып қалды.

Төртінші курста Рашида атты татар қызымен кездесіп жүрді. Үйлену туралы сөз қозғау да ойында болған. Бірақ алда Санкт-Петербургке барып оқу туралы жоспары болғандықтан, бұл мәселені кейінге қалдырған дұрыс деп ойлап жүрген. Бір күні кешке қарай көшеде келе жатқанда кара-көлеңке бұрышта бір жігітпен сүйісіп тұрған Рашиданың ойда жоқта дәл үстінен түсті. Ызаға булыққан Әлихан жігітке тұра ұмтылған. Ол мұны көре салып тұра қашты. Қолына түскенде оңдырмайтын еді. Бірақ соңынан қумады да. Қыз бірдене деп жатқандай болды, бірақ оған көңіл аударып, тындаған бұл

жоқ, өз жолымен кете берді. Бұдан соң ол қызды көрудің өзіне жеркенді.

Міне, сөйтіп, Әлиханның қыз аулына жорығы осылай сәтсіз аяқталып, көңілі қалғандықтан ба, әлде басқа да себептері бар ма, ол жағы белгісіз. Әйтеуір өзі қатты ұнатқан соң, діні басқа болса да Еленамен бас қосып, шаңырақ көтергенді дұрыс деп тапқан.

ОЙРАНДЫ ЖЫЛДАР ОҚИҒАЛАРЫ

Үйлеренің алдында біраз жыл бұрын оның өмірінде үлкен оқиға болды. Оған Императорлық орыс географиялық қоғамынан хабарласып, Батыс-Сібір бөліміне толық мүшелікке қабылдауға келісімін сұраған. Ол мұндай жағдайға қуана келісімін берді. Содан көп ұзамай академик Федор Андреевич Щербинаның экспедициясына шақырған. Бұл экспедиция Петербурда жасақталып, Омбы қаласында Әлиханмен толықтырылды. Басшысы Федор Андреевич «о» дыбысына екпін сала сөйлейтін адам екен. Бірақ байыпты, қандай іске болмасын ойланып барып кіріседі. Таныса келе ол кісінің Кубань казагы екенін білді. Өзінен он бес-он аты жастай үлкендігі бар Федор Андреевич сол кездің өзінде танымал қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым, Петербург Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, басқа да ғылыми атақтарға ие болатын. Осындай белгілі ғалыммен жұмыс істеу мүмкіндігі туғанына Әлихан қатты қуанды. Сонымен қоса қазақ даласын аралап, халықтың жай-күйін білуге зор мүмкіндік туған еді.

Омбыдағы техникалық училищеде және Санкт-Петербургтегі орман институтында оқыған кездерінде Әлихан Г.Потанинмен және С.Швецов, Бартольд, Радлов сияқты академиктермен жүзтаныс қана емес, жақын қарым-қатынаста болған. Олармен әңгімелесіп, пікір алмасқан. Енді Ресей астанасында оқыған кезінен атына қанық академик Щербинаның қарамағында қызмет атқармақ. Студент кезінің өзінде негізгі пәндерді тамаша игере отырып, батыстың пәлсапасына қаныққан және орыстың классикалық

әдебиетінен нәр алған, заңгерлікті игерген. Өзі Лев Толстойды «Соңғы пайғамбардың бірі» деп атап, оның пәлсапалық нақыл сөздерін қазақ тіліне аударды да, оған түсініктемелер жазды, В.Короленкомен хат алысып тұрды.

Жалпы алғанда, сол XIX ғасырдың 90-шы жылдарында Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің мүшелері қазақ даласында арнайы қызметте жүрген және саяси жер аударылғандар екенін атап өтуіміз керек. Солардың арасында Омбыда Ф.А.Щербина, Петропавлда Л.А.Кузнецов, Л.К.Чермак, А.И.Янкевич, Атбасарда В.А.Рогалевич, Өскеменде Е.П.Михаэлис, Семейде М.И.Суворцев, Н.Я.Коншин, Г.А.Галимонт сияқты белгілі адамдар болды. Бұлармен қоса Верныйдан, Зайсаннан, Лепсіден, Атбасардан, Көкшетаудан және басқа да қалалардан келген адамдар қызмет атқарды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген икемін және қандай мәселеде болмасын түсінігі мол екенін аңғарғандықтан, академик кейбір мәселелерді шешерде Әлиханның пікірімен санасатын кездері де болып қалатын. Әсіресе, қазақ халқының кейбір салт-дәстүрін түсінбей қалғанда Әлиханды шақырады. Ол мұнда аудармашылық қызметті қоса атқарды деп айтуға да болады.

Олар Семей және Ақмола облыстарының тоғыз уезін аралауға сапарға шықты. Бірде жол үстінде келе жатып, Сарыарқаның кең даласындағы бұйраттардың бірінің басына көтерілген. Айнала алақандағыдай көрініп, жағалай көк майсаға малынған. Аспанда ұшқан құстар ғана көзге шалынады.

Көз жететін көкжиекке дейін көзін сүзе қарап тұрған Щербина өзінің әдеттегі «о» дыбысына екпін түсіре сөйлейтін әдетімен:

- Әлихан, - деді жай ғана таңданған дауыспен. - Қарашы, киргиздардың даласы қандай кең. Осыншама жер қалайша игерусіз жатыр екен... - Кішкене ойланып тұрған соң: - Бұл жерлердің иелері бар ғой иә? - деп сұраулы жүзбен қарады.

Басында басшысының мұндай сөзді неге қозғағанын түсінбей тұрып қалды да, артынша ойын тез жинақтап алып:

- Иә, Федор Андреевич, қазақтың даласы кең, шетсіз және шексіз, тура халықтың өзінің пейілі сияқты. Осы кең даланы қазақ халқы қадір тұтады. Елдің де, жердің де киесі бар дегенді ата-бабамыз тегін айтпаған. Осы кең далада иесіз жатқан жер жоқ. Олар білгілі бір тайпаның немесе рудың жері болып саналады. Қазір біз қаракесек руының жерінде тұрмыз, енді біраздан соң Семейге қарай тобықтының жеріне өтеміз...

Федор Андреевич Әлиханға қарап тұрып:

- Қымбаттым, осы жерлердің барлығы да иесіз жатқан болып саналады. Оны игеріп, тұқым сеуіп жатқан ешкім жоқ. Сондықтан да оларға Ресейдің мұжықтарын қоныстандырған дұрыс, - деген ойын айтып қалды. – Оларға жер жетпей, астық өсіре алмай, аштан қырылуда... Ал, мұнда дала бос жатыр...

Мынадай сөздер Әлиханның жүрегіне шаншудай қадалды. Іштей сезгенімен, дәл осылай ашық жайып салады деп ешқашан ойламаған еді.

- Жоқ, Федор Андреевич, олай болмайды. Халық сол жерге малын жайып, оның шөбін шауып, қыста малына беріп, күн көріп отыр. Егер олар жерсіз қалса, малы қырылады. Ал, малсыз қазақ күнін көре алмайды. Біздің халықтың қыстауы мен жайлауы болады. Егер ол далаға мұжықтарды қоныстандырып, жерін жыртып тастаса, қазақтардың малы қайда жайылмақ?..

Алғашқыда дауысы дірілдеп барып басылған Әлихан жер туралы, оған өзінің көзқарасы туралы ойын іріккен жоқ. Осы экспедиция мақсатының кейбір түсініксіз жақтары да бар екенін білетін, солар енді айқындала түскендей болды. Кейіннен Әлихан жер мәселесіне қатысты талай мақала жазды. Олары «Қыр баласы», «Сын степей», «Арысұлы», «Туземец», «V» және басқа да толып жатқан бүркеншік аттармен «Голос степи», «Иртыш» пен «Омич» газеттерінде және басқа басылымдарда үзбей жарияланып тұрды.

Экспедиция жұмысы кезінде орыс тілді қызметкерлердің қайсысына болмасын түсінбеген жайларды айта жүріп өзі де мол материал жинады.

Кейіннен Федор Андреевичпен бір әңгімесінде Әлихан:

- Қазақ даласын мұжықтар арқылы отарлаудың зардаптарын анықтап, бұл үрдісті үкіметтің аграрлық

саясатынан бөліп қарастыру қажет. Егер дәл осы күйінде ұсынылатын болса, онда ана Петербургте отырғандар қазақтар қоныстанған жерлердегі таулы-тасты, сулы немесе шөлейт жерлерді «қолайлы» деп тауып, мұжықтар қоныстанатын шұрайлы жерлерді «қолайсыз» деп көрсете салудан тайынбайды. Оларға бәрі бір. Қайткен күнде де қазақ даласын отарлауды мақсат етіп отыр, - деген еді.

Бұл жайды Щербина білмей отырған жоқ еді. Экспедицияның мақсаты басқа екендігіне Әлиханның көзін жеткізбек болған. Оған бұл өзінің күнделікті жұмыста көріп отырғандарының барлығы еріксіз осы ойға жетелейтіндігін ашып айтты.

Оның басқа да пікірлері экспедиция мүшелерінің көңілінен шықты. Сондықтан да кейін экспедиция басшылығы оның атқарған жұмыстарының аса жоғары сапалылығымен ерекшеленгендігі, автордың терең білімі мен қазақ шаруашылығын білгірлікпен түсінетіндігі, асқан шыншыл әділдігімен және бұған дейін мүлде зерттелмеген қазақ шаруашылығының ең күрделі деген құбылыстарын сын көзімен бағалауымен көрінгендігі туралы атап өткен болатын.

Шынында да бұл жұмыстардың нәтижесі кейін баспадан екі монография болып жарияланды. «Ресей. Жалпы географиялық сипаттама» атты көптомдық ғылыми еңбектің қазақ даласына арналған 18-ші томына енгізілді. Қазақ елінің жерін, әлеуметтік-экономикалық ахуалын, халық шаруашылығын, төрт түлік малы мен оның санын, табиғаты мен ауа райын зерттеген осы экспедиция кезінде Әлихан қазақ даласының жағдайын бұрынғыдан да жан-жақты біліп алды. Осы жылдардан соң жазылған көптеген очерктері мен мыңнан асатын мақалаларын баспасөз беттерінде қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы өзі де танылды және қазақ даласын да империяға танытты.

Дегенмен де Щербина экспедициясының материалдарына наразылық көп болды. Бос, игерілмей жатқан жерлер көптеп көрсетілгендіктен, бірнеше миллиондаған десятина жерлер алынды. Жер пайдалану нормасын қайта қарау, көшпелі өмір салтын жойып, отырықшылық салтын қалыптастыру мәселесі көтерілді. Соған қарамастан

Ф.Щербина бастаған ғылыми экспедицияның жұмыс істеген жеті жылы ішінде қазіргі Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе облыстарының аумағында тұрған қазақтардың өмірі мен тұрмысы терең зерттелді. Қазақтар мен орыс қоныс аударушыларының этнографиялық, экономикалық, статистикалық және демографиялық деректері жинақталды. Онда халықтың білімі, өмір сүру жағдайы, тамақтануы және басқа да маңызды ақпараттар мол кездесетін. Бұған дейін мұндай терең зерттеу өмірі болмаған еді.

Әлиханнның Омбыдағы шағын пәтері өмірі бос болып көрген емес. Алыс-жақыннан ағылып келіп жатады. Экспедицияда бірге болғандар кіріп-шығады немесе банкте бірге істегендер келеді.

Әдеттегісінше жазу столының басында отырған. Бастаған тақырыбын қалай аяқтауын ойластыру үстінде еді. Есік шалқасынан ашылып, бір адам кіріп келді.

- Ассалаумағалейкум, Ақан аға!

- Уағалейкум-ассалам! Жоғарылат, інім. Қай жақтан келесің?

- Тоқырауын болысынанмын, - деп таныстырды өзін, келген жігіт.

- Иә, шаруанды айта отыр.

- Шаруам сол – мені Смахан ағам жіберді. Сізге арнайы жолық деді. Ол кісінің шаруасы оңтайынан ауып бара жатыр...

- Ол не деген сөз?

- Ол Смахан ағамның шаруасы жөнге келмей тұр дегенім ғой.

Бұдан әрі ол Смаханнның «шаруасын» шерте жөнелді. Сөйтсе, ол болыс сайлауында жеңіліп қалыпты. Інісі Смаханнның болыс сайлауына түскелі жатқандығын бұрын естіген болатын. Оның жеңілуіне себеп болған жай – Смаханнның өзімен старшындас Жолдасбай бидің қызы Рәбиғаны алмақ болғаны екен. Қыз да қарсы болмайды. Бірақ ол Кент елінде Тоқтарбай байдың баласына айттырылып, жетпіс жылқы қалың малын да беріп қойған. Сайлау кезінде Смахан жеке отау болып тіркеліп, оң жақта отырған қызды әйелі ретінде жаздырып жіберген екен. Осыдан шу шыққан.

Келген жігіт осыларды айта отырып, Смаханнның көмек сұрағанын жеткізген еді.

Болған жайды естіп алған Әлихан інісінің ісін де, қызын малға сатқан Жолдасбайдың ісін де ақымақтыққа балап, олардың ешқайсысын құптамады. Мұндайда түрін суытып сөйлейтін әдетімен:

- Смахан енді бұдан әрі ештеңені ушықтырмай, осымен тоқтасын. Елдің берекесін алмасын. Менің айтарым – осы! Смаханға осылай жеткіз, - деген еді.

Ағасының шешімін естіген Смахан тоқтап қалды. Расында да ел арасы бүліне жаздап барып басылды...

Осы жылдары Омбыда Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларының бір шоғыры бой көрсеткен болса, соның ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар бар еді. Оған кейін Ақбайдың Жақыбы келіп қосылды. Олар патшалық Ресейдің жер саясатына, Столыпин реформасына өз пікірлерін ашық айтты. Атақты «Қарқаралы петициясы» осы жылдары жазылған болатын. Бұл петициясының жазылуына сонымен қоса 1905 жылдың шілде айында Омбы қаласында өткен патша әкімшілік орындарының мәжілісі де түрткі болған еді. Онда Дала өлкесінің генерал-губернаторы Сухотин бас болып қазақ өкілдерін Дума сайлауына қатыстырмау туралы мәселе қозғады.

Бұған орысша оқыған қазақ зиялылары қарсылық білдірді. Бірақ олар қарсылықты «оюғары жаққа» қалай жеткізу керек деген мәселе төңірегінде қатты ойланды. Полиция тыңшыларының іздеріне түсіп жүргендеріне қарамастан, астыртын пәтерге жиналуларына тура келді. Онда жиналғандар даурықпай, ақырын сөйлеп отырып, әр түрлі пікірлер айтты. Сол кезде қашан да өзінің орынды пікірімен өзіне жұртты үйіріп отыратын Әлихан:

- Менің ойымша тез арада Қарқаралыға жүріп кетуіміз керек. Ол жақта бізге сенеді және бізді қолдайтын адамдарымыз бар. Сондықтан, патшаның атына жазылатын құзырхатымыздың мазмұнын ойластырып алайық, - деп ой тастаған еді.

Бұл сөзді отырғандар мақұлдады.

- Оны Жақыптың жазғаны дұрыс болар. Қанша дегенмен де ол заңгер ғой.

- Дұрыс, - деп қолдады оны Жақып та. – Мен жазайын. Ойымда біраз мәселелер бар.

- Онда түнімен негізгі жобасын қағазға түсірерсің. Онда біздің халқымыздың білім мен мәдениет жағынан басқа халықтардан, оның ішінде орыс мұжықтарынан кем түспейтіндігін баса айту қажет, - дей келе салықты азайту, діни сенімдерге толық мүмкіндік беру, қазақтар үшін ортақ мүфти сайлау, орталық үкіметтегі халық өкілдігіне депутаттар сайлау сияқты негізгі мәселелерді атап өтті.

Ертеңіне Жақыппен тағы да жолыққан Әлихан мәтінді бір қарап шығып, өзінің ойын айтты да тезірек жүріп кетуді тапсырды.

Бұрын Қарқаралыдан білетін, одан соң Омбы училищесінің соңғы курсына жүргенде осындағы гимназияға келген Ақбайдың Жақыбымен Әлихан жақсы араласты. Ол Петерборда оқыған жылдарда да Әлихан Ресей астанасына барған сапарында үнемі жолығып, саясат жөнінде пікірлер алысатын. Өйткені, ол Жақыпқа қатты сенетін. Осы жолы да сол сенімін ақтайтындығына күмән келтірген жоқ.

Шынында да кейін «Қарқаралы петициясы» деген атауға ие болған құжат дайын болды. Бірақ ол жалғыз емес еді. Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, Ішкі істер министріне жолданған әрқайсысы жеке-жеке бірнеше құзырхат болатын. Жиындарды өткізіп, петицияларды жазып, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Көлбай Тоғысов, Ахметқали Аяғанов болды. Әлихан басқа да жұмыстарының көптігіне байланысты Қояндыда өткен жиындарға өзі қатыса алмады.

Бұл құжаттар патшаның үкімет орындарын, әсіресе Омбыдағы жергілікті билік өкілдерін қатты абыржытты. Өйткені, бұрын өздерінің айтқанын тыңдап, айдауына көніп жүрген бұратана халық өкілдерінің бұлайша бас көтеруінен қатты сескенді. 1905 жылдың 19 шілдесі күні болатын. Семей облысының әскери губернаторы, генерал-майор Александр Семенович Галкин өзінің кеңсесінде, кешегі отырыстан соң

басы ауырып отырған. Адьютанты штабс капитан Климов жүгіре кіргенде тағы да бір төтенше оқиғаның болғанын бірден білді.

- Не болып қалды? – деген сұраулы жүзін адьютантына бұрып, мең-зең болған күйі шегірейе қарап қалған.

- Тағы да Қарқаралы киргиздары шу шығарып жатыр...

- Оларға енді не жетпейді?

- Бұл жолы олар патша ағзамның өзіне құзырхат жолдаған көрінеді.

- Не дейді?!

Басында ереуіл немесе қарсылық шеруі екен деп ойлап қалған генерал-майор орнынан қалай атып тұрғанын білмей қалды. Онсыз да басы ауырып отырған ол, теңселіп кетті де, құлауға шақ қалып барып түзелді.

- Оған к-к-қалайша жол бердіңдер? Ш-ш-шақыр аналарды!

Бастығының кімдерді айтып отырғанын жақсы білетін адьютант ауыз бөлмеге атып шығып, сол жерде күтіп отырғандарды топырлата ішке шақырды.

- Сендер не істеп жүрсіңдер?

Олар не деп жауап айтарларын білмей, бір-біріне қарасты.

- Не жағдай болды? Қане, баяндандар!..

Бөлім бастығы орнынан тұрып Дала генерал-губернаторына Қарқаралының уезд бастығының жазған жедалхатын оқи бастады. Онда өзінің тыңшылары арқылы алған деректерге қарағанда Қоянды жәрмеңкесінде 30 маусым күні бас қосқан Ақмола облысының, Семей уезінің (Павлодар уезі де бар) қазақтары ортасынан өкіл сайлап, патша Ағзамның атына петиция дайындағаны, оған 16 мың адамның қол қойғаны, ол арызды Омбыға екі сенімді адамның алып баратындығын хабарлағаны туралы суыт хабарды жеткізді.

- Тағы да сол Бөкейханов шығар бәрін бастап отырған? – деп ызаға булықты генерал-майор Галкин.

- Иә, сол, - деді бөлім бастығы, басын төмен ие сөйлеп.

- Дәл таптыңыз. Соның өзі!

Бұл хабарламаға генерал-губернатор көк қарындашпен «К Буксейханову?» деп белгі соқты. Бұған қоса, сол күні 30

маусымда жазылған, Министрлер кеңесінің төрағасына жолданған, 12767 адам қол қойған тағы бір құжат бар екендігі айтылды. Ол петицияны Омбыдағы Ә.Бөкейхановқа сенімді екі адамның алып кеткендігі көрсетілген екен.

- Өңкей арамтамақтар! Не істеп жүрсіңдер? Онда приставтар мен городскойлар не істеп жүр? Бәрін де жұмыстан шығару керек! Олар өз бетімен кеткен!

Генерал-губернатор Қарқаралыға қайтадан жеделхат соғып, петицияға қол қойғандардың арасынан ең болмаса бірнеше адамды тауып, аты-жөнін хабарлау туралы нұсқау берді. Көп ұзамай Қарқаралы оязының бастығы Оссовский оған мынадай жауап қайтарады: «Арыз Омбыға, Әлихан Бөкейхановтың атына кетті. Ол осы петицияны жазуды ұйымдастырушының өзі және жетекшісі. Кейбір деректерге қарағанда арыздың бастапқы текстін жазған Ақбаев. Сондықтан, Бөкейханов дем беруші, ынтагер деп есептеу керек. Халық өкілі атынан петицияны жеткізуге сайланғандар Әлихан Бөкейханов пен Жақып Ақбаев». Бұдан соң патшаның атына жазылған арызға 42 адамның қолы қойылғандығы тыңшылар арқылы анықталып, олардың тізімі губернаторға жолданған хатқа тіркелді. Бұл петицияға Қарқаралы оязына қарайтын 21 болыстың әрқайсысынан бірден, ескіден және үштен адамдар қол қойған еді.

Мұндай шағым хаттардың жазылып жатқандығын күні бұрын өзінің «салпаңқұлақтары» арқылы біліп отырған Омбыдағы Дала генерал-губернаторы жол бойына қарауылдар қойып, оларды қалаға кіргізбей ұстау, хатты тартып алу туралы нұсқау бергенімен, олар бәрібір дегеніне жете алған жоқ. Жазылған хаттар қыр асып, Петерборға қарай кетіп қалған еді.

Ал, ішкі істер министріне жолданған, Әлихан Петерборға алып кеткен тағы бір хатта Ішкі істер министрлігінің құзырындағы мешіт және оның жанынан медресе ашуға рұқсат беру, баспа ісімен әркімнің айналысу құқығын қамтамасыз ету, көшпелі қазақтар мен орыс шаруаларының, казак-орыстарының құқығын теңестіру сияқты мәселелер қойылған.

Аталған петициялар туралы терең зерттеген тарихшы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры Зарқын Тайшыбай ағамыздың «Мағжанның Қызылжары» атты кітабынан (З.Тайшыбай «Мағжанның Қызылжары» Астана, 2008 ж. 16 – 34 беттер) үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік.

«Қазақтың азаттық жолындағы күресінің тарихында ерекше орны бар Әлихан Бөкейханов бастаған үркердей жанкешті топтың ақыл-ойынан шыққан құжаттар бүгінгі ұрпаққа көп жағдайлардан мағлұмат береді.

Петицияларда қайталанып келіп отыратын ождан бостандығы, діни мәселелері мен жер мәселесі бүгінгі ұрпаққа түсініксіз болуы мүмкін екендігін де ескерейік. ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басындағы Ресейдің отарлау саясаты мүлде қисынсыз әрі қорқау сипат алды. «Қазақ өлкесінің мәдени өркендеуіне орыстандыру саясатының залалы қаншалық болса, қазақтарды жерден айыру саясатының халықтың әл-ауқатына тигізген залалы соншалық болды», деген қағиданы Жақып Ақбаев петицияға тегін жазбаған.

Сондай-ақ, соңғы құжаттағы «...1903 жылы Петропавл, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйіне тінту жүргізілді. Соның барысында тартып алынған кітапханалар әлі күнге иелеріне қайтарылмай отыр. Ол-ол ма, Көкшетау уезінің беделді қазақтары Наурызбай Таласов пен Шәймерден Қосшығұлов өздерінің діни сенім-нанымы үшін алғашқысы Енисей губерниясына, соңғысы Якут облысына жер аударылды», деген жолдарға зер салып көрейік.

Атап айтқанда, Семей уезінде 1903 жылғы сәуірдің 25 күні Ибраһим Құнанбайұлының (Абайдың) үйі тінтілген болатын. Сол жерде уезд бастығы Навроцкий акты жасап, Абайдың бір сандық қағаздарын, кітаптарын алып кетті. Кейін «Қағаздар араб әрпімен жазылған қолжазбалар, газеттер мен журналдар, кітаптар екенін және олардан үкіметке қарсы ештеңе табылмағанын» көрсеткен Омбыдағы чиновниктер сол сандықты қайтармады.

Осылайша, ұлы ойшыл әрі ақынның бай мұрасы, қолжазбалары жоғалып кетті. Қазақтың даналық ақыл-ойына, өнері мен әдебиетіне орны толмас нұқсан келді. Абайдың бір сандық қағазы бүгінге дейін табылған жоқ.

... 1905 жылы жазда Ұлы Қазақ даласының қақ төсінде бас көтеріп, тілі шыққан ардагер көсемдеріміз азаттық жолында күрестің құрбаны болып кетті. Бірақ, олардың ісі қалды. Зор нәтижесі ретінде Еліміздің шаңырағында көкбайрақ желбірейді. Соған шүкіршілік...

Қорыта келгенде, Қарқаралы-Қояндыда жазылып, 6 миллион қазақ халқының еркін саяси құжаты ретінде таратылған бұл Петициялардың тарихи маңызы ерекше екенін тағы да атап көрсету қажет».

Осы петицияны жазу кезінде халықпен кездескен зиялылар қазақтың ұлттық мүддесін қорғайтын жеке партия құру мәселелерін де ауызға алған болатын. Сол мәселе кейін пісіп-жетіліп, қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясын құруға негіз болғаны сөзсіз.

1905 жылдың күзінде Орыс төңкерісі болды. Петербор мен Мәскеуде басталған сол төңкерісшіл оқиғалар бүкіл Ресейді камтып, Сібірде де толқулар көбейіп келе жатты. Қыр қазақтары да құр қарап отырған жоқ. Қазақ оқығандары да қолдарынан келгендерінше өз әрекеттерін жасауда болатын.

Омбының генерал-губернаторы болса, бұрынғысынша өктемдік жүргізуді жалғастырмақ. Бірақ оған жергілікті оқығандар мен оқушылар қосылып митингілерге шығып, оның аяғы казактармен қақтығысқа дейін барғанын. Бұл оқиғаға қарсы тұрмақ болған жергілікті биліктің әрекеті туралы Әлихан газет беттерінде жазды және Әділет министрлігі мен Ішкі істер министрлігіне:

«Бүгін оқушылар 17 қазандағы Жоғары мәртебелі Манифесті оқыған соң балаларының қолдарында жалаулары бар азаматтардың қатысуымен барлық оқу орындары көшеге бейбіт шеруге шықты. Пошта алаңында осы топ адамға қарсы атты казактардың екі отряды жіберілді, олар жалаңаш қылыштарымен, қамшыларымен келе жатқан бейбіт адамдарды, әсіресе балалар мен әйелдерді соққының астына алды. Жарақаттанғандардың саны анықталуда.

Казактарды шақыруға жарлық берген губернатор Романов пен генерал Сухотин дереу сот тергеуіне алынып, сотқа берілсін. Бөкейханов», - деген мазмұнда жеделхат салды.

Ол жеделхатқа Санкт-Петербургтегі Ішкі істер министрлігіне Омбыдағы ресми билік өкілі генерал Сухотиннің берген жауабы сол күндердегі оқиғалардың көрінісін былай «сылап-сипап» бейнелейді:

«...Сағат он бірден аса бере жандарында Манифесте не туралы жазылғанын білген ересектер бар, ешқандай шараға қатыспаймыз деп уәде берген әр түрлі оқу орындарының оқушылары қолдарында ұлттық жалаулар ұстап, жүздеген адамдармен қоса топтана «Ура!» деп айқайлап, алға беттеді, сырттай қарағанда естіген хабарларына қуанған сыңайлы. Бірақ олар жүз қадамдай жүрген соң дүкендердің маңдайшаларында кешегі күннен бері жиналмай қалған туларға ұмтылып, оларды жұлып алған соң, қызыл түстен басқасын жыртып да, қызыл ту етіп ұстап, «Ура!» деген айқаймен мен тұратын үйге қарай беттеді.

Шерудің сипатының өзгергенін білместен және оқушылардың соғыс алдында болған патриоттық манифестациясының қайталануын күткендіктен, мен есік алдына шығып едім, мені айқаймен, шумен және басқа жалау уақытының туғандығын, енді үш түсті жалауды жұлып тастау қажеттігін айтқан өктем сөздермен қарсы алды. Менің түсіндірмек болғанымнан ештеңе шыққан жоқ, тобыр тыныштанбады. Маған тас лақтыра бастады, бірнеше терезені сындырды.

Ешқайдан келетін көмек жоқтығынан және олар келгенше уақыт ұтпақ ойменен жалау туралы әңгіме қозғаған едім. Жағдайды түсінбеген үйдегілер мұнараға шығып, жалауды түсірмек болған еді, сол кезде атты казактар жетіп келді де, топты қуып шықты. Жалау орнында қалды...

Бұдан соң тобыр менің шарбағымның сыртына жиналды. Бірнеше казак ашу үстінде қызыл туларды тартып алмақ болып ұмтылған еді, оларды тас атқылап қарсы алды. Какзактар оларды қамшының астына алды,

кейбір деректерге қарағанда қылыштарын жалаңдатыпты, бірақ кесілген жарақат болған жоқ. Бұдан соң тәртіпсіздік кешкі сағат 8-ге дейін жалғасты. Телеграфты да ереуілге мәжбүрлемек болып еді, оларды қарауыл дер кезінде қуып шықты. Күндізгі сағат 3-4-тердің кезінде станция жұмысшылары шығуы мүмкін деп күтілген. Содан қауіптенгендіктен батальон шақырылған еді, олар сағат 8-ге дейін тұрды. Екінші күні таңертеңгілік тағы жиналатын болды. Өкінішке орай педагогтар мен мұғалімдердің сабырға шақырғанын көрмедім, тіпті кейбіреулері басшылық жасап жүрген сияқты. Әсіресе ерекше көзге түсіп, Пищиков (қазынашылық палата бөлімшесінің бастығы) пен мұғалім Шостаковке түсінік алу кезінде казактар сазайын тартқызды, оған қоса статистик Бөкейханов болды, бірақ мен бұл адамдарды маған және менің үйіме шабуыл жасағандар ішінен көрген жоқпын. Тоғыз адам жеңіл және бір адам ауыр жарақат алды. Күні бойы тобыр жақтан бірнеше жекелеген, ал казактар жақтан үш рет мылтық дауысы естілді. Мылтық аспанға атылды. Жиналған топ сағат беске қарай тарайды. Сухотин». (С.Р.Бөкейханов «Өткен күнде белгі бар» - «Нельзя о прошлом позабыть», Алматы, 2016 ж., 198-199 беттер).

ДУМАДАҒЫ ТАУСЫЛМАС ДАУ

Қаңтардың қақаған аязы күшіне енген шақ. Арқадаға ақ боран басылғалы екінші ғана күн болатын. Қалың тұлыпқа оранған Әлихан шанаға орналасып болған соң жүруге белгі берді. Түнде Павлодарға қонып шыққан болатын. Ол кезде жол бойларында арнайы бекеттер болады. Онда аттарын ауыстырады немесе басқа көлікке ауысып мінеді. Бұл жолы да Омбыдан шыққан ол жол бойы екі рет ат ауыстырды.

Күн шайдай ашық. Даланың әппақ қары көзді қарықтырады. Парлап жеккен екі ат қары қалың жерде аяңға көшкенімен, жолы жақсы болса кәдімгідей сар желіспен отырады. Амандық болса бір қонып, Семейге де жетеді. Онда бостандық күндеріне байланысты облыстық съез

өткізілмекші. Әлихан соған қатыспақ. Өз ойымен әлек болып, іштегі толғаныстарын жүйелеп отырғанда шанаға жеккен пар ат кілт тоқтады.

- Не болды? – деп сұраған, алдыңғы орындықта отырған көшірден.

- Білмеймін, қазір... – деп ол өзі де түсінбей қалбалақтап қалды.

Сол кезде аттардың алдын бөгеген екі салт атты адамның бірі:

- Кімсіңдер? – деді өктем үнмен.

- Жолаушымыз, - деді Әлихан, мыналардың өктемдігіне наразы үнмен.

- Қайда бара жатқан адамсыздар?

- Семейге барамыз, - деді Әлихан, енді ол бұлардың әрекетінен секем ала бастады. Өйткені, бұл кезде 1905 жылғы толқулар күштеп басылған соң оған қатысқан адамдар, қоғамдағы көзі қарақты жандардың кейбіреулері қуғанға ұшырап, жер аударылған, кейбірі түрмелерге жабылған. Соның салқыны әлі де басылмаған шақ болатын.

- Еріңдер соңымыздан!

Соны айтқанымен жастауы аттардың шылбырынан жетектеп алыпты. Енді ермей көр! Бәрін байқап отырған көшірдің дыбысы шықпай қалыпты.

- Бұлар кімдер өзі?

Әлихан бойын созып қараған еді, олар полицияның жандармының киіміндегі адамдар екен. Бұлардың жол тосып жүргендерін сонда түсінді.

Жолдағы Ямышевск кентінде тергеп, сондағы абақтыда ұстаған соң, мұның Әлихан Бөкейханов екеніне көз жеткізіп, Павлодар түрмесіне әкеліп қамады. Неге әкелгені, не үшін ұсталғаны жайлы ешкім тіс жарып ештеңе айтқан жоқ. Мұнда уезд бастығы Корнилов тергеу жүргізді.

- Мына «КаДэ» деген сөзді қалай түсінеміз? Бұл ненің шифры? Қандай құпия белгі? Осыны тарқатып айтып беріңіз! – деді ол маңғаздана шіреніп.

Әлихан рахаттана күліп алды. Күлмегенде қайтеді?! Бұлардың көрсетіп отырғаны «КаДэ» партиясының съезі 4

қаңтарда Мәскеуде өтеді деп белгіленді, шақырту поштамен жіберіледі» деген жедалхат болатын.

- Бұл «Кадет партиясы» деген сөз ғой, - деп тағы да күлді.

Өзінің бұл әрекетін анау мазақ етіп күліп отыр деп ойлаған Корниловтың оған деген өшпенділігін одан сайын арттыра түскен еді.

- Ал, Бөкейханов мырза, мына қағаздар туралы не айтасыз? – деп ол Әлиханның портфелінен шыққан, арап әріптерімен жазылған қолжазбаларды көрсетіп. – Мұның ішінде не бар? Мүмкін бұлардан бас тартатын шығарсыз, «Менікі емес» деп?

- Жо-жоқ, ешқашан бас тартпаймын. Бұл өте құнды қолжазба. Сондықтан да мен оның құнын бес мың рубльге бағалаймын. Егер олар жоғалатын не бүлінетін болса, Сіздің бес мың рубль төлеуіңізге тура келеді. Протоколға солай жазуыңызды талап етемін!..

Корнилов не дерін білмей қалды, көкшіл көзі одан сайын шегірейіп, осыншама көп ақша төлейтінін елестетіп, зәресі ұшып кеткен еді. Қолдары дірілдеп, алдындағы парак беттерді жинай бастады. Өйткені, бұл қағаздарды ана салдыр-салақ қызметкерлерінің жоғалтып алуы да ғажап емес қой. Сондықтан бұларға мұқият болуды ол қызметкерлеріне мықтап тапсырған.

Дегенмен де Әлиханды Павлодар түрмесіндегі бірінші қабаттағы үлкен терезелі, орыс пеші бар, басқаларына қарағанда тәуірлеу камераға қамады. Содан бес күн бойы түрме қызметшілерінің ешқайсысы мұнымен сөйлескен де жоқ, сұрағына жауап та берген жоқ. Камераға келіп, от жағады, қайнаған су әкеліп береді де, үнсіз шығып кетіп, есікті бекітеді. Олардың мұндай қылығы қитығына тигенімен, Әлихан барынша шыдап бақты.

Тек алтыншы күні ғана күтпеген уақытта камераның есігі ашылып, шаяндай қып-қызыл болып жүретін, ең қатал бақылаушы (надзиратель) кіріп келді. Оның неге келгенін түсінбеген Әлихан танданыспен қарап тұрған кезде ол қолындағы бір жапырақ қағазды пештің жиегіне тастай салып, асыға шыға жөнелді. Кетіп бара жатып Әлиханға қарап: «Мен

екі сағаттан соң қала жаққа барамын» деп күбір ете қалды. Жағдайды онша түсінбеген ол дереу хатты оқып шыққан еді. Жазып отырған бір досы екен. Ол түрме сыртындағы жағдайды хабарлай отырып, не ойы бар екендігін қауіптенбей, ашық жазуын өтініпті. Өйткені, бұл адам сенімді екен. Жауапты да осы адам арқылы жолдауды көрсеткен.

Әлихан сол айтқанды бұлжытпай орындады. Осыдан бастап үш астаналық газетті, Семей облыстық «Ведомости» газетін, тағы басқа да өзіне қажетті кітаптарды уақытымен алып тұрды.

Осы түрмеде болған төрт жарым ай ішінде Әлихан қарап отырмайды, ол кезекші қарауыл солдаттарына әрбір кеш сайын Пушкиннің, Лермонтовтың, Шекспирдің кітаптарын оқып беріп отырды. Тыңдаушылар камераның есігіне жақын келіп орналасады, ал бұл болса пештің жиегіне қол шамды қойып, соның жанына отырып алады да дауыстап оқи бастайды. Кейін Әлихан өзінің бір мақаласында солдаттарға Шекспирдің «Кориоланы» қатты әсер қалдырғаны, олардың газеттерді зор ынтамен тыңдағаны туралы жазған еді. Сонымен қоса ол газетте: *«...Дала генерал-губернаторының кеңсесінде шығарылатын оңшыл газеттің: «Біздің естуімізше Ә.Н.Бөкейхан(ов)ға жазалар заңдары жинағының 1035 бабы, тағы басқалары бойынша айып тағылыпты» деген мағынада арандату сипаттағы хроникалар басатын. Бұл менің кандидатурамның Семей облысы қазақтарының атынан Мемлекеттік Думаның мүшелігіне сайлануына тосқауыл жасаудың сұрқия тәсілдерінің бірі болатын»* деген жолдар да болды.

Сол кезде бүкіл Ресей аумағында қамауда отырған басқалар сияқты Әлихан да тиісті орындарға шағымдануын тоқтатқан жоқ. Соның бірі Әділет министрі Акимовтың атына салынған жеделхат болатын. Онда былай деп жазылған:

«Тергеу билігінің ешқандай қаулысыңыз, қандай да болмасын айып-кінә тағылмай, қырық күннен бері Павлодар түрмесінде отырмын. Әкімшілік соғыс ережесінің 23-ші және 8-ші баптарынан және сот ісін жүргізудің 70-ші бабынан тыс әрекет етуде. Сондықтан да сот тергеуін

жүргізуді немесе босатуды талап етемін. Қарашадағы Мәскеу земство съезінің мүшесі, азамат Бөкейханов».

Бұл кезде І-ші Мемлекеттің думаға сайлау жүріп жатқан еді. Сол уақыттардағы Әлиханның «Қырдағы сайлау» мақаласына қарағанда Қазақстанда Мемлекеттік думаға сайлау ең соңғы кезекке қойылған екен. Жетісу болысында сайлау өткізгенше І-ші Мемлекеттік дума тарап та кетіпті. Қазақтар Мемлекеттік думаның таңдаушылары (сайлаушылары) мен мүшелеріне кандидаттарды келісуіне талай уақытты босқа жіберіп алған.

Ал, Семейдегі сайлау, Әлиханның кешіккеніне қарамастан, уақытымен өтті. Мұнда оның Павлодар түрмесіне қамалғаны туралы хабар дер кезінде жетіп үлгерді. Сол кезде Жақып Ақбаев бастаған көзі ашық жандар съездің өтуіне және онда Әлихан Бөкейхановтың сайлануына ерекше күш салды. Олар ақыры өз дегеніне жетті. Өздерінің кандидаттарының қамауда отырғандығына қарамастан, Семей облысы, Қарқарлы оязы Тоқырауын болысынан Әлихан Бөкейханов бірінші Мемлекеттік думаға сайланды. Өзі заңгер Жақып Ақбаев бұл қадамға әдейі дайындалған болатын. Өйткені Думаға таңдаушы (сайлаушы) болып сайланып, ерекше мәртебеге ие болған адамды ешқандай заң орнының қамап ұстап отыруға құқығы жоқ. Мұны заңгерлер жақсы біледі. Павлодар түрмесінен бір-екі айдан соң Омбыға ауыстырылған Әлихан көп ұзамай түрмеден босатылды. Егер бұлай болмаған жағдайда енді оны Омбы жандармерия басқармасының бастығы астыртын тыңшылары арқылы Бөкейхановтың Мемлекеттік Дума сайлауына байланысты белсенді жұмыс жүргізіп жатқандығын біліп, егер прокурорлық қадағалау істі тоқтатқан жағдайда бұл істі әкісшілік тәртіпте жүргізіп, Дала өлкесінен сыртқары, әрі қарай жер аударуды жоспарлап отырған екен. Оның бұл ойы жүзеге аспай қалды.

Әлиханның негізсіз түрмеге қамалуы оның қыр еліндегі беделін одан сайын аспандата түсті. Бір-бірінен іліп әкеткен алып-қашпа сөз барлық жаңалықты лезде қауға тиген өрттей лаулатты. Інісі Смахан наурыз айында түрмеге келіп, жолығып қайтқан. Сонда ол елдегі барлық өзгерістерге қандырған еді.

Бұл кездегі басты жаңалықтар – қазақ даласында Ресейдің саяси партияларының филиалдары ашыла бастаған. Қазақ қалаларында «Кадет», «Халық бостандығы», Социал демократтар» партиялары ресми түрде тіркеліп, өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатты. Ресейдегі толқулар қазақ қалаларын да шарпып, патшаға қарсы ереуілдер мен шерулер болып тұрды.

Осындай кезде Мемлекеттік думаға сайлау болатындығы туралы 1905 жылғы 11 желтоқсанда шыққан заң қазақ даласына да жетті. Мұның алдында болған бірінші орыс революциясының басты саяси нәтижесі Екінші Николайдың 17 қазандағы манифесі болғандығы белгілі. Бұл мәлімдеме Ресейдегі самодержавиенің біржолата жойылуын білдірмесе де, оның өзінің саяси аренадан кетуіне негіз қалаған болатын. Манифестің басты тармағы халық сайлайтын Мемлекеттік дума (Парламент) құруға, енді заң шығару билігін бөлісуге патша келісімін берді.

Думаға сайлау төте жолмен емес, куриалдық жүйемен өткізілетін болды. Бұл дегеніңіз – депутаттардың сайлаушыларын таңдау (выборщики) жолымен жүргізу деген сөз. Сөйтіп, жер қожалығындық, қалалық, шаруашылықтық және жұмысшылық 4 куриясы құрылды. Олар сайлаушылардың белгілі бір санын таңдауларына мүмкіндік алды.

Думаға сайлау 1906 жылдың наурыз айында өтті. Нәтижесінде демократиялық партиялар мен топтардың, оның ішінде конституциялық-демократтардың (кадеттердің), шаруа өкілдерінің, социал-демократтардың және басқалар айқын басымдық танытты.

Өздерін қазақтармен теңгермей, оларды кем санап жүрген үкіметте енді елдің басты заң шығарушы органының мүшелігінен орын бермегі жақсы жаңалық еді. Соған көңілдері толмаған жергілікті билік өкілдері сайлау өткізуге асыққан жоқ. Тек халықтың қысымымен ғана ол мерзімінен әлдеқайда кеш басталды. Тіпті, аумақтық бөлініске келгенде де барынша әділетсіз болды. Мәселен, қазақ даласының Ақмола, Семей, Торғай, Орал губернияларына бөлінген он депутаттық мандаттың бүкіл халықтың 70 пайызын құрайтын

қазақтарға төртеуін ғана, ал 30 пайызын құрайтын орыстар қоныстанған қалаларға алтауын берді. Осылайша, сайлаудың уақытымен өткізілмеуінен қазақ депутаттары тым кеш қалып, Думаның жұмысына алғашқы күннен қатыса алмады.

Дегенмен, бұл қазақ даласында демократиялық жолмен өткізілген тұңғыш сайлау еді. Бірінші Думаға сайланған депутаттардың есімдерін толығымен атап өтетін болсақ: Семей облысынан – Әлихан Бөкейханов, Торғай облысынан – Ахмет Бірімжанов, Орал облысынан – Алпысбай Қалменұлы, Ақмола облысынан – Шәймерден Қосшығұлұлы, Жетісу облысынан – Молда Тайынұлы, сонымен бірге, қазіргі Қазақстан аумағына кірмейтін қазақтар тығыз қоныстанған аймақтардың арасынан Астрахан губерниясынан – Бактыгерей Құлманұлы мен Дәуіт Ноян-Тұндыт, Уфа губерниясынан – Сәлімгерей Жантөре сайланған еді.

Қазақ депутаттары әр түрлі комиссияларға мүше болып та сайланды. Мәселен, жоғары білімді заңгер Ахмет Бірімжанов әскери дала соттарын жою жөніндегі заң жобасын жасау комиссиясына енгізілді. Олар белсенділік көрсетіп, мүмкіндіктерінше елінің мүддесін қорғап бағады. Думаның тарихында қандастарымыздың арасынан бірінші болып сөз алған Ахмет Бірімжанов қазақтың жеріне байланысты шешілмей жатқан проблемаларды көтеріп, осы мәселені қарау үшін құрылған комиссияның құрамына қазақстандық депутаттың бірін енгізуді ұсынады. Сонымен бірге Ахмет Бірімжанов пен Алпысбай Қалменұлы екеуі жоғары үкімет органдарына қазақ жеріне қоныс аударушыларды орналастыру барысында жүгенсіз заң бұзушылық әрекеттер жасалып жатқаны жөнінде сұрау салды. Қазақ депутаттарымен қатар осы мәселені қазақ жерінен барған өзге ұлт өкілдері де көтерді...

Тұңғыш Думаның жұмысы үкіметке шабуылдаудан басталды. Бірінші шабуылда – ең алдымен саяси қылмыспен, оның ішінде террорлық қылмыстар жасағаны үшін сотталғандардың барлығын толықтай кешіріп, рақымшылық жасауды талап етті. Екінші шабуылда – жер мәселесі қозғалды. Кадеттік депутаттар помещиктердің, қазыналық, монастрлік және басқа жерлерді шаруалардың пайдалануына

мәжбүрлеп тартып алуды ұсынса, енді біраз депутаттар оны мүлде тегін алуды талап етті.

Атқарушы билік депутаттарға бағынышты болғысы келмеді. Үкімет Думаның жұмысына айырықша бақылау орнатты, күзетке құпия агенттер енгізді. Дума өз отырыстарының бірінде жекеменшік жерлерді тартып алу жөнінде халыққа үндеу қабылдады. Бұл ашық айқасқа шақырумен пара-пар еді. Сол кезде үкімет Думаны жабуға негіз таба қойды. Шілденің оны күні Дума мәжілісі өтіп жатқан Таврика сарайының есігі тарс жабылды. Бұған қарсылық ретінде депутаттар халыққа үндеу қабылдауға шешім қабылдады. Оның жобасын Павел Миллюков жазып шықты. Бірақ Петерборда үндеуді талқылау қиын болғандықтан, олар Выборгқа бар керек деп ұйғарады. Онда Думаның 478 депутатының жартысына жуығы жетті. Сөйтіп, үндеуге 180 адам қол қойды, одан соң тағы 52 депутат қосылды.

Семей облысынан осы Думаға депутат болып сайланған Әлихан Думаның күштеп таратылуының алдында ғана жеткен еді. Оның бұлай кешігуіне Павлодар түрмесінде заңсыз отыруы себеп болды. Үндеуге Әлихан да қол қойды.

Үндеуде:

«Азаматтар! Халық өкілдігінің табанға тапталған құқығын, Мемлекеттік думаны қорғауда мықты болыңдар. Ресейдің бір де бір күн халықтық өкілдіксіз қалуына болмайды. Өздеріңде оған қол жеткізудің жолы бар. Ол үшін халық өкілдігінің келісімінсіз халықтан салық жинауға да, халықты әскери қызметке шақыруға да қақысы жоқ... Халық өкілдігін шақыртпайынша қазынаға көк тиын бермеңдер, әскерге де бір солдат жібермеңдер».

Бұл үндеуді шетелдік журналистер таратып жіберді. Выборгте оны парақшалар түрінде бастырып, Петерборға аттанған депутаттардың қолына ұстатты. Олар мұнда келген соң тұтқындаламыз, қуғынға ұшыраймыз деп ойлаған еді. Бірақ ондай ештеңе болған жоқ. Петербор бұрынғы қалпында ештеңе болмағандай марғау өмірді басынан өткізіп жатты. Үкіметке бой ұсынбау жөніндегі үндеу жайына қалды. Асықпаған билік басындағылар «Выборг үндеуіне» қол

қойғандардың үстінен іс қозғаған болатын, ол істі сот бір жарым жылдан соң ғана қарады. Орыс баспасөзінде бұл сот процесі кеңінен талқыланды. Мәселен, либеральдық «Русь» газеті «выборгшыларды декабристермен салыстырды. Кадеттің «Речь» газеті: «Депутаттардың сотталушылар қатарында болуының өзі біздің әлі қалыпты деңгейде өмір сүруімізге, шын мағынасында «көңіл көншітіп, жайбарақаттануымызға» тым ерте екендігін дәлелдейді», - деп жазды. «Наш день» газеті болса: «Ертең-ақ олардың алдынан түрменің есіктері ашылады... Біз бұдан күйзеліске ұшырай қойғамыз жоқ. Бізге, өздеріңіз көріп отырғандай, айдан-анық болсаны – бұл біздің жанымызды түршіктіре алмайды...»

Сөйтіп, 1907 жылдың 18 желтоқсанында 167 адамға үкім шығарылды. Сотталушылардың барлығы да айыпты деп табылып, екі адамнан басқасы үш айдан қамауда отыруға жазаланды. Сотталғандар «өкілеттілік» құқығынан айырылып, енді қайтадан Думаға сайлана алмайтын болды. Сотталғандардың көпшілігі үкіметтік сенатқа шағым арыз жолдаған еді, оны қараған сенат «аяқсыз қалдырылсын» деген қаулы шығарды.

Бұдан соң да халық үнсіз қалды. Өздерін халықтың қорғаушысы мен қолдаушысымыз деп жүрген интеллигент мырзалар мұндай жағдайға қатты күйінді. Халық әлі де көп жайларды түсіне бермейтін еді.

Бұдан соң Санкт-Петербург сот палатасының айырықша кеңесі Әлиханды басқа да қол қоюшылармен бірге үш айға түрмеге қамауға үкім шығарды. Жазасын Семейдің түрмесінде өтейтін болып белгіленді.

Заң 1908 жылдың қаңтар айының аяғында заңды күшіне енді. Әлихан болса, жазасын атқару үшін Семей түрмесіне өзі келген. Бір күні қамауда отырған Әлихан ауырып қалыпты деген қауесет тарайды. Сол кезде тобықтының Оразбай деген азаматы қалаға бие айдап келіп сауғызып, күрке тауықтың етін жеткізіп тұрды.

Айтпақшы, бұдан бұрын, Бірінші Думаны шақыру барысында, яғни 1905 жылдың 6-13 қарашасында Мәскеуде Ресей мемлекетінің жергілікті өлкелерден келген өкілдерімен қалалық қоғам қайраткерлері бірігіп өткізген съезде сөйлеген.

Онда Әлихан:
- Осында өз пікірін білдірген поляк, латыш, малорос өкілдерінің сөзін тындай отырып, мен өзіме жақсы таныс кітапты қайта оқығандай болдым. Бізде де қазақ тіліндегі мектептер қысымға ұшырауда. Бізді де цензура аямай жаныштауда. Мәселен, мен қазақ тіліне аударылған И.Крыловтың 46 мысалын бастыру үшін цензурадан рұқсат ала алмай сандалғаным 13 ай өтті. Крестьян начальниктері (көбісі бұрынғы ротмистрлер) қазақ тіліндегі істерді қарауға мойын бұрмайды. 18 ақпандағы бұйрықтан кейін қазақтар жиналып, өз мұқтаждарын петицияға («Қарқаралы петициясы» - Автор) түсірген еді. Бірақ пошта оны Петерборға жіберуден бас тартты. Бұдан соң петицияны сол жерден 760 шақырымда орналасқан қаладан зорға дегенде жөнелттік. Айта берсек қазақтың мұң-мұқтажы да шаш-етектен, - деген еді.

Думаның алдындағы осындай бір съезді автономия талап етушілер тобы Петерборда өткізіп, оған Бірінші Александр атындағы Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институттың студенті Мұхамеджан Тынышбаев қазақтар атынан қатынасып, сөз сөйлеген.

Семей түрмесінде жатқан Әлиханға тек «қамауда жатыр» деген аты болмаса, негізінен алғанда жаман болған жоқ. Халық Әлиханды қалай жақсы көріп, оны қалай қолдайтындығын тағы да бір байқатты. Ол мұнда да қарап жатпай, талай мақала жазып, оларды жергілікті газеттерде бастырып отырды.

Түрмеде отырған кезінің өзінде қазақтың жақсы-жайсандарымен қоян-қолтық араласты. Әсіресе, өздері бұрыннан таныс, жақын дос болып кеткен Тұрағұл Абайұлы, Абайдың інілері Кәкітай Ысқақұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы жиі келіп тұрды. Олар түрме бастықтарымен келісіп, Әлиханды алып шығатын да, арнайы дайындалған үйге апарып қондырып, дем алдырады, алдына ауылдан арнайы әкелген жылы-жұмсақтарды тосады. Сондай кезде талай әңгіменің басы қайырылушы еді. Бұл уақытта Абайдың дүниеден қайтқанына екі жылға жуықтап қалған болатын. Кейде ұлы ақын жайлы да талай әңгімелер айтылатын Сондай

кезде Әлихан Абайдың поэзия әлеміндегі орнын ерекше бағалайтындығын үнемі айтып отыратын. Бұлары 1905, 1906 және 1907 жылдары жеке мақалалар болып газеттерде жарық көрді.

Осы кездесулердің бірінде Семей түрмесінде отырған Әлиханға Тұрағұл, Кәкітай, Шәкәрімдер:

- Әлеке, біз аттардың бәрін дайындап қойдық. Қашсаңыз қайтеді? – деген ұсыныс айтқан еді.

- Жоқ, - деп жауап берді ол. – Жоқ, ағайындар, мен каша алмаймын. Егер мен жалғыз қашсам, онда казактардың жазалаушы отрядтары шығады да, елге ойран салады. Елді қырғызып қойғанша, менің өзім түрмеде отырғаным артық, - деп бас тартты.

Бір қызығы – ол үш ай мерзімге кесілгенімен, сегіз ай отырып шықты. Абақты басшылары әр нәрсені сылтау етіп, уақытты соза берді. Ақыры түрмеден шыққан соң билік басындағылар Әлиханды Омбыға қайтуға рұқсат бермей, Самараға жер аударды. Мұнда ол отбасын көшіріп алып, онда 1917 жылға дейін тұрды.

Осы жерде Бірінші Дума 72 күн ғана өмір сүріп таратылған болса, одан кейінгі Екінші Думаға да ұзақ ғұмыр сүру бақыты жазбапты. Оған Қазақстаннан 14 депутат қатысты. Бұл Бірінші Думаға қарағанда құрамы жағынан болсын, күн тәртібіндегі мәселесі жағынан болсын солшыл бағытта болды. Екінші Думадан патша үкіметі недәуір үміт күткен еді. Ол үміттері ақталмады. Дегенмен де депутат Б.Қаратаев шығып сөйлеп, жер мәселесіне тоқталды. Ресей ішіндегі помщиктердің мүддесін қорғау үшін орыс шаруаларына қазақ жерлерін тартып алып беріп жатқандығын, жерге орналастыру мекемелерінің қазақтарды орныққан орындарынан, отырған үйлерінен қуып шығып жатқандарына тоқталып, отарлау саясатын жергілікті халық атынан әшкереледі. Қазақ елінің осындай ауыр жағдайына назар аударуға шықырды. Бірақ патша үкіметі 1907 жылғы 3 маусымда шығарған заңымен Екінші Думаны таратып жіберді. Сөйтіп, бұл екі Дума да қазақ даласына өзгеріс әкелетіндей заңдар қабылдай алған жоқ. Бұл соңғы заң бойынша Қыр өкілдері Думаға сайланбайтын болды. Соған

қарамастан қазақ зиялылары бұл заңға да, патшаның отарлау саясатына да қарсы күресті бір сәтке де тоқтатқан жоқ, қайта олар өздерінің күрескерлік тәжірибесін бұрынғыдан да жетілдіре түсті.

Үшінші маусым қазақтың ұлттық бостандығы жолында жүрген көзі ашық, оқығандарының жеңілген күні болды деуге болады. Сол күнгі қабылданған заң бойынша Екінші Думаның таратылуы емес, заңға өзгеріс енгізіліп, бұдан былай Думаға қазақтардың сайланбайтындығы қазақ зиялыларына үлкен соққы болып тиді.

Қазақтардың сайлану құқығынан айырылуы Ресейдің реформашыл премьер-министрі П.Столыпиннің қазақ көсеміне, Әлихан сол кезде редакторы болған «Иртыш», «Омич» газеттерінде, бұған қоса «Степной пионер» газетінде жазған сын мақалалары үшін алған өші болатын. Бұл басылымдарда автор Бірінші Думаның таратылуына байланысты жағдайларға, талдау жасап және Дала өлкесінде халықты жікке бөліп, қазақ жерін қоныс аударған орыстарға тартып алып беріп жатқан министрлер кабинетінің басшысын қатты сынға алған бірнеше мақалалар тізбегені жариялап үлгерген еді. Бұған генерал Сухотин тарапынан да қозғау салынды. Ақыры олар өз дегендеріне осы жолы жетті.

Патша шенеуніктері қайткен күнде Қарқаралыдағы халық наразылығын басудың сан жолын қарастырып жатқан болатын. Соның салдары болар, бірнеше адамды қамауға алып, жер аударады. Ол туралы Смахан Бөкейханов былай деп жазады: *«1910 жылы Қарқаралы оязынан тоғыз адамды екі жылға жер аударды. М.В.Надаров «бұлар политический неблагонадежный» деп:*

1) Ахмет Байтұрсынов, 2) Жақып, 3) Ыбырай Ақбай балалары, 4) Хасен Ақайұлы, 5) Ахмет Райымбекұлы, 6) Бодаубек Райымбекұлы, 7) Ысмайыл Байтенұлы, 8) Асылбек Сүлейменұлы, 9) Смахан Бөкейханұлы.

Смахан Түркістанға оқуға кеткен, Сырдария облысына. Бұларды Орал, Семей, Ақмола, Жетісу төрт облыстан кет деген. Смахан, Асылбектен басқа жетеуі Самарда Әлекеңе барған: – Смахан қайда оқуға кетті? Бәрекелді, жігіт болған

Смахан. Сендер екі жылға несіне орысқа жалынасыңдар? – деген.

Бұлар Әлекеңе өкпелеп, Әлекең Петерборға барып, бұларды Стахович деген адамға апарып, ол адам Надаровпен сөйлесіп, он бір айда бәрін құтқарып қоя берген. Кейін 17 – 18-ші жылдарда Алашорда құрылып, сонда осы айтылған тоғыз адамға мөр басқан, нахақтан жала жапқан Қарқаралы жиырма екі болысы, түгел соларды жер аударалық, бізді жылатты, шығындатты дегенде Әлекең айтты:

- Қазақ ел боламын десең кек құма. «Алланың шын құлы кешірімді» деп шарият айтады, - деп қойғызған.

Бұған Ақбай балалары, Ақай баласы Әлекеңе наразылық қылды. Шәкерім қажы:

- Әлихандікі жөн, - деді.

Әлекең Смахан туралы айтты:

- (Смахан) ұрлап кеткен жоқ, мені босат деп жалынған жоқ, барсын! – депті. (С.Бөкейхан «Әлекеңнің өмірі», «Жұлдыз» журналы, 1996 ж. №3, 108-109 беттер).

АХ, САМАРА ҚАЛАСЫ...

Әлихан өзінің алған бетінен қайтпай, Самара қаласында да жандармерияның бақылауына қарамастан, саясатпен айналысуды жалғастыра берді. Оған жанындағы жары Еленаның талай көмегі тиді. Ол Әлиханға қажетті құжаттар мен газет-журналдарды, басқа да басылымдарды табуға көмектесті. Бірақ ол жарының саясатпен айналысқанын онша ұната қоймайтын. Өйткені, олай-пұлай заман болып кетсе, балаларға бас-көз болуы керек қой. Сондықтан да ол үнемі Еленаға: «Сен көп кірісе берме. Бұл менің өз жұмысым, оған өзім ғана жауап беремін» деген сөзді үнемі айтып отырды. Өйткені, ол жандармерия мен олардың тыңшыларының ешкімді аямайтынын жақсы білетін.

- Әлихан, шаршаған жоқсың ба? – деп сұрайды, кейде таң атқанша стол басында отырып, жұмыс істеген жұбайынан.

- Жок, Лена, мен біраз шаруа тындырып тастадым. Бұл дұрыс болды, - деп масаттана сөйлейді Әлихан.

Содан соң орнынан тұрып, біраз қимылдар жасап, бойын жазады да, Еленаның таңғы шайынан ішіп алып, Шаруалардың жер бөліміндегі жер бағалаушы болып істейтін жұмысына кетеді. Жұмыс арасында жазған материалдарын редакцияларға жөнелтуге немесе өзіне керекті адамдармен кездесуге уақыт табады. Кейде полиция бөлімшесіне барып шығатыны бар.

- Мен міндетімді өтеуге кеттім, - дейді ондайда Ленаға жымия қарап. Өйткені ол жер аударылған адам ретінде көрсетілген уақытында арнаулы орынға барып, белгі соқтырып отыруға міндетті еді.

Соттың үкімі бойынша оған газеттің бас редакторы сияқты лауазымды қызмет атқаруға, Омбыда істеген жергілікті партияның бөлім бастығы сияқты қоғамдық жұмыстармен айналысуға тиым салынған болатын. Еріксіз қолына қалам алуына тура келіп, таза шығармашылықпен айналысты.

Оның ойлануға да уақыты болған жоқ. Сондықтан да әрқашан жолда келе жатып ойланады. Алдағы атқаратын ісінің біразын жүріп келе жатқанда жобалап қояды. Әрине, ойға алған іс қашан да тап-тұйнақтай болып, орнына келе бермейтіні де бар. Ондай жағдайлардан қалай шығудың жолдарын да күні бұрын ескеріп қоюға дағдыланды. Мұндайда жалғыз емес, партия құрып күресудің тиімді екендігін ол басынан-ақ түсінген. Сол мақсатын жүзеге асырудың кезі енді келген сияқты.

Осы кездің өзінде қазақтардың көшбасшысына айналып үлгерген Әлихан жер аударылып келген алғашқы күннен бастап-ақ Петербордың ғылыми және қоғамдық-саяси ұйымдарымен және әр түрлі баспа орындарымен белсенді түрде қызметтестікте болды. Осы жылдары «Сибирские вопросы» журналында, «Речь», «Слово» газеттерінде көптеген материалдары жарық көріп, Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефронның «Жаңа энциклопедиялық сөздігінің» редакциясымен байланыс орнатты. 1908 жылдан 1917 жылға дейін энциклопедиялық басылымның редакция алқасының

мүшесі болғандықтан, оның аты 8 томнан бастап 22 томға дейін редакция құрамның арасында аталады.

Өзіне жақын, ниеттес адамдарды Әлихан Самарадан да тапты. Олардың көпшілігі прогрессивті және демократиялық ниеттегі интеллигенция өкілдері немесе саяси айыппен жер аударылғандар болатын. Солардың ықпалымен және өзінің көзқарасына жақын болғандықтан «Народная воля» («Халық еркі») партиясына өтті. Кейін бұл партия «Конституциялық-демократиялық партия» (кадеттер) болып өзгеріп кетті.

Қайткен күнде халқына қызмет етуді мақсұт тұтқан Әлихан үшін осы партияның бағдарламасы жанына жақын көрінді. Ол сондықтан осы партия арқылы өзінің алға қойған мақсатын жүзеге асыру қажет деп тапты. Ол жасына жас қосқан сайын елді, туып-өскен жерін, туған-туысты, ата-бабасын көбірек ойлайтын болып алды. Соның ішінде жас кезінде атасы Мырзатайдың қолында көбірек болған еді. Сонда атасы оған әр нәрсені ойланып істеу керектігін, қажет болған жағдайда өз пайда үшін көңіліне жақпаған істі де атқаруға тура келетіндігін айтып отыратын. Сондықтан да ол кадет партиясын таңдады. Дегенмен де қазақ зиялыларының саяси көзқарасын қалыптастыруына кадеттер партиясының әсері зор болды. Соған орай бұл партия қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапты. Солардың ішінде белсенді мүше бола білген Әлихан Бөкейханов кадеттер партиясының Орталық комитетіне мүше болды. Енді ол осы партияны қазақ даласында тарату қызметіне белсене кірісті. Ол өзі бас болып Орал қаласында кадет партиясының қазақ қоғамындағы филиалын құрды.

Енді қазақ зиялылары парламенттік, конституциялық жолмен болашақта ұлттық қазақ автономиясын құруды көздеген еді. Бірақ ол тек идея жүзінде ғана қалып қойды. Бұлар сеніп жүрген кадет партиясы Ресейдің мемлекеттік тұтастығын сақтауды мақсат тұтты. Мұндай ұсыныс қазақ зиялыларына ұнамады да, қазақ филиалының мүшелері мұндай бағдарламаға үзілді-кесілді қарсы шықты. Сөйтіп, Алаш ардақтысы Бөкейханов кадет партиясының автономия, жер мәселелеріне байланысты бағдарламалары мен пікірлеріне қарсылық білдіріп, ол партияның құрамынан

шығып кетті. Әлиханның «Қазақ» газетіндегі «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында жазғанын оқыған соң мүшеліктен бас тартуының тағы бір мәселесі жер екендігін анық түсінуге болады. Бұл мақала онша ұзақ болмағандықтан, түгел жария еткенді жөн көрдік.

«Мен кадет партиясынан неге шықтым?»

Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мүжыққа сатып, бір аз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молла үкіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалование алған моллалар үкіметке жетекші болып еріп кетеді.

Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, үкімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Осы үш жол айрылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен шольдегі Жалты қазақ сиезінде айтқан едім. Ә.Бөкейханов». (Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – 1 т. – Алматы. 1998 ж. 268 б).

Қазақ зиялылары қоғамдық өркениетті эволюциялық, демократиялық жолмен дамытуды жақтады. Сондықтан да олар саяси билікке қарулы төңкеріс арқылы қол жеткізіп, социализм орнатпақ болған большевиктер партиясының саясатын қолдаған жоқ.

Алаш арысы Әлиханның осы Самарадағы жылдарында оның кадеттермен бірге масон ложасына да мүше болуы жайлы жиі айтылып жүр. Ол рас. Соған орай осы жерде масондық және масон ложасы туралы да айта кеткен орынды болар.

Масондық, масонерия – діни-этикалық ілім әрі құпия ұйым (қозғалыс). Масондықтың негізгі идеясы – жер-жаһанда Құдай патшалығын орнату. Зерттеушілер Масондық тарихын бергі нақты тарих және арғы аңыз тарих деп екіге бөледі.

Нақты тарих бойынша Масондық орден ретінде алғаш 1212 жылы Англиядағы франкомасондар – «еркін тас қалаушылар» тобының қайта жаңғырған ложасы (ағылш. *lodge* – уақытша тұрақ, лашық) түрінде өмірге келген.

Масондық «шеберлер» (төбе топ) – «қолғанаттар» (орта топ) – «үйренушілер» (төменгі топ) деп аталатын, бірін-бірі білмейтін үш бөлікке бөлінеді. Топтардың жай-жапсары олардың үстінен қарайтын, бірақ құрамы төменгі топтағы Масондық ложаларға белгісіз жоғарғы басқару органы – Капитулға (Бүкіләлемдік масондық жоғары кеңеске) ғана мәлім. Ал Капитулдың шешімдері Масондық топтарға әр ложа сайлап қоятын делегаттардың қатысуымен өтетін конвент сессиясы арқылы жетеді. Масондық өзінің ғұрыптық жораларына масон бауырларды тегіне, нәсіліне, діни нанымына шек қоймай, бірдей қатыстырады. Кейде таза ұлттық ложа жасақтауға жол берілгенімен, ұлттық-діни құрамы жағынан күрделі аймақтарға ықпал ету міндетін, негізінен, іштей бірнеше Жарғыға (ғұрыпқа) бөліну арқылы шешеді. Масондық бейұлттық, бейнәсілдік, бейдіни сипатымен, жалпыадамзаттық рухымен ғұрыптарды қажет кезде бір жерге жұмылдырып отырады. Оның ортақ мақсаты – жер бетінде ортақ тәртіп енгізу, елдің, халықтың арасын бөліп тұрған айырмашылықтарды жою, адамзатты «әлемдік үкімет» арқылы жалғыз орталықтан басқарып отыру. Осыдан туатын «Бостандық. Теңдік. Бауырластық» формуласы қашанда қолдаушыларын тауып, масондық идеологиясын өміршең, пәрменді етіп келеді. Масондық философия бойынша әлемді бір орталықтың билігіне көшірер алдында жер бетін түрлі жойқын апаттан тазартып алу керек. Бұл үшін масондар қай елде болсын уақиғалардың қайнаған қалың ортасынан табылып, оларды масондық мақсатына бағыттап, қалайда елде тұрақсыздық ахуалын қалыптастырып отыруы тиіс. Сонда аздың көпті басқаруы жеңілдейді. Осы міндетке орай масондық үшін дүние жүзіндегі реформалар мен революцияларға, соғыстар мен төңкерістерге қалмай қатысу, дем беріп отыру мұрат.

Аңыздық тарих 18-ғасырдың басында түзілген масондық хартияларында баяндалған. Ол орденнің тарихын

ескі заманға тіреп, Адам атадан, Нұх пайғамбардан, Иса пайғамбардан, тіпті Жаратушының өзінен шығарады.

Еуропаға бұрыннан тамыр жайған көне зікіршілдік дионисийлік құрылысшылармен бірігіп, масондық орден түрінде рәсімделеді. Ұйымның орта ғасырдағы қарекеті тауһидтік әлемдік діндерге қарсы жасырын күрес жүргізу міндетіне бағынды. 18 ғасырдан бастап ложаларға ғылым иелерін тарту басталды. Масондық дүниені реформа арқылы біртіндеп түрлеуді көздейтін ұстамды бағыт және қарулы күрес жолымен жедел өзгертуді көздейтін революцияшыл бағыт болып екіге жіктелді.

Алғашқы бағыттан ағартушы-либералдық масондық, ал екінші бағыттан ұлтшыл-нәсілшіл мистикалық-окультуртік масондық тарайды. Масондық тарихының көп сатылы күрделі сипаты, ұйымның қатаң құрылымы масондардың шын ниетін жасыруына мүмкіндік жасаумен қатар оның қатарына әр түрлі саяси мақсаттағы, әр түрлі пиғылдағы және Масондықтың ағартушылық, гуманистік мақсатына сеніп қалған адамдардың көптеп кіруіне себебін тигізді. Масондық идеологтар өздері қолдан жасаған аңыз тарихын барша әлемдік және дәстүрлі діндердің негізі, солардың бастауында тұрған ілкі құпия ілім етіп көрсету арқылы сол діндегі үнемі ізденіс үстінде жүретін жандарды өз жағына шебер тарта білді.

Масондықтың патша самодержавиесін құлатуға бар пейілдерімен ұмтылуы Әлиханға қатты ұнады. Сондықтан да масондар ұйымының өкіліне осы қатарға кіруге келісім беретіндігін айтқан еді. Масондыққа кіргізу үшін оны қатты даярлықтан өткізді. Ложаның негізгі қағидаттарын жаттатқызды. Ол қағидаттар бойынша: 1) Әрбір масон өзінің Құдайға және жанның өлмейтініне деген сенімін растайды; 2) Масон Құдайға қалай табынатыны өзінің ғана ісі екенін, ал басқа масондардың Құдайға қалай табынатыны солардың ғана ісі екеніне сенеді. Тиісінше, масондар діни сенімнің еркіндігіне сенеді; 3) Масондық құтқарылудың қандай да бір жолын ұсынбайды. Әрбір масон оны Құдайға сиынатын жерінен іздеуі тиіс, ал «бауырластық» бұған ынталандырып, бұны мақұлдайды; 4) Дін мен саясат адамдар арасындағы қақтығыстарға жиі себеп болатындықтан, бұл мәселелерді

масондық ложада талқылауға тиым салынады; 5) Масондық мұқтаж адамдардың игілігіне біріге еңбек ету үшін барлық діни сенімдегі адамдарды өзара құрметке негізделген «бауырластықта» біріктірудің мүмкіндіктерін іздестіреді. Егер әр масонның ұстанған діні осы өмірде табысқа жете алмаған адамдарға қолғабыс болуды, жәрдемдесуді талап ететін болса, масондық оған осы парызын жүзеге асыру үшін түрлі әдістерді ұсынады. Бұл мәселеге қатысты масондық кез келген өнегелі діннің үздік серігі болуға ұмтылады. 6) Масондыққа қатысты міндеттерін масон өзінің Отбасына, Құдайына және Отанына қатысты міндеттерінен жоғары қоймауы тиіс.

Міне, осы жолдарды оқыған және масондыққа өту кезінде жаттаған Әлихан оны өзінің жанына жақын тарты. Бұған қоса Тұрақтылықтың он екі қағидатын көкейіне берік сақтады.

Масондыққа қабылданған сол күн Әлиханның есінде көпке дейін жүрді. Оны масондыққа кіруге кепілдік берген адам ертіп әкелді. Шәкіртті қабылдаудың күрделі де, салтанатты шарасы өтетін уақыт та жеткен еді. Бұл кәдімгідей қобалжып тұрғандай болды. Өзінің мұндай күйге қалай түскенін де байқамай қалды. Сөйтіп тұрғанда әлгі адам келді де, екі көзін қара шүберекпен байлап, келесі қара-көлеңке бөлмеге енгізді. Онда арнайы шақырылған тас қалаушылар күтіп отырды. Көзінің байлауын шешкен кезде мұның қандай белгілер екендігін әлі өзі білмейтін, кілем бетіне сызылған белгілердің шетін баса келіп тұрған екен. Ол бұл жерде тек Інжілге ғана емес, жалаң қылышқа да ант етті, күні бұрын жаттаған ант сөздерін де тоқтамай айтып берді. Кілемдегі белгілердің қандай рөл атқаратындығын кейіннен білген еді.

19 ғасырдың басында «Ұлы Шығыс» ложасы Ресейде ықпалды саяси күштердің бірі ретінде түркі қайраткерлеріне де құрық салып, дербенттік князь Давид Бебутовты, татар оқымыстысы Садри Мақсудиді (Арсал), қазақ зиялысы Әлихан Бөкейханды, ноғай текті Петр Кугушевті, башқұрт Әмина Сырланованы, тағы басқа тұлғаларды өз ложаларына кіргізді. Бірінші және екінші орыс революциялары аралығында Ресей мұсылмандарының саяси

және мәдени өмірін уысында ұстаған батысшыл зиялылар мен жәдидтік жаңару қозғалысы өкілдерінің – жәдидтердің масондық өмірді реформалау, қоғамды әлеуметтендіру секілді идеялары, әсіресе жәдидтер ұсынған оқу бағдарламасы масон идеологиясындағы зайырлы өмір салтына көшудің алғышарты болды.

Әлиханнның масон ложасын қабылдауы туралы:

«...Әлихан «Полярная звезда» масондық ложасының мүшесі болды. Оның мұндай қадамға баруының бірнеше себебі бар еді.

Біріншіден, масон ложасының негізгі бөлегі кадеттер партиясына қарайтын, онда да олар негізінен Орталық комитеттің мүшелері болатын. Ложаның екінші бөлегі Мемлекеттік Дума мүшелерінен құралған еді. Олар бірінші Мемлекеттік Дума депутаттары Обнинский, Бөкейханов, екінші шақырылымдағы Думаның бұрынғы төрағасы Головин, үшінші және төртінші шақырылымдағы төраға болғандар Шингараев пен Маклаков, Мемлекеттік кеңестің мүшесі Ковалевский болатын. Ложалар құрамында кадеттерден өзге трудовиктер мен социал-революционерлер партияларының мүшелері де болды. Санкт-Петербургтің «Полярная звезда» масондық ложасының басшыларының бірі А.Ф.Керенский болды. Ложа мүшелерінің арасында Әлиханнның ғылыми экспедицияда бірге болған әріптестері Л.К. Чермак пен С.П.Швецов та бар еді.

Екіншіден, Ақанның партиялас және масон ложасындағы жаңа достары оның қазақтардың автономиялық мемлекет құру жөніндегі күресін қолдауға уәделерін берген еді», - деп жазады Сырым Бөкейханов. (С.Р.Бөкейханов «Өткен күнде белгі бар» - «Нельзя о прошлом позабыть», Алматы, 2016 ж., 45 бет).

Бұл кезде Әлиханнның тек халықтың қамы мен жер мәселесінен басқаны ойлауға уақыты да жоқ болатын. Өйткені, қазақты сайлау мен сайлану құқығынан айырған «Үшінші маусым» заңы қазақтың мазасын алып тұрған шақ. Орыстың қарашекпендері тауар таситын вагондармен әкелініп, қазақ даласының шұрайлы жерлеріне қоныстандырылып, олардан қалған жерлерді орыстың

помещиктері мен купецтеріне сыйға тартып жатты. Осындай ойларына келгенді істеп жатқан шақта П.Столыпинмен тек партияның қолдауымен күресуі немесе Мемлекеттік Думадағы масон ложасы мүшелерінің ауыздарынан айтқызуы арқылы ғана қарсы тұруы қажет болған еді. 1910 жылы масон ложасына көптеген жаңарту енгізілген болатын. Ол кезде бұрыннан отырған сөзшең қарттардан «қайта құру» арқылы құтылып, олардың орнына бойында қызуы бар, белсенді жастар алған болатын. Сөйтіп, бұрынғы екі ұйымдағы 90 адамнан тек 37 «бауыр» қалған еді. Осы қалған масондардың құрамында Әлихан да болды. Бұл құрам енді өзінің қызметін «Ресей халықтарының Ұлы Шығысы» («Великий Восток народов России») деген атпен қызметін жалғастыра берді. Басында А.Колубакин мен Н.Некрасов сияқты реформатор басшылар отырған кадеттер партиясы 1917 жылғы ақпан төңкерісі кезеңінде өздерінің басымдықтарын көрсетті.

Болашақ «Алаш» партиясының жетекшісі Әлихан Бөкейханов айдауда жүргенімен, Петерборға жиі баратын. Әсіресе, 1908-1910 жылдары Ресей астанасында шығатын баспасөз органдарымен қызметтестік жасап, материалдары жиі жарық көріп тұрды. Сол кездерде ол «бауырлардың» бірінің пәтерінде немесе кадет партиясының «Халық бостандығы» клубының үстіңгі қабатында өтетін масондық Жоғары Кеңес ложасының астыртын жиындары мен конвенттеріне (съездерінде) қатысып жүрген болуы керек.

Реакциялық үкіметтің төрағасы Петр Столыпин 1911 жылы Киевте қаза болғаннан кейін Ресейдегі тәртіптің бұғауы сәл де болса әлсірей бастады. Осы кезде масондық қозғалыс қайтадан жанданған. Соған орай Петербордағы масондық қозғалыстың өлкелердегі және ірі қалалардағы бөлімдері пайда бола бастады. Сондай ұйымдардың бірін Самара қаласында ашуға Әлихан да қолғабыс жасайды. Бұл ұйымдардың жұмысын полиция департаменті астыртын бақылап отырған. Ал, Керенскийдің өзіне масон ұйымына 1912 жылы төртінші Мемлекеттік Думаға мүше болғанда ғана масон ұйымына кіру туралы ұсыныс жасалған. Масон ұйымының мақсаты мен мүддесі өзінің бағыт-бағдарына

сәйкес келетініне көзі жеткен соң ол мүше болуға келесімін береді.

Әлихан масондар ложасының көрнекті өкілдерінің бірі А.Ф.Керенскиймен үш рет кездесті. Ол Самарада айдауда жүрген кезінде князь Вячеслав Александрович Кугушевтің үйінде тұрды. Сол үйде масондық рәсім өткізілген кезде оған масон бауырластары Жоғарғы Кеңесінің мүшесі және делегация басшысы А.Керенскийдің өзі келіп қатысты. Ал Әлихан Бөкейханов онда жергілікті масон ложасының «шебері» міндетін атқарды. Керенскийдің билік баспалдағымен жылдам көтерілуіне сол кездегі жағдай көп әсер етті. Ол 1912 жылғы Лена қырғынының себеп-салдарын тексерген комиссияның мүшесі болды. Соның арқасында Еңбек партиясынан төртінші Мемлекеттік думаға сайланды да, Думаның мінберін патша самодержавиесімен күреске айналдырып, Ақпан төңкерісі кезінде Думадағы көшбасшы болып шыға келді. Патша тағынан тайдырылған уақытта уақытша үкіметтің басшысы болып қалды. Бірақ көп ұзамай ол өзі басқарып отырған үкіметті большевиктіктердің қолына ұстата салған еді.

Өзінің ұлттық мүддесі мен мақсатын жүзеге асыру үшін кірген бұл ұйым Әлиханның ойынан шықпады. Өйткені, кадеттер ақпан төңкерісінен кейін өзінің көптеген бағдарламаларынан тайқыды. Сондықтан Әлихан өзі Орталық комитетіне мүше болған соң партиядан бір ай өтпей жатып, шығып кетті. Ұлы шовинистік көзқарасы оянған кадеттер бұратана халықтарға тең құқық беруден, автономия әперуден бас тартқан болатын.

Осыдан соң-ақ «айыл-тартпасын жиған» Әлихан ешқандай ұйымға қосылмай, енді қазақтың тұңғыш саяси «Алаш» партиясын құруға кірісті.

ОРЫНБОРДАҒЫ ОҚИҒАЛАР

Әлихан Самарадағы жер аударылу мерзімі біткен соң Омбыға қайта оралуды мақсат еткен. Бірақ билік өкілдері оған

рұқсат бермеді. Қашан да заң талабын қатаң ұстанатын Әлекең әуелі жары Еленамен ақылдасты. Бұл жерде ол не айтсын? Күйеуінің бетіне қарап отырып қалды. Сол кезде отағасы өзінің шешімді әдетімен:

- Орынборға барамыз! – деп кесіп айтты. – Бізге енді басқа жол қалған жоқ.

- Оны мен жақсы түсінем, - деді ақырын ғана, жанына келген зайыбы.

- Иә, солай, жаным! Ол жерге барған соң өзің де докторға жақсылап қаралатын боласың. Негізі бар ғой, Елена, біздің жолымыздың әрқашан қиындыққа толы болатындығын Яков Сергеевич осыдан он төрт жыл бұрын білген еді. Мен де солай ойлаған болатынмын. Біздің ойымыз ақыры бір жерден шықты...

Орынборға ауысу көкейінде көптен бері жүрген. Өйткені, Омбыға баруға болмайды. Семейде де оңып тұрған ештеңе жоқ. Қыр өлкесі жандармерияның бақылауында. Бұл жерде Әлиханнның Яков Сергеевичті еске алуы тегін емес болатын. Өйткені, ол бұл кезде Омбыда қалып, біресе қалалық газетте, біресе темір жол бойында өзінің жұмысын жалғастырып жатқан еді. Ол кісінің де соңында салпаңқұлақтардың әрқашан жүретіні екеуіне де аян.

Орынборға келуді ұйғаруы тегін емес. Жер аударылған Ахмет (Байтұрсынов) пен Мыржақып (Дулатов) осында қызмет атқарып, «Қазақ» газетін шығарып жатқан еді. Арасында саясатқа бой ұрғаны бар, ұрмағаны бар, басқа да бірталай қазақ зиялылары Орынборға қоныс аударған екен. Олар үлкен шаһарда әр салада қызмет атқарып жатты. Солардың барлығы да «Қазақ» газетінің оқырманына айналған. Негізі «Қазақ» газетінің жарық көруі қазақ баспасөзінің тарихында ерекше орын алып, үлкен оқиғаға айналды.

Әлихан жер аударылған уақыты бітіп, редакцияға келген күні бірталай адам жиналып қалған. Олар Әлекеңнің Орынборға келмек ойын білгенде:

- Өте дұрыс шешім, - деп қуанып кетті Ахаң. – Бұл өте дұрыс. Бұрыннан да қазағымыз үшін жұмыла еңбек етіп

жұрмыз ғой, дегенмен де бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара топтасатын уақыт келді. Нағыз дер шағы...

- Иә, Ахаң дұрыс айтады. Мен де ол кісіні қолдаймын. Осы бетімізден таймауымыз қажет. Сонда ғана қазақ үшін күресте талай жақсылыққа қол жеткіземіз. Әзірге беталысымыз жаман емес. Мына орыс-герман соғысы біз үшін әзірге пайдалы болып тұр. Ресей өзінің қарашекпендерін қазақ даласына қоныстандыруды жалғастырмақ былай тұрсын, өз бастарымен зуре болып кетті. Соғыс деген жақсы нәрсе емес, әрине, бірақ біз осы сәтті дұрыс пайдалана білуіміз керек,.. - деп Әлихан отырғандарға қараған еді.

- Дегенмен де Ресейдің талай шаруаны тындыруына Герман соғысы кедергі келтіріп тұр ғой. Әйтпесе, патша қолшоқпарларының біздің газетімізді шағартып қойып отыратын ойы жоқ, - деген өзінің пікірін Міржақып та білдірді.

Егер аздап тарих иірімдеріне көз жүгіртетін болсақ, қазақтар «Орынбор» деп атап кеткен, кейіннен Қазақстанның астанасы болған қаланың атауы немістің «Оренбург» деген сөзінен шыққан. Қала орыстың әйел императоры Анна Иоановнаның кезінде 1735 жылы Әбілхайыр ханның өтініші бойынша бекініс ретінде тұрғызылды. Аты Ор өзеніне байланысты қойылған. Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Солтүстік-батыс бөлігі Самар және Жайық өзендерінің қосылған құйылысына дейін жетеді. Әуелде И.Кирилов бастаған экспедиция Жайықтың сол жақ жағалауына құяр сағасында (қазіргі Орск) сала бастады. Ол орынды су баса берген соң 1740 жылы В.Татищев сауда керуендері түнейтін, үлкен әскери күштер орналасуы керек деп жоспарланған қамал орнын қолайсыз деп тауып, Орынборды 200 шақырым Жайық ағысымен төменірек жерден салуға рұқсат сұрады. Содан бұл жер 1742 жылы жаңадан тағайындалған губернатор И.И. Неплюевке де ұнамай, 1736 жылы Кирилов іргесін қалаған Берді бекінісі қала орны болуы керек деп Сенатқа ұсыныс жасайды. Ақыры 1743 жылы қала іргесі Берді қамалының орнынан түпкілікті қаланады. Жаз айларында арадағы сауда қатынасы Жайық өзеннің сол жағалауында жүргізілді. Осы жерде ірі сауда

алаңы ашылып, сауда сарайы салынды. Сөйтіп бұл қала 1868 жылдан Ресейдің Қазақстан мен Орта Азия арасындағы ірі сауда орталығы болды.

Орынборға келген соң Әлихан өздері ұйымдастырған «Қазақ» газетімен тығыз байланыс орната отырып, қаланың саяси және қоғамдық өміріне белсене араласып кетті. Сонымен қоса ол баспасөз арқылы бүкіл қазақтың қоғамдық өмірін біліп, ол туралы өзінің пікірі мен көзқарасын жария етіп отырды. Болашақ Алаш көсемінің мұндай белсенділігін бағалаған тұрғын халық оны Орынбор қалалық думасының мүшелігіне сайлады. Мұнда да ол қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп өзінің сүйікті ісі газеттер мен журналдарға мақала жазуды бір сәтке де тоқтатқан емес. Қайта бұрынғыдан да арттыра түсті деуге болады.

Орынборға келетін 1916 жылдың шілде айында 19 бен 31 жас аралығындағы қазақ жігіттерін тылдағы жұмыстарға, яғни окоп қазу жұмыстарына алатындығы туралы патшаның жаңа «Июнь жарлығының» жарық көруі қазақ даласында бұрын-соңды болмаған үлкен дүрбелең туғызды. Өзі басықасында жүргендіктен, Әлекең бұл оқиғаны іліп әкетіп, газет бетінде талай мәселе көтерді.

Редакцияда болған кеңесте Әлихан қашанғы өзінің салқын қандылығымен, байыпты түрде:

- Біз, редакциясының мүшелері патшаның жарлығына көнудің, оны орындаудың маңыздылығын халыққа жан-жақты насихаттайық. Егер олай етпей, патшаға қарсы тұрған жағдайда халықтың, оның ішінде жастардың босқа қырылатындығы сөзсіз. Қарсы тұрған адамды патша ешқашан да аямайды. Сондықтан да әскерге барудан қашпауды ұсынғанымыз дұрыс, - деп батыл шешімін айтты.

Мұндай шешім газет редакторы Ахаң мен қызметкері Жахаңның да ойынан шықты. Содан барып газет редакциясының қызметкерлері қазақтың баласының әскерге баруы қажет, бірақ қара жұмысқа емес, кәдімгідей жауынгер болып баруы қажеттігін, оның ішінде жасынан аттың құлағында ойнап өскен қазақ балаларының атты әскерге алынуын, олардың казактармен тең құқықты әскер болуы қажеттігін ұсынды. Бұл тектен-текке айтыла салған сөз емес.

Әлихан және басқа да зиялы қауым өкілдері әйтеуір бір кезде қазақтың жеке республика болатындығына сенгендіктен айтқан болатын. Сол кезде олар мемлекетті қорғау үшін өзінің ұлттық әскері қажет екендігін ойлаған еді. Соған орай қазақ балаларын әскерге алу туралы мақалалар газет беттерінде дүркін-дүркін жарияланып тұрды. Бірақ бұл ұсынысты ешкім еске алған жоқ. Кең байтақ қазақ өлкесінің әр жерлерінде патша жарлығына қарсы көтерілістер бой көрсетіп жатты. Оларға қазақ баласының соғысқа қатыспайтындығын, олардың окоп қазу жұмысында болатындығын түсіндіруге тырысты. «Егер жастарды жіберсеңдер, оларға өзім қамқор боламын» деп уәде етті Әлихан. Әскерге алынған қазақ жігіттері Батыс майданға окоп қазуға кетті. Сол кезде уәдесінде тұрып, Әлихан бастаған бір топ адам қазақ балаларымен бірге аттанды. Ақыры Батыс майданда Әлихан өзі бас болып, жергілікті земство арқылы бұратаналар бөлімін ұйымдастырды. Онда қазақ, қырғыз және бурят балаларына қорған болды. Оларға ақыл айтып, кеңес берді, орысша білмейтін бұратана халықтың балаларына басқалардың жәбір көрсетуіне, аш-жалаңаш қалуына жол бермей, шын пейілімен әкелік қамқорлық жасады.

Сол кезде Минскіде жүрген Әлихан мен Міржақып 1917 жылдың 16-шы наурызы күні елге соққан жеделхатында:

«Россиядағы барша халыққа бостандық, теңдік және туысқандық күн туды. Жаңа құрылған хүкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдасу керек. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек. Учредительное собрание сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды, жақсы адамдарды ауызға ала беру керек. Енді араздық, өшітік, дау-жанжал, талас, партиялық сиыспауларды тастау керек. Көксерлік жұмыстарың – бірлік, адалдық болсын! Біз қалайтын патшалық түрі – демократиялық республика, яғни мал өсіріп, жерге ие боларлық түрі.

...Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар! Түзулік іс етіңдер, жаңа хүкіметті сүйеңдер. Министерствоның азық-түлік ісінде жүрген уполномоченныйларымен өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар. Халықтың

көңілін білдіріңдер. Әділ әрекет жасаңдар... Әлихан мен Міржақып Петроградқа жүреді, онда 25 наурызға дейін болады. Одан кейін «Қазақ» газеті редакциясымен хабарласыңыздар», - деп жазады да, оған «Әлихан, Міржақып, Мұса, Мырзағазы, Қасен, Шәймерден, Құсайын, Шафқат, Сұлтанбек, Иса, Мұхамедғазы, Хайретдин, Райымбек, Нәзір, Тәммимдер» деп қол қояды. («Қазақ» газеті, 1917, №223).

Бұл жеделхат сол кездегі Қазақстанның сан қиырында тұратын Алаштың көрнекті қайраткерлеріне жіберіледі. Олардың аты-жөні Зақанның кітабында түгел келтірілген (З.Тайшыбай «Мағжанның Қызылжары», Астана, 2008 ж. 36-бет).

Осы жеделхат негізінде «Алаш ұлына» атты Үндеу дүниеге келді. Ол үндеу «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 225 санында жарық көріп, бүкіл қазақ даласына тарады.

Негізі 1916 жылғы оқиғалар кезіндегі Алаш көсемдерінің көзқарасы тарихта дұрыс бағасын таппады, керісінше бұрмаланып көрсетілді. Орыс-Герман соғысында жеңіліп жатқан патшалық Ресейге көмек көрсетті деген сөздер айтылды. Кеңес кезінде ол сатқындық деп бағаланды. Ал, шын мәнінде жағдай басқаша еді. Патшаға «әскер бермейміз» деп қарсы шығып, қолына қару алғандардың қандай жағдайға тап болғандығын «Алаш ұлына» атты Үндеуде атап көрсетілді. Әлихан қазақтың жеке мемлекет болатындығына сенімді еді. Оны өз мақалаларында әрқашан ашық жазып та жүрді. Олардың айтқандары айна қатесіз келді – Торғай мен Жетісу өлкесінде көтеріліске шыққандар талқандалып, туған жерлерінен қуылды.

1917 жылғы наурыздың 16-сы болатын. Күн ызғарлы. Жазғытұрымғы қара суық өңменіңнен өтеді. Бұл кезде патшаның «Маусым жарлығынан» соң ел ішіне шығып, 19 бен 35 жас аралығындағы жас жігіттерді соғыс даласындағы окоп қазу жұмысына алу кезінде қарсылық білдірмей, ақ патшаның айтқанын орындау қажеттігі туралы «Қазақ» газетінің редакциясы болып үгіт жүргізгенде белсенділердің басшысы Әлихан Минскінің маңында жүрген. Жұртшылықпен кездесуде шашын ақ қырау басқан бір ақсақал:

- Қарағым, Әлихан, атың көпшілікке сырттай мәлім жан едің. Енді жүзіңді көріп қуанып тұрмыз. Біреулер өткен аптада ғана: «Шақырудан бас тартыңдар, бүкіл ел болып көтеріліңдер» деп кетті. Енді «патшаға қарсы шықпандар» дегенді айтып тұрсыңдар. Біз кімге сенерімізді білмей қалдық. Анау тұрған қара бала менің немерем. Әкесі өткен жылы байдың жұмысында жүріп қаза тапты. Жалғыздан қалған жалғызды қалай жіберемін? – деп зарлаған еді.

- Ақсақал, - деді оған Әлихан байыппен ғана, бүкіл елге естіртіп, - сіздің немереңіз жаңғыз болмайды. Басқа да жастар болады. Біз майданға олармен бірге аттанамыз. Ол жерде ешқандай таршылық көрсетпеуге тырысамыз. Ал, егер қарсылық жасайтын болсаңыздар, ертеңгі күні патшаның жазалаушы әскері шығады. Онда ел арасы жаман болады. Олар ешкімді аямайды. Осыны түсініңіздер...

Әлихан мұндай сөзді тек осы ақсақалға ғана емес, барлық қазақ даласындағы кездесулерінде айтып жүрді. Шын мәнінде оның айтқаны келді. Торғай даласы мен Жетісу өлкелерінде «Әскерге адам бермейміз» деп қарсы шыққандардың көпшілігі қақтығыс кезінде нахақтан оққа ұшты.

Батыс майдан шебіндегі Земск және Қалалық одақтардың бұратана бөлімін басқаруды қолына алған. Бұлардың өздерінше штаб сияқты үйшігі онша жылы болмағанымен, сырттағы қара суықтан әжептәуір қорғаныш еді. Жартылай жертөле қазылған, жартысы жерден тізеден жоғары биік етіп шымнан қаланып, баспана боларлық жағдайға жеткізілген орын. Төбесі онша биік емес, Әлихан кейде мәтке қылған салдауға байқамай басын соғып алатын жағдайлары да болған. Дәл ортада темір пеш. Ондағы от үзілмейді. Өйткені, от кетсе – жылу да қоса кетеді. Қара шәйнек темір пештің үстінен түспейді, онда қара су үнемі қайнап тұрады. Тоңып келген солдатқа өздері жылынуға кірген Міржакып, Нәзір, Мұса, Қасен, Шәймерден, Райымбек, Сұлтанбектің бірі қара наннан бір тілім кесіп беріп, темір күрешкемен ыстық шәй ұсынады. Шай ішкен соң бойы жылынған солдат маужырай бастайды. Бірақ соғыс жағдайындағы тәртіп қатал. Көп отыруға болмайды, ол кеткен

соң екінші солдат келеді. Сөйтіп блиндаж іші ешқашан бос болмайды.

Әлихан солдаттарды бос уақытында жинап алып, олармен үнемі әңгіме өткізіп тұрды. Олардың офицерлердің айтқанын бұлжытпай орындауы қажеттігін, өз бетімен ештеңе істемеуін түсіндірді. Бұрын орыс тілін білмек тұрсын, тірі орыс көрмеген қазақтармен қоса қырғыздардың, буряттардың балаларын да жинап, әңгімелеседі. Жастарға әкесіндей қамқор бола білді. Оларға басқа халықтардың балаларына қосылып, арақ ішпеу керектігін, өзара тату болуы керектігін үнемі айтып отырды. Ондай кездерде Әлекеннің әрқайсысының жүзіне барлай қарап, олардың не ойлағанын білуге тырысатын сәттері де бар. Жас жігіттердің жүзінен ішіндегісін тап басатын шақтары да аз емес. Бір солдат басын көтермей, бүгежектеп, төмен қарай берген. Оны жанына шақырып алып:

- Бір жерің ауырып тұр ма? – деп сұраған еді:

- Жоқ, - деп жауап берді де ол өз орнына бару үшін кері бұрылды.

Сол кезде Әлихан оның сылттып басқанын байқап қалды. Оны қайтадан шақырып алды.

- Аяғыңа не болды?

- Ештеңе болған жоқ.

- Онда неге ақсап жүрсің?

- Аяқ киімім ептеп қажаған болуы керек.., - деді солдат бүгежектеп.

Оның бүгежектейтін жөні бар. Өйткені, бұрын солдаттың «обмотка» деп аталып, тізесіне жеткенше шұлғау орайтын сірідей көн аяқ киімді қалай «киюді» онбасылар үйреткен. Мына байғұс оны түсінбеген ғой. Сондықтан оған және басқаларына шұлғау орауды да үйретуге тура келген. Ол түгілі әуелде оларға тамақ іштетін қасығы мен ыдысын қалай жуу, оларды қайда сақтау керектігі де тәтпіштелді.

Жататын жерлері ұзын барак. Оның ішіндегі сабан төселген тақтай сөрелерге окоп қазудан шаршап келген байғұстар аяқтарын шешеді де, құлай кетеді. Әрбір он-он екі солдаттың бір басшысы болады. Олардың бұларға қоқандап, зорлық-зомбылық көрсетуге тырысатындары да бар. Сондайлардан және басқа да жайсыз қылықтардан, оқыс

оқиғалардан қорғау үшін Қырдан әдейі келген қазақтың оқыған азаматтары кезекшілікте болып жүрді.

Бұлар болмағанда қазақ жастарына қиын тиетін рас еді. Олар тіл де білмейді, қара танымайды, орыс жігіттері сияқты стол басында отырып ойнайтын ойындардан да хабарсыз. Кейде қолдары босап қалған сәтте іштері пысады. Ондай сәттерде бұлардың қазақ даласында жүргендей ән шырқағысы келеді. Оған демалып жатқан басқаларға бөгет болмас үшін, казарма ішінде дауыстап сөйлеуге рұқсат етілмейді. Осылардың барлығын Әлихан бастаған қазақтың зиялы азаматтары ретін келтіріп, тиісті жұмыстар атқарған еді.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде қазақтың балалары қиындықтар болғанымен, зорлық-зомбылық көрмей, майдан даласындағы ауыр жұмысқа төселіп те қалды. Окоп қазып жатқан солдаттарды тағы бір аралап келіп, жаңа ғана үйшікке кірген. Майдан штабының шабарманы жетіп келді де, Әлиханның қолына жеделхат ұстатты. Оқып көрсе – Уақытша үкіметтің төрағасы Керенскийдің Петербордан келген шақыртуы екен.

Күтпеген жерден не болғанын түсінбеген ол дереу жиналды да, жүріп кетті.

ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ КОМИССАРЫ

Уақытша үкіметтің басшысы болып Керенскийдің сайланғанын, оның Әлиханмен ертеден таныстығы барлығын алдағы тарауда айтып кеткенбіз.

Уақытша үкіметтің төрағасы Керенский кең кабинетте жалғыз қарсы алды. Бұрынғы масон ложасының көрнекті өкілі сияқты емес, өзін нағыз патшадай сезінетіні сөйлер сөзінен, қимыл-қозғалысынан анық байқалып тұр.

Әлиханға қарсы маңғаз басып келіп, амандасқан соң стол жанындағы орындықты нұсқады. Екінші қарсы қойылған орындыққа өзі жайғасты да:

- Бірден іске кіріскеніміз жөн шығар. Қазір бізде уақыт тапшы, - деп алып, кішкене кідіріс жасады да: - Әлихан, менің неге шақырғанымды түсінбей отырған шығарсың. Қазіргі

кезде үкімет билігі өзіміздің қолымызда. Сондықтан да билікті нығайта түсуіміз керек...

Керенскийдің өзін іштартып отырғанын түсінген Әлиханның құлағы елең ете қалды.

- Сонда қандай ұсыныс жасамақшысыз, Александр Федорович?

- Иә, мені түсіне бастаған сияқтысың. Міне, сол ұсыныс туралы ақылдаспақпын...

- Ол қандай ұсыныс?

- Қырғыздардың жағдайын қазіргі кезде сенен басқа жақсы білетін адамды мен көріп отырғамын жоқ. Өзіңнің еліңе қайтып, Қыр еліндегі Түркістан немесе Торғай облысына комиссар болып баруың керек. Ол жақтың барлығы да өзіңе таныс. Сенің айтқаныңнан шықпайды...

- Ойланып көретін шаруа екен...

- Жоқ, қазір ойланатын уақыт емес. Қазір жедел іске кірісетін уақыт...

Біраз сөйлескеннен кейін, ақыры Әлихан Торғай облысына баруға келісімін берді. Өйткені, Әлиханның ойында да бір үміт оты жылт еткен еді. «Несі бар, мұндай істі уақытша үкіметтің қолдауымен де жүзеге асыруға болады...»

Сол күні, яғни 1917 жылдың 20 наурызы күні өзінің сүйікті «Қазақ» газетіне: «Торғай облысына комиссар болып бекітілдім. 23-не шығайын деп тұрмын. Жұртқа ескертіп: тынышталуын тілсеймін» деп жедалхат жолдады. Сөйтіп, ол патшалық империя кезінен бергі ескі биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында ең бірінші жоғары лауазымдағы бірінші қазақ болған еді. Бұдан бұрын патша ағзамның кезінде облыс, округ былай тұрсын, тіпті уезд бастығы болып өмірі жергілікті ұлт өкілі тағайындалып көрмеген болатын.

Бірақ, сол айтылған күнде Әлихан жолға шығып кете алмады. Өйткені, ол Орталық комитетінің мүшесі ретінде кадеттер партиясының съезіне шақырылды. Соған қатынасып, сонда сөйлеген сөзінде жерге қатысты көптеген мәселелер көтерген болатын. Бұл оның жаңа қызметке тағайындалғаннан соңғы бірінші рет мінберге шығуы еді. Оның сөзі бойынша қаулы қабылданып, арнайы комиссия құрылды.

Сол кездегі Торғай облысының әкімшілік орталығы Орынбор қаласына Әлихан наурыздың соңғы күндері жетті. Ал, сәуірдің екісі күні облыстық қазақ съезі басталғанда оған ол Торғай облысының комиссары лауазымында қатысты. Ал, Торғай облысының бұрынғы губернаторы Эверсман қызметін орнына комиссар болып келген Әлиханға тапсырып, өзі Петроградқа аттанып кетті.

Осыдан көп ұзамай, Әлихан Уақытша үкіметтің Түркістанды басқару үшін Түркістан комитетінің мүшелігіне сайланғаны туралы хабар алған болатын. Бірақ ол өзінің негізгі қызметі облыс комиссары қызметінен қолы тимегендіктен, Түркістан комитетінің жұмысына араласа алған жоқ.

Әлиханнның мұндай басшылыққа келуі қазақ зиялыларының арасында елеулі қозғалыс туғызып, әсіресе, Әлиханнның көңіл күйін көтере түсті. Болашаққа деген сенімін бұрынғыдан да нығайта түсті. Оны «Қазақ» газеті қуана жазып, енді жолдың ашылғанын, теңдіктің тигенін, обласной комиссар болып Әлихан Бөкейхановтың келе жатқанын айтып, жұртшылықтан сүйінші сұрады.

«Қазақ» газетінің редакциясына Әлиханды жаңа қызметімен құттықтаған хаттар көптеп түсе бастады. Ол болса, құттықтаушыларға газет арқылы жауап жазып, өзінің ризашылығын білдірді. Алаштың баласын бостандық, құрдастық, туысқандықпен құттықтады. Оларға бірлік, татулық тіледі.

Әлихан қызметін неден бастарын білмей, дағдарған жоқ. 15 сәуір күні Торғай комиссары Бөкейхановтың атына Министрлер Кабинетінің төрағасы князь Львов жеделхат жолдап, онда: «Губернский комиссар является носителем власти Временного Правительства в губернии и ему присваивается все права и обязанности, возложенные законом на губернатора за исключением – отпавших вследствие происшедших в государственном строе изменений», - деп атап көрсетті.

Сол кездегі әкімшілік аумақтық бөлісте Торғай облысының құрамында Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай сияқты ірі-ірі уездер болған еді. Бұл облыс комиссарының

қызмет ауқымы мен дәрежесінің көлемі қандай екендігін апанық көрсетіп берсе керек.

Сәуір айының 20-28 күндері аралығында Орынборда өткен қазақ съезінің Әлихан үшін де, басқалар үшін де қолайлы болғандығы сөзсіз. Ол съез Әлиханның өзінің тікелей басшылығымен өтті. Көптеген мәселелер қарап, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды. Солардың ішінде мемлекеттік билікті қалыптастыру үшін жаңа құрылып жатқан мекемелерге лайықты басшылар тауып, тағайындау бірінші орынға қойылды. Одан соң көші-қон мәселесі тұрды. Егер Ресейден бұрын келіп қоныстанғандар қайтадан көшуді ойласа, оларға ерік беру, тіпті Торғай облысынан көшсе, қазынадан көмек жасау туралы шешім қабылданды.

Осы жерде айта кту керек, болашақ Алаш көсемі және оның Алаштағы жақтастары (эріптестері) ешқашан да ішкі Ресейден қоныс аударушы қарашекпен мұжықтарға қоқанлоқы көрсетіп көрген емес. Қайта қоныс аударушылардың өздері «неміс колонистері», «хихолдар» деп атаған оларды патшалық биліктің «ақылсыз колонизаторлық-басқыншылық саясатының» құрбандары ретінде аяушылықпен қарап, мүсіркеді, соған орай жазған барлық еңбектері мен мақалаларында оны атап айтты да. Уақытша үкіметтің комиссары болып тұрған кезінде де, кейін Аалашорда үкіметі кезінде де мұжықтар мен қазақтардың арасында жанжал туып кетпеуін қатты қадағалады. Оларды қайтадан өз жеріне қуу мәселесін ойлаған да жоқ.

Орал-Торғай переселен ауданының меңгерушісін, оның көмекшілерін және одан төменгі буындарды атқаратын жұмысы жоқ болғандықтан тарату, бұған қоса сонау «Қарқаралы петициясында» жазылған шаруа бастықтары лауазымын жойып, мекемесін тарату туралы шешімдер қабылданды.

Съездегі ұйымдық мәселелер де қаралып, Торғай облыстық атқару комитеті де сайланды. Оның төрағалығына заңгер Ткаченко, оның орынбасары болып С.Қадырбаев, мүшелігіне А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Н.Бегімбетов және басқалары бекітілді. Жергілікті атқару комтеттерін құру туралы да мәселе қаралады.

Қызметіне кіріскен соң Әлихан уездік комиссарларды тағайындау ісімен айналысты. Бұрынғы уезд басшыларының орындарына жаңадан комиссарлар келтірді. Ішкі істер министрінің атына жолдаған жеделхатында бұрынғы губернатордың, вице-губернатордың, аға кеңесшінің, шаруа бастықтарының, приставтардың, тілмаштың және басқа да шенеуніктердің қызметтерінен босатылғандығы туралы хабарлады.

Әлихан жергілікті басқару ісіне ерекше көңіл бөлді. Бұрыннан да кеш жатып, ерте тұратын ол тәулігіне екі-үш сағаттан ғана ұйықтап жүрген кездері болды. Кеңседен кеш қайтып, үйге келген соң Еленаның дайындап қойған асын іше салады да, қайтадан қағаз жазуға отырады. Сондай кездерде өзінің қызметтік жазбаларымен қоса басқа басылымдарға, оның ішінде «Қазақ» газетіне мақала жазуды әсте естен шығарған емес.

Сол күні де таңға жақын ғана көз ілген. Түнімен мақала жазып, одан соң ескі феодалдық топтардың жаңа құрылып жатқан комитеттердің жұмысына кедергі келтіру деректеріне ой жүгіріткен еді. Олар орындарын өздерінің еріктерімен босатудан бас тартуға дейін барып жатыр. Бұрынғы болыстар кеңсе қағаздарын тапсырмай, қарсылық көрсетуде. Оларға қандай шаралар қолдану қажет? Ақыры шешімін тапқандай болды. Ертеңіне қызметке келісімен әдеттегісінше Ахмет пен Міржақыпты шақырып алып, ақылдасып, өз еркімен орнын босатпаған, құжаттарын тапсырмаған болыстарды сотқа беру қажет деген ойын айтты. Ақаңның бұл ойын олар да құптады. Сөйтіп, Ақтөбе уезіндегі Бөрілі, Токан, Қобда, Аралтөбе болыстарының істері Жарлықтарды орындамағаны үшін сотқа тапсырылды. Бұдан соң өзінің сенімді өкілдерін ел арасына аттандырып, жағдайды түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қандай жұмыс атқармасын бұл қызметте Әлихан өзінің орынбасарларымен ақылдасып отыруды дұрыс деп тауып, қазақтың ескі, күні өтіп бара жатқан салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен күрескенді жөн санап, маңайындағыларға ол туралы айтып та, пікірлесіп те отырды. Соның ішінде әйел теңдігі, неке дауы ерекше орын алды.

Бұрыннан жатқан және кейіннен түскен шағымдарды қарап отырып терең ойға қалады. Адамның өмірінде айналып өтуге бомайтын екі-ақ көпі бар. Оның бірі махаббат болса, екіншісі – өлім. Сүйіскен екі ғашық «молла айтты, шариғатта солай» деп тұра ма? Махаббат адамды байлағанда шариғат пен моллаға уақыт қала ма? Бұл мәселені дұрыстап шешкен дұрыс шығар. Жесір дауы, қалыңмал дауы, әйел бостандығы біздің ата-бабамыздан келе жатқан, таусылмайтын мәселе екені рас, солай екен деп қарап отыруға бола ма, деген сияқты ойлардың шырмауынан зорға шықты. Кейін өзі осы ойларын келтіріп, аталған тақырыпқа жазған мақаласын «Қазақ» газетінде бастырды да.

Аталған мәселелер тек мақала, сөз жүзінде ғана қалып қойған жоқ. Ол өзінің күнделікті қызметінде кездескен жайларда да дұрыс шешім жасай білді. Бөрте облыстық комитетіне қарасты №1 ауылда тұратын Мұқаш Нұрпейісовтың Ақілгек деген әйелінің басқа біреумен қашып кетуімен байланысты туындаған дауды әйелдің басына бостандық әперуімен аяқталуы осыған мысал бола алады. Облыс комиссары өзінің 1917 жылғы 13 маусымдағы №557 Жарлығында «...Әйелдің басы еркін, қалаған адамына тұрмысқа шыға алады. Бірақ Ақілгектің жаңа күйеуі Мұқаш Нұрпейісовке қалыңмалын толық қайтаруы керек, сондай-ақ алғашқы күйеуі әйелдің мүлкін беретін болсын» деп жазады.

Облыс комиссарының осы кездегі жұмысының ішінде көп қаралған істердің бірі қазақ арасындағы ұрлық болып саналады. Ол ескі жаман әдеттен арылуға шақырды. Жаңалыққа талпынып, жақсылыққа ұмтылғанда, онымен ел болып күрескенде ғана ұрлық сияқты ескі әдеттің бірте-бірте қалатындығына сенім білдіреді.

ТҰҢҒЫШ САЯСИ ПАРТИЯ

Ресейдегі 1917 жылғы ақпан төңкерісінен соң патша тағынан тайғанда жеке автономиялы қазақ мемлекетін құру

туралы Әлиханның басында бұрыннан бар ой одан сайын беки түсті. Үміт оты бұрынғыдан да маздады. Бұл төңкеріс көптеген жаңалықтар әкеледі деп күтті. Сондықтан да ол маңайындағыларға:

- Қазақтың өз мемлекеті болатын күн жақын. Соны тек біліктілікпен жүзеге асыра білуіміз керек, - деген сөзді жиі айтатын болды.

Бұл сөзді шағын топтың арасында ғана емес, Ақмола, Семей, Орал, Жетісу, Ферғана облыстарынан, Бөкей ордасынан делегаттар келген Бүкілқазақ съезінде барлық жиналғандардың алдында да жайып салды.

Съезге төрағалық етіп отырған Халел Досмұхамедов Әлихан Бөкейхановтың сөз алатындығын хабарлағаны сол еді, жұрт демін ішіне тартып, сілтідей тына қалды. Олар Әлихан сөйлегенде бір жаңалық айтатынын жақсы білетін. Әлихан қашанғы әдетімен асықпай басып, мінберге көтерілді де сөзін бірден бастап кетті. Сөйлейтін сөзінің жалпы нобайын қағазға түсіріп қойғанымен, ол ешқашан қағаздан оқып беруді дұрыс санамайды. Соған орай өзінің көкейіндегі ойын тыңдаушыларға еркін жеткізгенді дұрыс көретін. Бұл жолы да солай істеді. Жазған қағазы алдында тұрғанымен, оған қараған да жоқ.

- Ақпан төңкерісі қазақ даласында да ұлт-азаттық бағыттағы ой-сананы дүр сілкіндіріп, елдің көзін ашқандай болды. Соған орай қазақ съездерінің өтуі басталды. Мұның алдында Торғай облысында, Орал облысында, Ақмола облысында, Семей облысында съездер өтті. Оларда патша тағынан тайған соң енді қандай жағдай болады деген мәселе қаралып, халқымыздың басын қосатын ортақ бағдарлама жасау мәселесі көтерілді. Осы съездерде жалпыұлттық қазақ съезін өткізу туралы шешім қабылданған болатын. Қазақ халқының отарлықтан, кісі аузына қарап телміріп отырудан босанып, өз алдымызға жеке ел болатын уақыт келді. Соған қалайда қол жеткізуіміз қажет. Ол үшін ең бірінші ауызбіршілікте болайық. Содан соң жеке ел болу үшін қажет құжаттар жасауға тиіспіз, - дей келіп, барлық атқарылатын жұмыстарды, алғашқы қадамдарды ортаға салған ой тастады.

Сол айтылған бойынша съезде мемлекетті басқарудың жалпы үлгісі, автономия туралы, жер мәселесі туралы, білім беру туралы, халық милициясы туралы және басқа да он төрт мәселе қарады.

Дегенмен, жаңалықтан қашатындар мен айналсоқтап, артына қарай беретіндер, жедел істен гөрі біреудің қолымен от көсегісі келетіндер қашан да табылады. Бұл жолы да солай болды. Бұл іске күмән келтірушілер де болмай қалған жоқ. Талай пікірлер айтылды. Әлиханның ойы қайткен күнде қазақтың автономиясын құру еді. Ол бұл туралы сан ойланып, сан толғанды. Сөйтіп, ойының соңында:

- Демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болып қалады... – деген ойын осы жерде жайып салды.

Бірақ қатысушылардың ойлары бір жерден шықпады, А.Байтұрсынов пен М.Дулатов:

- Тәуелсіз қазақ автономиясын құру қажет, - деген идея ұсынды.

- Иә, ақыры автономия болады екенбіз, неге Ресейдің қарамағында қалуымыз керек?

- Жоқ, ол болмайды, жеке кетейік, - деген сияқты дауыстар шықты.

Съезге қатысушылар арасында пікір қайшылықтары пайда болды да, біраз дауласып барып, делегаттар басым көпшілікпен Ә.Бөкейхановтың ұсынысын қолдады.

Бірақ бұл съезде автономия жарияланған жоқ. Оның есесіне қазақтың тұңғыш саяси партиясын құру мәселесі шешімін тапты.

- Партияның атын қалай атаймыз? – деген мәселеге келіп тірелгенде Әлиханның жауабы дайын еді. Бұдан бұрын да партия құруды ойлап жүргендіктен, оның атын да ойластырып қойған.

- Біз бұрыннан да «Алаш» деп атайтынымыз туралы сөз қозғап жүрміз ғой, партиямыздың аты «Алаш» болады, - деп жауап берді.

Шын мәнінде қазақтың сол кездегі көзі ашық қайраткерлері өздері ашқан «Қазақ» газетінде біздің

«қазақтың ұраны «Алаш», керегесі ағаш» екенін еске сала отырып, көп ұзамай қазақтың тұңғыш саяси партиясы құрылатындығын, болашақ партияның аты бабаларымыздың ұраны болған «Алаш» деп аталатындығы, ол үшін съезд өткізіліп, қаулы қабылдау және партияның бағдарламасын жасау керектігі туралы мақалалар жариялап отырған еді. Міне, сөйтіп саяси партия құратын күн де туды.

Съезге қатысушылар арасында дауысқа салынған кезде барлығы да «Алаш» атауын жақтап дауыс берді. Партия құру және оның атын қалай атау жөніндегі мәселе шешілген соң оның бағдарламасын жасау қажеттігі сөз болды. Сөйтіп, оны жасау Ә.Бөкейхановқа, А.Байтұрсыновқа, М.Дулатовқа, Ж.Ақбаевқа, Е.Омаровқа, Е.Тұрмұхамедовке, Ғ.Жүндібаевке, Ә.Бірімжановқа тапсырылған еді, олар партияның бағдарламасын тамаша дайындап шықты. Он тараудан тұратын бұл бағдарлама «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы санында жарық көрді. Сөйтіп, біздің бүгінгі Тәуелсіздігіміз осыдан жүз жыл бұрын осы съезден бастау алған десек артық айтқанымыз емес. Өйткені, тәуелсіздік туралы тікелей айтылмағанымен, оның қабылдаған әрбір құжатындағы жеке тараулардың қайсысы болмасын тәуелсіздік туралы ой мен мақсатты меңзеп, соны көксіп тұрғандығын түсіну оңай болатын. Сол кездердегі Әлиханнның көңіл күйі ерекше көтеріңкі еді. Аңсаған арманына бірте-бірте қол жетіп келе жатқандығы оның қиялын бұрынғыдан да шарықтата түсті.

Съезде халық милициясын құру, ұлттық әскер жасақтау, болыстық земство ашу, оның (земствоның) басқару жүйесін қазақтың тұрмысына лайықтап ұйымдастыру, бұрынғы сотты жойып, оның орнына қазақ тұрмысына лайық айырықша сот ұйымдастыру мәселелері күн тәртібіне қойылды. Сонымен қоса оқу-ағарту ісі, әйел теңдігі және дін мәселелері жөнінде қабылдаған шешімдері сол замандағы қоғамда озық ойдың үлгісі болғандығы сөзсіз. Онда көтерілген бастауыш білімнің жалпыға міндетті болуы, алғашқы екі жылда тек ана тілінде оқуын қамтамасыз ету, оқулықтардың сауатты болуы сияқты жайлар әлі күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Дегенмен де делегаттар жер мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Онда он төрт тармақтан тұратын шешім қабылдаған болса, оның ішінде «Қазақ халқы өзіне қарасты жерге орналасып болғанша жері ешкімге берілмесін» деген жолдар болды. Ал бұрын Ресейден қоныс аударған қарашекпендерге беріліп қойылған жерлерді қайтаруды талап етіп, «жер туралы қазақ өз алдына заң жобасын жасасын» деген ұсынысты Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының болашақ депутаттарына тапсырды. Бұдан соң олар Құрылтай жиналысына қатысатын 81 кандидаттың тізімін бекітті.

Осы съезден соң Әлихан кадет партиясымен хош айтысты. Олардың негізгі көзқарасы арасында алшақтық пайда болған еді. Бұл мәселе өткен тарауда әңгіме етілген. Дегенмен де кадеттердің жерге қатысты меншік құқығын сақтауға, қазақ халқына автономия беруге қарсы болғандығын және басқа да принципті мәселелерде қайшылық туындағанын қайталап айта кеткен артық емес.

«Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917-1920) болды. «Алаш» партиясы халықты қорғау мақсатында әскер құру, кедей табын қолдау, халыққа білім беруді дамыту, аграрлық мәселені шешу сияқты міндеттер қойып отырған болса, осылардың барлығын демократиялық негізде, адамгершілікке сай жасауды ұсынды. Тең құқылық, жеке адамның құқығына қол сұқпаушылық, баспасөз бостандығы, діннің мемлекеттен бөлек болатындығы, тұрғын халықтың сот алдындағы жауаптылығы тең болатындығы, әр халықтың соты оның салт-дәстүрлеріне сәйкес болатындығы жария етілді. Партияның баспа органы Орынборда шығып тұратын «Қазақ» газеті, ал 1918 жылдың ақпанынан бастап «Сарыарқа» гезеті болды, «Абай» журналы шығарылды. Партия мүшелері Ахмет Байтұрсынов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Халел Ғаббасов, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, тағы басқалары болды.

Қазан айынан бастап Қазақ даласында «Алаш» партиясының облыстық бөлімшелері құрыла бастады. Оларға партияның атын «Алаш» деп атау туралы жеделхаттар

жіберілді. Бөкейхановтың басшылығымен партияның облыстық ұйымдары әуелі Семейде құрылып, партия комитетінің төрағасы болып Халел Ғаббасов, одан соң Омбыда құрылған обкомның төрағасы болып Айдархан Тұрлыбаев, Торғайда құрылған облыстық комитетінің төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды.

Бұл туралы газетте: *«Алаш» партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болады, дайын болғанда жұртқа жария қылынады. Қазіргі шарты – кіндік комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын, «Алаш» партиясының программасын жақтырып, жән көрген, программадағы мәселелерді іске аайналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шынышыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, «Алаш» жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жән», - деп жазды. («Қазақ» газеті, 1917 жыл, №250).*

«Алаш» партиясының бағдарламасы Ресей мемлекетінің демократиялық федеративтік республика болғандығын қолдады. Өйтені, олардың мақсаты шашыранды қазақ облыстарын Ресейдің құрамындағы тұтас бір мемлекетке айналдырмақ еді. Бұл жерде әлі тап мәселесі, феодалдық аристократия көтерілген жоқ. Олар тек жалпы ұлттық мүддені, ұлттық тұтастықты, қайткен күнде қазақтардың басын қосып, бір мемлекет етуді ғана мұрат тұтты.

«...Осынау тарихи кезеңде бүкіл Орталық Азияда алға қойған мақсаттары жәннен, саяси мәні мен қамтыған мәселелер ауқымының кеңдігі жәннен «Алаш» партиясымен иық тірестіріп қатар тұра алатын бір де бір қозғалыс болған

жоқ. Партияның 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған бағдарламасы жобасының бірінші тарауында:

«Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Федерация құрамындағы әрбір федеративтік республикаға автономия беріліп, өзін-өзі басқарсын. Үкіметті Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума сайлаған президент білгілі жылдар бойынша басқарады. Президент Министрлер Кеңесі арқылы әрекет етеді, Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауап береді. Заң шығару билігі үкімет қызметін бақылау құқығы бар Мемлекеттік Думаның ғана қол астына топтастырылады. Шыққан тегіне, яғни нанымы мен жынысына қарамай дауыс беруге барлық адамдар құқылы. Депутаттарды сайлау тек және құпия дауыс беру жолымен жүргізіледі» деп көрсетілді:

1. қырғыз-қайсақ автономиясы облыстардан құрастырылады және басқа халықтармен бірге Ресей Федерациясына кіреді;

2. Ресей Федерациясында жеке адамның тең құқықтығы, дербестігі және сөз, баспасөз бен одақтар бостандығы сақталады;

3. дін мемлекеттен бөлінуге тиісті. Бәрі де еркін әрі тең болуы қажет;

4. барлық халықтар сот алдында тең құқықты және егер іс құрамында қырғыз тұрғындары басым мекендерде қаралса, онда қырғыз тілінде жүргізілуі керек;

5. салық дәулеті мен жалпы мүліктік жағдайына қарай салынады: бай – көбірек, кедей – азырақ төлейді;

6. жұмысшылар заңы жұмысшыны қорғауы керек;

7. халық ағарту ісі жалпыға ортақ. Барлық оқу орындары тегін оқытылады. Бастауыш сыныптарда оқу ана тілінде жүргізілуі қажет. Қырғыз-қайсақтардың «университеттерге дейін» өз орта және жоғары оқу орындары болуы керек;

8. Құрылтай жиналысында Жер туралы заңды дайындаған кезде жерді ең алдымен жергілікті тұрғындарға

бөлу негізге алынуы қажет. ...Жерді сатуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Барлық жер байлықтары: көлемді ормандар, өзендер мемлекет қарамағына алынып, оларды земство басқарады.

60 жыл бойы жұртышылықтың «Алаш» бағдарламасымен танысуына тыйым салатындай осы тұжырымдарда қандай «ұлтишылдық пен өрескелдік» бар? Керісінше, ХХ ғасыр басында алашордашылар жариялаған осынау талаптарды ХХІ ғасырда көп жағдайда, біздер әлі көтере алмай жүрген сияқтымыз». («Көркемсуретті Қазақстан тарихы», 3-ші том, Алматы, 2007, 94-95 б.).

Сол 1917 жылдың аяғына қарай «Алаш» партиясы ұйымдық тұрғыдан бірталай нығайып, жергілікті комитеттері мен уездік Қазақ комитеттері оның тірегіне айналып, жап-жақсы жұмыстар жүргізіліп жатқан. Дегенмен де... сол кездегі саяси жағдай мүлде қиындап кетіп, ақыры тізе бүгуге тура келген.

...Талайдан бері көңілі онсыз да қаяу, қабағы ашылмай жүрген Әлихан сол күні мүлде көңілсіз еді. Жағдай дәл осылай қиындай береді деп ойламаған ол күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалды. Өйткені, сол кездегі қоғамда болып жатқан оқиғалар, саяси күрестің пәрменділігі, қым-қиғаш азамат соғысы, большевиктік төңкеріс, халықтың сауатының әлі де төмен болуы сияқты жайлардың барлығы қосылып, «Алаш» партиясының қанатын кеңге жаюына, ірі саяси күшке айналуына мүмкіндік бермей жатқан еді. Соған қарамастан алашшылар өздерінің алған бетінен қайтпай, жұмысты жалғастыра берді.

- Біздің тізе бүгуімізге тура келіп тұр, - деді Әлихан жиналған партия мүшелерінің алдында. – Бірақ бұл Алаш идеясының жеңілісін білдірмейді. Біздің ісіміз – ақ. Біз не жасасақ та қазақ халқы үшін жасадық. Сондықтан да ешқашан мойымауымыз керек...

Осыны басын төмен салып, ешкімнің бетіне қарамай айтқанымен, оның үнінен ерекше бір сенімді, өз ісіне деген берілгендікті аңғару қиын емес еді. Отырғандар арасында Әлиханды басым көпшілік жақтаған. Әйткенмен де

кейбіреулер үнсіздік танытып, сол арқылы өзінің күмәнді екендіктерін аңғартқандай болды.

Алашорда үкіметі жеңіліс тапқан соң «Алаш» партиясы да таратылды. Оған мүше болғандар Кеңес үкіметі тарапынан қудалауға ұшырай бастады. Кейіннен Кеңес үкіметі Алаш қозғалысына қатысқандарға кешірім жариялаған соң да Әлихан өз принципіне сенімді күйде қалды. Қаншама қысым көрсе де ол өзінің туған елі үшін қызмет ету идеясынан айныған жоқ.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ

Томда өткен жиналысқа қатысып келген Әлихан үлкен шыйрығу үстінде еді. Ойынан да, санасынан да автономия құру жайы кетпейтін болды. Ол мұндай үкіметтің қалай болатындығы жөнінде өзінің ой-толғамдарын, жоспарын қағаз бетіне түсіріп те қойған еді. Әлихан бастаған «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің күш салуымен сол, 1917 жылғы желтоқсан айының 5-13 күндері Орынборда Екінші жалпықазақ съезі өткізілді. «Алаш съезі» деп аталған бұл жиында қазаққа автономия беру мәселесі тағы да көтерілді.

Бірақ Әлихан:

- Қазір автономия жариялауға әлі ерте. Мен Томскіде өткен жиналысқа барып келдім. Ол жақта Сібір автономиясын құру мәселесі қолға алынып жатыр. Біз Сібір автономиясына қосылайық. «Қосыламыз» деп, ұлы империяның құрсауынан босанып алайық. Содан арғысын өзіміз тағы көре жатамыз, - деген ұсыныс жасады.

Бұл үлкен көрегендік болатын.

Бірақ Әлихан бұл жолы да күтпеген жерден қарсылыққа тап болды. Оған Халел мен Жанша Досмұхамедовтер, Бактыгерей Құлманов және басқалары қарсы болды. «Автономияны көп соза бермей, осы съезде жариялау қажет» деген ұсыныс айтылды. Мәселе дауға айналып бара жатқан

соң дауысқа салынған кезде көпшілік Әлиханды жақтап шықты. Ал, қарсы шыққан топ:

- Біз онда біз жеке автономия құрамыз, - деп қисайды.

Мұндайды Әлихан күтпеген еді. Шын мәнінде олардың қарсы болатынын іштей сезген. Дегенмен де мынадай қарсылық жасайды деп ойламаған. Әлихан не дерін білмей отырып қалды. Түрі күреңітіп, ойланып отыр. Онсыз да қазақ даласы үшке бөлінейін деп тұр еді. Тереңнен толғайтын, еліміздің тұтастығын ойлаған Әлиханның еріксіз қарсы ұсынысты қолдауына тура келді. Сөйтіп, желтоқсан айында «Алашорда» автономиясы жарияланды. Орталығы Семей қаласында болады деп таңдалып алынды. Жаңа үкіметтің төрағасы болып Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов сайланды. Ұлт Кеңесінің құрамы 25 адамнан сайланатын болып, оның 15-і қазақтарға беріліп, қалғандары қазақтардың арасында тұратын басқа ұлт өкілдеріне тиесілі болды.

Осы съездің жұмысына байланысты Әлімхан Ермековтің «Жасасын, Алаш, жасасын!» атты мақаласы «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 22 қаңтар күнгі санында жарық көрді. Онда: *«Желтоқсанның 12-күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт Отанды болды»*, - деп жазып, сүйінші сұраған еді.

Әлихан осы күндері ерекше бір толқу үстінде жүріп, үмітінен күдігі басым уақыттың артта қалғанына шүкіршілік етіп, бұрынғыдан да ерекше бір жігермен жұмысын жалғастыра берді.

Әлиханды қазақтан шыққан тұңғыш либерал-демократ деуге толық негіз бар. Осы Екінші Жалпықазақ съезінде «Алашорда» басшысын үш адамның ішінен таңдап сайлау ұсынылды. Сөйтіп, демократиялық дәстүрдің осыдан жүз жыл бұрын Әлиханның бастамасымен қалыптаса бастағанын көреміз. Ол кезде тек мемлекет басшысы ғана емес, жергілікті жерлердегі басқарушылар да демократиялық жолмен сайланған. Мәселен, 1917 жылы қазан айында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлауға үш партия

қатысты. Олар – «Үш жүз» партиясы, социал-демократтар партиясы және «Алаш» партиясы еді. Солардың ішінен Әлихан Бөкейхан бастаған «Алаш» партиясынан 43 депутат сайланған болса, басқа екі партия бірде-бір депутат өткізе алмады.

Осы 1918 жыл бойы Алашорда үкіметі көптеген қаулылар шығарып, басқа да автономиялармен қарым-қатынаста болды. Сол кезде жүріп жатқан азаматтық соғысқа да қызу араласып, большевиктерге қарсы жауынгерлік операцияларға қатысты. Алашорда өкіметі кеңес билігіне қарсы күресіп, патша генералдарының жағында болды. Большевиктер партиясы ұсынған бағдарламаны қазақ қоғамын үлкен апатқа ұрындыруы мүмкін эксперимент ретінде бағалап, қазақ коммунистерін орталық биліктің қолшоқпары ретінде айыптады.

Жеке ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын талап етуін заңды құбылыс деп түсінген «Алаш» қайраткерлері Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізіп, ұлттық автономия мәселесін шешуге кірісті. Алашорда үкіметінің тапсыруымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Оралдан барып, Халық Комиссары Кеңесінің төрағасы В.И.Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен кездесіп, Екінші қазақ-қырғыз съезінің қаулысын жеткізді. Қаулымен танысқан И.В.Сталин 19-20 наурызда Семейдегі Ә.Бөкейхановпен және Х.Ғаббасовпен телефон арқылы Алашорда автономиясының мәртебесі туралы сөйлескен еді.

Сондағы айтқан И.В.Сталиннің: *«Ресейдегі халықтардың құқықтары туралы халық комиссарлары шығарған белгілі ережесі бұл күнге ұлт мәселесі тақырыбын кеңес өкіметінің негізгі қызмет жобасы етіп келеді. Үшінші советтер съезі осы ережені жалғастыруға қаулы қылды. Өзінің бізге тапсырып отырған жалтықзақ съезінің қаулысы түгелімен жоғарғы жобаға сай келеді. Бірақ жалғыз-ақ шарт қоямыз: егер сіздің съездің қаулысы өкілдеріңіздің совет үкіметін тануға қарсы болмаса болғаны. Үшінші советтер съезі советтік федерация жобасын жасап, бұл жоба Советтер съезінің бекітуіне салынсын деп қаулы қылынды. Бұған қарағанда енді сөзді қойып, іске кірісу керек,*

яғни тұрмысы бір, салты басқа халықтар жергілікті советтермен қосылып, автономия, федерациялау, тегінде басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығаруға съезд шақыратын комиссия құруға тырысу керек. Біз ойлаймыз, жалпы қазақ-қырғыздың өкілдері тез қамданып, ыңғайлы уақытты өткізбей, жергілікті Советтермен бірігіп, әлгідей комиссия құрар. Сізден өтінетініміз, біздің осы жобамызды Алашорданың Кеңесіне салып жасау қайтарсаңыздар екен», - деген мазмұнда болды. Кейіннен Советтер Одағының «күн көсеміне» айналған И.В.Сталиннің бұл сөздері қазақшаға аударылып, сол кездегі «Сарыарқа» газетінің бетінде жарық көрді.

Бұдан соң Әлихан да қарап отыра алмады. Ол қашанғыдай өзінің орнықты қалпымен жиналғандар алдында сөз бастады:

- Сталин жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы мен Ресей халықтарының құқығы туралы декларацияның өзара сәйкес екендігін түсінген. Осы сәйкестік біздің Алашорданы мойындауға негіз болатындығын білдіре келе жалғыз ғана шарт қойып отыр. Ол шарт –Алашорданың қайткен күнде де Кеңес өкіметін мойындауы. Бұған қоса ол автономия алу мәселесінің орталықта шешілетіндігін де ескертіп өтті. Біз осы мәселені түбегейлі талқылауымыз қажет...

Бұл ұсынысты отырғандардың барлығы да қолдады. Енді әркім өз ойын айтуға кірісті. Талқылау ұзаққа созылған еді. Соңында Әлихан айтып, Ахмет және басқалары қостап, бір түйінге келді.

Ақыры Алашорда мүшелері өз шешімдерін жариялады. Ол қаулыда «Орынборда желтоқсанның 5-нен 13-іне дейін болған жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алашорда автономиясын жариялайтындықтарын, оның құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу облыстарының, Бөкей ордасының, Закастий облысының, Маңғыстау уезінің, Самарқанд облысының, Жизақ уезінің, Амудария әнделінің (бөлімінің), Алтай губерниясының Бийск, Барнауыл, Змеиногор уездерінің қазақтар мекендеген аудандары енуге тиістігін, Алаш автономиясында заң шығаратын, ел

билейтін үкімет Алашорда болатындығын, Қазақ-қырғыз істері туралы елші ретінде совет өкіметінің қасында болуға Алашорда мүшелері Халел мен Жаһаниша Досмұхамедовтер жіберілетіндігін ескертіп, жергілікті Советтердің бұйрығы бойынша ұсталып, абақтыда жатқан Алашорда мүшелерін тоқтаусыз босатып, мұнан былай оларды өтірік шағым, жаламен қуғын-сүргінге ұшыратуды тоқтатуды» талап етті.

Бірақ Ұлт істері жөніндегі халық комиссары бұл талап-шарттарға ешқандай жауап берген жоқ. Өйткені, автономия құру ұлт мәселесін пролетарлық диктатураның құрамдас бөлігі ретінде қарайтын кеңес өкіметінің саясатына қайшы болғандығы анық еді. Сол жылғы наурыз айының аяғында Мәскеуден Семейге Сталин және мұсылмандар істері жөніндегі комиссар Вахитов қол қойған жеделхат келді. Онда Қырғыз істері жөніндегі комиссариат құру үшін тез арада өкілдер жіберуі қажеттігі айтылды. Бұл дегеніңіз өлкедегі барлық істі Кеңес өкіметінің өз қолына алғандығын көрсеткен еді. Қанша тырысқанымен, автономияны ұстап тұруға Алашорда серкелерінің шамасы жетпеді. Большевиктік әскер барлық жерде күшпен басып алып жатты.

Бұған қоса «Алаш» партиясының мүшелерінің кейбірі, соның ішінде А.Байтұрсынов бастаған бір тобы большевиктермен келіссөзді одан әрі жалғастырған дұрыс деп тапты. Ақыры Байтұрсынов сияқты көрнекті басшының Кеңес өкіметі жағына шығуы қозғалыстың басқа да ұйымдастырушылары арасында өзгеріс туғызды. Бұдан соң Батыс бөлімінің басшысы Халел Досмұхамедов те Ленинмен кездесуге барды.

Осы жерде Халел Ғаббасовтың 1929 жылғы 10 қарашада ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабын келтіре кетуге болады. Онда ол былай деген: *«Келіссөздерде мен Совет өкіметінің декларациясының идеяларына сәйкес қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығының кедергісіз жүзеге асырылуын талап еттім. Барлығы есімде жоқ, дегенмен де мен он төрт тармақтан тұратын талаптар қойдым. Олардың жадымда қалған негізгілері: таратылған қазақ мекемелерін қалпына келтіру, Совет өкіметі жасадайындағы ұлттық автономияны құру, қазақ халқының тұтқынға*

алынған қайраткерлерін босату. Сталиннің жауабының мазмұны Алашорда Совет өкіметін мойындағанда ғана Қазақстанның Құрылтай съезін шақыруға әрекеттер жасалады дегенге сайды... Біз Сталинге телеграф арқылы Совет өкіметін мойындайтынымызды мәлімдеп, сол кезде Мәскеуде жүрген Досмұхамедовтерге Орталық үкімет алдында біздің мүдделерімізді қорғауды тапсырдық... Осылайша Халел мен Жаһаниша Досмұхамедовтердің Мәскеуге Кеңес үкіметі басшыларымен кездесулері мен телеграф арқылы Сталинмен жүргізген келіссөздерінде кеңес үкіметінің ұлттық тұтастық негіздегі қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығын, тек кеңестік негіздегі автономия беруге даяр екендігін көрсетіп берді. Қысқасы Кеңес үкіметінің бұл мәселе жөніндегі ұстанымы: «Өзін-өзі билеу принципі социализм үшін күрес құралы болуы керек және социализм мүдделеріне бағындырылуы тиіс»...

Кеңес үкіметі Алашорданың өзін де талаптарын да мойындағысы келмеді. Сондықтан Х.Ғаббасов тағы да жеделхат жолдап, қазақ халқының ұлттық тұтастығын көздейтін өкіметті тез арада тануды ресми түрде талап еткен еді. Бірақ ол жеделхат жауапсыз қалды. «Алаш» партиясының әрекетін большевиктер ұлттық бұржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін қорғайтын, пролетарлық революцияның қарсыласы ретінде қарады.

Ақыры 1919 жылдың күзіне қарай Алашорданың қызметі құлдырауға ұшырады. Дала өлкесінде большевиктік күштердің қысымымен жақтастарынан айырылып қалған Алашорда өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Сондықтан олардың Кеңес өкіметін еріксіз мойындауларына тура келді. Бірақ Әлихан бастаған кейбір Алашордашылар өз пікірлерінде, өз идеяларының дұрыстығына сеніммен қалды. Кеңес өкіметі олардың рухани ой-санасын жасыта алған жоқ.

Сайып келгенде Алашорда қозғалысының Қазақстан тарихында алатын орны ерекше. Өйткені, өткен ғасырдың басында, осыдан тура жүз жыл бұрын олар Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы сөз қозғаған еді. Біз ол Тәуелсіздікке осыдан ширек ғасыр бұрын ғана ие болдық. Олардың алған бетінің дұрыстығына, Қазақстанның жеке Егемен ел бола

алатындығына біздің көзіміз жетпіс бес жыл өткен соң ғана жетті. Оған дейін коммунистік идея Алашорданың барлық ісін жасырын ұстап, олардың барлық бағдарламасын теріс, ұлтшылдық бағытта болды деген жаңсақ пікірді санамызға сіңіріп келді. Алаш қайраткерлерінің атына қара күйе жағылып, олар туралы тарихты ашуға тыйым салынды.

Қаланған ірге тасы әлсіз болғандықтан, халқымыздың оларды қолдайтын тап өкілдерінің әлі де сауатының аздығынан бұл өкімет небәрі екі жылға жетер-жетпес уақыт қана өмір сүрді. Біз болсақ қазіргі кезде сол Алашорда негізін қалап, шекарасын сызып берген мемлекетте өмір сүріп жатқанымызды біле де бермейміз.

СЕМЕЙ – АЛАШТЫҢ АСТАНАСЫ

Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі болып, автономия жарияланған соң оның астанасы, орналасатын жері Семей қаласы болып белгіленді. Алашорданың төрағасы болып сайланғандықтан, Әлиханның да 1918 жылы Семейге қоныс аударуына тура келді. Ол бұған онша ренжи қойған жоқ. Ойында қай жерде болмасын қазағыма азат, жеке республика алып берсем болды деген ой ғана болды. Мұнда келісімен де қызу іске араласып кетті. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрген жоқ. Алашорда үкіметінің Ұлт Кеңесі, оның Семей облыстық кеңесі, облыстық және уездік Земство басқармалары, Алаш қалалық Думасы мен Алаш қалалық қоғамдық басқармасы сияқты болашақ мемлекеттің басқару жүйелерін жасақтауға қатысты талай істер атқарды. Бұған қоса Алаш милициясы мен Алаш атты әскер полкін ұйымдастыруда да ерекше еңбек етті.

Семейдің «Заречная Слободка» деп аталатын бөлегі 1917 жылдан он жыл бойы Алаш қаласы болып аталып келді. (Тек 1927 жылғы қыркүйектің ортасында ғана Семей қалалық кеңесінің шешімімен Алаш қаласына Жаңа Семей аты берілді). Алаш қаласында Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған

Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Жүсіпбек Аймауытов, Турағұл Абайұлы, Ахметжан Қозыбағаров, Мәннан Тұрғанбаев, Жақып Ақбаев, Мұхтар Әуезов, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар, Ыдырыс Мұстамбаев және басқа ұлт зиялылары жан аямай еңбек етіп, Алаш туын аспандатқан еді.

Бұл кезде Семей қазақтың ұлы гуманист-ағартушысы Абайдан, озық ойлы Достоевский, Михаэлис, Долгополов, Коншин және басқа прогресшіл көзқарастағы орыс демократтарынан тағылым алып, рухтанған қазақтың көптеген зиялыларының басын қосқан үлкен мәдени және рухани орталық болып тұрған.

Әлекең Болашақ республиканың қызметкерлерімен жиын ашып, күнделікті атқарылатын істі қадағалап отырды. Оарға арнайы тапсырмалар беріп, ол тапсырмалардың орындалуын бақылауды да ешқашан ойдан шығарған емес. Оның осындай ықтияттылығына, зейінінің мықтылығына маңайындағылар әрқашан таң қалатын.

Жас үкіметтің үлкен үміт артқан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын большевиктер 1918 жылы 6 қаңтарда таратты. Бұдан соң олар Орынборды басып алды. Тағы басқа да жайлар Алашорданың жағдайын мүлде қиындатып жіберді. Бұлар туралы айтылып өтті. Бұған сол кездегі байланыстың қиындығы да себеп болып, бір орталықтан басқару жоқтығынан Алаш үкіметі бірнеше бөлшекке бөлініп кетті. Жетісу тобы өз бетінше жұмыс істей бастады, Семейдегі Шығыс бөлімшесіне Әлекең жетекшілік етті, Жымпитыдағы Бастыс бөлімшесін Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер басқарды.

Басында Алашорда автономиясын мойындауға келісім берген Кеңес билігі кейіннен үстемдікке қол жеткізген соң ол ойларынан тайқып кетті. Өйткені, Алашорда қойған талаптар Кеңестік биліктің қолайына жақпайтын еді. Олар Қазақстанда бұған балама большевиктік үкімет құруды мақсат етті. Соған орай Ұлт істері жөніндегі Халық комиссариатында большевиктер басқарған қазақ бөлімі ашылды да, олар Қазақ автономиясын жария ететін Бүкілқазақстандық съез ашуға кірісе бастады. Мұндай жағдайда жұмыс істеуге

болмайтындығын түсінген Әлекең Алашорда үкіметінің жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Ол большевиктердің билікті қарулы күшпен тартып алуын заңға қарсы және террорлық акция деп бағалады да, осы акцияны айыптаған «Жалпысібірлік съез» атты мақала жазып, оны «Сарыарқа» газетінде жария етті.

Онсыз да көңілі құлазып отырған Әлекеңнің жанына Ахаң келіп жайғасты. Шеткі орындықта Халел отырған. Сәл кейінірек Жақып келіп кірді. Бөлменің іші бұрын кең сияқты көрнетін еді, бұл жолы таза тарылып кеткендей, тыныстары жетпей, қайраңға шығып қалған балық сияқты күй кешуде. Сөзді қашанғысындай Ахаң бастады:

- Біздің барар жеріміз қалған жоқ...

- Ахаң дұрыс айтады, бізде басқа амал қалмай барады, - деп Әлекең басын изегендей болды.

Жақып пен Халел бір-біріне қарады. Олардың жастары өзара шамалас болғандықтан, көбіне үлкендердің сөзін тыңдап, өздеріне қатысты болғанда ғана жауап қататын. Бұл жолы да солай үнсіз қалды.

- Орыстың егін жыртатын мұжықтары жұмысын бітіргенде «Соқамды суырдым» дейді екен. Біздің жағдай дәл осыған келіп тұр... – деді ақырын ғана Әлекең басқаларға барлай қарап, өзінің қашанғы астарлы сөйлейтін әдетімен.

Тағы біраз үнсіздіктен соң Ахаңа қарады. Ол кісі де бұған назар салып отыр. Іштей «Не айтпақ екен?» деген сауалы да жоқ емес.

- Мен өзімнің бастаған ісіме әрқашан адалдықпен қарайтынымды өздеріңіз білесіздер. Кезінде айтқанмын хан тұқымында қазақтың қалған есесі бар екендігін. Сондықтан да менің өз басым халыққа, оның ішінде қазаққа қызметімді жалғастыра беремін. Сіздердің енді өз қалауларыңыз білсін... – деп тұжырымдай сөйлеген Әлекең рұқсатын берген сыңай танытты.

Мұндай сөз Ахаңа бағытталып айтылғандай, ол кісінің ішкі ойын Әлекең сезіп отырғандай болып көрінді. Өйткені, мұның алдында Ахаң большевиктермен келіссөзге барып жүрген болатын. Осы келіссөздердің ақыры Ахмет Байтұрсыновтың Кеңес үкіметі жағына шығуымен аяқталды.

Бұдан соң Ахаң сияқты аса беделді адамның большевиктер қатарына қосылуы алашшылар арасында үлкен өзгеріс әкелді.

Бұған қоса 1917 жылдың күзінде құрылған, өздерін «Қырғыз (қазақ) социалистік партиясы» деп атаған «Үш жүз» партиясы да бір жылдан соң большевиктермен одақтасып, Алашордаға қарсы күресіп жатқан.

«Біз жеңілдік, бірақ ұлттың санасын оятып, мүддесін қорғауымызды бір сәтке де тоқтатпауымыз керек. Ол үшін большевиктер партиясының қатарына өтіп, Кеңес органдарына жұмысқа кіріп, күресімізді астыртын жүргізуіміз керек» (Әлиханнның үндеуінен).

Алаш орда үкіметінің қайраткерлері: *«Қазақтың – Қазақстаннан басқа отаны жоқ. Сондықтан да қазақ үкіметінің мүшелері қазақ ішінде қалуы тиіс. Егерде біз теңдікке қол жеткізгіміз келсе, онда қазірден бастап тереңдеп ойламасақ болмайды. Бүгін не ексек, ертең соны орамыз»*, – деген астыртын қаулы қабылдаған. (К.Б. Адиев, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері).

Сөйтіп, Кеңестік үкімет атын ауызға алуға да тыйым салып, қайраткерлерін қудалаған, мүшелерінің көбісінің өмірін жойғанымен Алашорда үкіметі екі жылға толар-толмас өмір сүрсе де Қазақстанның тарихында үлкен рөл атқарды. «Алаш» қозғалысы партия дәрежесіне көтеріле алмағанымен, өзінің міндетін атқарып, демократиялық жол нұсқап кетті. Бір ғасыр өткенімен бүгінгі күні біз оның маңызының терең екендігін түсініп, қазақ халқының өміріндегі орнын келесі ұрпаққа жеткізіп жатырмыз. Дегенмен де біздің халқымыз осыдан жүз жылға жуық уақыт бұрын Алаш қайраткерлерінің қызу араласуымен, солардың өлім мен өмір арасында жүріп сыздырып берген шегарада өмір сүріп жатқанымызды түсіне бермейді.

Бұл туралы Әлімхан Ермековтің естелігінде тамаша айтылған. Сол көлемді естеліктен үзінділер келтіре кетсек артық емес деп ойлаймын.

«...1920 жылғы мамырдың басында сол кезде Кирвоенревкомының тұрағы әрі біздің республикамыздың

ұйымдасып және қалыптасып жатқан мезгілінде уақытша орталығы болып тұрған Орынборға командировкаға жіберді.

...Ауқымды жұмысты атқару үшін Кирвоенревкомның қаулысымен Қазақ өлкесінің жағдайы және оның шекарасын белгілеу жөнінде баяндама жасауға 1920 жылдың 18 мамырында берілген №2043 мандатпен Москваға командировкаға жіберілдім.

Москваға келген бетте В.И.Ленин председательдік еткен комиссия мәжілісінде Қазақстанның жағдайы туралы баяндама жасадым.

Владимир Ильич тек тыңдап, талдау жасап қана қойған жоқ, баяндаманың соңына дейін оған батыл араласып, өз пікірін үлкен толғаныспен ортаға салып отырды.

Өз баяндамамда мен де негізінен Қазақстандағы аса шиеленісіп, тығырыққа тіреліп тұрған жер мәселесіне назарды баса аудардым.

Патша үкіметі тұсында сол уақыттарда қолданылып жүрген заңдарға қайшы бола тұрса да, өзен-көлдердің жағалауындағы, орман саяларындағы қара топырақты, күңгірт-сарғыш қыртысты алқаптың көп құнарлы жерлері қазақ халқының иелігінен тартылып алынды.

...Өз баяндамамның қорытындысында мен, егер осы кезге дейін қоныстандырылмаған болса қазақ жұртының иеленуінен тартылып алынған жерлерді олардың өздеріне қайтарып беру және жергілікті қазақтар мен отырықшы орыс тұрғындарын жерге орналастырып болғандықтан, ішкі Россиядан қоныс аударуды тоқтата тұру туралы ұсыныс енгіздім.

Комиссия мәжілісінде республика шекарасын айқындаған кезде мен жоғарыда атап өткен, Каспий теңізінің солтүстігіндегі біршақырымдық жағалауды Астрахань губерниясының қол астынан алып, біздің республиканың шекарасына қосу туралы ұсыныс жасадым. Менің бұл ұсынысым мәжілісте күшті қарсылыққа кезікті. Көптеген басшылар, соның ішінде Лежава, Брюханов, Астрахань губаткомының председатели (фамилиясы қазір есімде жоқ) негізінен, Москва халқы Каспийдің балығын азық қылуда, ел азық-түлік тапшылығын бастан кешіріп отыр

сыртта күтіп жүреді. Сонда Әлекең: «Біздің Әлімханмен бес сағат бойы сөйлесе алатын орыстан да бір сақау шал туған екен ғой», - деп айтты деген де қанатты сөз қалған.

Ал, шындығында Әлекеңнің сыртта күтіп жүргені рас. «Қалай болып кетер екен?» деген оймен олардың көңілі күпті еді. Теріс шешімнің шығып кетуі де ғажап емес еді. Дегенмен, осы комиссиядан соң, 24 тамыз күні Әлімханның қайта жасаған баяндамасы бойынша шекараны бекіту жөніндегі қаулыны заңдастыру туралы Ленин шешім шығарады.

- Бұл шешімге бүгіннен қалдырмай қол қойдырып алуымыз керек, - деген Әлекең өзінің Ленинмен бұрыннан таныстығын пайдаланып (олар бір-бірін Санкт-Петербург заң университетінде оқыған кездерінен білетіндігін айтқанбыз), кеңсесінде күтіп отырды да, ретін тауып кіріп кетіп, тездетіп қол қойып беруін өтінді.

Ленин болса, бұрыннан таныс Әлихан алдына келіп тұрған соң сол жерде-ақ қолын қойып берген еді.

Мұндай асығыстықтың себебі – Әлекең таласқа түсіп жатқан жерлердегі облыс басшыларының Сталинге ұсыныспен кірмек екенін білген. Сондықтан, құжаттарды тезірек рәсімдеп алуға ұмтылған. Содан екі күн өткен соң – 26 тамызда «Қырғыз АКСР-ін құру және оның территориясын белгілеу туралы» Декрет баспасөз беттерінде жарық көрді.

Сөйтіп, Алаш қайраткерлері өз өмірлері қыл үстінде жүрсе де қаймықпай, Қазақстанның ұлан ғайыр жерін жырымдамай, республиканың өзінде қалдыру үшін қолдарынан келгенінше үлестерін қосып кетті.

Алашорда тараған соң оның қызметкерлерінің көпшілігі большевиктер қатарына өтіп кетті. Ал, Кеңес үкіметі кейбіреулерінің соңына шырақ алып түсті. Солардың бірі Әлихан Бөкейханов еді. Оған «буржуазиялық ұлтшыл» деген атақ тағып, қайта-қайта тергеуге шақырып, абақтыға жауып мазасын алды. Бастан өткізіп жүрген қиын жағдайлары оның отбасына да әсер етпей қойған жоқ. Жары Елена Яковлевна айықпас ауыр науқасқа шалдығып, ақыры 1921 жылы Семейде дүние салды. Екі баламен қалған Әлекең біраз уақыт тағы да Семейде тұруына тура келді.

СТАЛИННИҢ ҚАБЫЛДАУЫНДА

«Алаш» партиясы тарап, Алашорда үкіметі жойылған соң Әлекеңнен көңіл күйі мүлде құлазып кеткен. Шын мәнінде Еленаның әкесі Яковь Сергеевичтің айтқаны келіп, Әлихан екеуінің өмірі кейбір кездері тозаққа айналды деуге де боларлық-тын. Сондай азапты күндер өзінің өшпес ізін қалдырды – Еленаның дерті айықпас ауыр науқасқа айналды. Ақыры сол аурудан көз жұмды. Бұл онсыз да көңілі күйзеліске түскен Әлиханға ауыр соққы болғаны сөзсіз. Соған қарамастан ол қандай азапты күн болса да қасқайып қарсы тұруға бел байлаған. Солай істеді де!

Еленаны христиан салтымен рәсімін жасап, жер қойнына тапсырған соң біраз уақыт үйден шықпай отырып алды. Бірдеңе жазайын десе – ойына ештеңе оралмай, басына келген ойлары пышырап, жан-жаққа быт-шыт болып шашырай жөнеледі. Үйге кіріп-шыққан жолдастары мен партиялас достарының жұбатқан сөздері де онша әсер ете қойған жоқ. Сондықтан да біраз уақыт қырға шығып, бой жазуды ойлады.

Бұл кезде семинария бітірген Лиза мен Өкітай да жұмысқа тұрып, «өз қолдары өздерінің ауыздарына жетіп», өз беттерінше күн көруге жараған еді. Соны ойлай келе балалары жұмыстан келген соң, кешкі ас үстінде:

- Сендер енді есейдіңдер. Өз беттеріңмен күн көруге шамаларың жетеді. Мен біраз уақыт қырға шығып қайтайын, - деп өзінің ойын ашып айтты.

Олар не дерін білмей, бір-біріне қарады. Бұрын олар әкесі алыс жолға сапар шеккенде аналарымен қала беретін. Онда жағдай басқаша еді ғой...

Біраз үнсіздіктен соң:

- Жарайды, папа, өзіңіз біліңіз. Кішкене болса да дем алғаныңыз дұрыс, - деп Лиза әкесінің жүдеу тартып, жағы суалған жүзіне қарады. – Тек бізбен хабарласып, қайда екеніңізді айтып тұрсаңыз болды...

Ал, Өкітай болса, не дерін білмей отырып қалды. Дегенмен, ол да басын изеп, әкесінің дем алғанына қарсы еместігін білдіріп, ишарат жасады.

Сонымен, Әлекең Семейге жүріп кеткен. Ол жақта өзінің ескі достары бар, басқа да таныстары мен Абай еліндегі жақтастары бар, барлығы іліп алып кетіп, ескі ойларға берілуіне мұрша берген жоқ. Жаздың ортасында келген ол сол жылды ауылында, Желтаудағы қыстауында өткізді.

Анасы Бегім ханым осыдан бірер жыл бұрын ғана дүиеден өткен болатын. Туған інісі Смахан бастаған ауыл адамдары мұнда да Әлекеңнің аузына барын тосып, көрші ауылдар да қонаққа шақырып, ат жіберіп алғызуды әдетке айналдырды. Қыс бойы аңға шықты, тау беткейінен түлкі қағып, талай қызыққа батты. Бірақ, қаншама есіне алмайын десе де қазаққа автономия алып бере алмай қалған олқылығы ойынан бір сәтке де кеткен емес. Еленаның қайғысы ды осал болған жоқ. Қанша айтқанмен да талай жыл бірге тұрған жары ғой және өзінің сүйікті екі баласының анасы. Кейде түн ортасында шырт ұйқысынан оянып, өткен-кеткенді есіне алатын да уақыты болады. Кешке қарай пілте шамды жаққан соң қолына Семейден ала келген кітаптарын алып, ақтара бастайды. Ұзақ оқиды, біраздан кейін басына келген ойды қағазға түсіруге тырысады. Әлекең мұнда да тыныш жатпай, біраз мақала жазған еді. Оларды Қарқаралының поштасы арқылы жөнелтіп, әр түрлі басылымдарда бастырып жатты.

Алғашқы кездерде бір қауырт жұмысқа кірісіп, ақтарыла жазып жатқан сәтінде:

- Ақанмен әңгімелесейік деп келдік, - деп ауыл адамдарының бөгет болатыны да бар еді.

Ондайда оларды Смахан тоқтататын болды. Өйткені, жұмыс істеп жатқан сәттерінде көп мазаламауын Әлекеңнің өзі өтінген. Сондықтан енді олар әуелі:

- Ақанның қолы бос па екен? – деп сұрайтын болды.

Қолы босаған кезде үлкен-кішісі жиналып алып, әңгіме бастайды. Әр түрлі сұрақтар қояды. Ақанның білгірлігіне, білімінің тереңдігіне риза болады. Әлемде болып жатқан оқиғалар туралы айтқан сәтінде ауыздарынан су аққанша тыңдайды.

Мұнан біраз жыл бұрын күзге қарай бір келгенінде Петербордан әкелген бразилиялық ағаштың екі қалемшесін әкесінің бейітінің басына отырғызып кеткен еді. Кетерінде

оны қалай суару керектігін інілерінің балаларына айтып түсіндірген. Сол екі қалемше бүгінде бой көтеріп, кәдімгідей ағаш болып өсіп келе жатыр. Бұрын ағаш отырғызғанды көрмеген қыр қазақтары үшін бұл таңсық іс талай әңгіме туғызған. Оның ағаш болып өсіп кетеріне күмән келтіргендер де болған еді. Дегенмен де оның Петерборда орман оқуым тәмамдаған адам екендігі естеріне түсіп, ол ойларынан тез қайтатын. Бүгінде ондай күмәндары сейілген, Ақан не айтса да сенетін жағдайда. Ол сол жолы да ағаш отырғызу жайында бірталай әңгіме айтқан. Қолдан отырғызған ағаштардың кейін орман болып кететіндігін естігенде таңданғаннан таңдайын қаққандар да болды.

Сол екі ағаш кейін зәулім болып, аталарының қорымы «Талды бейіт» атанып кетті. (Бір өкініштісі сонау ашыршылық жылдарында екі ағаштың бірін сол бейітті паналаған арықтұрық, босқын-міскіндер отқа жағыпты деседі. Екіншісі бүгінгі күнге дейін өсіп тұр).

Бірде Әлихан ауыл адамдарын жинады. Айтақшы, жинаған жоқ, қашанғысындай елдің өзі келді. Есіктің алдында тұрған Ақанды көрген бір-екі адам оның жанына келді. Одан соң тағы біреулер тақады. Сөйтіп, айналасы бірнеше минуттың ішінде ауыл адамдары осы маңнан табылды деп айтуға болады. Мұндайда Ақан жиналған жұрттың қойған сауалдарына жауап береді. Кейде бір әңгімелер туындап кетеді де, соны ауыл тұрғындарына қарапайым тілде түсіндіреді.

Елдің көпшілігі қоғамда болып жатқан оқиғалардың маңызын, оның түп-төркінін түсіне бермейді. Сондықтан да олардың Ақанға қояр сұрағы таусылар емес. Сондай сәттің бірінде ол жағалай тұрған жұртқа егіншілікпен, кәсіпкерлікпен айналысуға кеңес берді.

- Кәсіпшілікпен айналысыңыздар. Қолдарыңыздан келсе егін салыңыздар. Диірмен ашыңыздар. Мал басын азайту керек. Түптің-түбінде білім алуға тырысқан дұрыс. Оқу оқыңыздар. Біздің халқымыз әлі де сауатсыз. Елдің, халықтың көзін ашқан дұрыс, - деп ұзақ толғап кеткен еді.

Жағалай тұрғандардың барлығы да оның айтқанын жақсы түсінді. Кеңес үкіметінің дұрыс саясат ұстап

отырмағанын Ақан тұспалдап жеткізді. (Кейін ел барлық малын өкіметке тапсырып, түксіз қалып, ашаршылыққа ұшырағанда оның сөзінің айна қатесіз келгендігін айтып отыратын болды).

Күзге қарай Орынбордан Лиза да келген еді. Сірә, әкесінің басына қара бұлт үйіріле бастағанын сезген болуы керек. Дегенмен де Әлекең өзіне атқосшы болып жүрген Бажайды шақырып алып, Лизажанды қыдыртуды тапсырды. Ол қазақша ұғындыруға тырысады, бірақ оны Лиза шала түсінеді. Көбіне айтқанын ұқпай, әуре қылады.

Сөйтіп, Ақан өз бетінше дем алып, мақалаларын жазып, тып-тыныш жатқан. 1922 жылдың 11 қазаны күні Қарқаралы милициясының қызметкері Сағитов бастаған бір топ адам келіп, алып кетті.

Інісі Смахан мен қызы Лиза олардың сондарынан қуа шықты. Бір тоқтаған сәттерінде сөйлескенде Сағитов:

- Жоқ, мен Әлекеңді түрмеге қамамаймын. Маған оны тек Мәскеуге жөнелту ғана тапсырылған, - деп шынын айтты.

Бұлар оның сөзінің өтірік-шынын білмей, бірге жүріп отырған. Шынында да олар Сағитовтың есігінің алдына келіп тоқтады. Милиция қызметкері бұларды да үйге шақырды. Сөйтсе, Сағитовтың әйелі Қарқаралының байырғы тұрғыны екен және Әлиханмен осында бірге оқыған болып шықты. Сол сәтте Әлекеңнің таңданысында шек болмады.

Сағитов болса:

- Әлеке, айыпқа бұйырмаңыз! Менің қолымнан келгені – осы. Сізді мен ертең Мәскеуге аттандырамын. Маған сондай бұйрық түсті, - деп қара-торы жүзі қызғылт тартып, кінәлі кейіпте Әлекеңнен кешірім өтінді.

Әкесін қалай да құтқаруды ойлаған Лиза мен інісі Смахан уақытты ұттырмау үшін түнделетіп Семейге жүріп кетті. Ондағы губерния басшыларынан не жағдай екенін білмек болған. Бірақ олардың қолдарында да тек Әлекеңді Мәскеуге жеткізуді талап еткен бұйрықтан басқа ешқандай құжат жоқ болып шықты.

Бұл жерден Мәскеуге Лиза жалғыз аттанды. Мәскеуге келген соң Лиза өзінің Самарада танысқан құрбысы Марина Кугушеваны іздейді. Оның әкесі Вячеслав Александрович

Кугушев байырғы князь әулетінен шыққан ауқатты адам. Ол басында Волга бойында тұрғанымен, кейіннен Мәскеуде және Петерборда үйлері болған. Дон жер банкінің Самарадағы бөлімшесінде қызмет атқарған жылдары Әлекеңмен әріптес, жақсы дос болған. Олардың балалары да достасып кеткен еді.

Маринаның мекен-жайы бойынша іздеп келгенде, оның үйінде қонақтар отыр екен. Лиза құрбысын жеке алып шығып, болған жайды түсіндірді. Бұдан соң ол Лизаны шахмат ойнап отырған екі адамға ертіп келіп:

- Вася ағай, менің жанымдағы қыздың кім екенін білесің бе? – деп сұраған еді.

Лиза ол кісінің бетіне қарап, екі көзінің бірдей көрмейтін басыр адам екенін байқады.

Ол жанындағы Лизаның бетін сипап өтті де:

- Япыр-ау, бұл Әлиханның қызы ғой. Ол мұнда неғып жүр? Өзінің жылап тұрғаны несі? – деп таңданды.

Бұл кісінің социал-демократиялық партияның ардагері Шелгунов екені Лизаның есіне сонда ғана түсті. Кезінде әкесімен дұрыс қарым-қатынаста болған. Сондықтан ол кісіге сенуге болатындығын жақсы түсініп, әкесінің тұтқындалғанын, оның Мәскеуге айдаумен келе жатқандығын жеткізді.

Кішкене ойланып қалған Шелгунов басыр адамға тән қимылмен, бұған қырын қарап тұрған бетінде:

- Ертең екеуміз Кремльге барамыз, - деді шешімді үнмен.

Ол кезде сенімді большевиктерге Кремльге еркін кіруге рұқсат куәліктер берілетін. Сондай куәлік мұнда да бар еді. Сонымен қоса оның көзі көрмейтін мүгедектігі ескеріліп, жанына жетекші алып жүруге де рұқсат етілген. Лиза енді ол кісінің жетекшісі қызметін атқаратын болды. Осыдан соң ғана әкесі үшін екі өкпесін қолына алып, жанын шүберекке түйіп жеткен қызының көңілі аз да болса жайлана түсті. Сол түнді құрбысының жанында өткізді. Егер шынын айтар болсақ, ұйықтады деген құр аты ғана еді, көрер таңды көзімен атырып шықты.

Ертеңіне олар Кремльде Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариатына (Наркомнацқа) келді. Қабылдау бөлмесіндегі

хатшы Василий Шелгуновтың келгенін айтып шығысымен Сталин мұны іле-шала қабылдады.

Тәжірибелі большевик ішке кірген кезде Лиза естіп отырсын деп есікті толық жапқан жоқ, әдейі саңылау қалдырған. Сол қолына қорқорын ұстаған, сұр китель киіміндегі ескі досының сәлемін алған соң оның ертіп апарып, отырғызған орнына жайғасты да, келген шаруасын баяндады. Сөзінің аяғын дауысын кішкене көтеріңкірей шығарып:

- Мен Әлиханға өзімнен артық сенемін. Оның кінәсіз екендігі сөзсіз. Коба, оны қамауға алғызбауға бұйрық бер, - деген өтінішпен аяқтады.

Сталин дереу Дзержинскийге қоңырау соғып, Бөкейхановты Мәскеуге жай поезбен әкелуге және қамамай, босатуға бұйрық берді. Осының барлығын Лиза есіктің саңылауынан тыңдап отырды.

Бұл кезде Мәскеуге жол тартқан Әлихан жолшыбай Орынбордың қара түрмесіне қамалған.

Түннің ортасы болатын. Кілттерін сылдырлатып, күзетшілер есікті ашты.

- Бөкейханов, сыртқа шық!

Ұйықтап жатқандар оянып кетті.

- Әлеке, шықпағаныңыз дұрыс болар. Бұлар түнде әкеткен адамды атып тастайтын әдеті, - деп камераластарының бірі жолына тұра қалған еді.

- Жоқ, болмайды. Шығуым керек. Олар атамды десе бәрібір жанымды қоймайды. Одан да барғаным дұрыс, - деп Әлихан оған басу айтты.

Дегенмен, өзінің де іштей күдігі басым еді. Бірақ солдаттардың бірі жақын келіп:

- Қорықпауыңызға болады. Біз сізді Мәскеуге жөнелтуге ғана бұйрық алдық. Қазір поезға отырамыз, - деп сыбыр ете қалды.

Сол түні олар әрі қарай жүріп кетті. Олардың айтып отырғаны шындық еді. Мәскеуден Фэликс Дзержинский Қазақстанға телефон шалғанда ол Орынбор түрмесінде болатын.

Лиза әкесін бірнеше күннен соң вокзал басынан күтіп алған еді.

Жай поезбен келгенімен, әкесінің жанында екі солдат бар екен. Оларға әкесіне басқа киімдер әкелгенін айтып көрген, олар ауыстыруға рұқсат берді. Өйткені қарашаның алғашқы қары түскен Сарыарқада күн суық-тын. Соған орай басына түлкі тымақ, аяғына саптама етік, үстіне қалың шапан киген болатын. Киімін ауыстырған соң оларды күтіп алған машинамен жүріп кетті.

- Қайда апарасыздар? – деп сұрауға ғана үлгерді Лиза.

- Біз оны білмейміз, - деді солдаттардың бірі.

Бірақ машина қайтадан кідіре қалды. Әкесі есіктен басын шығарып:

- Қызым, қайда тоқтадың? – деп сұрады.

- Маринаның үйіндемін...

Әкесі қызының жауабын естіген соң машина қайтадан жүріп кетті.

Лиза әкесінің киімдерін құшақтап, құрбысының үйіне оралды. Бір-екі сағаттан соң ол үйге Әлекең де келіп, барлығы қуанышпен қауышты. Әлекең қызына ЧК-ның адамдарының бұдан ешқайда кетпеуін және шақырған кезде уақытымен келуін талап етіп қолхатқа қол қойдырып алған соң босатқанын айтып берді.

Ертеңіне Әлекең Сталинның қабылдауына шақырылды. Өзі де бұл шақыруды асыға күтіп отырған. Уақытында келді. Қабылдау бөлмесінде онша ұзақ күткен жоқ. Кең кабинетке жапсарлас шағын бөлмеге кіргізді. Онда бір стол, өзіне және келушілер үшін қойылған екі орындық болатын. Өйткені ол бір-бірден ғана қабылдайтын. Сталин басын изеп амандасқан соң сол орындықтың бірін нұсқады.

Екі мұртты, екі көсемнің арасындағы әңгіме ұзаққа созылды. Әр түрлі мәселелер айтылды. Қазақстанда тұрып жатқан халықтың жағдайы кеңінен сөз болды. Әлекең қаһарлы көсем алдында өзіне қойылған сұрақтардың барлығына тіке қарап отырып жауап берді. Өзінің ойын жасырған жоқ. Сталин тіке қараған кезде кейбіреулер сияқты тайсақтамады да. Сондай сәттің бірінде мұның большевиктерді онша жақтыра қоймайтынын білетін ол, әлде «Не дер екен?» деді ме, әлде шынында да білгісі келді ме:

- Қазір Қазақстандағы коммунистердің жағдайы қалай? – деп сұрақ қойып, тесіле сынай қарады.

Мұндай сұрақ күтпеген Әлихан кішкене ойланып барып, сәл жымыды да:

- Біздің халқымыз астарлап сөйлегенді ұнатады. Мұндай дәстүр өзіңізге де аян. Сондай әңгіменің бірін айтуға рұқсат етіңіз.

Сталин «рұқсат» дегенді білдіріп, басын сәл изегендей болды.

- Шығыс халықтарының көпшілігіне ортақ Қожанасырды білесіз. Сол Қожекең бірде ел аралап жүргенде, қолына бір таға ұстап алыпты. Сонда одан: «Қожеке, қолыңыздағы не?» - деп сұраса, ол: «Бұл таға ғой. Енді маған үш таға мен бір есек жетіспей тұр», - деген екен. Біздегі коммунистердің жағдайы да сол Қожекең айтқандай дер едім, - деп жауап берді.

Жүзі суық көсем жымыып, мұндай жауапқа риза болып қалды. Одан соң:

- Сіз Мәскеуден ешқайда кетпеңіз. Отаныңызға оралмаңыз. Мен сізден шамалы уақытқа болса да ел жаққа бармауыңызды талап етемін. Сізге пәтер мен жұмыс тауып беруді Төрекұлов жолдасқа тапсырдым. Ол сізбен өзі хабарласады, - деді нығарлай сөйлеп.

Көсемнің қабылдауынан онымен қош айтысып шыққан Әлекең Кремльдің алдындағы тас төселген кең алаңда аяғын алшаң басып, риза көңілмен келе жатты. Өйткені, ол енді бұдан соң ЧК мазаламайтын шығар деп ойлаған.

Ертеңіне-ақ Төрекұловтың шақыртқаны туралы хабар түсті. Нәзір Төрекұлов бұл кезде КСРО халықтары Орталық баспасының председателі болатын. Бұл баспа орны қарапайым тілде «Кеңес одағы елдерінің кіндік баспасы» деп те аталған еді. Ол баспаның ауқымды жұмыстарын атқара жүріп, Шығыс халықтары тілінде кітап шығаратын редакциялық алқаны да басқарды, қазақ тілінде «Темірқазық» атты ай сайынғы саясат, шаруашылық, білім және әдебиет журналын ашып, оған өзі редактор, өзі автор болды.

Қашанғы өзінің маңғаз қалпында жүретін Нәзір бұл жолы Әлекеңді орнынан атып тұрып қарсы алды. Шағын ғана

жұмыс кабинеті екен. Төр алдында үлкен стол тұр. Қос қолын беріп сәлемдескен ол қонағын стол жанындағы орындыққа отырғызды. Өзі қарсы орынға жайғасып, ел жағдайын, амандық-саулығын сұрады.

Әлекең болса сәл ғана мұртынан жымыып:

- Нәзір, менің мемлекеттің «қарамағында» екенімді өзін жақсы білесің. Ондай адамның еш нәрседен кемдігі болмайды ғой... Шүкір, бәрі де аманшылық, - деді жай ғана.

Барлық жағдайды жақсы білетін Нәзір одан ары ештеңені қазбалаған жоқ.

- Өзін қалайсың? Қызметіңе төселдің бе?

- Иә, Әлеке, қызмет жаман емес, қазір біршама төселіп қалдым. Негізінен біздікі атқарушылық қызмет қой...

- Иә, бұлардың айтқанын істеп, айдағанына жүріп отырсаң болды ғой...

Кекесін бе, әлде сенімісіздік пе, дауысында бір ырғақ пайда болып барды да, қайтадан түзеліп:

- Еңбегің сәтті болсын!.. – деп тілек айтты.

- Рахмет, Әлеке...

Бұдан соң Нәзір Орталық баспаның Шығыс бөліміне ғылыми қызметкер болып қабылданатындығын, Үлкен Кислов мүйісіндегі №4 үйден №15 коммуналдық пәтер берілетіндігін мәлім етті.

Әлекең Нәзірді ертеден біледі. Сонау 1916 жылғы «Июнь жарлығы» шыққанда ел арасында қарсы болмауға үгіт жүргізу кезінде Нәзір жанынан табылып, көмекшілік іс атқарып еді. Одан соң Минскіге де бірге барды. Сол жерден бір топ қазақ оқығандары Қарқаралыға жедалхат соққанда қол қойғандардың бірі болғандығын есіне алды. Одан бері де бес-алты жыл өтті. Ысылып, мемлекет қайраткеріне айналған. Жүріс-тұрысына, қимыл мәнеріне қарап отырып Әлекең Нәзірге риза болып қалды.

Үлкен Кислов мүйісіндегі бұл үйде драматург А.В.Сухово-Кобылин тұрған болатын. Бір кезде әйелдер гимназиясы болып қайта салынып, онда М.И.Цветаева мен В.В.Холодная оқыған. Оның жанындағы осындай нөмірлі жалдамалы үйде атақты әнші А.В.Нежданова өмір сүрген.

Үлкен Кислов мүйісі бір кезде қаланың шет аймағы болғанымен, қазіргі кезде орталыққа айналған, жаяу жүргенде Қызыл алаңға дейін небәрі 15 минуттық қана жер. Ондағы №4 үйдің кәдімгі коммуналкадан айырмашылығы жоқ. Үлкен есіктен кірген соң қарсы алдында сол кездің өзіне тән, есігі шыныланған лифт тұрады. Есікті сықырлатып қолмен жапқан соң жүріп кеткен кезде оның ерекше дауысы барлық қабаттарға естіледі. Кіреп есікте бөлмелердің санына қарай түймелер орнатылған. Келген адам өзіне қажет нөмірді басады. Ол үшін әуелі қай санды басу керектігін мұқият қарап алу қажет. Онда бір ғана газ пеші бар ас бөлмесі мен дәретхана ортақ. Ас бөлмесіне әркім өзінің столын қойып алады. Ал, ортақ дүниелерді пайдаланудың өз тәртібі мен кезегі бар. Оны мүлтіксіз орындау қажет.

ССРО халқы кіндік баспасында қызмет атқарып жүргенде Әлекеңді Ленинград университетінің профессоры лауазымына ұсынған болатын. Әлекең мұндай ұсыныстарды қуана қарсы алды. Ленинградқа кесте бойынша барып, биология факультетінің студенттеріне дәріс оқып тұрды.

Мұнда да ол өзіндік ерекшелігімен көзге түсті. Дәріс оқыған кезде ешқашан қағазға қарамайтын. Басқа да әдістер қолданатын. Студенттерді орнынан көтеріп, олармен сұрақ-жауап, әңгіме түрінде өткізген дәрістері өте ұғымды болып шығатын.

Бірде емтиханға келген студенттер аң-таң болды. Столда емтихан сұрақтарына жауап беруге арналған билеттер көрінбейді. Оның орнында үлкен вазаға салынған әр түрлі өсімдіктер мен бұталар ғана тұр.

Шәкірттер емтихан тапсыруға кірген сәтте профессор оларды стол жанына шақырды.

- Алыңдар...

Студенттер әдетте билет алатын. Бұл жолы столда ештеңе көрінбейді. Сондықтан олар профессорға қарап аңтарылып тұрып қалған.

- Мынадан бір-бірден аласыңдар, - деп вазадағы өсімдіктер, гүлдер мен бұталарды көрсетті. - Мәселен, мына бұта қандай ағаштікі, оның биологиялық қасиеті қандай, ол

қай жерде өседі деген сияқты сұрақтарға толық жауап бересіңдер. Түсінікті ме?

- Түсінікті...

- Ендеше бастайық.

Сырт қарағанда сұсты, қатал адам болып көрінгенімен, шәкірттеріне аса мейіріммен қарайтын, жаны жұмсақ Әлекең майда-қоңыр дауысымен емтиханды бастап кетті. Бұрын мұндай әдістемеге кезікпеген студенттер қолдарына алған табиғи көрнекіліктер бойынша құлшына жауап берді.

1926 жылы Әлекеңді ойламаған жерден КСРО ҒА-ның Айырықша комитеті Қазақстан жөніндегі сарапшы ретінде шақырды. Көп ұзамай академик Ферсманнан: *«КСРО Ғылым академиясының төралқасы Одақтық және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі ерекше комитеттің Қазақстан экспедициясының мәселелері жөніндегі тұрақты сарапшы ретінде Сізді комитет құрамына шақыру туралы ұсынысын тыңдай келе, Сіздің Қазақстанның тұрмысымен және өмір жағдайымен жақын таныс адам екеніңізді, аталған мәселелерді шешу кезінде аса пайдалы болатындығыңызды ескере отырып, Сізді комитет құрамына кіргізуді аса қажет деп таптық.*

Ерекше комитет жоғарыда келтірілген негіздерде біздің өтінішімізге қарсы болмауыңызды өтінеді, сол арқылы Сіз Қазақ КСР-нің жан-жақты зерттелуіне жәрдеміңізді тигізетін боласыз.

Қазақстан экспедициясының мәселелері туралы жақында өтетін комитет мәжілісінің күні туралы Сізге қосымша хабарланады» деген мазмұндағы хат алды.

Бұдан соң Әлекең академикпен хабарласқанда Қазақстанның Адай уезіне экспедиция шығайын деп жатқандығын, онда шаруашылық, экономика жағдайларын, табиғи қорларды, тұрғын халықтың мәдениеті мен өнерін зерттейтіндігін айтып берді. Әлекең болса өзінің қазіргі жағдайының шектеулі екендігін, ел жаққа баруына тыйым салынғандығын айтқан болатын. Бірақ экспедиция басшылары одан бері талай жыл өтіп кеткендіктен, қауіптенудің қажет еместігін айтып, сендірген еді. Ақыры жолға шығуға дайындалып, аталған күні Қазақстанға бет

бұрған. Бірақ олар жолға шықпастан ақ Әлихан Бөкейхановтың қазақ даласына, оның ішінде Адай уезіне келетіндігі «ұзын құлақ» арқылы бүкіл Қыр өлкесіне лезде тарап кетті.

Профессор Руденко басқарған экспедиция белгіленген жерге аталған уақытта келіп жеткен. Аттылы-жаяулы қазақтар қозы көш жерден қарсы алды. Әуелде экспедиция мұншама адамның қарсы алдарынан шыққандарынан секем алған еді. Олар өздерінің бейбіт адамдар екендігін, оның ішінде қазақ халқының көсемі Әлихан Бөкейхановты қарсы алуға келгендерін айтқан соң ғана барып көңілдері орнына түсті. Дегенмен де өзі заң орындарының бақылауында жүрген адамға деген мұншама қолпаштауы кейбіреулерге онша ұнай қойған жоқ. Оның үстіне Әлекеңе жеке ақ үй тігіпті, оны сонда алып кетті. Топ жетекшісі профессор Руденко аудармашысыз қалды.

Мұндайдың болатындығы Әлиханның үш ұйықтаса түсіне кірмеген. Сондықтан да Әлекең өзінің басшы емес, бұл жерде Руденко басшы екендігін, құрметті соған көрсету қажеттігін айтып түсіндірмек болып еді, одан ештеңе өнбеді. Ауылдың ақсақалы ортаға қарай ойысып:

- Қарағым, Әлихан, сені біз құрмет тұтамыз. Сен халыққа бас болған адамсың. Сондықтан, қандай құрмет болса да лайықты адамсың. Басшыларың да құрметтен шет қалмайды. Оған да жеке үй табылады, - деп басу айтты.

Ақсақалдың сөзіне Әлихан қарсы уәж айта алмай қалды. Сол күннен бастап ауыл адамдарының, өлке қазақтарының ортасында қалды. Әлекеңе тігілген ақ үйден адам арылған жоқ. Халық арасында аты аңызға айналып, қазақтың тұңғыш саяси партиясын, қазақтың тұңғыш «Алашорда» республикасын басқарған адаммен бір тілдесіп, бір ауыз сөзін естіп, мүмкіндік болса сәлем берген кезде қолын алып қалудың өзін бір ғанибет санаған адамдардың санында шек болсайшы! Бұл кейбіреулерге онша ұнай қоймады. Сөйтіп, Әлекеңнің Қыр өлкесінде «елмен кездесіп, насихат жүргізіп жатқаны» сымсыз байланыстар арқылы жергілікті заң орындарына жетіп, одан Мәскеу асып кеткен-ді. Ақыры экспедициядағы жұмысын аяқтатпастан оны 13 қыркүйек күні

қайтадан тұтқындап, Бутырка түрмесіне әкеліп жапты. Мұнда ол жарты айға жуық отырып шықты.

БУТЫРКАДА БОЛҒАНАДА

Адай уезіндегі экспедициялық жұмыстардың нағыз қызған шағы еді. Таңертеңгілік жаттығу жасап бітіп, енді ғана таңғы асқа отырмақ болған. Милиция киіміндегі екі адам жетіп келді. Бұл жүрістің тегін еместігін түсінген Әлекең үнсіз тұрып қалды.

- Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханов сіз боласыз ғой? - деп сұрады егделеуі.

- Иә, болсақ - болармыз, - деді оған бұл қырсыға сөйлеп.

- Сіз жолға дайындалыңыз. Біз сізді алып кетуге келдік...

- Оған қолдарыңызда қағаздарыңыз бар ма?

Бұған не дерін білмей әлгілер тұрып қалды да:

- Бізге сізді милиция бөлімшесіне жеткізуге бұйрық берілді. Қажетті құжаттарды сол жерде көрсетеді, - деп жауап берді.

Ауыл адамдары бұларға қарсылық білдіріп, алып кетуге бөгет болуға тырысып еді, оларға Әлекең:

- Сіздер әуре болмаңыздар. Осылай ұйғарған екен, ол солай болуы керек. Менің бармасыма бәрібір қоймайды, - деп ел-жұртпен қош айтысып, милицияның келген арбасына отырып жүріп кетті.

НКВД-нің өздерінің аты-жөндерін де дұрыс жаза білмейтін екі адамы Бөкейханов деген адамды бірінші рет көріп тұрғандықтан, сақтанып, көздерінің астымен қарап қояды. Әдетте ұсталған адамның қолына кісен салатын, бұлар олай етпеді. Қайта Әлекеңнің айтқан әңгімелерін құлшына тыңдап, осындай ғұлама ғалым адамның қалай қылмыскер бола алатындығын түсінбей дал болды.

Бөлімшеден Ақтөбеге жеткізіліп, одан әрі поезбен Мәскеуге әкелінді де, бірден Бутыркаға жөнелтілді. Түрменің



Қазақ ағарту институтының бір топ оқытушысы: (солдан оңға қарай) екінші қатарда «Алаш» қайраткерлері М.Жұмабай, Е.Омарұлы, М.Есболұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, К.Жәлелұлы, И.Қашқынбайұлы; үшінші қатарда – сол жақтан төртінші Т.Жүргенұлы, М.Әуезов, Ф.Ғалымжанұлы және басқалары. Ташкент, шамамен 1920-23 жылдар



Алаш көсемдері - Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлы



Әбукейхан



Әлихан Бөкейхан «Халық бостандығы» конституциялық-демократиялық партиясы мүшелерінің арасында. Самара



Әлекең



Жиені Ескендірмен



Выборг үндеуіне қол қойғандар арасында



Выборг үндеуіне қол қоюшылар



Ұлт зиялыларының ортасында




Үйқамакта отырған Мәскеудегі пәтерінде



Әлиханнның атылар
алдындағы суреті



Күйеу баласы
Смағұл Сәдуақасов



Смағұл, Мағжан, Қошке



Смахан төре Бөкейханов




Лиза мен Смағұл



Алаш туы астында



Мәскеу. Дон зираты. Әлихан Бөкейхан мен Нығмет Нұрмақовтың күлі төгілген жерге ескерткіш тақта қойып, суретті түсіріп әкелген ғалым Нұрлан Дулатбеков



Акто'г'айда ўш арыска орнатылган ескерткиш



Талды бейіт




Талды бейіт басындағы ескерткіштер



Жекежалдағы тақта



Қарауылдың қара тасы



Үкім парағы



«Қазақ» газеті



Императорлық Орыс Географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің 25 жылдық мерейтойында. ИОГҚБСБ-дегі әріптестерімен бірге. 1902 жыл



Солдан оңға қарай: Анастас Микоян, Никита Хрущев, Иосиф Сталин, Георгий Маленков, Лаврентий Берия, Вячеслав Молотов. 1946



Ақтоғай ауданындағы Ә.Бөкейхан атындағы мектеп алдына бюсті орнатылды



Ә.Бөкейханның 150 жылдығына арналған конференция кезінде. Солдан оңға қарай: жазушы С.Жанысбай, ардагер ұстаз О.Сұбханбердин, ғалым Ш.Құрманбайұлы және ардагер ұстаз Т.Әміртаев. Қарағанды. 2016 ж.

аты – түрме. Оның өзіндік ережелері толып жатыр. Солардың барлығынан рет-ретімен өтуі қажет. Оған талай уақыт кетеді. Талай қағаз толтырылып, талай рәсімдер жасалады. Саусақ ізін алу, алдынан және қырынан суретке түсіру деген сияқты еңсені басып, адамның үнжұрғасын түсіретін талай «істер» атқарылады. Әлекең мұндайларды бұрын патша түрмесінде отырғанда да көрген. Сондықтан да қазақтың «Бейбақ көңдім дейді, бетпақ жеңдім дейді» деген уытты мақалын есіне алып, іштей бір «мырс» етті де, сонау патша дәуіріндегінің барлығын жоққа шығаратын кеңестердің мына жасап жатқандарының ескі режімнен ешқандай өзгешелігі жоқтығына танданды да қойды. Бутырканы сырттай білсе де, бұрын ішінде не болып жатқандығынан хабарсыз еді. Енді оны да көретін болды. «Басқа түрмелерге қарағанда мұның жағдайы жақсы екен» деп ойлап қойды. Оны алғашқы күні жеке кісілік камераға қамаған еді.

Ертеңіне күзетпен алып шығып, «қара күзғын» аталатын жабық машинада келе жатты. Өзін қайда апаратынынан хабарсыз Әлекең айдауылдардан сұрса, олар «Кремльге апарамыз» деп жауап берді. Бұл сөз оған кекесінді естілді. Одан соң қайтадан сұраған жоқ. Шынында да оны Кремльге Сталиннің қабылдауына әкеліпті.

Бұл жолы ол бұрынғыдай жылы қабылдаған жоқ. Тіпті орындық та ұсынбады. Сұсты жүзбен қарады да:

- Мен сізге «Еліңізге бармаңыз» деп тапсырған едім ғой! Сондықтан келешекте өз бетіңізбен жүре бермеуіңіз үшін жазаға тартамыз, - деді.

Көсемнің сөзі алғашқы жолы кездескендегідей емес, өзінің билік басындағы адам екендігін танытқан сыңайда естілді. Әлекең оған қарсы ештеңе дей алмады. Сөйтіп, оны қайтадан Бутыркаға әкеліп қамады. Бірақ өткен түнгі жеке кісілік камераға емес, енді оны 25 кісілік жалпы камераға отырғызды.

Алғашқы кезде түрмедегі режімге үйрене қою онша оңай болмайтынын Әлекең жақсы білетін. Қанша дегенмен де қамауда отыру, оған көндігу қиынның қиыны. Басына түскен соң еріксіз көнесің. Әйтпесе, ондайды адамның басына бермесін. Жиырма бес кісіге арналған дегені аты ғана,

камерадағылар саны екі есе көп сияқты. Бір орында екі адамнан отыр екен. Олар сонда кезектесіп ұйықтайды деген сөз.

Өзінің киім-кешегін, оны-мұнысын қолтығына қысқан Әлекең әрі өтпей, босағадан бір аттады да тұрып қалды. Есіктің кілттері сылдырап ашылып жатқаннан-ақ біреудің келетінін білетін қамаудағылар түгел есікке, кірген адамға көз алмай қарап қалыпты. Бәрі қозғалыссыз, тыбыр етер емес. Тек бір адам ғана оның жанына келген. Ол староста болуы керек. Мұның басынан аяғына дейін сүзе қарап шықты да, жай адам емес екенін сезген сияқты, оған қоса егде тартқан жасын сыйлады да бөлменің орта тұсындағы бір орынды босаттырып берді. Әйтпесе, басқа жас адам болса, босағадағы параша жанынан орын тиетін еді.

Камерадағы алғаш естіген сөзі:

- Қандай статья? – деген сұрақ болды.

- Елу сегізінші.

Тағы да үнсіздік. Отырғандар бір-біріне қарасты. Ол кезде нағыз қылмыскерлер мен саяси тұтқындарды бірге отырғыза беретін. Баукеспе, қанышерлердің: «Мен қылмыскер болсам да, отанымды сатқамын жоқ!» - деп еліретін кездері осы уақыт. Дегенмен де кейінгі кездері «отанын сатқандардың» көбейіп кеткені соншалықты, тіпті мұның шындығына қылмыскерлердің өздері де күмән келтіре бастаған. Өйткені, Кеңес өкіметін өз қолымен орнатқан әйгілі адамдардың көпшілігі «жапон тыңшысы» болып шығып жатыр. «Ол қалайша болуы мүмкін» деген ойлар жұртшылықты мазалай бастаған. Сонымен қоса камерада отырған саяси тұтқындардың әңгімелері олардың көкейлерінен шығып жатты.

Көп уақыттан бері отырғандар жаңа келгендерден соны жаңалықтар күтеді. Олар сыртта не болып жатқандығын айтып келеді. Әлекең де әбден орналасып болып, есін жиған соң ортаға шақырылды. Бәрі соның аузына қарапты да қалыпты. Қандай да болмасын бір жаңалық естіп қалғылары келеді. Мұндай жайды жақсы білетін Әлекең өзінің бостандықта жүргенде көргендерін шамасы жеткенше айтып берді. Біреулері сұрақтар қойып жатыр. Олардың барлығына

да өзінше жауап алды. Бірақ оған сенімсіздікпен қарағандар көп болды.

Дегенмен де алғашқы күндері қиын болғаны рас. Қамаудағы күндерді бостандықпен салыстыруға келмейді. Ол өз алдына бір бөлек, өте қиын, өте ауыр күндер болатын. «Басқа түссе – баспақшыл» деп халқымыз тегін айтпаған. Басына түскен соң еріксіз көнеді де...

Бұл абақтының өзіндік ерекшелігі сол – тәртібі басқаларға қарағанда қатал. Бәрін жазылған жарғы бойынша орындайды. Ішкі тәртіпте кестеде көрсетілгеннен ауытқу деген болмайды, болса да онша көп емес.

Мұнда қанша ойланамын десең де уақыт жеткілікті, тіпті ойланбасыңа да қоймайды. Бұрын көп жайларды ойлауына уақыты да жетпейтін Әлекең өткен өміріндегі жақсылы-жаманды оқиғаларды ой елегінен өткізіп жатып, әбден талған кезде ғана ұйқыға кетіп жүрді.

Абақтыға жабылғалы өткен өмірінің ішінен Еленамен өткізген тәтті ғұмырын сан рет есіне түсірді. Балалы болған шақтары ойына оралды. Қандай сәуле шашқан тамаша күндер! Сол күндер бір сәтке болса да қайта оралса ғой, шіркін!

Адамның ойы түпсіз тұңғыық деген рас екен-ау! Ойлай берсең одан әрі кете бересің. Сондай сәттердің бірінде Лизаның тұрмысқа шыққан күндері ойына оралды. Қандай тамаша!? Екі жылдан астам уақыт өтсе де бәрі көз алдында.

...Үлкен Кисловский мүйісіндегі коммуналдық пәтерде Әлекең жемісті жұмыс атқарды. Көптеген мақалалар жазды, аудармалар жасады, баспаның тапсырмасын да тап-тұйнақтай етіп, бітіріп беріп жатты. Өзінің кеш жататын, ерте тұратын әдетінен де бір жаңылған жоқ. Сөйтіп жүргенде қызы Лиза 1923 жылы белгілі мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шықты. Бұл да бір өзінше дәурен еді.

Бір күні Лиза есіктен ақырын кірді де, стол басында бірдеңе жазып отырған әкесіне қарап жымың-жымың етіп, үнсіз ғана стол шетіне жайғасты. Қызының көңілді сәті онша көп бола бермейтін. Кейінгі кезде бір өзгерістің барын байқап қалған әкесі:

- Иә, не жаңалық, қызым? – деп сұрады.

- Жо-жоқ, еш жаңалық жоқ. Жай ғой...

- Қайдан білейін, көңілді сияқтысың...

- Иә, папа, аздап көңілдімін...

Айтайын деп келе жатқан сөзін көмейінде сақтап, үнсіз қалды.

- Ал, неге көңілдісің? Неге тоқтап қалдың? Айта бер...
Құлағым сенде.

Қанша дегенмен де орысша тәрбиенің әсері ғой, көп созып жатпастан:

- Папа, білесің бе, мен тұрмысқа шығамын..., - деп бірден айта салды.

Әкесі қызының бетіне тура қарап, ойланып отырып қалды. Мұндай оқиғаның болары анық еді. Қызы кейінде Қазақстанға барып келген. Оның бейсауат жүргенін, біреулермен сөйлескенін немесе кездескенін байқаған емес-ті. Кейде осындай оқиғаның қайткен күнде бір боларын ойлайтын. Бірақ оны дәл бүгін күтпеген Әлекең аз-маз отырған соң:

- Иә, ол қалаулың кім болды екен? – деп сұрады аузын ашқан беті.

- Оны сіз білесіз, папа...

Әлекеңнің танданысы тіптен арта түсті.

- Солай ма? Аты-жөнін айта ғой онда...

- Смағұл Сәдуақасов...

- А-а, Смағұл ма? Иә, ол жігітті білемін... Ол Қазақстанда қызметте ғой, - деп Әлекең қызына қарап, ойланып тұрып қалды.

- Иә, Қазақстанда, бірақ ол да осы жаққа қызметке ауысқысы келеді...

- Дұрыс, ол жақсы жігіт. Мен оның алғыр азамат, беделді қызметкер ретінде танымын. Бақытты болуларыңа тілектеспін. Ал, оның әке-шешесі бұл туралы біле ме?

- Біледі. «Айттым» деп отырған.

Қандай іске болмасын өмірі жеңіл-желпі қарамайтын Әлекеңнің қызының тағдыры шешілейін деп тұрған мұндай кезде де терең толғануы табиғи жайт болатын.

Ресей революциялық жастар одағының Орталық комиеті 1920 жылы автономиялық республикаларда комсомол бюроларын құруға шешім қабылдап, Смағұл Қырғыз (қазақ)

автономиялы республикасының жаңадан құрылған жастар одағының бюро мүшесі және бірінші хатшысы болып сайланған. Одан соң іле-шала Ақмола губерниясынан Қазақстан Кеңестерінің бірінші съезіне делегат болып, онда ҚазЦИК-тің Төралқа мүшелігіне сайланған еді. Сол жылы Үкімет құрамына кірді. Ал, желтоқсан айында құрамында А.Байтұрсынов, Х.Болғанбаев, Ж.Аймауытов бар қазақ тілінде оқулықтар, саяси және көркем әдебиеттер дайындайтын және оны шығаратын редакциялық алқаның құрамына енген. Бұл құрамда Әлекең де бар болатын. Сол кезде оның алғыр да, алымды жас екенін байқаған.

Зымыраған уақыт-ай! Бұлардың шағын бөлмесіне Смағұлдың өзі келіп, Лизамен екеуінің көңілі жарасқандығын, егер рұқсат етсе, шаңырақ көтеруге дайын екендігін жеткізген еді. Әкесі Сәдуақас пен шешесі Мәжікеннің Шалқар уезінің Қараой болысындағы Жарқын ауылында тұратындығын, әкесінің Уфадағы медреседе ескіше білім алған, бұрынғы молла екендігін айтқан. Сондықтан да қазіргі уақыт кісі салып, құдалық сөйлесетін заман еместігін ескергендіктен, Лизаның әкесінің алдынан өтуге өзі келіпті. Сонау жылдары жары Еленадан өлідей айырылап қалған Әлекең үшін енді қызы Лизадан тірідей айырылу онша оңайға соққан жоқ. Бірақ өмір деген өзімшіл нәрсе. Ол өз дегенін ғана істейді, басқаның дегеніне көнбейді. Смағұл қызын алып кетті. Өзінің ауылы Жарқынға апарып той жасады. Әттең бұл тағы да жалғыз қызының қызығын көре алмады, оған Мәскеуден шығуға рұқсат етілмеді...

Әлекең осылай өзінің ішкі толғанысын аяқтай алмай қалды. Камерада шу шықты. Ондай шу бұл жерде жиі болады. Талайдан қамауда отырған адамның жүйкесі әбден жұқарады. Жанындағылардың қандай да болмасын бір әрекеті қолайына жақпай қалса, жұдырығын ала жүгіретіндер мұнда аз емес. Олар өзінің әлі келе ме, жоқ па оған қарамайды. Ондайда қазақтың «Ит ашуын тырналап алады» деген мақалын есіне алады. Бұл жолы да солай, кереуеті қатар екі жігіт әлде неге келіспей қалған. Қарта ойнап отырғанда біреуін екіншісі ұтып алыпты. Олардың ортасында староста жүр. Ол осындай келіспеушілік туғанда немесе төбелес болғанда екі жақты

татуластыруға әрекет жасайды. Кейде бұзақылардың бірін-бірі пышақтап тастайтын кезі де болады. Үнемі тінту жүргізіп, камерада ұстауға болмайтын заттарды алып қойып жатады. Соған қарамастан, қайдан алатыны белгісіз, төбелес кезінде біреуінің қолында өткір пышақ немесе істік темір пайда бола кетеді. Әйтеуір шу дер кезінде басылды.

Қалта сағатын түрмеге қамау кезінде алып қойған. Темір тормен шырмалған терезеге қарап, уақыттың кешкіріп қалғандығын байқады. Көп ұзаған жоқ, кілттерін сылдыратып, есікті ашты да, айдауыл:

- Бөкейханов! – деп дауыстады.

- Мен!

- Сыртқа шық!

Камераның ішінде кісінің көптігінен тынысты тарылтып, қашан да қапырық болып тұрады. Тұтқындар көбіне жалаңаш отырады. Әлекең жейдесін иығына жамылған беті сыртқа шықты. Қашаннан өзіне таныс ұзын дәлізбен тергеу бөлмесіне әкелді.

Бөлмеде қашанғысындай ортада биік үстел және екі орындық. Бірі, төргі жақтағысы тергеушінің орындығы – арқалығымен, ал екіншісінде арқалық жоқ, ол ұсталған адамға арналған. Арқалығы жоқ орындыққа отырысымен, тергеуші де келіп, өз орнына маңғаздана жайғасты. Жас лейтенант, отызға енді іліккен сияқты. Соған қарамастан өзін нық, сенімді ұстағысы келеді. Сұрақтары әбден жаттанды болған. Әлекең оны іштей сезіп отыр.

- Иә, ойланған боларсыз? Жауап береміз бе?

- Иә...

- Онда айтыңыз...

- Нені?

- Сыбайластарыңыздың кім екендігін.

- Менде ешқандай сыбайлас жоқ.

- Онда Қырға не үшін бардыңыз?

- Мен онда Ғылым академиясының шақыруымен, зерттеу жұмыстарын жүргізуге бардым.

- Қандай зерттеулер? - Тергеушінің дауысы кекесінді шықты. – Білеміз біз оның қандай зерттеулер екенін. Одан да қасарыса бермей, барлық шындықты айтыңыз!

- Бар шындық осы.

- Ол жақта кімдермен жолықтыңыз?

Қандай адамның болмасын атын атауға болмайтынын Әлекең жақсы білетін. Егер біреудің атын атаса болды, сол адам пәлеге ұшырайды. Ол адам да жазықсыз ілігіп кетеді. Сондықтан да ешкімнің атын атамауға бекінді.

- Ауыл адамдарымен кездестім.

- Олардың аттары кімдер?

- Болған жерлеріміздегі ауылдардың барлық үйлерін аралап, ешкімді қалдырмай сөйлестік. Олардың қайсысын айта беремін? Аттарын да ұмытып қалдым...

Осындай мазмұндағы сұрақтар мен жауап алу күн сайын жалғаса берді. Тергеушілер күнде ауысады. Кейде бір тергеуші шығып кеткенде оның орнына екіншісі келіп, тағы да сұрақтың астына алатын кездері болды. Бір сұрақты шиырлап, қайта-қайта сұрай береді. Ондағы мақсаттары – тұтқынның қайткен күнде Жапон шпионы екендігін мойындату.

Кейбір тергеушілер мұның жапондық шаруашылықты, әсіресе ауыл шаруашылығында жапон үлгісін қолдануды ұсынған мақаласын алдына көлденең тартты.

- Сіз Жапонияның үлгісін неге Қазақстанға әкелмек болдыңыз? Ондағы мақсатыңыз қандай?

- Менің мақсатым тек шетелдердегі озық үлгілерді өз елімде қолдану еді. Мен оларды ғылыми кітаптар мен күнделікті басылымдардан оқығанмын. Мен Жапонияда болған емеспін.

- Сіз жапон тілін білесіз бе? Білсеңіз оны қай жерде үйрендіңіз?

- Жоқ, мен жапон тілін білмеймін. Тек олардың озық ойлы, алғыр халық екендігін білемін, сондықтан олардың тілін өз бетіммен үйренуге талпынғаным рас. Жапон тілін үйрететін маман болмағандықтан, тілді, сөйлеуді үйрене алмадым. Бірақ жүзден астам иероглифті білемін...

Әлекеңнің өз елім деп сөйлеуі, өз халқын құрметтеуі орыс тергеушісінің ызасын келтірді. Таза орыс тілінде сауатты сөйлеп отырған мына адамды қазақ халқының тумасы дегенге егер өзі көрмегенде сенбес те еді. Бұратана халықтардың

ішінде осындай адамдар барлығы оның зығырданын одан сайын қайнатты.

Сұрақты екілене-екілене, тіпті ызалана қоя бастады. Жауап алудың «үшінші тәсілін» қолдануға тиым салынған болуы керек. Әйтеуір ұрып-соққан жоқ, қинауға бармады. Осындай жауап алу тәртібі күн сайын қайталанып отырды.

Абақтыдағылардың тілінде «үшінші тәсіл» деп ұрып-соғу, күш қолдану, азапқа салып, қинау тәсілін айтады. Онда қайткен күнде мойындату мақсаты тұрады. Ол адам жаны қиналған соң мойындау хаттамасына қол қоюға мәжбүр болады. Ондай жағдайда мойындап қалсаң – біттің дей бер, көп ұзамай атылып кетесің. Мұны Әлекең жақсы біледі. Оған қоса камераластары да қол қоймауды тапсырып жатады. Оны староста алғашқы күні-ақ айтқан болатын. Камераға жаңадан әкелінгендерді бұрыннан отырғандар қолма-қол қоршап алады. Ал, жаңа келген адам қамауға көндігіп, еті үйренгенше бірнеше күн өтіп кетеді. Олардың сұрайтыны нешінші статьямен қамалғаны.

- Елу сегізінші статья, - деп жауап береді бұл.

Әрине, басқа статьямен отырғандар мұның кәнісіздігіне күмәнмен қарайды. Ал, осындай баппен отырғандар ғана ептеп түсіністік танытқандай болады. Дегенмен де мұндай баппен тергеліп жатқандар кейіннен қайтып оралмайтын болды. Оның сыры кейін анықталды. Өйткені, ату жазасы кесілген соң оны мұнда әкелмейді, жеке камераға отырғызады да, сол жерден үкімді орындауға алып кетеді.

Алғаш рет жауапқа шақырғанда ол орнынан тұрып есікке қарай беттеген, сол кезде староста ақырын ғана жанына келді де:

- Ештеңені мойныңа алма. Ештеңеге қол қойма, - деп сыбырлады да, бұрылып кетті.

Түрмеде екі түрлі заң болады. Оның бірі жазылған заң болса, екіншісі – жазылмаған заң. Мұның екеуін де бұлжытпай орындау керек. Әлекең олардың бәрін бұрыннан білетін. Сондықтан оның алғашқы қалыптасу кезеңі жылдам өтті. Камерада отырғандар оған тез үйренісіп кетті. Өйткені, оның білімпаздығы, қандай сұраққа болсын біліктілікпен жауап беретіндігі отырғандарды тәнті еткен.

Күнделікті кешкі астан соң камерада отырғандардың бірі хабарлама жасайды. Олар кезекпен старостаның айтуымен ауысып отырады. Ал, Әлекең отырғаннан бері оның жиі хабарлама жасауына тура келген болатын. Өйткені, отырғандардың өздері оны қолқалайтын болды. Әлекең қандай сұраққа болсын жауап береді, қандай тақырыпқа болмасын әңгіме өткізе алады. Басқалар сияқты бұлданбайды да.

Кейде тергеуден шаршап-шалдығып оралатын кездері болады. Ондай сәттерде камераластарының өздері де түсінеді. Бірнеше сағат бойы ағаш орындықта қозғалмай отыру немесе бір орында қозғалыссыз тұру адамды қатты шаршатады. Әлекең болса, соның барлығына төзе білді. Ақыры оны жарты ай ұстаған соң Қазақстанға енді баруға болмайтындығын ескертіп, шығарып жіберді. Камерада отырғандардың барлығы оны енді қайтып мұнда оралмауын тілеп, қимастықпен шығарып салды.

ӘМІРЕ ПАРИЖГЕ АТТАНДЫ

Әлекеңнің абақтыдан шыққандығы туралы хабар жан-жаққа лезде тарады. Келіп тұратындар, ниеттес жандар бар еді. Олар сол әдетін қайтадан жалғастырды. Бұрынғыдай емес, коммуналдық пәтерден шығуға да рұқсат бермейді. Әрбір қадамына есеп беріп отыруына тура келеді. Солай істеп қойған соң шара бар ма? Не десе де орындау керек.

Бұл кезде Смағұл мен Лизаның кішкентайлары дүниеге келген. Оған Ескендір деп ат қойды. Ескендір Зұлқарнайындай батыр, халқының қамқоры болсын деген ниеттен туған есім. Ол туралы Абай Құнанбайұлының дастанын оқыған еді. Өте көркем дүние екендігіне таң қалып, таңдай қаққан. Абайдың шығармашылығымен танысқаннан кейінгі оқыған дүниелерінің бірі еді.

- Қызым, оқуың қалай? – деп қояды Лизаға. – Кешкі астан соң.

- Жақсы, әке. Ертең семинар бар еді, соған дайындалуым керек, - деп Мәскеу мемлекеттік медицина институтына түскен ол өзінің сабағына кіріседі.

- Смағұлдан хабар бар ма? – деп ақырын ғана қызына қараған еді, ол болса жай ғана жымышып:

- Оны Қазақстан басшылығы босатпай жатыр. Қалай мүмкіндік болады, бірден Мәскеуге тартамын деп хабарласты...

Алдында үйіліп жатқан кітаптарды көзімен бір шолып өткен Әлекең енді ғана қолына қаламын ала берген. Сол кезде төсекте орауда жатқан Ескендір қыңқылдады. Оның дауысын есітген қызы орнынан көтеріліп еді, «сен әуре болма» дегенді білдіріп, қолымен ишара жасады да, өзі орнынан тұрды. Кішкене шөлмекке жылы сүт құйып, рэзеңке емізік кигізіп қойған еді, соны қолына алып, немересінің жанына келді. Емізікті аузына салған нәресте бір-екі тамсап жұтты да қайтадан ұйықтап қалды.

- Сен алаң болма, қызым. Сабағыңа әзірлен. Кенканы (бұл кезде барлығы Ескендірді «Кенка» атап кеткен) өзім қараймын.

Күні бойы жазудан, оқудан қолы босамайтын әкесінің аялы алақанында шек жоқ. Жаны жұмсақ, қамқор әке еді, енді Ескендір туғаннан бері тіпті балажан болып алды. Лиза күні бойы сабақта, Өкітай да политехникалық институтқа түскен. Ол тіпті, түн ортасында келеді. Сонда күні бойы баланың жанында атасы отырады. Жаялығын ауыстырады. Бұрын балаларының жас кезінде өмірі қарап көрмеген әке енді немересін бағатын болды. Өкітай оны да айтып, әкесін қағытып қояды.

- Сендер шешелеріңнің қарамағында болдыңдар. Кенка енді менің қарамағымда. Дүние кезек. Қызғанып отырсың ба, әкеңді? – деп Әлекең де әзілмен жауап қайтарады.

Жиырма жетінші жылдың соңына қарай «штат қысқарту» деген сылтаумен, Росиздаттағы қызметінен босап қалған. Мақалалары жарық көрген басылымдардан қаламақы келеді. Лиза мен Өкітайдың шәкіртақылары төртеуіне жетеді. Кейде Смағұл көмектесіп тұрады.

Кейде ел жақтан келген ағайындар сәлем беріп кетеді. Олардың бұл үйге келуі өте қауіпті екендігін Әлекең жақсы біледі. Кірген-шыққан адамды бакылап отыратындар, оларды тиісті жерлерге жеткізетін жансыздар бар. Ал, бұл туралы елден келген адамдарға қалай айтады, оларға қалай «Келме!» дейді. Осы жағы қиындау болды. Бірақ салпаңқұлақтарға елдің барлығының қажеті жоқ. Олар тек қазақ зиялыларына ғана жаудай тиеді.

Содан бірнеше күн өткен. Түс ауған шақ. Кенканы ұйықтатып қойып, тағы да қағазына кіріскен. Кенет есіктің қоңырауы шылдырады. Осы үйдікі екендігі дауысынан белгілі. Қатты шылдырағанда бала оянып кетпесін деп Өкитай қоңырауды шүберекпен орап қойған болатын. Қазір қоңырау сияқты емес, тызылдаған бірдеңе естіледі. Әлекең ақырын ғана барып есікті ашқан.

Есік алдында дөңгелек жүзді, ортадан жоғары бойы бар, еуропалық үлгіде киінген екі қазақ жігіті тұр екен. Әлекең скеуін де танымады.

- Біз сізге келіп едік, Әлеке. Сәлем берейік дедік...

Екі жігітті бастап жүрді.

- А, солай ма, онда жоғарылатындар. Тек сіздерден бір өтініш – қатты дауыстамай сөйлесейік. Немерем ұйықтап жатыр еді. Оянып кетсе – шатақ шығарады...

Олар дәліздің түкпірінде орналасқан бір бөлмелі коммуналкаға келіп кірді. Екеуі айнала қарап қояды. Сірә, Алаш көсемі алты қанат ақ ордада тұрып жатыр деп ойласа керек.

Жігіттер ауылдың жағдайын, өздерінің көрген-білгендерін айтып жатыр. Сөз сыңайларына қарағанда бірінің Әміре Қашаубаев екендігін, оның Парижге ән салуға кетіп бара жатқандығын білді. Түрін ұмытыңқырап қалғандығы болмаса, Әмірені Әлекең бұрыннан білетін, Қоянды жәрмеңкесіне барғанда әнін де тыңдаған. 1924 жылы Семейде өткен өнерпаздар байқауында Қали Байжанов скеуі бас жүлдеге ие болғандығын газеттерден оқыған. Бірақ бетпе-бет кездесіп, сөйлесіп отырғаны осы. Екінші жігітті орысша тіл білетіндіктен, Әміреге жолбасшы етіп жіберіпті.

- Иә, Әміре, жол болсын! Парижге бару деген үлкен оқиға. Европаға жай адамды жібермейді. Сондықтан да оған өте жақсы дайындық керек.

Біраз әңгімелескен соң Әлекең шамалы ойланып отырып қалды да:

- Жарайды, ертең тағы соғып кетсеңдер болады. Міндетті түрде соғындар, - деп шығарып салды.

Екеуі шығып кеткеннен кейін Нәзірге телефон шалды:

- Маған жанында жолбасшы кісісі бар Әміре келіп кетті. Парижге барып ән салмақ екен. Ол туралы ештеңе білесің бе?

- Иә, Парижде дүниежүзі халықтарының этнографиялық концерті болмақ. Әмірені сонда ән салуға жіберіп отыр.

- Этнографиялық дейсің бе? Онда оның үстіндегі киімі де соған сай болуы керек қой. Бұл туралы ойластырылды ма екен?

- Ол жағын білмедім...

Ертеңіне Әмірелер келген соң оның қандай киім киетіндігін сұраған.

- Кәдімгідей, елдің бәрі киіп жүрген киімдер, - деп жауап берді жанындағы жігіт.

- Ал, қандай ән айтасың?

- Қазақтың әндерін, «Ағаш аяқ», «Қаулау», «Бес қарагер» сияқты әндер..., - деп жауап берді Әміре.

- Жарайды, онда тыңдап көрейік.

Бұл кезде бір жасқа әлі тола қоймаған Ескендір ойыншықпен ойнап отырған. Келімді-кетімді кісі көп болатындықтан, кісі жатырқауды білмейді. Сондықтан да домбырасын ала келген Әміреге ән салғызып көрді. Бала мәз болды. Бірақ жадыраңқы отырған Әлекеңнің қабағы түсіп кетті. Өнді нәшіне келтіре, әуелете шырқағанымен, оның сөзі көңіліне жақпады. Ол көбіне ауылда, кейде жәрмеңкеде ән шырқап үйренгендіктен, әннің сөздері елді күлдіруге ыңғайланғандығын, кейбір әндердің сөздерінің бұрмаланып кеткендігі сондай, тіпті, естуге ұят екендігін бірден байқады. Бұдан соң коммуналкадағы басқа елдің мазасын алмас үшін Әмірені арнайы студияға апарып ән салғызып көрді.

- Қарғам, Әміре, айтып жүрген әндеріңнің сөздерін толық білмейді екенсің ғой. Сен өзіңнің әншілігіңмен халыққа танымал болған адамсың. Бұлай болмайды. Халық енді сенен үйренеді. Әнді өзінің сөзімен, ештеңе қоспай, дұрыс айту керек...

Осыдан соң Әлекең ерінбей-жалықпай, қате жерлерін түзетіп, ән сөзін жаттатқызған соң оларды арнайы студияға ертіп барып, әнін шырқатып, «Бес қарагер», «Дударай», «Смет», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Ағаш аяқ» және басқа әндерді фонографқа жаздырып алды. Оны өзіне тыңдатты. Өз дауысын өзі өмірі естіп көрмеген Әміре аузын ашып, таңданды да қалды.

Әннің мәселесі біткен соң киімге келді:

- Әміре, сен Париж сахнасына осы киімдеріңмен шықпақсың ба?

Әміре «сахна» деген сөзді алғаш рет өткен жылы Семейде өткен өнерпаздар байқауында естіген. «Сахнаға шығу» дегенді биік бірнәрсенің үстіне шығу деп ұғып қалған бұл «Ол қай жерде?» деп сұраған еді. «Сахна деген мынау, өлең айтатын жер» деп түсіндірді.

Сол есіне түскен Әміре аздап жымыып алды да:

- Иә, осы киіммен шықпақ ойдамын, - деп нық сеніммен жауап берді.

Бірақ бұл жауап Алаш көсеміне ұнамай қалды.

- Жоқ, болмайды! Сен басқа ұлттың адамы емессің ғой, қазақсың. Оның үстіне этнографиялық концертке кетіп барасың. Үстіне қазақтың ұлттық киімін киюің қажет. Сен сахнаға шыққанда көрермен жұртшылық «қазақ деген осы екен ғой, киімдері осындай болады екен ғой» деп ойлайтын болсын, - деп түсіндірді.

Әлекең дереу біреулерге телефон шалып, қазір келетіндерін, қазақша киімдер қажет екендігін айтып, сонда ертіп барды да, Әміреге қазақша шапан мен шалбарға, сеңсең бөрікке және қазақша қисық жағалы жейдеге тапсырыс берді. Оларды тез арада тігіп шығуға міндеттеді. Барлық киім дайын болған соң үйіне әкеліп киіндіріп, етігінің өкшесін жөндеп беріп, мерзімді уақыты келген соң аттандырып салды.

Бұл туралы Әлекең Ахмет Байтұрсынұлына арнаған бір хатында: «Әміре Қашаубайұлын Парижге жібермекіші. Ол бір де бір әннің сөзін толық білмейді. Болмайтын нәрсені айтады. Мен оны әншілердің арнаулы үйіне апарып, ән салдырдым. Әйтсе де, Әміре ән салған кезде қатты ұялдым. Айтқан әнінің сөзінде пәтуа болсашы. Бір ән сөзін жаттатуға болушы еді ғой. Өзі орыс меццаны сияқты киінеді. Оны дұрыстап киіндіру де соншалықты қиын іс пе еді?» - деп ренішті түрде жазған екен.

Риза болып Әміре кетті. Бірақ ол өзін ол жақта қазақтың тағы бір зиялы адамы қарсы алатынын әзір білмейтін еді.

Парижге келген соң кезекті концертке дайындалып жатқан. Көмекшілердің бірі келіп:

- Сізді бір азиат күтіп жүр, - деді.
- Кірсін, мен қазір боспын ғой...
- Жоқ, мұнда кіруге болмайды, өзіңіз шығып жолығуыңыз керек.
- Онда, шығайын.

Дайындық жүріп жатқан театрдың қосалқы есігінен сыртқа шыққан Әмірені европалықтарша киінген қазақтың қара-торы жігіті қарсы алды.

- Сізбен қазақтың бір атақты азаматы кездесем дейді, - деді әлгі жігіт амандықтан соң.

Әміренің көзі атыздай болды. Аттанар алдында НКВД-нің бір қызметкері келіп, ол жақта ешкіммен жолықпау, ешкіммен сөйлеспеу, шақырған жерге бармау туралы ескерткен болатын.

- Жоқ, маған ешкіммен сөйлесуге болмайды, - деп анығын айтты.

- Оны біз де білеміз. Бірақ бұл жай адам емес, атақты Мұстафа Шоқайдың өзі сізді көргісі келеді...

Әміре мына сөзге сенерін де, сенбесін де білмей, аңырып тұрып қалған. Тілін жұтып қойған адам сияқты. Есіне ескерту түсіп, қаймығып тұр. Мұстафаны да көргісі келеді.

- Ол үшін еш алаңдаудың қажеті жоқ. Кешкісін өздеріңіз тоқтаған қонақ үйдің алдындағы баққа шықсаңыз болды...

Әміре келісімін беріп, айтқан уақытында баққа келді. Көп ұзамай Мұстафа да көрінді. Әдеміше келген, дөңгеленген сақал-мұрт қойған, қолында таяғы бар. Басына қара шляпа киіпті. Бұрын атын ғана естігені болмаса, өзін көрмеген Мұстафаға таңдана қарап тұрып қалды. Жасы өзімен шамалас, не аздап кішілеу сияқты.

- Аманбысың, бауырым! Кел құшақтаса амандасайық! – деп құшағын айқара ашып келіп, шын сағынған адамның пейілімен бауырына құшырлана қысты. Әміре оның киімінен иіссудың жеңіл ғана жағымды жұпар иісін сезді.

Сол жердегі орындыққа жайғасқан соң ел-жұрттың амандығын сұрады. Әміренің осы этнографиялық концертке келетіндігін Парижде шығатын «Фигаро» газетінен оқығандығын, өзінің туып-өскен елінің амандығын білу үшін келгенін айтты. Мәскеу жаңалығын, онда кімдермен жолыққанын сұрады.

- Мәскеу тамаша қала екен, аралап көрдік. Мәдениет министрлігінде түскі ас берді, - деп Қыр қазағының әдетімен көрген-білгенін ақтара салды. – Бәлі, бәрінен де Алаш көсемі Әлекеңмен кездескеніміз тамаша болды. Ол кісінің былай қарағанда түсі суық сияқты болғанымен, жаны жұмсақ адам екен. Менің бүкіл әндерімнің сөзін дұрыстап жазып беріп, қайта жаттатқызды, киімімді ауыстырып, қазақша киіндірді, тіпті етігімнің өкшесіне дейін жөндеп берді...

- А, солай ма? – деген Мұстафаның бірден жанданып, етігінің өкшесіне көзін тіккенін байқаған жоқ, әңгімесін одан әрі жалғастырып жатыр.

Бұдан соң әңгіме онша көп ұзаған жоқ.

- Менімен кездескеніңіз туралы ешкімге тіс жармасаңыз да болады. Біз тағы да келеміз, - деп қоштасқан Мұстафа кейін бұрылды, сол-ақ екен Әміреге кеше келіп жолыққан жігіт ағаш арасынан шықты да, екеуі әрмен қарай аяндап кете берді.

Әміре болса, олардың соңынан қараған беті тұрып қалды. Бұл кездесуді неге жорырын білмеді. «Атақты Мұстафа Шоқай неге келді, неге кетті?»

Дегенмен бұл кездесудің сырын кейін ұққандай болды. Ертеңіне түстен кейін, Әміре театрдағы дайындықтан шыққан соң бұларды, жанындағы ертіп жүрген адаммен қоса, есік

алдында күтіп алды. Қонақасы беру үшін Мұстафа Шоқайдың күтіп отырғандығын айтты. Бұлардың келісімін алған соң арнайы фозтонға отырғызып, жарты сағаттай жол жүріп, бір ресторанға алып келді.

Онда кірген кезде көргеніне таң қалған Әміренің ауызына сөз түспей қалды. Кіргеннен бастап эппақ мәрмәр таспен көмкерілген. Жағалай айна. Еденіне кілем төселген. Бұрыштарда адамдардың тас мүсіндері. Енді бір жерде субұрқақ орнатылыпты. Сарықарап ағып тұрған судан салқын леп еседі. Мұндайды өмірі көрмеген Әміре жағалай қарай береді.

Ұзын дәлізбен келіп, бір бөлмеге кірді. Қазақша кілем төселіп, қабырғаларына қазақ батырларының сауыт-сайманы ілініпті. Бір бұрышқа қазақша ертоқым, ат әбзелдері қойылыпты. Төр алдында қасқыр ішік пен түлкі тымақ ілінген. Тап бір қазақ байының үйіне келгендей әсерге бөленді. Келген қонақтардың барлығы да төрге аяқтарын шешіп шығып жатыр екен, Әміре де босағаға отыра қалып, былғары етігін сыпырып тастады да, төрге қарай өтті.

Көп ұзамай Мұстафаның өзі де келіп, отырғандармен жағалай қол алысып, амандасып шықты. Одан соң оларға Әмірені таныстырды. Оның Парижге этнографиялық концертте ән шырқамақ екендігін айтып өтті.

Тағы быр қызығы – бұл жердегі дәмнің барлығы қазақша дайындалып, қазақша тартылады екен. Қызметшілерінің барлығы да қазақ жігіттері. Ет желініп болған соң Әміреге қолқа салынды. Ол қазақ әндерін, Мәдидің, Жаяу Мұсаның, Ақан серінің әндерін шырқады. Ән айтқан кезде арқасы қозып, дауысы бұрынғыдан да асқақтап кетті. Мұндай ерекше дауысты естімеген ресторан қызметкерлері есіктен сығалай қарап, естері кете таңдана қарап тұрды. Сондай сәттің бірінде Әміре босаға жаққа көз салған. Өзінің шешіп қойған етігінің орнында жоқ екендігін байқады. Бірақ бірдеңе деп айтуға мұршасы жоқ, әнді асқақтата, нәшіне келтіре шырқап отыр. Қол орамалымен тершіген маңдайын сүртіп қояды. Қайтар кезде етігі есіне түсті де, босаға жаққа қарады. Міне, ғажап, етігі сол орнында, тек басқашалау жатыр. Тамақ ішіліп, әңгіме-сұхбат аяқталған

соң Мұстафаның өзі келіп қоштасты. Ертеңгі концерттің жай ғана ән салу кеші емес, үлкен бәсекелік орта екендігін, оған өте жауапты болу қажеттігін ескерте келіп, сәттілік тіледі. Ақысы күні бұрын төленген арнайы пәуеске бұларды қонақ үйге жеткізіп салды.

Ертеңіне Ресейдегі әр түрлі ұлттардың өнер көрсететін кезегі болатын. Энографиялық концертке жұртшылық көп жиналыпты. Театрдың маңы қаптаған халық. Әміренің жолбасшысы оны сыртқы жағындағы есік арқылы алып кірді.

- Біз бүгін нағыз өнер ордасына барамыз. Ол жерде Францияның королі бастаған жер шарының талай елінен келген игі жақсылар болады. Театрдың өзі де біз күнде барып жүргендей емес, одан әлдеқайда үлкен, халық та көп жиналады, - деп ескерткен болатын жолбасшысы.

Расында да бұл күндегі жаттығу өткізіп жүрген театрдан мүлде бөлек, әлдеқайда үлкен ғимарат болып шықты. Ішінің өзі керемет! Сыртында болатын балкондардың үйдің ішінде де болатынын бұрын көрмеген Әміре танданып тұрып қалды. Аздап жүрексіну де пайда болды. Не керек, Әміренің де ән шырқайтын кезегі жетті. Нәшіне келтіре шырқаған әндері жұрттың көңілінен шығып жатты. «Қанапия», «Ағаш аяқ», «Қос балапан» әндерін келістіре айтып берді. «Үш дос»-ты айтып болған соң, орнынан тұрып, жұртшылыққа бас иер сәтте ортада отырған Мұстафаны байқап қалды. Жанындағы біреуге бірдеңені түсіндіріп айтып жатты.

Әміре осы жолы тағы да басқа әндерді орындап, екінші орынға ие болды, күміс медальмен марапатталды. Алпыстан астам елдің өнерпазы қатысқан этнографиялық концертте «бұратана» халықтың өкілінің екінші орынға шығуы үлкен оқиға болды. Дүниежүзінің көптеген газеттері Әміре туралы жарысып жазып жатты. Сорбона университетінің профессоры Перно оның бірнеше әнін фонографқа жазып алды.

Қайтар жолда тағы да Әлекеңе соғып, болған жайдың барлығын айтып берді. Бірақ Әлекең бұлардың барлығын француз басылымдары арқылы біліп отыр екен. Соған қарамастан оның алған әсерлері туралы әңгімесін құлақ сала тыңдаған еді.

Әміренің алтын дауысы жазылған фонографты 1974 жылы белгілі музыка зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Жарқын Шәкәрім тауып алды. Ол әндер техникалық өңдеуден өткізіліп, қайтадан жазылып алынды. Міне, Әміренің дауысының бізге жетуіне Әлекеңнің үлес қосқандығына бұл да бір айқын дәлел.

Әлекең Әміренің етігінің өкшесіне хат жазып салған екен, Мұстафа соны алыпты-мыс деген сөздер айтылады. Бұл да тиісті жерлерде «мұқият тексеруден өтіпті». Оған қоса Әміре өзінің Париж сапары туралы алған әсерлерін аузынан тастамай, үнемі айтып жүреді дейді. Сондай сәттерде: «Сендер қазақпыз деп мақтанасындар ғой. Мен нағыз қазақты Мәскеу мен Парижде көрдім», - дейді екен. Бұл сөз «үш әріптің» құлағына жетіп, оның мезгілінен бұрын жер жастануына себеп болды деген де ел арасында әңгіме бар.

Әміренің осы сапары жайлы ел арасында тараған әр түрлі әңгімелер көп. Соның бірінде мынадай дейді:

«Сахнаға шыққан Әміре жұртшылыққа ишаратпен бас иген соң, домбырасын қағып-қағып жібереді. Сөйтсе, тиегі жылжып кеткен екен. Ауылдағыдай, тиегінің астына түкіріп жіберіп жөндеп, құлақ күйін келтіре бастапты.

Сахнада түкірген өнерпазды өмірі көрмеген европалықтар түк түсінбей, таңғалып қарап қалыпты. Тек қазылар алқасындағы француздың бірі анадай жерде отырған аудармашыны ымдап шақырып алып:

- Мына киргиз не істеп отыр? – деп сұраған екен.
- Домбыраның тиегі жылжып кеткен ғой, - деп жауап беріпті ол.
- Онда неге түкіреді? – деп кадала түседі француз.
- Ничего страшного, это казахский клей, - депті аудармашы еш саспастан, оның құлағына сыбырлап».

Қалай дегенмен де Әміре шет елде өнер көрсеткен, қазақ деген халық бар екенін танытқан тұңғыш қазақ әншісі ретінде тарихта қалды.

АБАЙДЫ АРДАҚ ТҮТТЫ

Қолына алған шағын кітапты әлі қарап отыр. Өткенге ой жүгіртіп, болашақты болжамдаған сынайы бар. Бұл шағын кітап Абай Құнанбайұлының Санкт-Петербургтегі Бурганский баспасынан жарық көрген тұңғыш жинағы еді. Оқи-оқи кейбір өлеңдерді жатқа да айтатын болды. Тіпті бұл өлеңдерді баспадан шықпай тұрған, қолжазба күйінде оқығанда есінде сақтаған еді. Егер табан астында айтып бер десе де ағыза жөнелердей:

- Жазғұтырым қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырған жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталасып,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,

Жайрандасып жас күлер құрбысымен...

«Мынау нағыз жаз бейнесі! Бір ауыз артық сөзі жоқ. Ахмет осыны білген екен ғой. Ойпыр-ай, біздің Ахметтің білмейтіні болсайшы...»

Осыны ойлаған Әлекең басын шайқап біраз отырды. Одан сайын терең ойға кетті. «Япыр-ау, осы біз өзіміздің алтынымызды көрмей тұрып, елдің жасығына кызығатынымыз қалай? Мұндай сурет озық ойлы Еуропа ақындарының өзінде өте сирек кездеседі».

Иә, ол – Абай! Абай Құнанбайұлы. Тобықтының арасынан шыққан, әкесінің жолын қуып, өзі де болыс болған, атақты болыс, тамам жұртқа танымал Өскенбайдың Құнанбайының баласы. «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп Абайдың өзі айтқандай, әттең шіркін, дер кезінде біле бермейтініміз өте өкінішті.

Әлекең Абай есімін ғасыр басында естіген еді. Ресей астанасында оқып жүрген шағы болатын. Еліне Желтауға барып, қайтар сапарында Қарқаралыға соққан. Осындағы үш сатылы мектептің директоры Ахмет Байтұрсыновпен бұрыннан таныс еді. Әдейі соққандағы мақсаты – Ахаңа жолығу болатын. Екеуі мектеп дәлізінде күшақтаса амандасты.

Директордың кеңсесінде хал-жағдай мен амандық-саулық сұрасып болған соң әңгімені көпке созбай, елде болып жатқан жағдайға бірден ауысты.

- Қарашекпендер қаптап барады. Егер мұны тоқтатпаса, біздің халық ертеңгі күні жерсіз қалып, малын жайылымға шығара алмай қалады. Сондықтан да, осы мәселені терең ойластыруымыз қажет.

- Бұл туралы тиісті жеріне жазбаса болмайды. Осы жай мені де қатты толғандырып жүр, - деп Ахмет те қостап қойды.

- Иә, Аха, сіз бұл жайды жақсы білесіз. Бұған біздің халқымыздың қара танымайтын сауатсыздығы қатты бөгет болып тұр. Көп жағдайды қалың жұртшылық әлі түсіне бермейді.

- Тап солай, Әлеке, біздің мектепте оқитындардың барлығы осы Қарқаралының казак-орыстарының балалары. Бірлі-жарым ғана байлардың балалары бар. Ол туралы Мына Шыңғыстаудың қазағы Абай былай деп жазыпты:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім...»

Міне, көрдіңіз бе, ақын біздің халықтың оқу-білімге ұмтылмайтындығын тамаша тап басып айтқан...

- Мұны жазып отырған Абай деген кім?

- Тобықтының бір адамы. Семейден тек үш класс медресе ғана бітірген. Бұдан кейін оқи алмай қалыпты. Мен оның өлеңдерінен нағыз ақындықты көріп отырмын. Оның жазу үлгісі мүлде жаңа. Біздің мына ауыл ақындарындай емес. Бұрынғы қазақтың фольклор нұсқасында қалыптасқан поэзиясына мүлде ұқсамайды. Ойындағыны дөп басып, тура айтады...

Абай туралы Әлекең жақсылап сұрап алды, кейбір жайларды қағазына түртіп қойды. Ахаңның жазып алғандарын оқып шығып, шын тұщынды. Осыдан бастап құлағын түре жүріп, Абай туралы естігендерімен толықтырып отырды.

Семей облысы статистика комитетінің мүшелігінде Ибрагим (Абай) Құнанбаев та болды, бұл кезде Әлихан да осы комитеттің құрамында еді. Өлеңдерімен Ахаң арқылы танысқан, әрі «Дала уәлаяты» газетінде жарияланып жүретін, газет бірнеше рет «данышпан Ибраһим» деп атаған, «Жаз» деген өлеңінің аудармасымен осы газеттің орсыша қосымшасы арқылы танысқан ақынды келер-ау деген үмітпен Әлекең комитет отырысынан қалмауға тырысты. Бір жолы ол жолықпаққа тырысқан, бірақ есіктен кіріп келе жатқанда бұрыштан сығалап тұрған «салпаңқұлақтың» бірін байқап қалған. Содан да «жолығамын» деген ойынан тез айныды. Жолыққан, сөйлескен адамдарының барлығының соңына шала байланатынын, тексеріп әуреге салатынын Әлихан жақсы білетін. Абайдың жанынан еріксіз үнсіз өте шығуына тура келді. Данышпан ақынды әуреге салуға себепші болғысы келмеді. Сөйтіп, кездесуді келесі жолға қалдырған еді. Бірақ науқасқа шалдыққан Абай бұдан соң комитеттің отырысына келе алмай қалды. Оған кейіннен естілгендей, сол 1903 жылы 25 сәуір күні патша жандармериясы Абайдың үйін тінтіп, бір шабадан қолжазбасын алып кеткендігі де себеп болған сияқты.

Бұл оқиға ойына түссе әлі күнге дейін Әлекеңнің іші ашиды. Уезд бастығы Навроцкий акті жасап, қол қойып ақынның жазбаларын алып кетіпті. Кейіннен араб қарыптарымен жазылған қолжазбаларда, газеттер мен журналдарда, кітаптарда үкіметке қарсы ештеңе жоқтығын жазғанымен сол шабадан ақыры үшті-күйлі жоғалды. Қазақтың даналық ақыл-ойына, әдебиетіне орны толмас нұқсан келгенін ойлағанда Әлекеңнің сай сүйегі сырқырайды. Қаншама асыл мұра жоқ болды. Оны іздеуге де Абайдың мұршасы болмай қалды. Содан жылға толмай, өзі қайтыс болып кетті.

Әлекең Абайды екі рет әдейі іздеп барған еді. Бұл туралы ол ешкімге тіс жарған жоқ. Бірінде Щербина экспедициясымен жүрген шағы болатын. Онда да салпаңқұлақтардың қырағы көздерінен тасаға кете алмайтын. Оның үстіне экспедиция басшысының өзіне де сенім жоқ. Жер жағдайын жақсы білетін Әлекең бұлардың қосыны Абай аулына жақын жерге келіп орналасқанын сезді. Жақын маңдағы ауылдардан сұрастырып білсе «мына қырдың астында» дейді. Қазақтың «осы жер» дегені, «көш жер» болатынын бұл жақсы түсінеді. Күні бойы экспедицияның тиісті жұмысымен ел-жұртпен сөйлесіп, деректер жинап жүріп қай қыр екенін, неше қыр екенін анықтап алған. Сонда білгені – Абайдың жайлауы осы жерден небәрі үш-төрт шақырымдай ғана. Ертеңіне Абай аулына ат басын әдейілеп бұрды.

Қыр асқан кезде жағалай орналасқан ақ шаңқан киіз үйлер бірден көзге шалынды. Төменгі жақта кедей-кепшіктердің қараша үйлері тігілген. Кәдімгі өздері көріп жүрген ауылдардан еш өзгешелігі жоқ. Сақтық жасауды Әлекең қашан да бірінші орынға қояды. Осы экспедиция қызметкерлері арасында да бір тыңшы жүргендігіне бек сенімді. Сондықтан, Абайдың үйіне бірден жетіп бармай, алдын ала барлау жасады. Сөйтсе, Абай осыдан екі-үш күн бұрын бір жұмыстармен Семей жаққа жол жүріп кетіпті. Өзінің жолыға алмай қалғанына қатты қапаланды. Бірақ, Әлекеңнің елде жүргенін естіген Абайдың немере інісі, өзінің туған бөлесі Шәһкәрім келіп, біраз әңгімеге қанықтырды. Одан Абайдың көптеген жаңа жырларын жазып алды. Ақын туралы бірталай мағлұматтарға қанықты. Бұлардың барлығы да ақын туралы өз ойларын ортаға салып, оның асқан ғұламалығын тамсана айтумен болды. Кәкітаймен үш жыл бұрын күз айларының бірінде танысқан еді. Ол да келіпті. Бірақ, жүрген жерінде дабыралата беруді онша ұната қоймайтын Әлекең олардың мал сойып, қазан көтеру туралы ұсынысынан сыпайы ғана бас тартты. Басқа бөтен ешкімді қосудың жөні жоқ екендігін, ертеңгі күні бұл келіс туралы сөз студің де қажетсіздігін ескертіп өтті.

- Осы отырған өзіміз де бір ауыл адамға татимыз ғой. Шәкеңнің өзі-ақ тыңдаушы да, айтушы да бола алады...

Шамалы ойланып алды да:

- Солай емес пе, бөле? – деп Шәһкәрімнің бетіне жымылып қана қарады.

Онша көп жымыя бермейтін, оның суық жүзіне жылу ұялағандай болды. Одан соң Кәкітайға қарады:

- Өзіңнің не жазғандарың бар? Мүмкін ортаға саларсың...

Әлекеңнің назар аударғанына марқайып қалған Кәкітай көп ойланған жоқ, кейінгі жазғандарынан бір-екі өлең оқып берді.

Сол кеште жас ақындар Әлекең алдында бір көсілгендей болып, көңілдері өсіп қалған еді. Ол кісі бұлардың талаптарын шыңдай берулеріне тілектестік білдіре отырып, өлеңге деген көзқарастың, оны халыққа жеткізудің жолдарын, көркем тәсілдерін Еуропа ақындарынан, олардың орыс ақындары Пушкин мен Лермонтов арқылы жеткен жырларынан, солардан тәлім алған ақын Абайдан үйрену керектігін баса айтты. Алаштың болашақ басшысының кейбір сөздеріне қарағанда Абай ағаны ол көптен білетін, тіпті жақын біліс адам сияқты болып көрінді. Бірақ олардың көкейіне «Қашан және қай жерде кездестіңіз!» деген сұрақ ұялағанымен, ешқайсысының батылы жетіп, ауыз аша алмады. Көп ұзамай Әлекеңдер аттанып кетті де, жолаушылар қыр асқанша сондарынан бұлар ұзақ қарап тұрып қалды...

Үлкен Кисловский мүйісіндегі үйінің пәтерінде ұйқамақта отырған Әлекеңнің сырт қараған адамға қолы бос, істейтін ісі жоқ кісі сияқты болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ ол жазудан қолы босамайтын, тек қалт еткен кей сәтте өткен өміріне көз салып, өзінің бастан кешкендерін жиі еске алатын болып алған. Бірде ақын Абайды іздеп, сонау Жидебайға екінші рет барғаны ойына оралды.

...Мамырдың соңғы күндері еді. Бұл уақытта Арқада қар аралас жаңбыр жауып, күннің суытатыны белгілі. Осы күндері киіктер лағын өргізетін болғандықтан, Арқа қазағы бұл амалды «құралай» деп атайды. Соның салдары болар ауа райы салқын тартып тұрған. Өзі көрген баяғы Шыңғыстау сол

бұрынғы қалпында. Дегенмен көз алдына түнеріп, қалың ойға берілген, қажыған қарт сияқты елестеді. Неге бұлай көрінгенін, өзінің ойына ондай көріністің қайдан келгенін түсіне алмаған. Табиғат пен адамның ішкі жан-дүниесі егіз болатындығын білетін Әлекең оны көп жағдайда байқап та жүрген. Бұл жолы тіпті, айнымай тура келді. Абай аулына жеткенде ақынның қатты науқас екенін естіді.

Әдеттегісінше ешкімге дабыраламай, қайда барытынын жарияламай Омбыдан әдейі арнап шыққандағы мақсаты – Абайды бір көру, биылғы жылы 14 мамыр күні дүниеден өткен, әлі қырқы да берілмеген, жақсы көретін ұлы Мағауияға көңіл айтып, құран бағыштап, ақын Абайды жұбатып қайту болатын. Алғашқы барған сапарында жолыға алмай қалған өкініші көпке дейін көкейінен кетпей жүрген еді.

Бұрыннан танитын Кәкітай мен Шәһкәрімдер қарсы алған. Олар Абай ағаның қазіргі халін қазақтың салтымен тұспалдап жеткізген.

- Ақын ағаның науқасы дендеп кетті, бөле. Үй іші ешкімнің кірмегенін дұрыс көріп отыр, - деді Шәһкәрім жағдайды жеткізіп болған соң.

Бұл сөздің мағынасын Әлекең жақсы түсінді.

- Сонау Омбыдан ат арытып келгенімде ақынды көрмей кеткенім дұрыс бола қояр ма екен? Қалай ойлайсындар?

Маңында тұрғандар бұл сөзге қарсы уәж айта алмады. Бір-біріне қарап тұрып қалды. Сол сәтті пайдаланған Әлекең есікке қарай беттеді. Жақын тұрған жігіттер есік ашып, оны Абай жатқан бөлмеге қарай бастап жүрді.

Әлекең кіргенде Абайдың төсекте сұлық жатқанын, оның жанында ауыл молласының дем салып отырғанын көрді. Қонақтар келіп, Абайдың төсегінің жанына тізерлей келіп жайғасты. Молла бір тыныс алған сәтте Әлекең жақындап, ақынның қолын алды да, қоштасқан ниетпен алақанына ұзақ салып отырып қалды. Көзі жұмулы жатқан жүзіне көз тастағанда бұрынғы өзі көрген Абайдың денесі арып, жүдегенін байқады. Осыдан бір жыл бұрын Семей облысы статистика комитетінің мүшелігінде болған олар, бір мәжіліске бірге қатысқан еді. Бірақ бір-екі ауыз ғана тілдескені болмаса, уақыттың тарлығынан сөйлесе алмай

қалып еді. Сол өкініштердің барлығы Әлекеңнің тамағына өксік болып тірелді.

- Алла жеңілдігін берсін, - деп орнынан көтеріле бере тағы да көз салған еді, кірпігі дір етіп, көзін ашқысы келгендей сынай танытты, бірақ қабағын көтеруге шамасы жетпеді.

Жидебайдан еңсесі түсіп, аса ауыр көңіл-күймен, үнсіз ғана аттанды. Табиғаттың өзі де тұнжырап, аспанды түсі суық қара бұлттар торлап, жақындап келе жатқан оқиғаны алдын ала хабардар етіп тұрғандай болды.

Әлекең Абайдың мұндай күйге неліктен түскенін іштей болжамдап келеді. Жазғытұрым ақынның бір жәшік қолжазбасын, газеттері мен журналдарын, бірталай кітабын патша жандармдарының алып кеткенін естіген. Жаны нәзік, ақын адамға мұның өзі оңай тимесі анық. Сол қолжазбаның қайтарылмағанын да Жақып Ақбаев арқылы сұрастырып, білген болатын. Бұған енді Мағауияның қайғысы жамалды. Жол бойы Абайдың сұлық жатқан жүзі көз алдынан кетпей қойды.

Көп ұзамай Абайдың дүниеден қайтқан хабары да жетті. Сол күнгі Әлиханнның ішкі жан-дүниесінің қалай аласапыран, алай-түлей болғандығын айтып жеткізудің өзі қиын. «Ішім өлген, сыртым сау...» деп Абайдың өзі айтқандай жағдайға түскен. Дегенмен, өзіне-өзі келіп, есін тез жиды. Дереву қолына қаламын алып, Абайға арнаған қазанамасын жазуға кірісті. Жүрегі қан жылап отырып жазып шықты. Ойына не келіп, не кетпеді десеңізші!

Ақыры «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деген қазанама жазып, оны 1905 жылы «Семейпалатинский листок» газетінде, бір жыл өткен соң «Семейпалатинские областные ведомости» газетінде бастырды. Бұдан бір жыл өткен соң «Записки Семейпалатинского Подотдела Западно-Сибирского Отдела императорского русского географического общества» кітабында Абай Құнанбаев туралы құнды мәліметтер жариялады. Сөйтіп, Абай туралы мақала тұңғыш рет орыс тілінде жарық көріп, басқа халықтар да ақынның есіміне қанық бола бастады.

«Семейпалатинский листок» газетінде бастырған қазанамасында: *«Абайдың өз шығармалары мен Пушкиннен,*

Лермонтовтан, Крыловтан жасаған аудармаларын ұлы Тұрағұл жинап, таяу арада императорлық Россияның Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі басып шығарады», - деп жазған еді.

Әлекең уәде үдесінен шықпақ болған. Кітапты дайындау барысында қиыншылықтар көп болды. Ол кезде жазу машинкасы деген жоқ. Сондықтан да Абайдың қолжазбасын тасқа басу кезінде анық оқылатындай ету керек болатын. Оның да жолы табылды. Ауыл молдасы Мүрсейіт Бікеұлы өзінің маржандай жазуымен бүкіл өлеңдері мен ғақлия сөздерін көшіріп шықты.

Кәкітайды шақырып алды. Омбыға арнайы келген ол екі айдай жатып, Еленаның шайына қанып ішіп алған соң столға отырады. Әлекеңнің айтуымен Абай өлеңдерін бір жүйеге келтіріп алып кетті. Бірақ басқа да бір кедергілер кездесе берді. Ақыры кітаптың Семейден шықпайтыны белгілі болды.

- Бұлай істеуге болмас. Енді басқаша жолын іздейік, - деді бір күні шешімді сөйлейтін Әлекең Кәкітайға қарап.

Елден Тұрағұл да келген болатын. Ол да басқа қаладан шығару жолын қарастыру туралы ұсынысын айтты. Ақыры үшеуі келісіп отырып осылай еткеніміз дұрыс шығар деген тоқтамға келген.

Одан соң ақын Абайды халыққа таныстыратын алғысөз керек еді. Әлекең оны да өзі жазып шықты. Бірақ өз атынан жария ететін болса, тағы да қиындықтар одан да арта түсетінін сезіп, Кәкітайдың аты-жөнін тіркеді.

Бірақ кітап көпке дейін жарық көрмей, ақырында 1909 жылы Кәкітайдың алғысөзімен Санкт-Петербургтегі Бурганский баспасынан басылып шықты. Патшалық биліктің жергілікті әкімшілігіндегілер Абайдың кітабын қасақана шығартпай отырғанын түсінген Әлихан әдейі сонау Ресейдің астанасында бастырды.

Бұл туралы кезінде Міржақып Дулатов:

«Не шара! Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде алтын әріппен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында 60 жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа тарап, сынға түсіп

тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен бес жыл өткенде басылды,
- деген жазу қалдырғанын.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР, ЖАЛЫНДЫ ПУБЛИЦИСТ

Ахаң мен Мир Якуб (Міржақып Дулатов) Орынборға келісімен хабарласты. Айдауда жүргеніне қарамастан, Әлихан Орынборға талай рет астыртын барып қайтты. Ол барған сапарларында қазақша газет шығару ісі жан-жақты талқыланды болатын.

Газеттің қалай аталуы, онда қандай мәселелер көтерілуге тиіс және кімдерді қызметке тарту керек деген сияқтылар күн тәртібіне қойылды. Ал, оны қай жерден шығарамыз деген мәселе туралы көп сөз болған да жоқ. Өйткені, ол кезде Орынборда баспа және полиграфия ісі біршама өркендеп тұрған.

Сондықтан бұл іске бас-көз болуды Ахаң өз мойнына алды. Оған Мир Якуб көмекші болды. Әлихан алыста болғандықтан, тек сырттай басшылық жасауға тиіс еді. Енді газетті не деп атаймыз деген кезде Ахаң бірінші болып:

- «Қазақ» дегеніміз жөн шығар. Ұлтымыздың аты маңдайында қасқайып тұрсын. Онсыз да теперішті көп көрген халықпыз ғой, - деген еді.

Бұл сөзді Әлихан да қостай кетті:

- Өте дұрыс. Қашанғы біз «киргиз» болып жүреміз. Біздің кім екенімізді білсін. Осы атау маған да ұнайды. Менің де көкейімде жүрген болатын.

Қашан да Әлихан айтса – болды. Бұдан соң енді қайтадан бұл тақырыпқа оралған жоқ. Сонымен, газет атын «Қазақ» деп атауға пәтуаласты.

Ал, жергілікті оқыған қазақтардың М.Жұмабайұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, А.-Х.Жүндібайұлы, М.Тынышбайұлы және тағы басқа маңдайалды жетекшілері «Қазақ» газеті қызметкерлерінің арасында жүрді. Олар да мақала жасыз, өз үлестерін қоса бастады. Сол кезде «Қазақ»

газетінің ұйымдастырушыларының және негізгі авторларының бірі Әлихан Бөкейхановтың 1913 жылы «Қазақ» газетінің 24-санында «Ашылып ақыл жазатын қалім бар ма? Көкіректе сайрап тұр, қолымды заман байлап тұр» деуі тегін емес еді. Бұлардың әрбір қадамдары аңдуда болды. Сондықтан Әлихан әрбір материалын «Қыр баласы», «Сын степей», «V», «Киргиз-Степняк», «К.Степняк», «Туземец», «Арысұлы», «А.Б.», «Қ.Б.», «Ғ.Б.» деп қол қойған және басқа да бүркеншік аттармен жариялап отырды.

«Қазақ» газеті сол кезде Қыр өлкесінің тарихындағы тұңғыш ұлттық-демократиялық басылымы болған еді. Тұңғыш газет қолдан-қолға өтіп тез тарап кетті. Әуелгі кезде оның таралымы 3000 дана болса, кейбір деректерге қарағанда 1914 жылы 8000 данаға дейін жеткен. Бұл сол кездің өлшемімен алып қарағанда аса жоғары көрсеткіш болатын. «Қазақ» газетінің шыға бастағанына жыл толуына арналған мақаласында «Қыр баласы» газетке елдің көптеп жазылғанын, оның ішінде тіпті «Аспан асты елінің» қазақтары да бар екендігін жазған.

Газетті шығарушы Мұстафа Оразаев белгілі меценат және моральдық жағынан да, материалдық жағынан да қолдаушы болғандығын ерекше атап өту қажет.

Шын мәнінде газеттің және оның қызметкерлерінің басына не келіп, не кетпеді? Олар сан қиындықты бастан кешті. Мәселен, газеттің бас редакторы Ахмет Байтұрсынов пен оның орынбасары Міржақып Дулатов «газетте үкіметке қарсы материалдар жариялағаны үшін» қамауға алынған кезде бұл туралы білген Әлихан «Қазақ» газетінің бетінде «Ұят!» деген мақала жариялады. Өзінің де Самарада айдауда жүргендігін айта келіп, олардың абақтыға түскеніне мойымауы қажеттігін ескертеді. *«А.Н.Радищев... абақтыға жабылып, 10 жылға Сібірге айдалды. Оның замандасы, тағы бір газетші, Европаға жол ашқан Н.И.Новиков Шлиссельбург бекінісінде 15 жылын өткізді. Ахмет және Міржақып бауырларым! Сендерді қамаған түрме – Радищев пен Новиков отырған түрме. Ресейде ең болмағанда бір рет тұтқында болмаған саналы адамдар санаулы-ақ. Достоевский, Потанин, Короленко, Чернышевский, Морозов сықылды*

жазушылар да түрмеге отырды... Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургеневтер айдауға кетті...» («Қазақ» газеті, №54, 1914 ж.).

Әлихан ойлап отырса, өзінің алғашқы хабарларын сонау Омбының техникалық училищесінде оқып жүргенде-ақ жаза бастаған. Сол кездің өзінде заманның керітартпа көріністері жас жігіттің көкірегіне кернеп, зарлы запыран жайлағанын байқау қиын емес еді. Көңілінде жүрген сондай ащы запыранды ол сыртқа мақала түрінде шығарып, әр түрлі басылымдарда жария етті.

Әлиханның өмірінде ерекше із қалдырған Ф.Щербинаның экспедициясындағы жұмысы болды. (Бұл туралы айтылып кетті). Алашшылар тек саясатпен ғана айналыса берген жоқ. Әлекең Ахаңмен және Мир Якубпен ақылдасып, оқулықтар жазуға да белсене кірісті.

- Аха, - деген еді, бірде Әлихан, «Алаш» партиясының жұмысы тоқтатылған кезде. – Біз өз алдымызға ел боламыз дейміз. Ел болу үшін бізге білімді азаматтар керек қой. Оны қайдан аламыз? – Қашан да ойланып сөйлейтін, ол ойын ең артынан айтатын әдетімен.

Бұл туралы бұрыннан толғанып жүрген Ахаң оның бетіне қарады да:

- Өзіміз оқытамыз, - деп жауап берді.

Қазақтың сол кездегі зиялыларының бастары қосылған сәтте әр түрлі тақырыптарға мәселе қозғайтын әдеті. Бір жолы білім туралы әңгіме болды. Сонда қазақтың өзінің төл оқулықтарын жазу туралы бастама көтерілген еді. Әлиханның Ф.Щербина экспедициясына қатысқаны туралы ойға алып отырумыздың бір себебі осында еді. Ел мен жерді аралап, қазақ даласының тарихы мен географиясы, басқа да мәселелер туралы қалам тербеп жүрген ол өзінің «География» оқулығын жазуды қолға алатындығын ортаға салды. Бұл ой түрткі болып, әр пәнді жазуға бейімі барлар шыға бастады. Саясат сахнасындағы аласапыранда өздерінің қызметтерін бір сәтке де тоқтатпай, алға қойған мақсаттарының соңында жүріп, қайткен күнде де қазақтың сауатты болуы үшін үлес қосуға уәделесті. Ахаңның өзі «Қазақ тілі» оқулығын алатындығын

білдірді. Сөйгіп, олар халықтың сауатын ашу мақсатында оқулықтар жазу ісін қолға алып, Ә.Бөкейханов «География», А.Байтұрсынов «Қазақ тілі», Ж.Аймауытов «Психология», М.Жұмабаев «Педагогика», Қ.Сәтбаев «Алгебра», М.Дулатов «Есеп кітабы» сияқты оқу құралдарын жазуда сол уәделерінен шыға білді. Басқа да оқу құралдары жарық көрді.

Негізі Әлихан «Акмолинские областные ведомости» газетінің қазақ тілінде алғашқы шығарылған қосымшасына мақала жазудан бастаған болатын. Бұл машықты ол Санкт-Петербурдағы орман институтында оқып жүргенде одан сайын жетілдіре түседі.

Оқуын бітіріп, Омбыға оралған соң Ресей астанасындағы студенттердің астыртын ұйымдарында тоқығаны бойынша саяси ойларын қағаз бетіне түсіруді жалғастыра берді. Осы жылдары оның қаламынан туындаған талай публицистикалық мақала Петербурда және Қыр өлкесінде жарық көріп жатқан басылымдарда жарияланып жатты.

Орман шаруашылығы институтын бітіріп келген Әлиханның Омбыдағы өмірі сол кезде буырқанған қоғамдық өмірге белсене араласуымен басталғаны белгілі. Ол өз қызметін Омбыдағы жергілікті орман мектебінде сабақ беруден бастады. Кейін Омбының қоныс аудару басқармасында шенеунік болды. Осы қызметтерде жүргенде де ол өзінің қаламын қолынан тастаған жоқ. Кейін «Степной край» газетіне мақала апарып, бастырып тұрды. Айтпақшы, бір күні Омбыда айдаудағы Владимир Соколов деген азаматпен редакцияда таныс болады. Ол Әлиханды бұрыннан сырттай біледі екен. Газетті жиі оқитын Әлихан мақаласына «В.Д.Митричъ» деп қол қоятын осы Соколов екеніне сол жолы қанықты. Ол танысқан күні-ақ Әлиханды редакцияға қызметке шақырды. Осында істеп жүрген кезінде болашақ жары Елена Яковлевнамен танысқаны алдыңғы беттерде жазылған.

Үйленгендеріне үш жыл болған кез. Кейбір атқармақ істерін Еленамен ақылдасып алатын. Сол әдетімен жарының шашынан сыйпап еркелетіп тұрды да:

білдірді. Сөйтіп, олар халықтың сауатын ашу мақсатында оқулықтар жазу ісін қолға алып, Ә.Бөкейханов «География», А.Байтұрсынов «Қазақ тілі», Ж.Аймауытов «Психология», М.Жұмабаев «Педагогика», Қ.Сәтбаев «Алгебра», М.Дулатов «Есеп кітабы» сияқты оқу құралдарын жазуда сол уәделерінен шыға білді. Басқа да оқу құралдары жарық көрді.

Негізі Әлихан «Акмолинские областные ведомости» газетінің қазақ тілінде алғашқы шығарылған қосымшасына мақала жазудан бастаған болатын. Бұл машықты ол Санкт-Петербурдағы орман институтында оқып жүргенде одан сайын жетілдіре түседі.

Оқуын бітіріп, Омбыға оралған соң Ресей астанасындағы студенттердің астыртын ұйымдарында тоқығаны бойынша саяси ойларын қағаз бетіне түсіруді жалғастыра берді. Осы жылдары оның қаламынан туындаған талай публицистикалық мақала Петербурда және Қыр өлкесінде жарық көріп жатқан басылымдарда жарияланып жатты.

Орман шаруашылығы институтын бітіріп келген Әлиханның Омбыдағы өмірі сол кезде буырқанған қоғамдық өмірге белсене араласуымен басталғаны белгілі. Ол өз қызметін Омбыдағы жергілікті орман мектебінде сабақ беруден бастады. Кейін Омбының қоныс аудару басқармасында шенеунік болды. Осы қызметтерде жүргенде де ол өзінің қаламын қолынан тастаған жоқ. Кейін «Степной край» газетіне мақала апарып, бастырып тұрды. Айтпақшы, бір күні Омбыда айдаудағы Владимир Соколов деген азаматпен редакцияда таныс болады. Ол Әлиханды бұрыннан сырттай біледі екен. Газетті жиі оқитын Әлихан мақаласына «В.Д.Митричъ» деп қол қоятын осы Соколов екеніне сол жолы қанықты. Ол танысқан күні-ақ Әлиханды редакцияға қызметке шақырды. Осында істеп жүрген кезінде болашақ жары Елена Яковлевнамен танысқаны алдыңғы беттерде жазылған.

Үйленгендеріне үш жыл болған кез. Кейбір атқармақ істерін Еленамен ақылдасып алатын. Сол әдетімен жарының шашынан сыйпап еркелетіп тұрды да:

- Лена, біз өзіміздің газетімізді шығаруымыз керек, - деді шешімді үнмен.

Оның неге бұлай айтып тұрғанын жары түсінгендей сынап танытты. Өйткені, сол кездегі «Степной край» газеті Әлиханнның мақалаларына байланысты сан рет тоқтатылды да, айып та төледі. Ақыры газетті мүлде жауып тынған болатын. Ерінің айтпайтынын, айтса – айтқанынан қайтпайтынын біліп қалған.

- Оған біздің мүмкіндігіміз келер ме екен?

- Келеді! Әбден келеді! Тек мықтап қолға алуымыз керек... Қиындықтардан қорықпасақ болды.

Шынында да Әлихан біраз уақыттан соң «Иртышъ» газетін ашып, оны шығара бастады. Бұл оның Петерборға І-ші Мемлекеттік думаның жұмысына барып, Думаны Екінші Николай патша 1906 жылы 9 шілде күні күшпен таратқандықтан, қатыса алмай қайтқан кезі болатын. Сонда Кадет партиясының мүшелері патшаның мұндай бассыздығына қатты наразылық білдірген. Депутаттардың біраз тобын жинап алып, Финляндияның Выборг қаласы жанындағы Териоки деген жерге жинап, Выборг Үндеуіне қол қойғандар ішінде Әлекең де болған еді. Сол кезде Кадет партиясының басшыларымен газет шығаруды дереу қолға алу керектігін келісіп келген еді. Барлық құжаттары дайын болғандықтан, келе салып іске кірісті. Сөйтіп, газеттің алғашқы саны шілденің ортасында шығып үлгерді. Газеттің редакторы И.А.Поваренныхъ болды.

Ойындағысы орындалған Әлекең күндегісінен көңілді, алдындағы қағазға ойындағыны жүйелеп түсіріп жатқан. Деру генерал-губернатор Сухотинның шақырып жатқандығы туралы хабар түсті. Онсыз да «Қай күні шақырар екен?» деп жүрген Әлекең жұмысын тастай салып, генерал-губернатордың кеңсесіне жеткен. Кеңсесінің есігінің алдында көккөз, шикіл сары адъютанты қарсы алап:

- Кішкене күте тұрыңыз, қазір ол кісі бос емес, - деп тоқтатты, әйтпесе сол бетімен кіріп баруды ойлаған.

- Жарайды, он минут қана күтемін. Одан әрі менің де уақытым жоқ, газет шығаруым керек, - деп оның бетіне тіке қарап еді, анау қаймығып, көзін тайдырып әкетті.

Айтылған уақытта генералдың «шаруасы» біте қоймады.

- Генерал-губернаторға айтыңыз – мені қабылдасын, егер уақыты шынымен жоқ болса, қай уақытта келуім керектігін айтсын.

- Жо-жоқ, күте тұрыңыз, ол қазір босайды, - деді де, ішке кіріп шығып: - «Тағы бір он минут күтсін» деді, - деп мүләйімсіді.

- Онда, өзің айта саларсың «кетіп қалды» деп, - деді де есікке қарай беттеді.

- Болмайды, кетпенізші. Ол кісі қазір босайды, - деп шыр-пыр болды.

Мұндай оқиға бұрын да болған. Шақырып алып, есіктің алдында зарықтырып күттіріп қойғысы келеді. Өзінің маңызды бастық, бұл өлкеде одан асқан ешкім жоқ екендігін солай дәлелдегісі, елдің сол арқылы мысын басқысы келетіндігін білетін.

- А, солай ма?

Ауызғы бөлменің есігіне таяй берген Әлекең жалт бұрылып, генерал-губернатордың кеңсесіне кіріп кетті. Жанында тұрған адъютант аузын ашып та үлгермей қалды.

Кірсе, Сухотин үлкен картаны алдына жайып қойып, еш алаңсыз соны қарап отыр. Әлекеңді көрген соң:

- А, Бөкейханов мырза, сіз келіп қалған екенсіз ғой, - деп басын көтерді.

- Иә, келіп қалдым, - деді бұл генералдан көз алмаған беті.

Ол болса, картаны асықпай бүктеп, столдың шетіне қойды да үн-түнсіз Әлиханға қарады. Әлекең болса, оның нұсқауын күтпестен стол жанындағы орындыққа жайғасты.

- Сіз, Бөкейханов мырза, өз газетіңізде мәртебелі премьер-министр туралы теріс сөз жазуға қалай батылыңыз барады?

Газеттің өткен санында ғана жаңадан тағайындалған премьер-министр Петр Столыпиннің жөнсіздігі туралы қазақ тілінде көлемді мақала жариялаған болатын. Соны айтып тұрғанын Әлекең сезіп тұр, сонда да түк білмегенсіді:

- Қандай сөз жазыппын?

- Оны өзіңіз жақсы біліп тұрсыз!..

- Біз қандай қателік жіберіппіз? Біз жазсақ, газетте тек шындықты ғана жазамыз, Ресейде қазір не болып жатқанын көрсетеміз...

Генерал-губернатор Сухотин мұның қандай қателік жібергенін айта алмады. Оны айта да алмайтын, оған өресі де жетпейтін еді. Сондықтан, тек өзінің қолында билік бар екендігін көрсетіп қалғысы келді.

- Егер Сіз тағы да қайталайтын болсаңыз, газетіңіз жабылады, ал өзіңізге тиісті шара қолданамыз... - деп тістене сөйледі.

Әлекең болса, оның бетіне қаймықпай, тіке қараған беті ақырын ғана жымиды да, бұрылып кете барды. Анау болса, үн-түнсіз қала берді.

Газет патшалық Ресей әкімшілігінің қолайына жақпайтын, олардың отаршылдық, қазақ даласын басып алуға деген қызығушылық әрекеттерін үнемі сынға алып отырғандықтан, жергілікті билік тарапынан қудалауға түсті. Газеттің шығарушылары Дала генерал-губернаторының алдында бұдан кейін де сан рет болды. Оның жандайшаптары газет редакциясына күнде келіп, ешқандай негізсіз тінту жүргізіп, қағаздарын шашып, сан рет әуре-сарсаңға салды. Ертең шығатын санының материалдарын оқып қарады, өздерінше тексерген болды. Бәрібір бұлар оған мойыған жоқ. Өз істерін алға бастыра берді.

Газетті генерал-губернатор өзінің қаулысымен де, сот арқылы да сан рет тоқтаттырып тастады. Ақыры қазақ тілінде жарық көріп келген «Иртышъ» газеті қудаланып, оны бұдан әрі шығару мүмкін болмай қалған кезде Әлекең дереу орыс тілінде «Омичъ» газетін шығаруды қолға ала қойып, редакторы Н.А.Верденко деген әйел болды. Оның да бірталай саны жарық көргенде тағы да «қырағылардың» көзіне түсіп қалды. Бұдан әрі газеттің аты «Голось степи» болды. Бұған әуелде Д.В.Иванов, одан соң В.В.Кирияновъ редактор болып қол қойған. Бұл газет 1907 жылдың ақпанында тоқтатылды. Әлекең Бірінші Мемлекеттік думаны таратқанын сынап, патша ағзамға қарсы «Выборг үндеуіне» қол қойғандардың бірі болғаны үшін Санкт-Петербург сотының үкімімен

сотталғаны белгілі, ол бұл кезде өз еркімен Семей түрмесіне барып отырған болатын.

Бір айта кететін мәселе – газетке қол қойған редакторлардың барлығы да өмірде болған, сол Омбыда өмір сүрген адамдар, Әлекеңнің өзінің таныстары. Соның ішінде Иван Аксентьевич Поваренных Әлекеңнің жақын досы болған, адвокаттық қызмет атқарған. Оны кейін генерал-губернатор Сухотин бір қазақтың шағымын жазып бергені үшін Омбыдан қуып жіберіпті.

Әлекең бірінен соң бірін шығарған үш газеттің қайсысында болмасын материалдарды қарап, өзі редакциялағанына қарамастан, өзінің нағыз аты-жөнін көрсеткісі келмеді. Мақалаларының барлығында да бүркеншік атты жамыла отырып, патшалық режімге бүркіттей шүйілгенді жөн санады. Өйтпесіне болмады. Өйткені, патшаның жергілікті билік өкілдері оның әрбір басқан қадамын бақылап отырған еді. Егер оның өз атымен жазған мақала жарық көрсе, газет сол күні-ақ жабылып қалатынын Әлекең жақсы түсінді.

Ол өзінің үш газетімен шектеліп қалған жоқ. Осы кезде Петерборда шығып тұрған «Слово», «Наша жизнь», «Сынъ отечества», «Речь», «Восточное обозрение» басылымдарында оның бүркеншік аттарымен жазылған публицистикалық мақалалары жиі басылатын.

Семей түрмесінде де қарап отырмай, талай-талай мақаланы туындатты. Тіпті шабыттана жазды. Онда жазғандары «Семипалатинские областные ведомости», «Семипалатинскій листокъ» газеттерінде жиі жарық көріп тұрды.

Ол өзінің шығармасының қайсысында болмасын қазақ халқының басын біріктіруге, оларды бірте-бірте солтүстіктен жылжып келе жатқан қоныстанушылардан қорғауға тырысты. Қазақтың жерін қызғыштай қорғады. Атақты «Қазақтар» деген тарихи очеркінде біздің халықтың жауға шапқанда «Алаш!» деп ұрандайтындығын ерекше атап көрсетіп, Алаштың мифтік тұлға екендігіне назар аудартады.

Оның қолтаңбасы Ташкентте шығатын «Туркестанские ведомости», Орынбордың «Степь», Ресей мұсылмандарының

«Въ мире мусулманства», «Мусулманская газета» Томның «Сибирская жизнь» газеттерінен де мол табылды. Ал, өзі бас болып жарыққа шығарған «Қазақ» газетінің орны мүлде бөлек. Онда күн сайын және кейде екіден мақаласы шыққан сандары бар.

Ол 1923 жылы КСРО Кіндік баспасында қызмет атқарып жүрген кезінде қазақша «Темірқазық» әдеби-публистикалық журнал шығаруды қолға алған болатын. Бірақ неге екені белгісіз, үшінші санынан кейін шығартпай қойды. Қазақ көсемінің ұсынысымен және оның табандылығының арқасында 1925 жылдан бастап Қызылорда қаласында орта мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарына арналған педагогикалық «Жаңа мектеп» ғылыми-әдістемелік журналы шығарыла бастады. Бір айта кетерлігі сол журнал қазіргі күнге дейін шығып келе жатқан «Қазақстан мектебі» журналына негіз болып қаланды. Одан соң Әлекең 1926 жылы қазақ әйелдеріне арналған қоғамдық-саяси және әдеби-көркем «Әйел теңдігі» журналын шығаруды қолға алады. Бұл журнал болса өзімізге белгілі, әйелдер арасында әлі күнге дейін кең таралған «Қазақстан әйелдері» журналы болатын. Сол кездердегі қандай да болмасын қазақ тіліндегі басылымдардың барлығында да қазақ көсемінің бүркеншік атымен жарық көрген мақаланы, көркем аударманы, сол сияқты сыни мақалалар мен басқа да маңызды материалдарды жиі көруге болатын.

Жалпы алғанда қазақ елінің қайткен күнде де тәуелсіз мемлекет болатындығына кәміл сенген Алаш көсемін қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі және тұңғыш көсемсөз жанрының (публицистиканың) негізін қалаушы деп атауға толық негіз бар. Оған басқаны айтпай-ақ, кейінгі ұрпаққа қалдырған бай мұрасы мен өзінің соңғы анкетасында кәсібін «журналист» деп көрсетуінің өзі дәлел болса керек.

ҒЫЛЫМДА ҚАЛҒАН ӨШПЕС ІЗ

Әлекең Мәскеудегі Үлкен Кислов мүйісіндегі №4 үйдің бір бөлмелі коммуналдық пәтеріне орналасқан соң көп

кешікпей, КСРО халықтарының кіндік баспасына ғылыми қызметке орналастырылғаны айтылып өтті. Сонау 1916 жылы Минскіде өзімен бірге болған Нәзір Төрекұлов бұл кезде осы баспада төраға еді. Сталиннің тікелей тапсырмасы бойынша қызметке де орналастырған, баспана да тауып берген Нәзір болатын.

Міне, сол коммуналканың қазір үйқамақ деген аты бар, сыртқы шыға беруге, оның ішінде Қырға барып қайтуға рұқсат етілмейтіндігіне қарамастан, осы бөлмеде талай дүние өмірге келді. Алаш көсемі халқы үшін қызмет қылуды бір сәтке де есінен шығарған емес. Міне, ол тағы да стол басында отыр. Ойланып-толғанып барып қаламын қолына алатын әдеті. «Қыр баласы» өзінің болашақ шығармасының сұлбасын ойында жинақтап алады да, қашанғысындай қағаз бетіне түсіре бастайды.

Таңның қылаң бергені сол еді, орнынан тұрып кетті. Коммуналканың өзіне тән ерекшелігі, оның жазылып қойған да, жазылмаған да заңдары бар. Жазылып қойылғаны – кімнің, қай көршінің пешті қай уақытта пайдаланатындығы. Кімнің жуынатын бөлмеде кір жуатыны, тағы басқалары. Ал жазымаған заңы – дәретханаға байланысты. Сондықтан да Әлекең басқа көршілер тұрғанша жеңілденіп, жуынып-шайынып алады.

Күндегі әдетімен терезені ашып, кішкене желдетіп алды да, Мәскеудің тұнжыр көрінісіне қарап аз-маз тұрып қалды. Көшеде қозғалыс онша көп емес, бірен-саран жүргіншілер бар екен. Алыстан көше сыпырушының сырылдатқан сыпыртқышының дыбысы естіледі. «Сырр-сырр, сырр-сырр», күндегісі осы, бірқалыпты дыбыс.

Иә, шын мәнінде тұнжыраған, еңсені басатын көрініс сияқты болады да тұрады. Неге екенін өзі де білмейді, әйтеуір терезеге қараса болды – бір көңілсіздік көңіліне ұялайды. Осы күнгі болып жатқан қым-қуыт оқиғалардың барлығына тап бір осы Мәскеу қаласы, оның осындай көңілсіз көшелері, маңқиып тұрған сұрғылт түсті үйлері кінәлі сияқты.

Басқа көршілер оянғанша жуынып-шайынып, мұртын басып болады да, таңғы шайын ішкен соң столға отырады. Жұмыс басталғаншы бірталай жазып тастайды. Жұмыс

орнының аса алыс болмағаны да жақсы болды. Аяндап барады да, кешке жұмыстан соң аяндап қайтады.

Мұнда телефон орнатылғаны қандай тамаша болды десеңізші! Кешкілік жұмыстан келісімен талай адамдармен телефон арқылы хабарласып отыратын болды. Кезінде Халық комиссариатының адамдары тұрғандықтан, телефон тартылған. Ол тек коммутатор арқылы жалғанады. Керек номерді айтсаң болды, қосып береді. Бұл НКВД қызметкерлеріне де жақсы болды, бұрынғыдай келіп тексеріп жатпайды, телефонмен хабарласып біле салады.

Бұл бөлмеге кімдер келіп-кетпеді десеңізші! Өзінің туған-тустарымен қоса кешегі партияластары, әдебиет майданында жүргендер, ғалымдар мен қазақстандық студенттер жиі келетін. Қазақ көсемі оларды қабақ шытпай қарсы алады. Жиі болатындардың ішінде сол кезде Ленинградтың жоғары оқу орындарында оқып жатқан жас Мұхтар Әуезов мен Әлкей Марғұлан да бар еді. «Күн көсемнің» ықпалымен Мәскеуге қызметке келген Тұрар Рысқұловпен және Нығмет Нұрмақовпен де жылы қарым-қатынастары үзілген жоқ. Ал отызыншы жылдардың ішінде Әлекеңнің бұл жалғыз бөлмесі бұрынғы Алаш партиясы мүшелерінің және олардың отбасының келіп-кетіп жүретін орнына айналғаны жасырын емес.

Бұл кезде Смағұл мен Лиза кішкентай Ескендірмен үй жалдап жеке тұратын. Олар да жиі келіп тұрады. Олар келген кезде әңгімесін айтып, Ескендірмен ойнап, Әлекең бір жасап қалады.

Осы бөлмеде отырып, Алаш көсемі талай адамға хат жазды, жазған материалдарын ұдайы редакцияларға жөнелтіп отырды. Кіндік баспаның қызметкері бола жүріп, оның жазған және аударған дүниелері баспасөз беттерінде үзбей жарық көріп жатты. Жемісті жұмыс атқарған, қолынан қаламы түспеген «Қыр баласының» әлі жарық көріп үлгермеген жазған-сызғандары жинақталып жатты. Ол мұнымен қоса 1925-1926 жылдары Ленинград мемлекеттік университетінде профессор лауазымында қызмет атқарғандығына да тоқталғанбыз. Кезінде бұл туралы Әлкей Марғұлан да еске алған екен.

Адай уезіне антропологиялық экспедициядан күштеп қайтарылған соң ол жинақтаған мәліметтерін ретке келтіре бастады. Онда да, жинаған материалдары бойынша ойын жай ғана қағазға түсіріп қойған жоқ, оған ғылыми тұжырымдар жасап отырды.

Әлекең сонымен қоса ол Ахмет Байтұрсыновпен және басқа да сол кездегі алдыңғы қатарлы, озық ойлы азаматтармен ақылдаса, олармен біріге отырып қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосты. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинады, қағаз бетіне түсірді, оларға түсініктемелер жазды, зерттеді, талдады, қорытындылады. Орталық баспада істеп жүрген кездерінде қазақ эпостарын, оның ішінде «Ер Сайын», «Ер Тарғын» жырларын бастырып шығарды, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының В.Радлов жазып алған бір нұсқасын, «Жиырма үш жоқтау» деген атпен қазақтың жоқтауларын тасқа түсірді.

Осы кезеңде жемісті жұмыс істеп, көптеген шығармаларды орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Солардың арасынан көркем әдебиеттер саласындағылардан Лев Толстойдың «Қажы Мұрат» және «Кавказ тұтқыны» повестерін, көптеген әңгімелерін, Толстой мен Эзоптан аударған «77 мысалын» және басқа да Орталық баспадан жарық көрген шығармаларын атауға болады. Ал, қазақ тілінде шығатын газеттер мен журналдарда «Қыр баласы» бүркеншік атымен аударып басылған Д.Мамин-Сибиряқтың, И.Тургеневтің, В.Короленконың балаларға арналған көптеген әңгімелерін, батыс әдебиетінен О.Уайлдтың, Ги де Мопассанның және басқалардан аударған шығармаларын ерекше айтуға тұрарлық.

Әлекең осы баспада істеп жүріп мектеп оқушыларына арналған көптеген оқулықтарды орыс тілінен аударды, кейбірін өзі де жазды. Көптеген ғылымның салаларынан – астрономиядан, жердің жаратылу, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің пайда болу тарихынан ғылыми-көпшілік әдебиеттер бастырып шығарды. Көптеген ғылыми деректерді оқуға және оны қазақ оқырмандарына лайықты деңгейде жазып шығуға уақыт тапты.

Ол өте аз ұйықтады. Барлық уақытын жазуға жұмсады. Қайткен күнде халыққа бірдеңе тастап кетуді ойлады. Бір өкініштісі – сол жазғандардың 1927 жылдан бастап жарық көрмей, үйінде сақталған ғылыми мақалалары мен жазбалары 1937 жылы тұтқынға алынғанда тәркіленді. Оны НКВД адамдарының қалай құртқаны белгісіз, әйтеуір жоқ қылды. Олардың арасында талай құнды материалдар кетті. Ғалымның жылқы шаруашылығы туралы көлемді еңбегі болған екен, бірақ ол еш жерде жарыланбағандықтан, қазір ізі де табылмай отыр.

Әлекең жазған «1916 – 1926», «Адай уезінің қазақтары», «Қарақалпақ облысының ауыл шаруашылығы» атты очерктері ерекше атап айтуға тұрарлық. Энциклопедист-ғалым алғашқы еңбегін 1926 жылғы қазақ халқының тылдағы жұмыстарға қазақтан солдат алуға қарсы шыққан қарулы көтерілістің он жылдығына арналған болса, екінші очерк ССРО ҒА-ның антропологиялық экспедициясының материалдары бойынша жазылған. Үшінші очеркте 1927 жылғы зерттеуінің нәтижесі бойынша Қазақ АССР-і Қарақалпақ облысындағы ауыл шаруашылығының жағдайына тоқталады.

Әдетте баспасөз бетін көрген материалдарды кесіп алып, жеке папкаға тігіп қояды. Ол өзіне қолайлы. Керек материалды тауып алуына оңай. Бірде кезекті мақаласын жазу үстінде бір қалың папаканы ашты. Ойына талай оқиға, талай жайлар оралды. Бірақ Алаш көсемі оларды қайтадан ойлап, қайтадан еске түсіріп жатпайды. Оған уақыты жоқ. Ол ойды қуалай берсең, түбіне жетпейсің. Бір ойдан бір ой туындай береді. Сондықтан да өткенді ойлауға емес, өзіне керек жайларды ғана еске түсіруге дағдыланған. Сондағы қолына іліккені «Қазақ» атты мақала еді. Ол «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен «Қазақ» газетінде 1913 жылы №8 санында жарық көрген болатын. Шағын ғана мақалада былай деп жазылыпты:

«Біздің қазақ баласы орыс патшасының қол астында мынау тоғыз облыс, бір губернияда:

Семей облысында 655 мың 971 адам, Ақмола облысында 484 мың 456 адам, Торғай облысында 422 мың 401 адам, Орал облысында 466 мың адам, Закаспийскі облысында 71 мың 367

адам, Сырдария облысында 888 мың адам, Жетісу облысында 844 мың адам, Ферғана облысында 374 мың адам, Самарқанда облысында 79 мың адам, Астрахан губерниясында 213 мың адам.

Бәрі 4 миллион 499 мың 664 адам.

1898-ші жылғы есепте қазақ затынан қазақ тілімен сөйлейтін адамның саны 4 миллион 84 мың.

Бір жылғы адам баласының таза өсімі 15 мың адам. Он жыл аралатып екі есеп алғанда Көкшетау уезінің қазағы мыңға бір жылда 25 адам қосылып өскен. Бұған қарағанда қазақ баласының өсімі өзге халықтардан артық болмаса кем емес, қазақ жұрты мыңға 15-тен өсіп, 1897 жылы орыс қол астындағы қазақ 4 миллион 84 мың деп есеп қылынса, 1913-ші жылда 5 миллион 64 мың болады. Бұл есепте Жетісу қырғыздары да бар.

Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс хан заманынан бері, 7 жүз жыл шамасында, жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрды.

Бұл жердің айналасы мынау: темір қазықта Жайық һәм Тобыл, күн шығыста Ертіс, оң түстікте Түркістан таулары, мұның ең биігі Хан Тәңірі, күн батыста Амудария. Осы 9 облыс, бір губернияда 260 миллион десятина шамасында жер бар. Бұл жердің көбі 10 – 20 жыл мұнан бұрын қазақ пайдасында еді, соңғы 10 – 15 жыл Торғай һәм Ақмола облыстарының қазақ пайдасындағы жерден көп жер мұжық пайдасына кетті. 1908-ші жылға шейін мұжыққа қазақтан алып берген жер 4 миллион десятинадан артық еді. 1913-ші жылдағы есепте 1906 – 1912 жылдарда қазақтан мұжыққа алынған жер 6 миллион десятинадан артық».

Ары қарай ақтарған жоқ. Өйткені арғы жағын өзі де біледі. Онда осы мақаланың жалғасы, сол «Қазақ» газетінде жарық көрген «Үшінші Дума һәм қазақ», «Дума һәм қазақ», «Төртінші Дума һәм қазақ» деп аталатын тізбекті материалдар бар болатын. Қаншама уақыт өтсе де оларда не жазылғаны көкейінде сайрап тұр. Бұлардың барлығында да жер мәселесі, қазақтың иелігіндегі жердің қоныс аударып келіп жатқан «қара шекпендердің» иелігіне өтіп кететіндігін қынжыла, бар жан-тәнімен жазған еді.

Осылар ойына оралғанда жүрегі қан жылайтын әдеті. Осы папканың ішінде Өзінің басқа да талдау мақалалары мен ғылыми-зерттеу еңбектерінің жатқанын жақсы біледі. Оларда ғалым қазақ хандығының Ресей бодандығына неліктен қосылғандығын, қалай қосылғандығын талдауға талпынып, көптеген дереккөздер тапқан еді. Бұл туралы құжаттар жеткілікті болатын. Бір кезде көз майын тауысып, соларды зерттеуге де бірталай уақытын жіберді. Дегенмен, еңбегі текке кеткен жоқ, қазақтардың тарихы жөнінен ғылыми монографияның тараулары туындап, көптеген мақалалар жазды. Тарихи деректерді пайдаланып, талай жерге дейін қалам сілтеді.

Әлекең орыс географиялық қоғамының қолдауымен қазақ даласын көптеп зерттеген ғалымдардың бірі. «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты монографиясы оның тарих саласындағы елеулі еңбегі болып саналады. Ол 1903 жылы С.Петрборда басылып шыққан «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомдық альманахтың «Киргизский край» деген ХҮІІ томына енгізіледі. Мұнда Қазақ даласының сонау көне дәуірден бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, саяси-әлеуметтік жағдайы жайлы қомақты мәлімет береді. Патшаның қазақ даласын отарлау мақсатында жүргізіп отырған саясаты туралы ашық жазудан да қаймықпаған. Ол Ф.А.Щербина мен С.П.Швецов ұйымдастырған статистикалық және экономикалық экспедициялардың жұмысына төрт рет қатысты. Сондай-ақ, «Киргизы» (қазақтар – Авт.) атты еңбегі «Формы национального движения в современных государствах» деп аталатын жинақта 1910 жылы Ресей астанасында жарық көрген. Батыс-Сібір бөліміне қараған Семей бөлімшесінің басылымдарында әр жылдары «Из переписки киргизских ханов, султанов и прочее», «Из переписки хана Средней Киргизской орды Букея и его потомков», «Из бумаг султана Большой орды Сюка Абылайханова» атты ғылыми мақалалары жарық көрген.

Әлиханның барлық мақсаты мен ақыл-ойы қазақтың жағдайын жақсартып, ойы да озық, экономикасы да озық,

алдыңғы қатарлы елдің қатарына қосу еді. Сол үшін де ол талай кітаптар мен жазбаларды, тарихи деректерді ақтарды. Соның арасында көңіліне ерекше жаққаны – Жапонияның «Мэйдзи жаңғыруы» болды. Бұл туралы ол жатса-тұрса ойлап, жүрген жерінде айтып жүрді, мақалаларында да жазды. Әлекеңнің көбіне Міржақыппен ақылдасатын, ойын ортаға салатын әдеті. Бірде редакцияның шағын ғана бөлмесінде отыр еді. Әлекең темекісін құшырлана сорып-сорып алды да, Міржақыптың жанына жақындады. Мұндай сәтте маңызды бір мәселенің шетін шығаратынын білетін ол, алдындағы қағаздарды жиыстырып, тыңдауға дайын екендігін білдірген. Сол жолы осы мәселені Міржақыптың алдына жайып салып, осы туралы пікірін бөліскен.

Ойындағысын айта келіп:

- Осыған қалай қарайсың? – деген сұрақ тастады.

Міржақыптың «Мэйдзи жаңғыруы» туралы естігені болмаса, толық мәліметі жоқ екен. Оны еститін себебі – сол жылдары баспасөзде бұл туралы бұрқыратып көп жазылған еді. Газеттердің біреуінен оқығанын айтты.

- Оқығаныңды білемін. Мә, мыналарда тереңдетіліп жазылған. Осыларды жақсылап оқып, өзіңнің пікіріңді айтшы, - деп екі-үш газетті алдына қойған еді.

- Жарайды, - деп оларды Міржақып қолына алды.

Бұл кезде Міржақыптың да бос уақыты бола бермейтін. Дегенмен де Әлекең айтып тұрған соң орындау керек. Ол кісінің айтқанын қалт жіберуге болмайды. Жұмыстан келген соң газеттерді мұқият оқуға кірісті.

Оқыған сайын терең бойлай берді. Жапон халқының алға қойған мақсатын шамалы уақыт ішінде жүзеге асыра білгендігіне таң қалады.

«Мэйдзи» дегеннің өзі жаңару, жаңғыру дегенді білдіреді екен. Ол Муцухито императорының (1868-1912 жж.) кезінде, буржуазиялық төңкеріс жолымен Токугава феодалдық династиясын орнынан тайдырып, жиырма жылдан астам уақыттың ішінде ғана жүзеге асырылған төңкеріс болып шықты. Бұрынғы сёгунат жойылып, самурайлық жүйеден императорлық жүйеге көшкен. Бұл капитализмнің дамуына жол ашты, бірақ фкодолизмнің де кейбір белгілерін сақтап

қалды. Соның ең маңызды шарасы – жер реформасы еді. Егер төңкеріске дейін шаруалар жердің иесі болмаған, жер феодалдың иелігінде болды. Бірақ шаруалар ол жерді «мәңгі жалдау» жолымен пайдаланған.

Қоғамның бұрынғыдай ара жігін ажырату тоқтатылды. Бұл адамның қандай іспен айналысамын десе де еріктілігін білдіреді. Енді бұрынғы феодалдар да, самурайлар да (енді оларға да ауал шаруашылығымен айналысуға ерік берілді), қарапайым халық та, барлығы да тең құқықты болды. Салық салу жүйесіне де көптеген өзгерістер енгізілген. Әскери міндеттілік туралы заң қабылданады. Бұрынғыдай үш жылдық мерзімге жас жиырмаға толған азаматтың барлығы бірдей қабылдана бермейтін болды. Үкіметтік шенеунік, кейбір оқу орнының студенттері, жалғыз ұл әскерге алудан босатылды. Сол сияқты 270 иен төлеген адым да алынбайтын болды. Сол жылы білім беру жүйесіне де реформа жүргізілді. Міндетті бастауыш білім енгізілді, 12,5 мыңнан астам мектеп және сегіз ірі университет ашылады. Мемлекеттік кәсіпорындар жеке меншіктің қолына көшті.

Темір жол компаниялары қызметінің алғышқы 10-15 жылдарында салықтан босатылды. Соның нәтижесінде 1892 жылы 2000 шақырымнан астам ғана темір жол болса, ғасыр соңына қарай оның желісінің ұзындығы 4700 шақырымға жетеді. Сол жылдары Жапонияда телеграфсыз бір де бір елді мекен қалған жоқ. Көп ұзамай алғашқы телефон желілері тартылды. Сыртқы сауда да жылдам өркендеді.

Міне, осылардың барлығын және басқа да жайларды зерделеген Міржақыптың таңданысында шек болған жоқ. Егер одан әрі зерттей берсе, бұдан да тереңге кетігіндігі сөзсіз еді. Өзінің мұндай таңданысын Әлекеңе жеткізуге тырысты. Бұл туралы әуелі Ақаңа да айтып берді. Бұдан соң жапондардың әлемдік держава қатырана қосылуының жайы туралы өздері шығаратын «Қазақ» газетінің бетінде жиі-жиі жарық көретін болды.

Шын мәнінде қатты ойланған Міржақып:

- Әлеке, жапондардың жаңғыруы жақсы-ақ. Бірақ біздің жағдайға келмейтін жақтары бар, - деп көкейіндегі ойын ақтарып салды.

- Иә, қандай жағы келмейді екен?

- Жапония капиталистік ел ғой. Ал біз болсақ, әлі феодализмнен арыла алмай жатырмыз. Ол үшін біздің капитализмге өтіп алуымыз керек емес пе?

Әлекең өзінің келіскенін білдірген сәтте ақырын ғана жымысып, басын сәл ғана изейтін әдеті бар еді. Міржақыпқа қарап тұрып сол әдетін қайталады да:

- Дұрыс айтасың, Мирякуб, мен де соны ойлайтынмын. Бірақ егер біздің халқымыз шындап даму жолына түсетін болса, ешқандай кедергі болмас еді. Біздің қолымызды байлап отырған мәселелер жетіп артылатынын өзің де біесің ғой, - деп терезеге қарады да, алыстан көрінген кең далаға, қарауытқан тау жотасына көз салды.

Осы сәтте оның өз халқы үшін көкірегі қарсы айрылып, қайтсем жақсылық істеймін, ұлы державаның тырнағынан қалай құтқарамын деген ой тұр еді. Сол ойдың әсерімен қатты күрсіне бір дем алды да, өзінің жұмысымен айналысып кетті.

Әлекең өзінің кейбір толғаныстарында:

- Жапондардың жиырма жылдан сәл ғана асатын уақыт ішінде осындай жетістіктерге ие болуы олардың, яғни халықтың ұлылығы, - деп бағалайтын. - Біз де халқымызды сондай ұлылар қатарына көтеруіміз қажет. Ел арасында әңгіме, үгіт-насихат жұмыстарын батыл жүргізейік. Әттен біздің қазақтың оқыған, көзі ашықтарының онша көп болмағандығы қиындық келтіріп отыр...

Осылай деп толғанып алып, сәл ойланып отыратын да:

- Иә, бізде ойланып отыратын уақыт жоқ. Бізге тек қана қауырт жұмысты одан әрі жалғастыру қажет, - деп орнынан тұрып кететін.

Елімізді дамыту, халықтың көзін ашу Алаш партиясының күн тәртібінен түсіп көрген жоқ. Сондай кездерде Әлекең жапондардан үйрену қажеттігін, оның ішінде аграрлық салыны жетілдіру тәсілдерін алға тартатын.

- Жапондардың ауыл шаруашылығының біздің Қыр еліне ұқсайтын жақтары бар, - дейді.

Одан соң 1904-1905 жылдардағы Ресей-Жапон соғысы туралы сөз қозғайды да, Порт-Артур оқиғасын еске ала отырып:

- «Әлін білмеген – әлек» Ресейдің Жапонияға соқтығып не шаруасы бар екен? Содан не тапты? Бүкіл әлем алдында ұятқа қалды. Ал жапондар зор бедел жинап алды... - деп кынжылады.

Әлекең Ресей императорлық география қоғамы Батыс Сібір бөлімшесінің толық мүшесі әрі басқару комитетінің мүшесі, Мәскеу ауыл шаруашылығы қоғамы Омбы бөлімшесінің толық мүшесі болды. Атақты Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефронның «Жаңа энциклопедиялық сөздігі» энциклопедияларын шығаруға да белсене қатысты. «Сибирские вопросы» ғылыми-публистикалық журналында мақалалары жарияланып тұрды. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры болып қызмет атқарды. СССР Ғылым академиясының одақтас және автономиялы республикаларды зерттеу жөніндегі комитетінде Қазақстан бойынша тұрақты сарапшы қызметін қоса атқарды. Ал, оның Сталинның тікелей нұсқауымен Советтер Одағы халықтарының кіндік (орталық) баспасында Нәзір Төрекұловтың карамағында қызмет атқарғандығы әмбеге аян. Осы жұмыстарының барлығында да ол жемісті еңбек етті, оған қоса талай ғылыми мақала жазып, оларды баспасөзде жариялап отырды. В.И.Лениннің серіктесі, атақты ағартушы В.Д.Бонч-Бруевичтің Әлекеңе хат жазып, көркем әдебиет және публицистика мұражайын ашпақ ойы бар екенін, соған қор жинауға қолғабыс жасауын өтінген хаты да бар. Тек ол мұражайға Әлихан Бөкейханов қандай көмек қолын созғаны мәлімсіз күйінде қалып отырғаны өкінішті.

Қазақ даласы туралы жазғанда оның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы үнемі ғылыми тұрғыда жазып отырды. Оның Мәскеу ауыл шаруашылығы қоғамы Омбы бөлімшесінің толық мүшесі болуы да тегін емес. Ғылыми экспедицияларға қатысқан кездерінде қазақ өлкесінің өнері мен мәдениеті туралы да талай құнды мәліметтер жинаған. Оған қоса сол кездегі зерттеушілердің ғылыми-танымдық еңбектеріне кеңесші болған. Экспедиция кезінде жинақтаған бай материалдарды өңдейді, іріктейді және оларды бір жүйеге келтіреді, оларға ғылыми тұжырымдама жасайды. Осы экспедиция кезінде оған

сол аймаққа қоныстанған қазақтардың қой шаруашылығы мен ірі қара мал өсіруін тереңірек зерттеу тапсырылған екен. Қой шаруашылығын, оның мал басының тұқымын асылдандыруын жан-жақты зерттеуінің нәтижесінде «Қыр өлкесіндегі қой шаруашылығы» деген тұңғыш монографиялық еңбегін жазды.

Экспедиция кезінде азақтың жерін, ауыл шаруашылығын, табиғатын, кен байлығын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеушілердің арасында болғандықтан олардан көп нәрсені үйрене жүріп өзі де талай түйін жасайды. Солар бойынша бірнеше монография, көптеген очерктер мен мақалалар жазды. Оның әлі де зерттеушілер көзіне шалынбаған еңбектерінің бар екендігі даусыз.

Бұл туралы элихантанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлы оны «Мойындалмаған энциклопедист-ғалым» деп алады да:

«Элихан Бөкейхан қазақтың аса көрнекті энциклопедист-ғалымы еді, ол қазақ өлкетануының негізін қалаушы, бірқатар фундаменталды ғылыми еңбектің, очерктің және Қазақстан тарихы, антропология, жер өңдеу, мал шаруашылығы, әдебиет және басқа да білім салалары бойынша ондаған мақалалар мен жазбалардың ауторы.

Ол Императорлық орыс географиялық қоғамының (ИРГО) Батыс-Сібір бөлімінің нағыз мүшесі, 1902 жылдан ИРГО-ның реттеу комитетінің мүшесі, Мәскеу ауыл шаруашылығы қоғамы (ООМОСХ) Омбы бөлімінің мүшесі, Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры (шамамен, 1925-1927 жылдар), КСРО Ғылым академиясы Айрықша комитетінің Қазақстан бойынша сарапшысы болған адам.

1894-1926 жылдар аралығында ол төрт түрлі ғылыми-зерттеу экспедициясының жұмысына қатысқан: «Тобыл» экспедициясы; В. А. Щербинаның жетекшілігімен жасалған экспедициялар; С. П. Швецов басқарған статистика-экономикалық экспедиция; сондай-ақ (1926 жылы) КСРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясы.

Элихан Бөкейхан академиктер С. П. Швецов, С. Ф. Ольденбург, А. Е. Ферсман, С. И. Руденко, С. Ф. Баранов

секілді көптеген көрнекті ғалымдармен достық қарым-қатынаста болған», - деп зор ризашылық сезіммен жазады. Міне, жеріне жеткізіп айтылған сөз осындай-ақ болар.

Бір сөзбен айтқанда ұлтын сүйген, қазақтың жерін, қазақтың елін жанындай жақсы көріп, қадірлеген асыл азамат өзінің қолынан келгенінше халыққа қызмет жасаудың өзіндік үлгісін көрсетіп кетті.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ҚОРҒАНЫ

Алты Алаштың көсемі, ақылманы Әлихан Бөкейхан қазақ жерін қызғыштай қорғады. Ол үшін әуелі Қазақстанның Ресей империясының қолтығына тығылуының себептерін мұқият зерттеген болатын. Содан барып мұндай «өз еркімен қосылудың» саяси-экономикалық салдарларын, бұл процестің қазақтар үшін қаншылықты тәуелсіздік болғанын анықтап шықты. Ол қазақ хандары мен Ресей империясы арасында жасалған келісімдердің көшірмелерін қолға түсірді. Олардың бірі «Семейдің Облыстық Басқармасынан» табылды, енді екі көшірме «Заңнамалардың толық жинағында» (ПСЗ, XXXIX том, №29907) басылған болып шықты.

Әлекең қашан да Міржақыппен жақын тартып, ашық сөйлесе алатын әдетімен сөз бастаған. Әңгімесі қашан да Ресейдің қазақ даласын отарлау саясаты туралы болатын.

- Мир-Якуб, сенің жуырда шыққан мақалаң маған өте ұнады, - дей келіп, аталған құжаттарды оның алдына жайып салды. - Осы және басқа да құжаттарды, ондағы қазақ хандығының Ресейдің қол астына бодандыққа кіруінің шарттарын мұқият тексеріп шықтым. Қазіргі жасап жатқан әрекетерінен империяның мақсат-мүддесі мен барлық жымысқы әрекеті бірден сезіледі. 1822 және 1824 жылдары жасалған «Сібір және Орынбор қазақ-қырғыздарының Жарғысында» әуелі Кіші жүзге, одан соң Орта жүзге отарлау саясатын енгізу көзделгені, енді соны барынша қуатында жүзеге асырып жатқандығы жаныма қатты батады...

- Мынауыңыз шынында да құнды құжаттар екен. Мұны мұқият зерттеуіміз керек, сол арқылы патшаның қазіргі жасап

отырғандарының теріс әрекет екендігіне көз жеткізуіміз керек, - деп Міржақып та терең ойланып қалды.

- Осы Жарғылар бойынша қазақ хандықтары жойылып, оның орнына басқарудың жаңа жүйесі енгізілді. Енді олар қазақтың басты екі жүзін саяси еркінен айырған соң олардың жерін өз бетімен тартып ала бастады. Мұның соңы Қазақстанның түбегейлі отарлануымен аяқталады. Саяси өз еркінен айырылған қазақтардың жеріне орыстың казактары келіп қазірден қоныстанып, өздерінің станицаларын сала бастады. Одан соң «қара шекпендер» ағылды, - деді Әлекең тереңнен толғанып. Қашан да ойлана қалған кезде қабағы қатулы, өні сұстанып шыға келетін еді. Бұл жолы да сондай түр көрсетті. – Осыларды тоқтататын күш бізде қайдан табылар екен?!

- Бізде қайдан күш болады, Әлеке! Халқымыз әлі де ұйқыда. Біз оларды оята алмай жатырмыз. Көпшілігінің сауаты жоқ, қараңғы... – Шарасыздықтың салдарынан не істейтінін білмеген Міржақып еріксіз қатты күрсініп, теріс айналып кеті. – Бұл саяси-әкімшілік реформа Қазақстанда 1867-1868 жылдардан бері жүзеге асырылып келе жатыр ғой... Алғашқы ережені басымызға пәле болды деп жүргенде екіншісін қабылдады емес пе?! Енді соны іске асырып жатыр...

Өңгіменің аяғы тиянақсыз қалды. Оның шешуі қалай болатындығын ешкім де тура айта алмады. Тек газеттер мен журналдарда мақалалар жазып, жұртшылыққа ой сала берді.

Алаш көсемі өзінің мақалаларын қашанғыдай «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен жариялап жатты. Өзінің айтайын деген ойының көпшілігін «Қазақ» газетінде бастырған «Қазақ» мақаласында тұжырымдады. Бірақ, оны түсініп жатқан қазақ бар ма? Біздің халық оны түсініп болғанша үлкен империя қарап отырсын ба, өзінің ойын жүзеге асыруға бел шеше кірісті.

Әлекең өзінің кезекті «Үшінші Дума һәм қазақ» атты мақаласында: *«Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал облысына қараған қазақтарға Закон болып «25-ші март 1891-ші жылғы Стетное положение» шықты.*

Бұл Законның 119-шы статьясында айтылған: «Көшпелі қазақ отырған жер қазынананькі» деп. 120-шы

статьясында айтылған: «Бұл жер сроксыз көшпелі қазақ пайдасына болып тұрады» деп. Осы 120-шы статьяның қосымшасында айтқан «Қазақтың пайдасынан артық жерді қазына өз керегіне алады» деп. Жоғарыда айтылған бес облыста қазақ жерін мұжыққа алғанда, осы қосымшаға сүйеніп алатұғын»...

Бұл положениенің 279-шы статьясында қазақтан жер артылса, қазына өз пайдасына алады деген қосымша жоқ еді. Бұл закон бұрынғы күйінде тұрса Түркістанда қазақ жері мұжыққа алынбайтын еді; хукімет 279-шы статьяға қосымша деп 1911-ші жылы 3-ші Думаға ұзындығы екі жол закон кіргізді: «Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса, қазына өз пайдасына алатын болсын» деп...

Осылайша Түркістан қазағына да Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал қазағының кебі келді. Енді Түркістанда қазақ жерін алғанда закон деп алады.

«Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады» деген осындағы («Қазақ», 1913 ж. №9), - деп жазды.

Осы ережелерді мұқият оқып, терең зерделеген Бөкейхан Қазақстанның «бодандыққа» кіруі кезіндегі Ресей империясының шарттарын өрескел бұзып отырғандығын ашып берді. Ол шарттар бойынша Қазақстанның жеріне қол салмақ тұрсын, оның ішкі істеріне аралсауға да құқы жоқ болатын. Мұндай әрекеттер қол қойылған келісім-шарттағы міндеттемелерге мүлде өрескел қайшы келетін.

Мұндай құжатты Әлекең Ақаң да (Байтұрсынов) көрсетті.

- Егер біз тарихқа және құжатқа жүгінетін болсақ, орыстың әйел патшасы Анна Иоановна 1731 жылы 12 ақпанда қазақтарды Ресей империясының бодандығына алуға Кіші жүздің ханы Әбілхайырдың өтініш-тілегі бойынша, соның өтінген шарты бойынша қабылдауға келісімін берді., - деп Әлекең тарихтан бастап келе жатыр еді:

- Иә, бұл акті Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының заңды бастауы болды ғой, - деп Ақаң жалғастырып әкетті.

Өйткені, тарихтағы бұл оқиғаны Ақаң да өте жақсы білетін.

Әлекең қолына алған құжатқа қарап тұрып одан әрі сөйлеп кетті:

- Содан Әбілхайыр хан сол жылғы қазан айының 10-ы күні бүкіл қазақтардың атынан ант берді. Қазақстанның Ресейге өз еркімен бодан болуы туралы келісімде қазақтың атынан әйел патшаға және оның ізбасарларына адал болуға міндеттенеді, хандықтардың ішкі егемендігін шектемеуге келіседі, әскери міндетті болуға, Ресейдің басқа да бодандарының сауда керуендеріне шабуыл жасамауға, қолға түскен тұтқындарды босатуға, алымдар төлеп отыруға, хандар мен сұлтандардың балаларын аманат етіп алмасуға міндеттенеді...

- Ресей тарапынан өзінің жаңа боданын сыртқы шабуылдардан қорғауға және ығыстыру әрекеттеріне жол бермеуге де міндеттенді ғой?

Зығырданы қайнап тұрса да, сабыр сақтаған Әлекең:

- Иә, Ақа, дұрыс айтасыз..., - деп басын изеп қойды.

Сөйтіп, Кіші жүз бен Орта жүзді өзінің «боданы» етіп қабылдаған Ресеймен арада жасалған келіссөз бойынша Қазақ хандықтары вассал мемлекет болып, XIX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін екі ел арасындағы барлық қарым-қатынас сыртқы істер министрлігі арқылы жүзеге асырылғандығын, келісім-шартта ешқандай да «екі қазақ хандығы және олардың барлық жер аумағы Ресейдің бөлінбес бөлшегі болады» деген сөздің жоқ екендігін қазақтың екі ғұламасы, Алаш ардақтылары жақсы білетін.

«Қазақ» газетінде «Қыр баласы» талай мақала жазды. Дегенмен де 1911 жылы Санкт-Петербургтің «В мире мусульманства» газетінде орыс тілінде бастырған мақаласының маңызы зор болды. Онда талай заңсыздықтардың беті ашылады. Ресей империясының Қазақстанды өз еркімен қосу туралы келісім-шартты бұзғандығына әбден көзі жеткен соң Кеңес үкіметі құрылғанға дейін күресті тоқтатқан жоқ.

Ол қай жерде болмасын қазақ жерінің ресми Ресей үшін таусылмас жер қоры бар аймақ екендігін, онда Ресейдің ішкі губернияларынан қоныс аударып, қазақтарды өз жерінен ығыстыра бастағанын қынжыла айтып та, жазып та жүрді. Сол

үшін барлық жан-жүрегімен кірісті, қарсы тұруға тырысты. Ол Ресейдің мұндай отарлау көзқарасының, қарашекпендерді қоныстандыру мақсатында жасақталған Щербина экспедициясының көз жеткізгендігін жазады. Бұл статистикалық экспедиция қазақтардың шаруашылығын жүргізуі үшін және отырықшылыққа айналдыру үшін қажет жердің нормасын тағайындап бергендігін атап өтеді.

Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» атты кітабында (Алматы, «Атамұра», 1998 ж. 97-б.): «Орыс отаршылары қазақтардың жерді меншіктенуінің дәстүрлі құқықтарын біле тұра білмегенсіп, «артық жерлердеі» ойлап табады және оны қазынаның меншігі деп есептейді.

«Жыландай жылжыған» отарлаудың тарихын Ә.Бөкейханов жақсы суреттеген. Ол өзінің 1903 жылы жариялаған «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени табыстары» деген ғылыми мақаласында былай деп жазды: «Ақмола және Семей облыстары қоныс аудару үшін ұзақ уақыт ресми түрде жабылды. Орыс шаруаларының қазақ жерлеріне қоныс аударуы көшпенді-қожайындармен жалғаз алу шарттары жасалғаннан кейін басталды. Жалғаз алу келісімдерінің негізінде бәлкім, Қырғыз даласының басқа жерлерінде де – Торғай облысында және Семей облысының Павлодар уезінде отарлау ісі жүргізіле бастады. Атап айтқанда, «Уақытша ереже» даланы біртіндеп отарлаудың құқықтық негізі болды. «Уақытша ережені» іске асыру үшін Батыс Сібір бас басқармасының жанынан ерекше комиссия құрылды, ол даланы отарлаудың тәртібі туралы ережені жасауға тиіс еді. Дайындық жұмыстары жүргізілді, алайда олар учаскелерді құру үшін жарамды жерлерді таңдап алуға берік негіз болмауынан, тиісінше егжей-тегжейлі табиғи-тарихи және статистикалық деректердің болмауынан өздеріне жүктелген үміттерін біршама дәрежеде қарабайыр әрі долбармен жасауға тура келді. Отарлау органдары қазақ жерлеріне шаруалардың қоныс аударуын көтермелеп отырды» («Полное географическое описание нашего отечества». т.ХІІІ, С-Петербург, 1903, 156-б.), - деп жазады.

Щербина экспедициясына қатысып, оның барлық мақсат-піғылын түсінген және қоныс аудару жөніндегі басқармада қызмет атқарған Әлихан Бөкейхан Қазақ өлкесін басып алушылар әкімшілігі үшін ең басты жауларына айналды. Омбы жандарм басқармасының уақытша іс басқарушысы ротмистр Рутланд 1905 жылы 23 желтосан күнгі құпия баянхатында: «Басты басшыларға, барлық қазақ даласына қоныс аудару басқармасының шенеунігі Бөкейханов аса ауқымды ықпал жасап отырғандығы сөзсіз және ол ықпал жасай береді де», - деп жазған.

Сол жылдары жазылған «Қарқаралы петициясын» дайындауға бастамашы, оны ұйымдастырушы және Петерборға жеткізуші Әлихан болғандығы мәлім. Қазақ халқының патша ағзамға қарсы жазылған ең алғашқы құжаттары осы петициялардан басталады. Онда қазақ жерін қоныс аударушылардың басып алып, шүйгін жерлерден қазақтардың айырылып, ата-бабаларының қонысынан ығыстырылып жатқандығы көз жеткізе баяндалады. Бұл петициялар туралы белгілі тарихшы ғалым, абылайтанушы Зарқын Тайшыбай өзінің «Мағжанның Қызылжары» атта зерттеу кітабында Қоянды жәрмеңкесінде «Ұлы мәртебелі император ағзамға» деп аталып, 42 адам қол қойған және Ресей үкіметінің атына жазылып, 12 767 адам қол қойған екі құжаттың мәтінін толығымен қазақша аударып берген. Соның 11 тармақтан тұратын екінші петициясының екі тармағында былай деп көрсетілген:

«4. Соңғы 15 жыл бойы Қыр өлкесін отарлаудың жалғасуы салдарынан қазақтардың жері тарылып кетті. Мал шаруашылығы негізінен экстенсивті екені жалтыға мәлім, мал бағуға өте көп жайылым керек. Сырттан қоныс аударып келіп жатқандарға ең тәуір жерлер, тұңы су көздері қазақтардан тартып алынып берілуде. Сондықтан, қазақтардың иелігіндегі жерлер өздерінің меншігі деп танылсын.

5. Қыр өлкесінің мемлекеттік меншік басқармасы қазақтарды ата-қонысынан ығыстырып, жерді қазынаға тартып алуда. Олай болса, қазынаға алынған жерлерден қазақтар қуылмасын, қазына жері мен қазақ жерінің арасына

жіктеу шеғарасы қалдырылсын, оның аумағын белгілеуге қазақтар қатыстырылсын...».

«Енді басты мәселеге, «Қарқаралы петициясы» деп аталып жүрген құжатқа келейік. Шындығында бұл жалғыз ғана петиция емес. Біздің анықтауымыз бойынша, әрқайсысы өзінше бөлек, дербес мазмұндағы бірнеше құжат. Олар жеке-жеке: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолданған. Мұрағат құжаттарына қарағанда жиындарды өткізіп, петицияларды жазып, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Көлбай Тоғысов, Ахметқали Аяғанов бар.

Құжаттар 25-26 маусым күндері Қоянды жәрмеңкесінде жасалған. Әлихан Бөкейханов соның алдында ғана Қарқаралыда болған...», - деп жазады ғалым (З.Тайшыбай «Мағжанның Қызылжары», Астана, 2008 ж. 21-бет).

Мұнымен қоса болашақ Алаш көсемі Мәскеуде өткен Ресейдің земство мен қала қайраткерлерінің съезіне қатысып, алып империяның бетке шығарларының алдында Оралдан Алтайға дейінгі, Сібір темір жол желісінен Омбыға дейінгі ауқымды аймақты жайлап жатқан 4 миллионнан астам қазақ халқының атынан сөйлеп тұрғанын, қазақ жерінің солтүстік-батысы мен солтүстік өңірі, шығысы бұрын-соңды болмаған қоныс аударушылардың ағылуы салдарынан отарлауға түскендіктен, қазақтар өзінің мәңгілік қонысынан айырылып жатқандығын айтады.

Осылардың барлығын, қазақтардан тартып алған жерлерді, жайылымдар мен шабындықтарды, өзендер мен көлдерді, ормандар мен тоғайларды, тауларды, қыстаулар мен жайлауларды өзіне қайтару, қазақтардың қазіргі өзінің жерлерін меншігіне бекітіп беру, қыр өлкесінде де земствоны (жергілікті өзін-өзі басқару) енгізу, қазақтардың әскери міндеттілігін Думаның мінберінен айтпақ, осындай қадау-қадау мәселе көтермек болған Әлиханның жоспары жүзеге аспай қалды. Оны жергілікті билік орындары қамауға алғандықтан, одан шығып, Ресей астанасына жеткенше патша Бірінші Думаны таратып жіберді.

Үшінші Думада қазақ жастарының әскери міндеттілігі туралы мәселе көтерген. Өйткені, 1834 жылы Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендеұлының өтініші бойынша әскери міндеттілік заңының 42 бабына сәйкес қазақтар әскери міндеттен босатылған еді. Енді жиырманшы ғасырдың басында бұл бап қазақ жігіттерін казактармен, тіпті қоныс аударушы шаруалармен салыстырғанда ешқандай құқықсыздық жағдайына жеткізді. Ал, казактар мен «қара шекпендер» болса, басып алған жерлерінде өздерін еркін, бұрыннан-ақ тұрып жатқан иесіндей сезінетін болды. Өйткені, Бөкейханның жазғанына қарағанда казактар – еркін халық, олар әскер қатарында 12 жыл міндетін өтеген соң оған жерді тегін пайдалануға береді. Шаруа мұжықтарда ондай құқық жоқ. Ол – крепостной (құл). Казактардың мұндай құқығын қазақ жігіттері де пайдалануға тиіс екен. Егер ондай құқық бермеген жағдайдың өзінде ештеңе жоғалтпайды екенбіз. Біздің онсыз да аттың құлағында ойнайтын жігіттеріміз соғыс өнерін үйренеді. Ертеңгі күні өз елінің қорғаушысы болады.

Алаш көсемі өзінің мақалаларында және ғылыми еңбектерінде, әсіресе жер туралы жазғандарында Ресей премьер-министрі П.Столыпиннің аграрлық реформа-сын, оның қазақ даласы үшін зияндылығын, қоныс аудару арқылы қазақ даласын жаулап алуға деген жымсықы саясаты реформасының бір бөлегі екендігін жетесіне жеткізе жазып отырды.

Негізінен алғанда «Қазак» газеті жарық көре бастағаннан бастап оның әр санында дерлік жер тақырыбын көтеруді ұмытқан жоқ. Ол жер мәселесін ешқашан есінен шығарып көрген емес.

Бұл кезде большевиктер де қарап отырған жоқ болатын. Олардың бүкіл Ресейді жаулап алуы жағдайды түбегейлі өзгертті. Кейін Алашорда үкіметінің төрағасы болған Бөкейхан Сібір автономиясының Министрлер кеңесіне хат жазып, Астрахань губерниясының Бөкей ордасын, Алтай губерниясының жақын жатқан болыстарын қоса отырып, тоғыз облыста өзінің автономиясын мойындауды бандаған болатын. Бұл кезде әрбір екі-үш айда Ресейдің билігі өзгеріп

жатты. Соған қарамастан Әлихан Бөкейхан бастаған алашордалықтар қазақтардың тұрып жатқан жерлері мен аумақтарын табандылықпен сақтап қалып отырды.

Сол сияқты Алаш көсемінің бастауымен облыстарда, одан соң Орынборда өткен жалпықазақ съездерінің қаулыларының ешқайсысында қоныс аударушыларды депортациялау (өз жеріне қайтару) мәселесі көтеріліп көрген емес. Оның есесіне Алашорданың кейінгі ресми құжаттарында, сонымен қоса Алашорда басшыларының Кеңес үкіметінің көсемдерімен келіссөздерінің хаттамаларында кейбір жерлер мен аумақтарды оның бұрынғы иесі болған қазақтарға дереу қайтару қажеттігі жайлы нақты айтылып, оларды санамалап тұрып көрсетеді.

Алашорда үкіметі кезінде көптеген жерлердің, әсіресе, Астрахань губерниясының Ресейге кетейін деп тұрған көп жерін Қазақстанның аумағына алып қалғанын, оған Бөкейхан бастаған, А.Байтұрсынов пен Ә.Ермеков қостаған топтың ерекше үлес қосқанын айтып өттік. Бүкілресейлік Құрылтайшылар комитетінің («Комуч») мүшелерімен келіссөз кезінде Алаш көсемі «даулы учаскелер мен аумақтар» атанған жерлерді Алашорда үкіметі толық мойындалғанша «уақытша мойындауды» және «уақытша қоса тұруды» сұрап, көпшілік жерлерді алып қалды.

Қазақ жерін қызғыштай қорғап жүргеніне қарамастан, 1925 жылы Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Орынбор қаласы мен оның облысы түгелдей Ресей федерациясына қарап кетті. Түркістан АССР-нің орталығы болған Ташкентті, Қарақалпақ автономиялық облысын 1930 жылға дейін Қазақ АССР-нің құрамында болғанымен, кейіннен Өзбекстанға беріп жіберді. Бұларға Алаш көсемінің іші қан жылағанымен, қолдан келер қайраны жоқ еді. Бұл кезде ол Мәскеуде ұйқамақта отырған. Әлихан Бөкейхан өзінің серіктестеріне «бізге осы жерлер де жетеді, енді осыны сақтап қалып, игере аласақ та жарар» деген мазмұнда сөздер айтқан екен. Мәскеуден шыға алмай отырған кезінде де Әлекең қалғанының қайырын тілеген еді.

Бұған қоса Әлекеңнің ҚазАССР-нің жер өңдеу халық комиссариатында қызмет істегені анықталып отыр. Бірақ кім

болғаны, қай жылдан қай жылға дейін еңбек еткені нақты белгісіз. Бұған кейіннен табылған бірнеше құжат дәлел. Біріншісінде Қазақ АКСР Халық комиссарларының төрағасы Нығмет Нұрмақов Мәскеудегі Әлихан Бөкейханды Жер халық комиссариатына қызметке шақырған. Екінші дерек ҚазАКСР Халық комиссарлар кеңесіне жолданып «Жер халық комиссарының міндетін уақытша атқарушы Ә.Бөкейхан» деп қол қойған хат. Енді бір деректе Ә.Бөкейхан Қазақ АКСР Жер өңдеу халық комиссариаты қорының жұмыс комиссиясының хаттамасында Қазақ АКСР өкілі ретінде көрсетіліпті. Төртінші бір құжатта, яғни Қазақ АКСР Жер өңдеу халық комиссариатына жазылған хатта Ә.Бөкейхан Жерге орналастыру орталық басқармасының бастығы ретінде қол қойыпты. Олардың біріне «24/ҮІІІ-1927 жыл» деп көрсетілген. Бұл уақыт Әлекеңнің КСРО халықтарының орталық баспасында істеп жүрген уақытына сәйкес келеді. Ол баспадан «жалпы штаттың қысқартылуына байланысты» босатылғаны туралы пікір қағазы 1927 жылдың I қазанында беріліпті.

Сөйтіп, *«Жер десе, дірілдемей болмайды: жер мәселесі – негізгі өмір мәселесінің ең зоры»* деген Алаш көсемі өзінің ісімен де, қалам қайратымен де, ғылыми тұжырымдамаларымен де халқы үшін қолдан келгенін жасап кеткендігінің куәсі болып отырмыз.

«...Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр», - дейді белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай. Ол идеялар мыналар:

«Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Ал бұл идеялардың ұйтқысы, тарихшы Мәмбет Қойгелдиев дәл тауып айтқанындай, қазақ қоғамының Сун Ят сені мен Махатма Гандиі - Әлихан Бөкейханов болатын. Сондықтан, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханов мұраларын зерделеу болашақ ұрпақтың әрдайым назарында болуы керек».

ЖАСТАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Әлекең кейде уақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. Ойына оралған жазу жұмыстарына байланысты деректер іздеу мақсатымен кітаптар мен қағаздар салынған папкаларды алуға сөреге келеді. Сөресі де шағын кітап қоятын ескі шкаф. Бірақ соған қарамастан бәрі рет-ретімен қойылған. Іздегенін тауып алуға оңай болуы үшін папкалардың сыртына жазып қояды немесе нөмір салады.

Әдеттегісінше терезенің алдына барып, көше жақта не болып жатқанына шамалы назар салды да, қолдарын сермеп, жаттығулар жасап, бойын сергіткендей болды. Қолын алдыға созды да, жұдырығын бір ашып, бір жұмып, саусақтарын қозғалысқа келтірді. Одан соң сол орнында онға дейін санап, бір отырып, бір тұрды. Бағанадан қозғалыссыз отырған денесінің де, аяқ-қолының да ештеп құрысқаны жазылғандай болды. Осылай дене шынықтыру қозғалыстарын жасап отыруға машықтанып алды.

Енді қағаздарына қайта оралған. Әуелі кітап сөрелеріне бір көз жүгіртіп өтті. Сыртында тақырыптары жазылған. Бір папакаға көз салып еді, онда «Жас азамат» деген жазуды көрді. Әлекең жазу жұмысымен айналысып отырғанда бөгде істерге ой бөлуді артық санайтын. Бұл «Қарақалпақ облысының ауыл шаруашылығы» ғылыми очеркін жазып жатқан уақыты болатын. Сондықтан да өзіне қажет қағаздарын тауып алған соң ештеңеге көңіл бөлместен столына қайта отырған. Бірақ, олай болмады, кейінгі кездері өткенге көз сала бастаған. Соның әсері болар «Жас азамат» газетінің құрылу оқиғасы да көз алдынан көлденеңдеп өте берді...

Алаш көсемінің маңайына жиналғандардың барлығы да көңілді. Өйткені, алға қойған бүкіл мақсаттың барлығы да орындала қоймағанымен, тағы бір мәселенің басы қайырылды. Енді Алаш қайраткерлерінің қолдауымен, тіпті тікелей көмегімен «Жас азамат» атты жастардың өз баспасөзі, өзінің төл газеті шыға бастаған еді.

- Қай салада болмасын алға жылжып келеміз. Осы бетімізден таймасақ болды. Енді жастарды қатарымызға қосып жатырмыз, - деп Әлекең маңайындағыларға қарады.

Олар да Әлекеңді қостаған сыңай танытып, бастарын шұлғып қояды.

- Бастаманы жүзеге асырған Қошкеге алғысымызды білдірейік. Газетамыз тамаша шығыпты, - деп Алаш көсемі жаңа ғана баспаханадан әкелінген санының бетін сипап қойды. – Жастардың сауатын ашуды, олардың ұлттық санасын оятуды ешқашан естен шығармауымыз қажет. Екінші Бүкілқазақ сиезінің шешімдерін жүзеге асыруды үнемі насихаттап отыруды ұмытпайық.

Бұдан соң Әлекең қашанғы өзінің салмақты қалпымен газеттің бірінші бетінде жарық көрген «Жас тілек» деген басмақаланы мақтап өтті. Мұнда Қазақстандағы сол кезеңнің жағдайы жап-жақсы сараланған болатын. Ел бостандығы үшін ұйымдасуға шақырған жолдар бар еді. *«Жастар съезінің тілегі орындалды, өмір тәжірибесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай, «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданына шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси*

Һауанының күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болуы-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлік құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың үкім сүруі «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың бас міндеті, үлкен борышы. «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі». (З.Тайшыбай «Қазақша жастар баспасөзі», Петропавл, 2014 ж. 26-б.).

Қандай жағдайда болмасын терең ойлап, терең толғайтын Алаш көсемі бұл жолы да басмақаланың халқы үшін жүректен шыққан жалынды сөздермен жазылғанына, оны тебірене оқып, өзі де риза болды. Мақаланың соңында аты-жөні көрсетілмеген. Осыған ұқсас тебіреністі сөздер 1907 жылы Петерборда бір ғана саны шығып, одан соң тоқтап қалған «Серке» газетінде жарық көрген Мир-Якубтың мақаласында да болған, мына мақала сонымен үндес екендігін жазбай таныды.

Әлекең Құрылтай жиналысы мен ұлттық автономия мәселесін күн тәртібінен түсірмеу, аймақтық үкіметтермен байланыс орната отырып, ұлттық милиция (қарулы күштер) құру қажеттігі сияқты маңызды мәселелерге тоқталды.

Шынында да солай болды, «Жас азаматтың» әр санында осы мәселелер көтеріліп отырды. Әсіресе, жергілікті өзін-өзі басқару органы – Земство жүйесі кеңінен түсіндірілді.

Бұл газетке редактор болып, басшылық жасау туралы мәселе қозғалғанда қаламының қайраты бар, жалынды көсемсөзімен көзге түсіп жүрген Қошмұхамбет (Қошке) Кеменгерұлы ұсынылған еді. Бұл ұсыныс Әлихан Бөкейханның көңілінен шықты. Сөйтіп, басқарма құрамына сайланған С.Сәдуақасұлы, М.Сейітұлы, Г.Досымбекқызы, Ә.Байділдәұлы қоштап, газеттің тұңғыш саны 1918 жылдың 30 шілдесі күні Қызылжар қаласында жарық көрді. Оның жарық көруі бұл кезде осы аймақта большевиктердің қарқыны баяулап, Алашорда үкіметінің қуатына кіре бастаған кезіндегі шешіміне байланысты болатын.

Алаш көсемі Әлихан 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында өткен Екінші Бүкілқазақ съезінде (кейіннен «Алаш съезі» атанған) жасаған баяндамасында да жастар ұйымын құру туралы еске алып өтеді. Оны съезге қатысушылардың барлығы да қолдаған болатын. Сол мәселеге кейіннен қайтадан қозғау салынып, Қазақстанның солтүстік өңірлерінде жастардың ірі ұйымы саналған «Жас азамат» атты жастар ұйымы құрылды. Оның органы «Жас азамат» газеті еді.

Бұл туралы белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлы *«Қазақтың ұлттық баспасөз тарихында елеулі орны бар «Қазақ» газетінің бағытын жалпы жұртқа мәшһүр етуге жәрдемдескен, азаматтық ой-сананы ілгерілетуге септігі тиген газет-журналдардың ішінде «Жас азамат» атты басылымды ерекше атаған жөн. «Жас азамат» ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті», - деп жазды (Д.Қамзабекұлы «Алашқа таныс болған «Жас азамат», «Ана тілі» газеті, 1993 ж., №14).*

Қазақ баспасөзінің тарихына терең бойлап жүрген зерттеуші З.Тайшыбай өзінің «Қазақша жастар баспасөзі» атты әдістемелік оқу құралында «Жас азамат» газетінің тарихына, онда басылған материалдардың мазмұнына толық талдау жасап, болашақ журналистердің үлгі алуына ұсынады. Кейбір мақалаларға өзінің пікірін білдіре келіп, артықшылығы туралы ойларын ортаға салады. Мәселен, мынадай бір мысалға назар аударайық. Оқулық авторы газеттен: *«Ғалихандар (Әлихан Бөкейхан – З.Т.) большевиктерден бас қорғау үшін Орынборда съезд шақырғанда, қорлық көргендерге большевик тиюші ме еді?» деп, Ғалихандарды кінәлағандар болды», - деген жолдарды алады да: «Автор бұдан әрі большевиктердің қазақ даласын қанға бөктіріп, азамат соғысын қолдан тугызып, ушықтырып жібергенінің мысалдарын атап-атап көрсетеді. Бұл мақаланың танымдық мазмұны ерекше екенін айта отырып, журналистің шеберлігіне де назар салған жөн болар еді», - деп үйренетін, қаперге алатын жақтарының барлығына көңіл*

бөле келіп түйіндейді. (3.Тайшыбай «Қазақша жастар баспасөзі», Петропавл, 2014 ж. 54-б.).

Шын мәнінде «Қазақ» газетінен кейінгі Алаш қозғалысының қолдаушысы, қолқанаты «Жас азамат» болды. Әлихан Нұрмұхамедұлы газет редакторы Қошқемен үнемі кездесіп отырды. Әрбір кездесу кезінде талай ой айтып, қандай мәселе көтеру қажеттігін пысықтайтын. Керек кезде қолдау көрсететін. Бірақ осыншама тер төккен, қаншама мекнат жұмсалған газеттің небәрі 22 саны ғана шығып, 1919 жылдың 3 ақпанында тоқтап қалғаны өкінішті болды.

«Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізге түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай – өтер. Олар өтіп кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті – жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріп бәрінен жоғары қойылатын жұмыс», - деп жазды Алаш көсемі («Қазақша оқу жайынан». «Қазақ» газеті, 1913 ж., №14. Орынбор).

Әлихан Бөкейхан жастарға үміт артты, өз халқының қабілетіне ерекше сенді: *«Қыр халқы... өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақыл-санасы болған соң...», -* дегені соның айғағы. («Баспаханаға хат». «Дала уалаятының газеті», №24, 16 маусым. 1889. Омбы).

Болашағынан үміт күттіретін, жастар ұйымының жаршысы болған газеттің большевиктер тарапынан көрген қысымның салдарынан жабылып қалуы Алаш қараткерлерінің жүрегіне шаншудай қадалғаны рас. Бірақ қолдан келер қайран жоқ еді.

ШӘУЕШЕК САПАРЫ

Әрқашан Алашының жағдайын ойлайтын Әлихан қазақ-қырғыз съезінің қабылдаған қаулысын қалайда жүзеге асыру мәселесін ешқашан естен шығарып көрген емес. Онда тек қазақтың байырғы кең даласына орналасқан халық қана емес, сонымен қоса Алтай губерниясының Бийск, Барнауыл, Земиногор уездерінің қазақтар мекендеген аудандарын қамту туралы жолдар енгізілгені белгілі. Осы жолдарды Ақаңның есіне тағы да бірде салған еді. Көп нәрсеге бірден елп ете қалмайтын Ақаң Әлекеңнің айтқанын жерге тастамауға тырысады. Бұл жолы да мұқият тыңдап алып, көптен шала ұйқы болып жүргендіктен, қуқыл тартқан шаршаңқы жүзіне қарап отырды да:

- Әлеке, бұл менің де ойымнан көптен бері кетпей жүр. Сол мәселені жақсылап қарастырғанымыз дұрыс шығар. Әйтпесе, мына балшебектер бел алып бара жатыр ғой. Енді біраздан соң біздің халқымыздың көпшілігі солай қарай ауып кетуге бейім, - деп көкейіндегісін ашық айтты.

- Соны тағы да бір екшел көрейікші. Бұл туралы Халел мен Міржақып не айтар екен? Әлімханның да пікірін білген артық емес...

Келесі жолы Ақаң өзінің бірталай мүшелермен ақылдасқанын, олардың сол жаққа барып қайту туралы идеяны қолдайтындықтарын жеткізді. Әлекең тағы да ойланып барып:

- Ол жақтарға баруға қаржы-қаражатымыз жеткілікті ме?

- Ол жақтарда тұратын қазақтар бірталай, олар қонқжайлықты әлі ұмыта қоймаған шығар деп ойлаймыз.

- Онда дайындалып, көп ұзамай жүріп кету керек. Баратын адамдарды да іріктеген дұрыс шығар.

Сонымен бірнеше адам жолға шығатын болды. Сол кезде ұсыныс бойынша әуелі аймағындағы қазақтармен кездесіп, Алтайдың ар жағына Қытай арқылы оралу туралы тағы бір ұсыныс түсті.

Мұны айтқан Ақаң болатын. Ол сәл ойланып тұрды дағы Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған кезінде

Абайдың әкесі Құнанбай қажының Алтайды жайлаған Абақ керей елін барып қайтқандығын, осы сапары туралы «Қытайға қараған Абақ керей баласы 15 мың түтіннен асып, дәулеті шалқып, елі өсіп, кегін жоқтар ер туып, дауын сөйлер би туып, бақ қонған елге айналған екен. Түбі біздің қазақтың бір тиянағы солар болар» деген сөзін ортаға салды. Негізі Абай туралы айтылғандар мен жазылғандарға ерекше зейін қоятын Ақаң бұл жолы да Құнекеңнің осы сөзін зердесіне тоқып қалған еді. Енді соның сыртқа шығар кезі келген шығар деп тұжырымдады. Міне, осындай болашақта тиянақ болар елге Алаш идеясын таратқанның несі айып.

Ол ұсынысты Әлекең де құптап, сол бойынша Семей қаласына жиналған Алаш қайраткерлерінің арасында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Тұрағұл Абайұлы, Сейдіәзім Қадырбайұлы, Мұқан Жәкежанұлы, Көкбай Жанатайұлы, Жақабай Өтікұлы, Жұбандық Болғанбайұлы және басқалары бар еді. Осы мәжілісте олардың барлығы:

- Қытайдағы қазақтарға барған дұрыс. Мүмкін олардың арасында да Алаш идеясын қолдайтындар табылар. Егер қолдамаса оны да көре жатармыз. Әйтеуір тонымызды шешіп алмас, - дегенді айтты.

Бірақ олардың барлығы да шекараның арғы жағындағылардан зор қолдау болатындығына шәк келтірген жоқ. Сөйтіп, мамыр айында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсекөв, Садық Аманжолов жолға шыққан еді. Олар Ақсуат пен Бақты қалаларының үстімен Шәуешекке жеткен. Бақтыда болыс Қанағат Сүлейменұлының үйіне тоқтайды. Ол үйде жақсы-жайсаң жиналып, тамаша кеңес өтеді, әңгіме-дүкен құралады. Бұдан соң Алаш қайраткерлерін Сейілхан зәңгі және басқалар құдайы қонақ еткен еді. Сондай отырыстың бірінде Райымжан:

- Ағайындар, сіздерге арнаған Әлихан Бөкей-ханның сәлемдемесі бар еді. Ол мына хат. Соны сіздерге оқып берейін деп отырмын, - деп қалтасынан төрт бүктелген қағаз алып шықты да, өзінің мәнерлі дауысымен асықпай, түсінікті ырғақпен оқып шығып, жан-жағына барлай қарады.

Бірақ, түрлері түнеріп кеткен ағайын-туыс ештеңе деместен тым-тырыс отырып қалыпты.

Бұл жерде Алаш қайраткерлерінің басты мақсаты – Алашорда үкіметінің эмиграциялық бөлімшесін ашу және босып барған ел мен жергілікті қазақтардың басын қосып, Алашорданың азаматтары ретінде Қытайда ресми тіркету, сөйтіп дербес автономиялық басқару жүйесін құру болатын. Тура сол кезде Шығыс Түркстандағы қазақтар өздерінің төрелерін сайлап, өздерінің елдігін сақтап отырғаны белгілі. Осылардың барлығы сөзсіз жүзеге асқан жағдайда, олардың ойынша, Алашорда үкіметіне тірек болатындығы сөзсіз еді.

Бұл хат әуелі Бейсенбі бидің ұрпағы Батталға жетті. Одан соң Өміртай гүнге апарды. Одан Мәми бейіске барды. Мәми бейіс оларды қуана қарсы алды, оншақты күн қонақ етті, қонақтықтың өзін той-думан етіп өткізді, ел аралатты, ақыры Әлихан Бөкейханға жауап хат жазып, аттандырып салды. Бірақ жауап хаты көңілді көншітерліктей дәрежеде емес еді. Ол хатта мұндай жұмыстардың бұл жақта жүзеге аса қоймайтындығын айтып сәлем жолдаған болатын.

Осы сапардағы ерекше атап айтуға тұрарлық мәселе – Алаш қайраткерлерінің атақты ақын Әсет Найманбайұлымен жолығуы болатын. Шәуешекте Алаш идеясын тарату мақсатында қонақтап жүрген қайраткерлердің құрметіне жастар сауық кешін ұйымдастырды. Онда ән шырқалып, күй тартылады, балуан күрестірілді.

Бұл кездесуге өздері әуелде тоқтаған, халқы қадірлейтін, Бақтыдағы болыс Қанағат Сүлейменов те жанында оншақты адамымен келген еді. Солардың арасында ақын Әсет Найманбайұлы да болды. Ол кісілерді жастар аттарынан қолтықтап түсіріп, құрақ ұша қарсы алды. Алаштықтар Әсет ақынның және жұртшылыққы сыйлы болыстың келгенін оң іске жорып, қуанып қалған.

Әдеттегіше әуелгі сөзді Міржақып бастап, өздерінің келген сапарлары туралы қысқаша тоқталып өтті. Алаш азаматтарының осы жақтағы қазақ бауырларынан үлкен үміт күтетіндіктерін тілге тиек етті. Әншейінде шешен сөйлейтін Міржақып бұл жолы да майын тамыза жеткізді. Міржақыптың сөзі аяқталысымен, кештің бастаушысы осы кездесуге Қанағат

болыстың келіп отырғандығын ерекше баса айтып, артынша әуелетіп ән салатын әнші Әсеттің, басқа да құрметті және сыйлы адамдардың келгенін жария етті. Қазақ елінен келген топ осы жиынның алдында Әсет ақынмен танысып үлгерген еді. Алыстан келген ағайындарды қуана қабыл алғандығын, Ахмет пен Міржақыптың атына қанық екендігін, кейбір шығармаларымен таныстығын сөз арасында қосып өтті. Бірақ өзінің мінезі сондай болуы керек – аңқылдап, елпендеген мінез көрсеткен жоқ.

Дегенмен де Міржақып, қайтадан сөз алып, Әсеттің өзінен бұрын шырқаған әндері арқылы танитындығын, мына кездесуге келгеніне өте қуанышты екендігін айта келіп, бір-екі ән шырқап беруін өтінді.

- Домбырамды ала келмеп едім, енді қалай ән саламын? – деп қиналды Әсет.

- Осында домбыра бар еді ғой. Әкелсеңдерші, қайда әлгі домбыра? – деп жатқандар болды.

Көп ұзамай домбыра да жетті. Бірақ әнші Әсет қос ішекті қағып біраз отырды да, домбыраның сыңғырлап тұрғанына карамастан, қою қабағын түйіңкіреп алып:

- Менің дауысыма келмейді екен, - деп, кері қайтарды.

- Пәлі, менің Әсет ағам сырнаймен де айта береді, - деп бір жігіт қаттырақ дауыстап жіберді.

Әсет ақын мол денесімен қозғалақтап алды да, жуан мойнын бұра қарап еді, ана жігіт жым болды. Бұдан соң ол ештеңе деген жоқ. Бәрібір отырғандар қолқалауын қоймады. Бір кезде қос қатар түймелі гармонь да әкелінді. Ақыры осылардың айтқызбай қоймасын білді ме, Әсет сырнайды қолына алып, біраз әуендер ойнап отырды да, бастап кетті. Жағалай қаумалаған халықтың ішіндегі Алаш қайраткерлері болса, Әсет ақынның бұрын айтып жүрген әндерінің бірін күткен еді, бірақ олай болмады, мүлде жаңа тақырыпқа түрен салып, жаңа бір әнді бастап кетті.

Біздің халық қашаннан зейінді жаралған ғой. Соның әсерінен талай хисса-дастандар бір айтқанда жатталып, ауыздан-ауызға таралып кете берген. Содан ұмытылмай біздің заманға да жеткен. Бұл жолғы бас қосуда да зейінді адамдар аз болған жоқ. Олар да Әсеттің аузынан суырыла шыққан жаңа

әннің әрбір сөзін қалты жібермей зердесіне түйіп жатқан еді. Өйткені, Әсет ақынның танымал, сырмінез жандары мұндайда жаңа бір ән туатынын жақсы білетін. Ақын көпшілік жиналған жерде бұрынғы айтқанын қайталамауға, әрқашан жанынан шығарып айтуға тырысатын.

Әуелетіп ән салғанда аспандағы аққумен жерді тілдестіретін әнші атағы алты алашқа мәлім жандардың алдында қысыла-қымтырыла бастағанымен, бұл жолы да өзінің алты қырдың астынан естілетін зор дауысымен қалықтата жөнелді. Отырғандар ақынды жаңа көргендей ауызын ашып қалыпты. Өлеңнің сөзі мен әні бірдей астасып, айтайын деген ойын түйдегімен тастап-тастап жіберді.

- Міржақып, өлең айт деп қолқалайсың,

Мен бе ақын сендер тұрып ой табатын?

«Алаш» деп ағайынға сауға салып,

Ақаң ер отырмай ма жол табатын.

Қызық деп қара жерде түлкі қусаң,

Қалмай ма бір бел аспай шаршап атың.

Туған ой туған төлмен бір негізде,

Аяқтанып, оттығып, марқалайтын.

Тумаған ту сиырдан уыз ішіп,

Халықтың кезі ме бұл шалқалайтын.

Өзімнің ат-тұрманым сай болды деп,

Жаяу-жалпы халыққа жар саласың.

Аттыға ерген жаяудың таңы айырылса,

Қайда қалмақ мәйегің сорпалайтын! – деп «Алашқа»

атты өлеңін ортаға тастағанда отырған жұрт не дерін білмей бір-біріне қарасты. Қытай елінде бүгінгі күнмен өмір сүріп, ертеңгі күнге деген сенімінің өзі алдыр-бұлдыр болып отырған халық үшін Алаш қайраткерлерінің бұл сөзі, шынында да, өтпес пышақпен бауыздағанмен бірдей еді.

«Болса да бастан қан шықты» дегендей, ақыры келген сапары анық болған соң «Сүт сұрай келсең – шелегіңді жасырма» деп, Ақаң да үнсіз қалуды жөн санамай, бір-екі ауыз болса да Алаш жайлы, Алашорда үкіметі жайлы айта кеткен дұрыс қой деген оймен сөз алған еді.

Бірақ Алаш қайраткерінің сөзінен соң ақын Әсет:

- Ей, Ақа, не дегенің, бүй дегенің,

Алашқа жалпақ елді жи дегенің.

Алыс кеткен ағайын суық бауыр,

Оған мысы жүре ме үйдегі елдің, ... – деп бастап, ұзақ толғаумен жауап берді. Барлығы 53 шумақтан тұратын бұл ұзақ толғау Әсеттің «Алашқа» атты өлеңі болып есте қалды. Отырғандардың барлығы да ақынның сөзтапқыштығына, дауысының зорлығына, ақындық алымдылығына аса риза болысып, жоғары бағаларын беріп жатты.

Шынында да Әсеттің айтып отырғанының барлығы да орынды болатын. Алаш қайраткерлері Шәуешектен алға қойған мақсаттары орындалмай, бастары салбырап, еңселері түсіп орылды. Бірақ сол жақта қалып қойған Райымжан Алаш идеясын насихаттауды тоқтатқан жоқ. Сол кездегі ОГПУ деректерінде Алаш қайраткерлерінің Шығыс Түркістан аймағына келуінің және Райымжан Мәрсековтің тобының мақсаты: «...КСРО жерінде контрреволюциялық топтар ұйымдастыру, халықты Қытайға өткізу, шекаралық аудандарда қарулы көтеріліс ұйымдастыратын бандалар отрядын құру, көтерілісшілерге нақты көмек көрсету, эмиграциядағы қазақтардың басын қосып, қазақтардың хандығын құру» деген жазбалар сақталған. Әрине, ОГПУ-дың жазғандарының барлығы бірдей шындық деп айтуға болмас, дегенмен де Алаш қайраткерлерінің Шәуешекте өз идеяларын насихаттаған жұмыстар жүргізгені рас.

Алаш идеясының Шығыс Түркістан аймағында дами түсуіне Райымжан Мәрсековтың қосқан үлесі зор. Оның ұйымдастыруымен қазақ жасақтары құрыла бастайды. Бірақ іске Шәуешектегі Ресей үкіметінің осының барлығын бақылап отырған консулы араласып, жолдарын қиып кетеді. Ойлаған мақсаттарына жете алмайды.

Осы сапарға барғандар да, оларға қолдау көрсеткендер де кейіннен Қытай тарапынан қудалауға түскенін атап айтуымыз керек. Мәселен, Алаштың үні «Сарыарқа» газетін Семейде шығарып тұрған Райымжан Мәрсеков Владивосток қаласындағы американдық «Мейер» фирмасымен шарт жасасып, Семейге 15 миллион сомның затын әкеліп, халықты қамтамасыз еткен. Ол Семей губерниясының атқару комитетінде жауапты қызмет атқарып жүріп, бір түнде Қытай

асып кетеді. Сол жақта қуғындалып, ақыры 1940 жылдар мұғдарында атылыпты. Садық Аманжолов болса, қуғын-сүргіннен аман өтіп, 1941 жылы қайтыс болыпты. Ал, Алаш арыстары Шәуешектен қайтар жолда тоқтаған Таңғыт Еңсеұлы да тергеуге алынып, ақыры ату жазасына кесілген. Бұдан басқа да Алаш қайраткерлерінің осы сапары кезінде дәмдес болған, қатар жүрген бірталай адамдар жазға тартылыпты. Бұл деректер Алаш қозғалысының Шығыс Түркістандағы қолдаушыларының тексерусіз қалмағанын, көбінің жазықсыз жапа шеккендерін көрсетеді.

ТАҒЫ ДА ТҮТҚЫНДАУ

1937 жылдың 26 шілдесі. Танертенгілік уақыт. Мәскеу аспаны мұнарланып, бұлттанып, түнеріп алған. Әлгінде ғана сіркіреп жанбыр жауып өтті. Үлкен Кислов мүйісіндегі коммуналдық пәтердегі өзінің бір бөлмесінде Лиза әкесімен және кәмелетке толмаған Кенка (Ескендір) үшеуі таңғы шайларын ішіп отырған. Кенет есіктің қоңырауы шылдырады. Әркімнің өзінің жеке қоңырауы болатындығына қарамастан, бұл жолы бірнеше пәтердің қоңырауы бірінен соң бірі әдеттегіден ұзақтау қағылды. Мұндай «қоңыраулату» НКВД адамдарының «мәнері» сияқтанып, Әлекеңнің арқасы шымырлап қоя берді. Олар өздерінің келе жатқандығын жария ету үшін ауыздарында әмір, қолдарында күш бар екенін, осылай еркіндіктерімен көрсетіп жүруге тырысатын. Осындайда елден бұрын жүгіріп шығып «елгезектік» танытып жүретін, ертенгі күні бүгін не болғанын жалпақ жұртқа әңгіме етуге ұмтылатын көрші кемпір бұл жолы да бірінші болып жеткен сияқты. Кемпірдің шіңкілдеген жағымсыз дауысы естіліп жатты. Оның осы пәтерді нұсқағаны даусыз. Негізі бұл пәтерді тыңшылар онсыз да жатқа білетін.

Етіктерінің өкшелері тақтай еденге тақ-тақ тиіп, есікті қағар-қақпастан үш-төрт адам сау етіп кіріп келді. Кейінгі екеуінің әскери киімі НКВД-нің адамы екендігін айтпай-ақ

танытып тұр. Ал бірінші кіріп, алдында тұрғанының кителі мен галифе шалбары бастықтары екендігін сездіреді.

- Мен ГПУ-дің аға лейтенанты Рядинов боламын. Азамат Бөкейханов, сіздің бізбен бірге жүруіңіз қажет, - деді нығарлай сөйлеп.

- Дәл қазір ме? – деп Әлекең аға лейтенанттың бетіне тіке қарады.

- Иә, дәл қазір, - деген анау назарын тайдырып әкетті.

Әкесіне шай беріп отырған, ГПУ-дің қамауға алуының артының немен аяқталатынын жақсы білетін Лиза үрпиіп қарап тұр. Бұл кезде Кеңес Үкіметі қамауға алғандардың құтылғаны некен-саяқ. Көпшілігі ату жазасына кесіліп, кейбірі ғана алды бес жылдан, арты жиырма бес жылдан арқалап, жан-жақтағы лагерьлерге айдалып жатқан. Не болғанын түсінбеген Кенка болса, атасына бір, аналарға бір қарайды. Бұлардың түсінің суықтығынан, иықтарына асынған қаруынан сескенеді. Не де болса жақсылық еместігін түсінеді.

Мұндайда ГПУ-дың адамдары кірген бетте тұтқындайтын адамына мылтығын тіреп, «айт-шайт» жоқ сыртқа қарай итермелейтін, егер көнбесе – қолын қайырып сүйрелей жөнелетін. Бұл жолы олай болмады, аға лейтенант Әлекеңнің ұшқын атқан жанарына көзі түйіскен сәттен-ақ жуасып қалғандай болып тұрып қалды.

Әлекең болса, сол сәттегі тыныштықты бұзып:

- Қазір, мен жиналғанша сіздер жоғары шыға беріңіздер. Лизажан, бізге қонақтар келіп тұр ғой. Шайынды қаузап жібер. Бұл кісілер мәдениетті адамдар, дәстүрді аттамайды, - деп еді, олардың ешқайсысы ештеңе деген жоқ.

Соны пайдаланған Әлсекең:

- Кешіріңіздер, мен телефон соғып алайын, рұқсат етесіздер ме? – деп сұрады.

Шегір көзді аға лейтенант үнсіз ғана басын изеп, рұқсат берген соң телефонның құлағын көтеріп, коммутаторға көрші үйде тұратын ғалым, Василий ағайдың үйімен қосуды сұрады. Ол телефонды көтерген кезде:

- Вася, мен ұзақ іссапарға кетіп барамын. Лизаны саған тапсырдым, - деді де, қызына:

- Лизажан, сен ешқайда жүгіріп әуре болма. Енді одан ештеңе шықпайды. Менің кетіп бара жатқан жағым «барса – келместің іссапары» деп аталады. Кенкаға бас-көз бол, - деп сөзін сабырмен аяқтады.

- Ал, жүрейік, - деп алдын ала дайындап қойған кішкене сөмкесін қолына алып, сыртқа қарай өзі бірінші болып беттеді. Қалғандары оның соңынан үнсіз еріп жүрді.

Сыртқа шыққанда халық «қара құзғын» атап кеткен НКВД-нің қара машинасы күтіп тұр еді. Екі айдауылдың бірі тұтқындар қамайтын есікті ашып, Әлекең оған кіруге оқтала бергенде екіншісі оның қолтығынан демеу жасамақ болған еді.

Қашан да өршіл мінезді төре тұқымы оған оқты көзін ата қарап, зілді үнмен:

- Ұстама, өзім мінемін! – деген сәтте, әншейінде ұсталған адамға ешқашан дес бермейтін жандайшап шынымен де қаймыққандай, қолын тартып алды, Әлекең болса ширақ қимылмен машинаға мініп алды. Екі айдауыл үнсіз ғана кіріп, есікті іштен жапты. Оларды сыртынан бақылап тұрған Лиза мен Кенка және қызық қарағандай жиналған көршілер қара машинаның соңынан үмітсіз сезіммен қарап қала берді.

Сол бетімен қара машина атақты Бутырка түрмесінің ауыр темір қақпасынан келіп кірді. Бұлар кіргенде тағы сондай бірнеше машина сыртқа шығып бара жатқан еді. Олардың күндіз-түні осындай тасымал жасайтындығы, кірген адамның ізі бар да, шыққан адамның ізі жоқ екендігі сөзсіз еді. Мұны Әлекең жақсы түсінді.

Бұл жолғы қамау да, тергеу де сонау Адай экспедициясынан алып келген жолғыдай емес, одан гөрі мүлде басқаша болып шықты. Бұл туралы Әлекең: «Жер туралы немесе басқа да маңызды ұлт мәселесі жөнінде қаулы қабылдар алдында большевиктер мені түрмеге ұмап, Бутыркадан кіргізіп, Кремльдің есігінен шығарушы еді. Әй, бұл жолы өйте қоймас. Енді уысынан шығармас», - деген екен.

Басында байыпты басталған тергеудің аяғы ұрып-соғуға айналып кетті. Сондағы сұрайтындары:

- «Алқа» деген ұйым құрғаныңыз рас па? - деп сұрайды. Бұл:

- Рас, - деп жауап береді.

- Мойындайсың ба?
- Мойындаймын.
- Ендеше, мына жерге қол қой, ондай астыртын ұйымды не үшін құрғаныңды, Кеңес Үкіметінің құрылысына қарсы қандай жұмыс жүргізгеніңді айтып бер.
- Ол астыртын ұйым емес, ондай жасырын ұйым құрғанымыз жоқ. Ол ешқандай саяси ұйымға жатпайды. Ол – шығармашылық ұйым...
- Оның құрамында кімдер болды?
- Оның құрамында ақын-жазушылар, шығырмашылықпен айналысатындар болды.
- Аты-жөнін атаңыз.
- Олардың аты-жөні онсыз да белгілі ғой, - деп ешкімнің аты-жөнін аузына алмайды.

Енді бір тергеуші:

- Бұл «АЛҚА» деген төрт әріптен тұратын, қысқарған сөз болар, оны тарқатып айтқанда қандай сөздер шығатындығын айтып беріңіз, - деп талап етеді.

Оған «алқа» дегеннің мойынға тағатын зат екенін, орысша айтқанда «медальон» немесе «оберег» скенін айтып түсіндіргісі келеді. Олар бәрібір түсінбейді. Әлгі сұрағын қайтадан қайталайды. Бұдан соң тағы ақыру, жекіру, өктемдік, қорқыту, үркіту басталады. Әбден шаршаған кезде камераға әкеліп қайтадан қамайды.

Енді Әлихан түсіне алмай дал. Бұл «Алқа» ұйымын құрғаны, оған басшылық жасағаны рас. Бірақ ол шын мәнінде ешқандай саяси ұйым емес қой. Ол 1922 жылы Ташкентте құрылды, оның мүшелерінің барлығы бұрынғы Алашорда үкіметін қолдаушылар болғаны рас. Мұндай ұйым құру ол кезде совет заңымен тыйым салынбаған. Ұйымның тұғырнамасы жасалып, сол кезде осындай филиалдар құру туралы Қазақстанның барлық облыстарына да жіберілген еді. Бұдан соң «Алқа» ұйымының дем берушісі Әлиханның Алашорданың басшысы ретінде сол жылдың желтоқсанында Мәскеуге қоныстандырылуына байланысты ұйымның жұмысы тоқтап қалған. Соған қарамастан отызыншы жылдары «Алқа» ұйымына «алашордашыл көтерілісшілердің астыртын контрреволюциялық ұлттық ұйымы» деген астар

беріліп, НКВД тексеруді қайтадан қолға алған болатын. Мұндай жала тек Алашорда автономиясын құрушыларға ғана емес, бүкіл ұлттық интеллигенцияға және тұтастай Қазақстанның қазақ совет басшыларына түгелдей тағылған еді.

Алашорда көсемін тағы бірнеше мәселенің төңірегінде айналдыра бастады.

- Мұстафа Шоқаевпен қалай байланысып жүрсіңдер? - деп дік ете қалды біре тергеуші.

Әлекең түк түсінбегендей тергеушіге тесіле қарады да:

- Ол 1921 жылы шетелге кеткен, одан соң мен оны көрген де жоқпын, хабарласқан да емеспін. Қайда екенін де білмеймін, - деп жауап берді.

- Неге білмейсің? Онымен байланысып тұрғаныңды, хат жазысқаныңды, Совет үкіметіне қарсы қастандық ұйымдастырмақ болғандарыңды да мойындамайсың ба?

- Жоқ, мойындамаймын. Мен онымен байланысқан емеспін.

Әрине, Әлекең ондайды мойындамайды. Ал шын мәнінде Қоқанд автономиясы ретінде танымал болған Түркістан мұхтариатының басшысы, Алашорда Ұлттық-аумақтық автономиясы Халықтық советінің мүшесі Мұстафа Шоқайдың шетелге қоныс аударғанынан бастап, отызыншы жылдардың ішінде Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға түгелдей қанығып, Алаш қайраткерлерінің және Алашорда автономиясы қызметкерлерінің іс-әрекетін тек советтік баспасөз арқылы ғана емес, шетелдік басылымдар арқылы да, өзінің арнайы байланыс жолдары арқылы да қадағалап отыратындығын жақсы біледі. Өзі де сан рет астыртын байланыс жасады.

ҚАМАУДАҒЫ СОҢҒЫ КҮН...

Көрер таңды көзбен атқызды. Осындайда адамның ойына қай-қайдағы түседі екен. Сонау жастық шағы көз алдына келеді. Жас кезінде әлемде Желтаудан басқа жер жоқ сияқты көрінетін. Көгалдағы көбелек қуып жүгірген сәттер.

Тастан-тасқа секіріп, жақпардың қуыс-қуысына тығылыспақ ойнаған шақ. Алаңсыз балалық бал күндер. Ол бір естен кетпес тамаша сәттер екен ғой... Шынында да басынан қаншама қиын күндер өтті. Сол күндерде үй-ішін, ауылын, Желтаудағы сәттерді сағына еске алуды әдетке айналдырған. Міне, осылай төбеге қарап, «енді не болар екен?» деп жатқан кезде болмаса, басқа уақытта елін-жерін, тіпті ата-анасын ойлауға да онша көп уақыты болмаған екен-ау! Шіркін, анасының құшағынан артық, одан ыстық ештеңе жоқ қой! Сол күндер...

Міне, тағы да одан ары ойлануға, балалық бал дәуренді көз алдына келтіріп, бір сәтке болса да рахат сезімге бөленуіне мұрсат бермеді... Әуелі дабыр-дұбыр дауыс естіліп, артынша есікті дүрсілдете қаққан (мүмкін текпілеген де шығар) дауыс естілді де, құлыбының кілті сылдыр-сылдыр етіп, жалғыз кісілік камераның есігі ашылды. Есік ашылған сәтте төсегінде жатқан тұтқын әдетте бастарын көтереді. Шамасы келгендер орнынан тұрады. Әбден зеріккен, бостандық аңсаған, шамалы уақытқа болсын еркіндікке бір шығып қайтуды арман етіп жатқандарға есіктің ашылып-жабылуының өзі үлкен үміттің шамалы бір саңылауы сияқты көрінеді. Өйткені, оның ар жағында бостандық бар. Камераның есігінен соң да талай есіктер болатындығына қарамастан, үміт сәулесі дәл осы есікте тұрғандай сезінеді. Ол сәтте ешкім басқа есіктер туралы ойламайды да. Басқа есіктерді осыдан шыққан сәтте ғана есіне түсіреді.

Әлекең басын көтермек болған. Бүкіл денесі сіресіп, қозғалмай қалыпты. Басы-көзі қанталап, ісіп кеткен. Әсіресе, оң жақ иығын зіл-батпан бірдеңе басып тұрғандай. Қабырғалары қол тигізбейді. Қаттырақ дем алса да, екі өкпесін қысып, ауырып кетеді. Ақырындап-ақырындап басын көтерді.

Есіктен кірген шикіл сары түрме қадағалаушысы шегір көзін ежірейте қарап, қаракөлеңке камера ішін бір сүзіп өтті де:

- Бөкейханов, сыртқа! – деп тарғыл даусымен баж ете қалды.

Әлекеңнің денесі дір етті. «Осы соңғы тергеу шығар», - деген оймен орнынан сүйретіле көтерілді. Шәркейінің бірін

аяғына киді, екіншісі нардың астына қарай жылжып кетіпті. Оны еңкейіп алуға шамасы келмеді, денесі қозғалтпайды. Алғысы келіп еңкейе беріп еді, әлгі шегір көз:

- Жүр, қайын енеңе қонаққа бара жатқан жоқсың, - деп шақ ете қалды.

Шәркейін бір аяғына ғана ілген, екіншісі жалаң аяқ күйінде есікке беттеді. Есіктің алдына жете бере күтіп тұрған қадағалаушы алға қарай жеңінен жұлқып қалды. Бүкіл денесі ауырған Әлекең құлап түсе жаздады, оны қадағалаушының артында тұрған, қолдарында винтовкасы бар екі айдауылдың бірі сүйеп қалды. Аяғын баса алмай келе жатса, оны күзетшілер мылтығының дүмімен итермелеп қояды. Қадағалаушы болса:

- Бас аяғыңды! – деп айқайлайды.

Уақыттың қай мезгіл екенін де білмейді. Шамның жарқырап жанып тұрғанына қарағанда, түн іші болса керек.

Тәнін ауыртып, жанына жара салғанымен, өршіл рухты жанды ерлігінен де, өрлігінен де тайдыра алар емес. Аяғы бастырмай, жүруге жарамай келе жатса да, өз еркімен қадам басу үшін барлық күшін жинап алды. Ақырын аяндай берді. Басын жоғары ұстап, еңсесін түсіргісі келмей, төре тұқымына тән өр кейпінде жылжып келе жатыр. Тергеушілердің таяғы еттен, сөзі сүйектен өтті, шынтақ буыны қатты ауырып, бүгуге шамасын келтірмеген сол қолы салақтап кеткен. Оның осындай бейнесі қадағалаушының жанын кіргізген сияқты, қыбы қанған түрде. Әдеттегісінше: «Токта!», «Қабырғаға!», «Алға!» деген жаттанды сөздерін әндете айтып, мұны мазак еткен сияқты.

Жолшыбай темір торлы есіктердің бірін ашып жатқан кезде Әлекең оған күлтілдеп, ісік басқан оқты көзін ата қарап еді, жүзінен өзіне-өзінің ризалық сезімі білініп тұрған қадағалаушы езуін жиып ала қойды. Қолындағы кілтін түсіріп ала жаздап барып, салдыр-гүлдір еткізіп, құлыпты зорға ашты. Бірдеңе деп күбірледі, бірақ Әлекең оның сөздерін ести алған жоқ. Бастан тиген соққының әсерінен құлағы шуылдап тұр еді.

Бірнеше есіктен соң тергеу бөлмесіне де келді. Қатар-қатар бірнеше есік. Олардың арғы жағынан адамдардың зекіген, ақырған дауыстары, ыңырысқан, ышқынған

дыбыстары ешқашан сембейді. Бұл жолы да дауыстар шалапұла естіліп қалды. Тергеу конвейері күндіз-түні тынымсыз жұмыс үстінде болатын. Адамдардың жанын жаһаннамға жіберуге қажет қағаздар осы жерде дайындалатын.

Сондай тергеу бөлмесінің біріне әкеліп кіргізді. Әдеттегідей бір стол, екі орындық. Оның біріне тергелудегі адамды отырғызса, төр жақтағы екінші әсем орындыққа тергеуші жайғасады. Әбден кірлеген, кей жерлеріне қан жұққан, май қолдың табы қалған қабырға сан сырды ішіне тартып, бұрынғыдан да түнере түскен сияқты. Тақтай еден де қадам басқан сайын бірдеңе дегісі келгендей адамның жүйкесін одан сайын жұқарта түсетін, сықыр-сықыр еткен ерекше жағымсыз дыбыс шығарады.

- Тергеуші орнында екен. Есік қағып, қадағалаушы кіруге рұқсат сұрады да, бірінші кіріп:

- Жолдас тергеуші..., - деп баяндамақ болып келе жатыр еді, бұл бұрын көрмеген тергеуші аға лейтенант оны:

- Тоқтат! Неге осынша кешіктірдіндер? Уақыт тығыз! – деп ашуға булығып, тыйып тастады да, Әлекенді орындыққа отырғызғаны сол еді:

- Тұр орнынан! – деп айқайға басты. – Жапонның шпионы болғаныңды, Совет үкіметіне қарсы әрекет ұйымдастырғаныңды мойындайсың ба, жоқ па?

- Жоқ, мен «шпион болған емеспін» деп қаншама рет қайталадым? Мойындамаймын, - деді қарлығыңқы дауыспен.

- Онда, иттің ғана баласы, өз обалың өзіңе... Мына жерге қол қой...

Еш жерге қол қоймау, ештеңені мойындамау қажеттігін өзі де білетін, оған қоса талай рет тұтқында болған сәттерінде камерадағылар да сан мәрте қайталаған. Сол есінде болған Әлихан әлі күнге дейін тергеу кезіндегі күмәнді қағаздарға қол қойған емес. Бұл жолы да бас тартты. Дегенмен де ол сонау жиырмасыншы жылдардың басындағы тергеумен бұл тергеудің айырмашылығы жер мен көктей екендігін бірден байқады.

- Қол қоясың ба, жоқ па?!

- Жоқ.

Жанына жетіп келген аға лейтенант оң жақ бүйірінен

соғып қалды. Онсыз да дем ала алмай тұрған Әлекеннің жаны көзіне көрінді. Бүгіліп отыра кетті.

Тергеуші бірдеңелерді асығып-үсігіп жазып, қағаздарын жинап болған соң, бағанадан қызық көргендей қарап тұрған қадағалаушы мен айдауылға:

- Әкетіндер! – деп бұйырды. – Тергеу аяқталды...

Әлекеннің жүрегі су ете қалды. Енді сот болады деген сөз.

Негізінен алғанда қаншама тергеушінің ауысқаны есінде жоқ. Түн демейді, күн демейді ауыса береді. Ауысқан сайын шақыра береді. Сонда барлығының қоятыны бір-біріне егіз қозыдай ұқсас сұрақтар. Көбісі «Жапон тыңшысы болғаның рас па?» - деп сұрайды. Әйтпесе: «Жапон шпионы болғаныңды мойында! Резиденттеріңнің аттарын ата!» - деп талап етеді.

Бір жолы дігірлеген тергеушінің бірі:

«Алашорда» деген ұйымды білесің бе? – деп сұрақ қойды.

Қашан да өр мінезді Әлихан тымырайып, өзінше әлдеқандай болып отырған тергеушіге қарап:

«Сен ақылың аздау, түсінігің шамалы адам екенсің. «Алашорда» деген ұйым емес – ол үкімет! Мен сол үкіметтің төрағасымын. Егер сол үкіметтің барлық жұмысына жауапты болсам, мен оны қалай білмеймін? «Алашорда» Кеңес өкіметін мойындап отыр. Оның бұрынғы іс-әрекетіне ешкімнің жауап бермейтіні, ол үшін ешқашан жауапқа тартылмайтыны туралы Ленин қол қойған келісімнен соң ол үкімет тарап кеткен. Егер Лениннің қолы өзі өлген соң жүрмейтін болса, онда үшінші адам болып Сталин қол қойған. Ол келісім әлі күшін жойған жоқ. Ал, жойған болса, маған хабарлар еді. Мен Сталиннен ондай хат алғамын жоқ. Оны сендер мойындамайсыңдар ма? Онда маған жазбаша жауап беріңдер. Жаза алмасаңдар, ол келісім әлі күшінде деген сөз. Одан да келесі сұрағыңа көш», - деп жауап берді.

Бағанадан білгішсініп отырған тергеуші не дерін білмей, ашу қысып отырып қалды. Сол ашу булыққан беті барды да аяғындағы құрым етігімен арқасыз орындықта отырған Әлекенді бүйірден теуіп өтті. Алаш көсемі болса, бүйірін

басқан беті есінен танып, құлап түсті. Оның тағы не істегенін сезген де жоқ...

Шынында да таң атқан соң сот болды. Екі айдауыл алып келді. «Сот» деген аты ғана, бұл КСРО Жоғары соты әскери алқасының «Үштігі» болатын. Әскери киім киген үш адам отыр. Түстері суық, бірақ олардың адам тағдырын шешу үшін келіп отырғандығы байқалмайды. Немқұрайды кейіптегі көлгірсіген бір жандар. «Нағыз жаналғыштар осындай болатын шығар» деген ойға келді Әлихан.

Құрамында дивизиялық әскери заңгер Голиков, сот мүшелері бригадалық әскери заңгер Ждан және бірінші дәрежелі әскери заңгер Кандыбин, хатшысы екінші дәрежелі әскери заңгер Кудрявцев бар сот мәжілісі басталып кетті.

Олардың да қойғаны өзіне бяғыдан таныс сұрақтар.

- Жапон шпионы болғаныңды мойындайсың ба? - дейді.
- Жоқ, - дейді бұл. - Мен ешқашан шпион болған емеспін.

- Ал, Кеңес Одағына неге қарсы болдың?

- Мен қарсы болған жоқпын, мен Кеңес Одағын жақтырмайтыным рас, бірақ мойындаймын, - деді мұның алдында тергеу кезінде берген жауабы есіне түсіп.

Осыны айтып үлгергені сол еді, бағанадан тік тұрғандықтан, оның үстіне бірнеше күннен бергі тергеу, ұрып-соғу жанына батқандықтан болар, жығылып барып, зорға оңалды. Не де болса, сот алдында шыдамдылық танытып, тізесін бүкпеуге тырысты.

Небәрі жиырма минуттың ішінде бірнеше сұрақ қойды да, олардың жауабын шала-шарпы тыңдап, сотқа төрағалық етуші үкімді оқыды. Ешқашан адамның үміті үзілген емес. Соңғы сәтте де Әлекеңнің Кеңес Өкіметінен күткені көп еді. Дәл осылай болады деп ойлағанымен, үміті үзілмеген. «Ату жазасына кесілді» дегенді естігенде жүрегі зу ете қалды. Өне бойын тер басып кетті. Көзі қарауытып, құлағы естімей қалды. Одан соңғы сөздер санасына жеткен жоқ.

Әдетте ату жазасына кесілгендерді қайтадан камераға әкелмейтін түрменің заңы. Сол әдетпен жеке камераға әкеліп қамады. Оңашада адамның ойына не келмейді десеңізші! Дегенмен де істің енді оңалмайтындығын жақсы біледі. Соған

қарамастан ол өзінің өткен өмір жолына көз жүгіртіп қарайды. Нені дұрыс істегенін, нені бұрыс істегенін бағамдайды. Әлекең де ойлап отырса, адамзат баласына ешқандай жамандық жасамаған екен. Істеген ісінің барлығы өз халқының басқалар қатарлы ел болып, азаттыққа қол жеткізуге арналды ғой. Сондағы мұның бар кінәсі – өмірі күреспен, одан соң мал соңында өткен халқының көзі ашық, көңілі ояу болғанын қалағаны ма?

Осындай өлім алдында тұрып, оңашада ойланған сәтте өзінің өткеніне өкініп, «егер мен басқа жолмен жүргенде, немесе басқаша әрекет еткенімде мұндай болмас еді», дейтіндер болады екен. Ал, Әлекең болса, ойлап-ойлап өзінің өміріндегі бүкіл әрекетінің дұрыс бағытта болғандығына еш шүбә келтіре алмады. Егер дәл қазір өмірді қайтадан бастау керек болса, Әлиханның тағы да осы жолды таңдайтындығында сөз жоқ еді.

Қанша уақыт өткендігін білмейді. Негізі, өлім аузында тұрған адамның уақыттың барынша созыла беруін қалайтыны, «өтпесе екен» деп алдағы уақыттан үміт күтетіні жасырын емес. Әлекең де сондай жағдайда еді. Бірақ, көп ұзамай есіктің кілті сылдарып, құлыбының ашылғаны естілді. Бағанағыдай емес, бұл жолы бүкіл денесі шымыр ете қалған жоқ, тек жүрегінің ептеп бұлк ете қалғанын ғана сезді. Бұл соңғы сапар екендігі мәлім еді.

Бұдан соң ол екі бақылаушының алдына түсіп, айтқанын істеп жүре берді. Алдында не күтіп тұрғаны айдан анық болатын. Бірақ сол сәтте ол ату жазасына кесу туралы үкімнің дәл сол 27 қыркүйек күні орындалатынынан, сол күні мәйіті өртеліп, күлі «Дон» монастыріндегі № 1 шұңқырға төгілетінінен бейхабар болатын.

Көп жыл бойы ату жазасының сол күні орындалғаны, оның күлінің сол шұңқырға төгілгені өте құпия жағдайда сақталды. Ақыры үкімнің орындалғаны туралы актінің КСРО НКВД-сі бірінші арнаулы бөлімінде №2 томның 283 бетінде тігулі екендігі анықталды.

ӘЛИХАН ҰРПАҚТАРЫ

Қызы Зейнеп (Лиза)

Ерлі-зайыпты жандар қашан да нәрестелі болу сәтін аңсап күтеді. Олар үшін тұңғыштарынан артық қызық жоқ. Әлихан мен Еленаның күткен қуаныш күні де келіп жетті. Тұңғыштары Лиза (Зейнеп) 1903 жылы Омбы қаласында дүниеге келді. Сол күнгі олардың қуаныштарында шек болсайшы. Күні тақаған сайын Еленаның жағдайын Әлекең қатты ойлады. Туған-туыстар болса, алыста. Әкесінің дүниеден өткеніне екі жылдан асып барады. Шешесі Бегім ханым болса, келінінің бетіне де қарамайды. «Ленаның жарық дүниеге әкелген нәрестесін қалай қабылдар екен?» - деген ой мұның жан-жүрегін жегідей жейді. Жатып-жатып: «Өзі ұл болар ма екен, әлде қыз болар ма екен?» - деп ойлайтын сәті де бар.

Сөйтіп жүргенде 1903 жылдың 8 наурызы күні айы-күні жетіп, томпиған қыз бала дүниеге келді. Әлиханның қызының аты әуелде «Зейнеп» деп қойылған еді. Кейін ол Елизавета (Лиза) атанып кетті, құжатында да осы есім жазылды. Дүниеге нәресте келген соң жас отбасының қуанышын жеткізу қиын. Ақан балажан екен. Түн ортасында кішкентай Зейнеп қыңқылдаса болды Еленадан бұрын атып тұрып, баланы уатуға кіріседі. Одан соң екеулеп жаялығын ауыстырып, астың құрғатады. Бұдан соң бала анасының қолына көшіп, ішіне ел қондырып алған соң қайтадан рахаттанып ұйқыға кетеді. Түнде қанша ояңғанымен, әкесі еш уақытта ренжіп көрген емес, таңертең уақытымен тұрып, шайын ішіп алады да, қызметіне кетеді.

Қызы дүниеге келген соң Әлиханның бойындағы шабыты бұрынғыдан да шалқи түсті. Талай мақала жазып, оларды түрлі басылымдарда жариялатып жүрді.

Елена балаларды бағып, үйде отырды. Бұдан соң ол жұмысқа шыққан жоқ. Тек қолы босаған кездерде бұрынғысынша Әлиханның орыс тілінде жазған шығармаларын қарап, кеткен қателерін түзетіп беріп жүреді.

Кейде Әлекеннің іссапарға кететін уақыты да болады. Ұзақ уақыт үйде болмаған немесе қамауда отырған сәттерінде жарын, балаларын сағынып оралатын. Ондайда тәрбиелі отбасында өскен Елена да балаларын бақты, жарының жолына қарап тағатсыздана күтіп отырды.

Негізінен Әлекеннің отбасы Омбыда тұрды. Соның арасында Щербина экспедициясымен қазақ даласын аралап келген соң оның материалдарын жазу үшін 1903-1905 жылдары Петерборға барған еді. Сонда тұрған кездерінде, 1904 жылы, өздері «Өктай» атап кеткен ұлы Үгедей дүниеге келді. Ол кейіннен Сергей болып атанып, құжатына да осылай жазылды. Сол кездегі патшалық Ресейдің астанасында болашақ Алаш көсемі өзінің жинаған материалдары негізінде қазақ даласында жерді пайдалану нормаларан жасаумен айналысты.

Әлихан Бірінші Мемлекеттік думаға Семей облысы тұрғындары арасынан депутаттыққа түспек болып, отбасымен Омбыға 1905 жылы оралады. Сол жылы Лиза өзінің жақсы көретін әкесінің ұзақ уақыт үйде неге болмағанын түсіне алмай жүрді. Анасынан сұраса, ол кісі:

- Келеді әкең, келеді, - деп жауап береді.

- Одан басқа ештеңе айтпайды. Ол туралы айтқанмен де Лиза оны түсінетін жаста емес еді. Бұл кезде әкесін Павлодар қаласының жанында тұтқынға алып, ешқандай сотсыз және тергеусіз төрт ай ұстағанын кейіннен білген болатын. Семейдегі абақтыға сегіз ай қамады. Одан шыққан соң Самараға жер аударды. Лиза осында бастауыш мектепті бітірді. Өктай да мектепте оқып жүрді. Сол кезде өзі мүше болған кедет партиясының адамдары жиі жиналатын. Ауылдан да адамдар келуші еді. Лиза мен Өктай жаз айларында ауылға барып, әжелері Бежекеңнің жанында болатын. Бұлардың анасын басқа діннің адамы деп жанына жақындатқысы келмегенмен, ол кісі Ақанның балаларына еміреніп тұратын.

Балалары әкесінің әуелі патша самодержавиесі, кейіннен кеңес үкіметі тарапынан тартқан қиындықтарын көріп өсіп, оған қолдан келгендерінше көмек жасауға әрқашан дайын болды. Есейе келе әкелерінің үйде мүлде аз

болатындығына үйренісіп алды. Мұндайда аналарының өзі әкелерін жоқтатқан жоқ.

Шешелері ауыр науқастан қайтыс болғанда Лиза он тоғыз жаста, Өктай он жеті жаста ғана еді. Қиындық жылдары енді басталады. Олар үйде өздері ғана қалатын болды. Әкелері қоғамдық жұмыстардан, журналистикадан қолы босамайтын немесе түрмеде болатын. Бірде Әлекеңнің Тоқырауын бойындағы ауылда тыныш жүрген жерінде ұстап әкетіп бара жатқанда Лиза Мәскеуге әкесінен бұрын жетіп, оны құтқарып алу мәселесін ойластырып қойғандығын айтып кеттік. Содан көп ұзамай Әлихан Бөкейхан Мәскеуге орналастырылғанда Лиза Мәскеу мемлекеттік университетінің бірінші медицина факультетіне түсіп, оны 1927 жылы бітіріп шыққан соң бір жыл медбике болып істейді. Одан соң сол университеттің аспирантурасына түсіп, оны үш жылда үздік бітіріп шығады.

Әкесінің табиғаттан дарыған таланты балаларының бойынан да байқалды. Әкесінің тірі кезінде таныс болған адамдар, Әлекең ұсталып, атылып кеткен соң да бәрі болмаса да көпшілігі хабарласып, тіпті үйлеріне келіп тұрады. Солардың арасында Мұхтар Әуезовпен, Әлкей Марғұланмен, Дәмеш Ермековамен жақсы араласады. Кезінде тамаша байланыста болған Нығмет Нұрмақовтың да іле-шала ұсталып, әкесімен бір күнде атылғанын Лиза кейіннен білді.

Әкесі ұсталып кеткен соң, кейбір жақын-жуықтың өзі оның балаларынан іргесін аулақ салды. Әрине, «халық жауының» балаларымен байланыста болу олар үшін қауіпті де еді. Қиын күндер енді басталды. Ешкім қол ұшын бере қоймады. КСРО Денсаулық сақтау халық комиссариатында істеп жүрген қызметінен шығып қалды. Сондай бір күні ауыр ой үстінде көшеде келе жатқанда:

- Лизажан, - деген дауыс естілгендей болды.

Басында өз құлағына өзі сенбеген. Ақырын ғана бұрылып, дауыс естілген жаққа назар салған еді. Бұл кісі әкесімен жақсы араласқан, көшенің қарсы бетіндегі үйде тұратын Николай Александрович Семашко. Әйтпесе бұлай «Лизажан» деп әкесі ғана атайтын. Жанына жақындап келгенде ол кісі бірінші болып қолын созды. Лиза әдеппен ғана қолын беріп еді, ол ақырындап қана ерніне тигізді.

Бара жатқан бағыттары бір болған соң қатарласып, әңгімелесіп келеді. Барлық қал-жағдайын сұрап жатыр. Лизаның көңілсіз күйінің, жағдайының жоқтығын Николай Александрович күні бұрын білген сияқты:

- Лизажан, ертең маған келіп жолығып кетші, - деп өзінің жұмыс орнына шақырды.

Ертеңіне Семашконың айтқан уақытында келді. Николай Александровичтің Дәрігерлер білімін жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі екендігін бұрыннан білетін. Есігін қағайын деп еді, іште сөйлесіп жатқан адамдардың дауысы естіліп тұрғандықтан, күте тұруға тура келді. Ұзын дәлізде орындықтар қойылыпты, соның біріне барып отыра бергенде, Семашконың есігі ашылды. Іштен шыққан орта бойлы аққұба қыз жанына келіп:

- Сіз Елизавета Әлиханқызы боларсыз? – деп сұрады.

- Иә, менмін. Николай Александрович шақырып еді, - деді.

- Олай болса, менімен жүріңіз, қазір ол кісі бос емес, - деп бастап жүрді.

Ол қыздың кеңсесі де сол жерде жақын екен, үлкен бөлменің төр бұрышына төрт стол қойылыпты, соның біріне келіп отырды да, жанындағы орындықты нұсқады.

- Сіз туралы маған Николай Александрович айтты. Сіздің медициналық жоғары біліміңіз бар екен және аспирантура бітіріпсіз. Бізге зертханаға қызметкер болып тұруға қалай қарайсыз? – деп сұрады.

Бұл кезде Лиза қандай жұмыс болса да атқаруға дайын еді. Бұл ұсынысты ол қуана қабыл алды. Жасынан алғыр, кішкентайында шешесінің, өскен соң әкесінің тәрбиесін алған ол тапсырылған істі тап-тұйнақтай етіп атқарды. Алғашқыда лаборант болған Лизаны Семашко кейіннен ғылыми қызметке қабылдады.

Міне, содан Лиза Әлиханқызы Садуақасованың (Бөкейханованың) ғылым саласындағы қызметі басталып кетті. (Осы жерде айта кету керек, басқалар сияқты «халық жауларының» жарлары мен балалары да әкесі не шешесі үшін жазаға тартылып жатқанда Лиза аман қалды. Бұған Лизаның

сол кездегі НКВД-ОГПУ халкомы Николай Иванович Ежовпен бірге оқығандығы әсер еткен болуы да мүмкін).

Дегенмен де зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлнар Мұқанова: *«Она поедет в ГУЛАГовские казематы много лет спустя, доберется до АЛЖИРа, где провела бессонные ночи в числе сестер по несчастью. Ее имя увековечено в списках узниц Акмолинского лагеря жен изменников Родины под номером 562: «украинка – Садвакасова Елизавета Алихановна», - деп жазыпты (Казахская Мона Лиза: Елизавета Садвакасова. «Вестник КазНУ». Серия журналистика. №1(35), 2014. 143-147 стр.)».*

Бұдан соң көп ұзамай соғыс басталды. Сол кезде небәрі 16 жастағы Кенка (Ескендір) жасын үлкейтіп жаздырып, еріктілер қатарында соғысқа аттанады да, көп ұзамай хабарсыз кеткендігі туралы қағаз келді. Мұндай қайғымен Лиза үйде отыра алмайды. Қаңыраған төрт қабырғада қалай жалғыз өзі қалсын? Үлкен Кисловский мүйісіндегі коммуналкадағы бір бөлменің есігін жақсылап құлыптап жауып, өзі де фашистермен күреске аттанды. Әскери қызметін Солтүстік-Батыс майдандағы медициналық госпитальда атқарып, соғыс аяқталған соң медициналық қызмет майоры шенінде, майдан даласында танысқан, жасы өзінен недәуір үлкен Макс Натанович Клейнманмен бірге өзінің үйіне оралады. Шын мәнінде Лиза сонау кездері көрші-қолаң «халық жауының қызы» деп араласпай кеткендіктен, сол бір бөлмеде жалғыз қалып қоямын ба деп қорыққан еді.

Содан көп жыл бойы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінде қызмет атқарды, Бүкілодақтық элеуметтік гигиена және денсаулық сақтау ғылыми-зерттеу институтында ғалым-хатшысы болды. Он жылға жуық институттың санитарлық статистика бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институтында қазмет атқарды. Сөйтіп, өмірінің соңына дейін ғылыми-шығармашылық жұмыстармен айналысты. Әуелі медицина ғылымдарының кандидаты, кейіннен докторы ғылыми дәрежесіне диссертацияларын абыроймен қорғап шығады, профессор атағына ие болады.

Он тоғыз жасында шешесінен, одан соң көрнекті қоғам қайраткері, көсемсөзші, көптеген шығармалардың авторы, Қазақстанда ұлттық театр мен жоғары мектептің ұйымдастырушысы, жастар қозғалысы мен кооперативтік қозғалыстың көшбасшысы Смағұл Сәдуақасовтай жан жарынан, халқы қадірлеген, Алашы ардақ тұтқан, ұлт көсемі болған әкесінен, бауыр еті баласы Ескендірден, жалғыз бауыры Өктайдан (Сергей) айырылған Лиза өмірінде құсалықпен күн кешіп, ауыр науқасқа ұшыраған еді. Жалғыз қалмас үшін етегінен ұстаған Макс Натанович екеуі сол Үлкен Кисловский мүйісіндегі №4 үйдің бір бөлмелі 15-ші пәтерінде тұрып жатқанда, 70-ші жылы Ұлы Отан соғысының екі ардагеріне орталықтан алыс, Вернадский даңғылының бойындағы биік үйлердің бірінен екі бөлмелі пәтер береді. Ауыр науқасы өршіп, ақыры сол аурудан бір жылдан соң, 1971 жылы 22 маусым күні түнде көз жұмады. Өмірі «халық жауының қызы» деген айықпас таңбамен өткен шерменде жанның сүйегі өртеліп, күлі Новодевичье зиратындағы қабырға қуысына орналастырылады. (Біраз жыл өткен соң сол маңайға жақын жерге КСРО-ның бұрынғы бас хатшысы Никита Сергеевич Хрущевтің жерленгенін де айта кетейік).

Зейнеп Әлиханқызы КСРО-ның медицина саласы бойынша статистикамен айналысқан санаулы ғалымдарының бірі болды. Ол халықтың өсімі, кбеюі және туу көрсеткіші сияқты демографиялық мәселелермен тұңғыш рет шұғылданған маман. Зейнептің ашқан ғылыми жаңалығы отбасының тұрақты болуына жағдай жасалып, халықтың санын көбейту үшін аса қажет тұжырымдар болғанына қарамастан, оны жоғары билік тарапы көзге ілмей, қайта тыйым салып отырған еді. Бірақ сондай аса маңызды ғылыми зерттеу әлі күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Кеңестік көрнекті дәрігер-ғалым, профессор, «Қызыл жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерінің иегері, көптеген медальдарға, басқа да марапаттарға ие болған Зейнеп Садуақасова (Бөкейханова) 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Солардың арасынан атап өтетін болсақ:

«Түсік жасаудың әлеуметтік-гигиеналық проблемасы».

Медицина ғылымдарының докторы ғылыми атағы үшін жазылған диссертацияның авторефераты. Мәскеу. Дәрігерлердің білімін жетілдірудің институты. 1965 ж.

«Тұрғындар денсаулығын зерттеудің әлеуметтік-гигиеналық аспектілері». «Советское здравоохранение» журналы, №10, 1965 ж.

«Кейбір шет елдердегі аналар өлімі және бұл көрсеткішті есептеп шығару әдістемесі». «Здравоохранение Российской Федерации» журналы. №2, 1965 ж.

«Бала тууды шектеу жөніндегі шаралар және олардың тұрғындардың өсіміне тигізетін ықпалы». «Советское здравоохранение» журналы, №5, 1966 ж.

«КСРО-дағы саналы түрде ана болуды жүзеге асырудағы түсік жасаудың рөлі» (Ішінара зерттеу материалдары бойынша). Тұрғындардың өсімін зерттеу (Мақалалар жинағы). Мәскеу. Ғылым. 1968 ж.

«Халық санағы жылындағы (1970) КСРО тұрғындарының денсаулығын кезенді зерттеу». «Здравоохранение Российской Федерации» журналы. №10, 1969 ж.

«Отбасының әлеуметтік-гигиеналық аспектілерін зерттеу» мақала. «Медицина» журналы. Мәскеу. 1969 ж.

Бұл тізім толық емес. Елизавета Әлиханқызының еңбектерінің көпшілігі Ресейдің медициналық оқу орындарында әлі күнге дейін пайдаланылуда.

Лиза (Зейнеп) кейінгі кездері дендеп кеткен обырдың салдарынан Измайловодағы Кремль ауруханасына жиі түсетін болады. Ақыры осы ауруханада жазылмас сол дерттен көз жұмады.

Ұлы Өктай (Сергей)

Санкт-Петербургта 1904 жылы туған Өктай орта білімді Самарада, Орынборда алған соң 1922 жылы әкесімен және әпкесі Лизамен бірге Мәскеуге келеді. Ол көп ұзамай Мәскеу тау-кен институтына оқуға түседі де, әкесіне көп салмақ салмауға тырысқандықтан болар, оқу орнының жатақханасында тұрып, өзінің стипендиясына өмір сүреді.

Кезі келген сәтте қолдай жұмыс істеп, тиын-тебен табудан да қашпайды.

Г.Мұқанованың жоғарыда аталып кеткен еңбегінде: *«Без пяти минут дипломированный инженер, он на выпускном курсе Горной академии подвергся обструкции»*, - деген жолдар бар (Г.Муканова. Казахская Мона Лиза: Елизавета Садвокасова).

Шын мәнінде мұндай дерек кездеспейді, дегенмен Сергей Бөкейхановтың Қазақстанға келіп, 1932-1934 жылдары Қарсақпай кен орнында қызмет атқарып, Жезқазған түсті металл кен орнын игерудің, оның ішінде мыс өндірудің қажеттігі туралы КСРО ҒА Президиумы мүшелерінің алдында жасаған баяндамасының жоғары бағаланғаны туралы жазбалар бар.

Бұл жайлы белгілі жазушы Медеу Сәрсекеев *«Сәтбаев»* атты кітабында: *«Қаныш Имантайұлының соң ғұламалар алдында «Жазқазғанның кендік және структуралық аймақтары» деген тақырыпта баяндама жасау үшін Қарсақбай комбинатының аудандық геологы Сергей Әлиханұлы Бөкейханов шыққан. Оның есебі де көңілдегідей болды. Алғашқы тыңдалған алты баяндаманың өзі-ақ көпшілікке Үлкен Жезқазған жайында жеткілікті мағлұмат берген...»*, - деп жазады. (М.Сәрсекеев. Сәтбаев. «Өнегелі өмір» сериясы. «Жалын» баспасы, Алматы, 1988 ж. 225-бет).

Өлке тарихын зерттеуші, техника ғылымдарының кандидаты Юрий Григорьевич Попов өзінің Әлихан Бөкейханов туралы жазбасында: *«Бұрынғы ескі жазбаларымды ақтарып отырып Өктай Бөкейханов туралы екі күзлікке тап болдым. Қарқаралының тұрғыны Георгий Константинович Рязанцев: «...1923 жылы мен Қарқаралы әскери комиссариатында шабарман болдым. Құтия хаттар тасымалдап, басқа да тапсырмалар орындап жүрдім. Бір күні мені әскери комиссар шақырып алып: «Бір жеделхат келді. Арқада бір ауылда қымызбен емделіп жатқан Әлихан Бөкейхановтың ұлы мен оның серігі, А.Д.Цурюпаның ұлын іздеп табу керек», - деп тапсырма берді.*

Мен жағалата қазақ таныстарымнан сұрап жүріп, астаналық қонақтардың Қызыларайда, одан соң

Мыйлыбұлақта болғанын, қазір Егіндібұлақта Хасен Ақаевтың аулында жатқанын білдім де, Ақаевтың ауылына барып, жеделхатты жастардың қолына ұстаттым. Есімде қалғаны – институтқа түсу туралы ма, қайта қабылдау туралы ма, сондай бірдеңе жазылған...», - деген әңгіме айтқан еді.

Гидрогеолог Василий Алексеевич Курдюковтың еселігі: «Бөкейхановтың кәсібі – кен инженері. Жезқазғанда шамамен 1929 жылдан бастап еңбек етті. Мен онымен бірнеше рет кездестім. Ол өзінің көзқарасы бар, өте білімді маман болды. Жезқазғанның болашағы туралы шынайы ғылыми еңбектің авторы. Қазақша аты болғанымен геологтар арасында Сергей Алиханович Бөкейханов ретінде танымал болды. Оның жасы менімен шамалас еді, яғни 1904 – 1906 жылдары туған. Қ.И.Сәтбаев Жезқазған жәніндегі көптеген еңбектерінде Қарсақбай комбинатындағы геологиялық барлау бөлімі жәніндегі өзінің серіктесі С.Ә.Бөкейхановты ерекше атап көрсетеді. Ол өзінің «Жезқазған мысты аймағы және оның минеральдық қоры» атты еңбегінде (Цветметиздат, 1932 ж.) 1930-1931 жылдардағы бұрғылау жұмыстары «кен инженері С.А.Бөкейхановтың басшылығымен жүргізілді» деп жазады. Медеу Сәрсекеевтің «Сәтбаев» атты қызықты-деректі кітабын оқыған адам Өктай (Сергей) Бөкейхановтың атын атаған жерлерін көңіл аударары сөзсіз. Өзінің ісін жетік білетін бұл геолог бірнеше жыл бойы Жезқазғанда барлау жұмыстарын табанды жүргізген еді». (Ю.Г.Попов, аудандық «Рассвет» газеті, 12 желтоқсан, 1992 жыл).

Бірақ әкесі Әлихан Бөкейхан ұсталып, атылып кеткен соң «халық жауының» баласы Жезқазған кен орнының бас инженері қызметінен шығып қалады да, Қазақстаннан еріксіз кетуіне тура келеді. Оның Мәскеуге де келуге болмайтыны өзінен-өзі түсінікті еді. Сондықтан Қазақстанына оралуға рұқсат алудан, сөйтіп өзінің сүйікті ісімен айналысудан үміттеніп, біраз жыл Ресейдің Қазақстанмен шекаралас аудандарында әр түрлі қызмет атқарады. Бірақ ол үміті ақталмайды да, әйелі Зинаида мен жаңа туған (1938 ж.) ұлы Женяны көруге бармастан, оларды Мәскеуде қалдырып,

полковник, көптеген тарихи кітаптардың авторы. Солардың ішінен «Бірінші Петрдің Еуропа мен Украинаны бағындыруы», «Курс майданы. «Кутузов» операциясы» және басқа еңбектерін атауға болады. Одан Дарья атты шөпшегі бар.

Інілері мен қарындасы

Әлекеңнің бірге туған бауырлары мен қарындасы туралы да аз-кем айта кеткен дұрыс болар. Әлиханның әкесі Нұрмұхамед (Мықан төре) Мырзахметұлы – Шыңғыс ханның баласы Жошы ханның он сегізінші ұрпағы Бөкейханның (Бөкей хан – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед) шөбересі. Барақ ханның немересі, Көкжалдың ұлы Бөкейхан 1815 жылы орта жүздің ханы болған. 85 жасқа келгенде қайтыс болыпты. Батырдан – Әшімтай, Рүстем, Бексұлтан, Мыразай туған. Мырзатайдан – Нұрмұхамед, Қоске, Мәтіхан (Шолак), Әбдіхан тарайды. Нұрмұхамедтен – Әлихан, Әзіхан, Нұрбек ханым және Тәттіхан, Смахан, Базылхан.

Әлихан туралы айтылып жатыр. Оның інісі Әзіхан елде болған. Кейіннен Алматыға келіп, 60 жасында үлкен ұлы Райымжанның қолында қайтыс болады. Бірақ туысқандары, інісі Смахан елге апарып, Талдыбейіт аталған аталарының қорымында жамбасын жерге тигізеді. Райымжан әр түрлі қызметтер атқарады, Орта Азия мемлекеттік университетіне келіп түсіп, бірінші курста жүрген кезінің өзінде Ташкенттегі орман техникумында математикадан сабақ береді. Бірақ оның үстінен «Алашордашыл Әлихан Бөкейхановтың немере інісі» деп үстінен жазылған домалақ арыздың әсерінен төртінші курстан кетіп қалуына тура келеді. Одан соң Алматы қаласына ауысып, әр жерде бала оқытады. Аудармашылықпен айналысады. Көптеген медициналық, техникалық және физика мен математиканың терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуына еңбек сіңіреді. Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі болады. Оқу-педагогикалық баспасында бас редактор болып істеген. Әзіханның екінші ұлы Ыбырайымхан Алтай өлкесі, Покровский ауданындағы «Маралиха» колхозында агроном болып істеп жүргенде

полковник, көптеген тарихи кітаптардың авторы. Солардың ішінен «Бірінші Петрдің Еуропа мен Украинаны бағындыруы», «Курс майданы. «Кутузов» операциясы» және басқа еңбектерін атауға болады. Одан Дарья атты шөпшегі бар.

Інілері мен қарындасы

Әлекеңнің бірге туған бауырлары мен қарындасы туралы да аз-кем айта кеткен дұрыс болар. Әлиханның әкесі Нұрмұхамед (Мықан төре) Мырзахметұлы – Шыңғыс ханның баласы Жошы ханның он сегізінші ұрпағы Бөкейханның (Бөкей хан – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед) шөбересі. Барақ ханның немересі, Көкжалдың ұлы Бөкейхан 1815 жылы орта жүздің ханы болған. 85 жасқа келгенде қайтыс болыпты. Батырдан – Әшімтай, Рүстем, Бексұлтан, Мыразай туған. Мырзатайдан – Нұрмұхамед, Қоске, Мәтіхан (Шолақ), Әбдіхан тарайды. Нұрмұхамедтен – Әлихан, Әзіхан, Нұрбек ханым және Тәттіхан, Смахан, Базылхан.

Әлихан туралы айтылып жатыр. Оның інісі Әзіхан елде болған. Кейіннен Алматыға келіп, 60 жасында үлкен ұлы Райымжанның қолында қайтыс болады. Бірақ туысқандары, інісі Смахан елге апарып, Талдыбейіт аталған аталарының қорымында жамбасын жерге тигізеді. Райымжан әр түрлі қызметтер атқарады, Орта Азия мемлекеттік университетіне келіп түсіп, бірінші курста жүрген кезінің өзінде Ташкенттегі орман техникумында математикадан сабақ береді. Бірақ оның үстінен «Алашордашыл Әлихан Бөкейхановтың немере інісі» деп үстінен жазылған домалақ арыздың әсерінен төртінші курстан кетіп қалуына тура келеді. Одан соң Алматы қаласына ауысып, әр жерде бала оқытады. Аудармашылықпен айналысады. Көптеген медициналық, техникалық және физика мен математиканың терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуына еңбек сіңіреді. Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі болады. Оқу-педагогикалық баспасында бас редактор болып істеген. Әзіханның екінші ұлы Ыбырайымхан Алтай өлкесі, Покровский ауданындағы «Маралиха» колхозында агроном болып істеп жүргенде

жиырма алты жасанда қайтыс болыпты.

Райымжанның балалары – Ибраш, Сырым, Нұрым және Айжан. Ибраш жас кезінде қайғылы жағдайда қайтыс болады. Сырымы Ленинград инженерлік-құрылыс институтын үздік бітіреді. Қазақ политехникалық институтында оқытушы, аға оқытушы, комсомол комитетінің хатшысы болады. Алматы қаласы студенттерінің тұңғыш құрылыс отрядын басқарады. Кейіннен Қазақстандық студенттік отрядтың командирі болыпты. Мәскеу инженерлік-құрылыс институтында кандидаттық диссертация қорғайды. Одан соң Мәскеуге қоныс аударып, «Лазерлік кешендер механикасы» зертханасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. Одан соң Алматыда әр түрлі ғылыми-зерттеу орындарында докторлық лауазымды ұзақ жыл болады. 2006 жылы зейнеткерлікке шыққан соң шығармашылық жұмыстармен айналысады. Оның еңбектерінің жалпы саны 50-ден асады екен.

Солардың арасынан «Между прошлым и будущем», (Биографические очерки), 1908 г., «Адмиралтейства виден шпиль», (О студенческих годах на берегах Невы), 2000 г., «Улицы нашего детства», (Школьные годы в нашем городе), 2001 ж., «Өткен күнде белгі бар», («Нельзя о прошлом позабыть» кітабының қазақша аудармасы), 2004 ж., «Лабиринты души», (Жизнь в науке), 2004 ж., «Мой город другим не заменить» (1 часть, Город мой Алматы, 2008 г.), (2 часть, Имена наших улиц, 2010 г.), (3 часть, Дорогие мои алматинцы, 2012 г.), «Шакарим» (о трагической судьбе Шкарима Кудайбердиева – поэта, философа, переводчика, мыслителя), 2013 г.

Сырым Райымжанұлы Бөкейханов 2013 жылы Алматы қаласында қайтыс болды. Одан соң Оның «Өткен күнде белгі бар – Нельзя о прошлом позабыть» кітабы 2016 жылы Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуы қарсаңында жарық көрді. (Кітапты қазақ тіліне аударған Алаш қайраткерлері туралы зерттеу жасап жүрген, әлихантанушы, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Қайырбек Сәдуақасов).

Райымжанның Нұрымы химия ғылымдарының докторы, профессор. Кезінде Атырау қаласындағы Нефтехимия

институтында директор болған. Одан соң ғылым саласында еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан.

Үшіншісі – Нұрбек ханым Мұқан төренің алты баласының ортасындағы жаңғыз қыз. Ол кісі қол өнерімен айналысады. Киім тігеді, тоқиды. Елдің есінде тік жүріп, тік сөйлейтін әділдігімен есте қалыпты.

Нұрбек ханымның екі ұлы Мұхамедәлі мен Қапасәліні отызыншы жылдардың аяғында әкесінің құлаққа тартылғандығы үшін Қарағанды қаласына қоныс аударады. Нұрбек ханымның өзі Ақтоғай ауданының азаматы Әбдірахманға тұрмысқа шыққан қызы Күлтайдың қолында дүниеден өтеді.

Тағы бір інісі – Тәттіхан. Ол да орысша оқыған, зерек болып өседі. Әлекең осы інісінен көп үміт күткен екен. Бірақ ол үміті ақталмай, Тәттіхан жиырма бес жасында құрт ауруынан көз жұмған.

Бесінші інісі Смахан. Халық оны «Смахан төре» атап кеткен. Еті тірі, жасынан ел ісіне араласқан. Өзінің «Әлекеңнің өмірі» атты күнделіктерінің тоғызыншы дәптерінде: *«Қазақтың атқамінерлерінің бірі. Нашар, жетім-жесір, момын байларды, елді қорғайтын адам. «Айқап» (журнал), «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінің тілшісі, «Сұңқар» деген мәселені осы жазады. Ұрының, жуандардың дұшманы. Патшаға «сенімсіз адам» деп екі жылға жер аударылған жиырма тоғыз 1910 жылы», - деп жазады. Бұдан соң атқарған қызметтеріне тоқталады. Сол жазбаларға қарағанда облыстық сотта, аудандық сотта, 1930 жылға дейін май зауытында қызмет атқарыпты. Одан соң үш жыл жекеше салығын тартыпты. 1933 жылы Алматы жағына жылыстап барып, жиырма жыл мекендейді де, Біраз жыл Алтай, Сібір жағында болып оралады. 1953 жылы Балқашқа келіп қоныстанады. Тағы бір айта кететін мәселе – Смахан төре ел арасында өзінің зеректігімен, шежірешілдігімен, ата тек тарата білетін ерекше есте сақтау қабілеттілігімен елге мәлім болған.*

Әлекеңнің ең кенже інісі Базылхан. Ол ағаларындай емес, қалжыңқой, тілге шешен, әңгімешіл болып өседі. Бірақ ол колхоздастыру кезінде құлаққа ілігіп, Сібірге жер аударылады да, сол жақта 48 жасында қайтыс болады. Оның

үлкен ұлы Мағауия 1975 жылы Шу қаласында дүниеден қайтыпты. Екінші ұлы Нұралы ҚазМУ-дың заң факультетін, кіші ұлы Әлихан Аграрлық университетті бітіріпті.

Әлекеңнің бауырлары мен ұрпақтарының араласқан адамдарының бірі – Қасенхан Алтынбеков. Бөкейханнан – Батыр, Батырдың екінші әйелінен – Рүстем, Бексұлтан, Хансұлтан, Мырзатай туады. Рүстемнің бәйбішесінен – Сырдақ, Бабахан, екінші әйелінен – Қоңырқұлжа, Әбітай. Әбітайдан – Алтынбек, Манатбек, Әсет. Алтынбектен – Қасенхан. Қасенхан Ақтоғай ауданының «Ұлы Октябрь» колхозында 1919 жылы дүниеге келген. Ақтоғайда мектеп-интернатта жатып оқиды. 1937 жылы Алматы педтехникумына барып түсіп, оны бітірген соң мұғалім болып қызмет атқарып жүрген кезде соғыс басталады да, әскер қатарына алынады. Батыс майданда басынан аяғына дейін қатысып, соғыс біткен соң да Чехословакиядағы ұрыстарда болады. Одан соң Шығыс майданға аттандырып, Квантун армиясына қарсы шайқасқа кіріп, Жапония тізе бүккен соң ғана, әскерде алты жылдан астам жүріп, елге оралады.

Әуелде «Ұлы Октябрь» колхозындағы жетіжылдық мектепте мұғалім, кейін оның директоры болады. Сол ауылда Күлжатай Әбдірахмановаға үйленеді. Бұл Әлекеңнің Нұрбек ханымның қызы Күлтайдан туған жиені болатын. Олар алты бала тәрбиелеп өсіреді. Соның ішінде бір баласы – Қырым Алтынбеков, суретші-реставратор еңбек сіңірген өнер қайраткері атанады. Ол КСРО Мәдениет министрлігі Қалпына келтіру институтының Жоғары курсы бітірген. Кезінде Франциядағы Луврда, Ресейдегі Эрмитажда тәлім-герліктен өтіпті. Экспедицияларға шығып, табылған құнды жәдігерлерді қалпына келтіреді. Мүлде үгіліп тұрған археологиялық материалдарды қатайтып, қалпына келтіру жөніндегі патенттері бар. Осы салаға арналған монография жазған. Ол Есіктен табылған «Алтын адамды», Қожа Ахмет Яссауи мөзелейіндегі көптеген жәдігерлерді және басқа да тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруге қатысқан.

Күйеу баласы Смағұл

Әлекеннің қызы Лиза қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бірі, ағарту саласының ұйымдастырушысы Смағұл Сәдуақасовқа 1923 жылы тұрмысқа шыққан. Смағұл Қазақстанның алғашқы ағарту халық комиссарының бірі болған. Сол кездің өзінде жастығына қарамастан Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекиннің саясатына ашық қарсы шығады. Ондай саясаттың қазақ даласы үшін қауіптілігін дәлелді себептермен айтып береді. Смағұл да коммунист болды. Қазақ Автономиялық республикасының алғашқы жастар одағының бірінші хатшысы Ғани Мұратбаев емес, шын мәнінде Смағұл Сәдуақасов еді. Ол комсомолдың тұңғыш газетін ашып, өзі оның редакторы болды. «Жастарға жаңа жол» атты кітап жазады. 1920 жылы Ақмола губерниясынан Қазақстан Кеңестерінің Бірінші съезіне делегат болып қатысады да, онда КазЦИК-тің Президиум мүшесі болып сайланады. Сол жылы қарашада үкімет құрамына кіреді. Сол жылы алқа құрамында болған А.Байтұрсынов, Ә.Бөксейханов, Х.Болғанбаев, Ж.Аймауытовпен бірге қазақ тіліндегі оқулықтар, саяси және көркем әдебиеттер әзірлеу, оны шығару жөніндегі редакциялық алқаның мүшесі болады. ВЦИК мүшесі болады. Қазақ өлкелік партия комитетінің органы «Еңбекші қазақ» газетінің де бірінші редакторы Смағұл еді.

1924 жылы Мемлекеттік жоспарлау комитетінің (Госплан) төрағасы болып бекітіледі. Келесі жылы Халақ ағарту комиссары болып тағайындалып, 1927 жылға дейін еңбек етеді. Ол тұңғыш мәдениет қайраткері еді. Оның қаламынан туған «Ұлт театры туралы», Қазақстандағы халық ағарту мәселесі» атты еңбектер өз заманында маңызы зор шығармалар болды. Осы жылдары тұңғыш жоғары оқу орнын ашуға да көп еңбек сіңірді. Ташкентте ашылған бұл оқу орнының алғашқы ректоры Темірбек Жүргенов болғаны, кейін оның орнына Смағұлдың келгені тарихтан белгілі. Сонымен қоса Смағұл Сәдуақасов қазақтың алғашқы жазушыларының бірі деп те айтуға әбден негіз бар. Ол

көптеген үлкенді-кішілі әдеби шығармалардың авторы.

Осындай еңбегі үшін де оны аяқтан шалғысы келгендер табылып жатты. Ол халық «ку жақ» атап кеткен Голощекиннің «Кіші октябрь» саясатына ашық қарсы шықты. Бұл саясаттың қазақ даласы үшін сәйкес келмейтіндігін мәлімдегені үшін оны «ұлтшыл» ретінде айыптады, оны қолдағандарға «сәдуақасовшылық» деген айып тақты. Ақыры оны шеттетіп, Қазақстаннан қызмет табылмай, Мәскеуге, ондағы жары Лиза мен ұлы Ескендірдің жанына оарлады. Ол мұнда қарап жатпай, Көлік инженерлері институтының жасанды құрылыс факультетіне түсіп, оны 1932 жылы аяқтайды. Смағұлды «Күн көсем» сол кезде салынып жатқан Түрксиб темір жол бойына емес, Мәску – Донбасс темір жол бойына жібереді. Сонда бір жылдай жұмыс істеп, қатты ауырып қалады. Оған «суық тиген» деген диагноз қойылып, Мәскеуге әкелінген соң Кремльдің ауруханасында жұмбақ жағдайда жан тәсілім етеді.

«Сәрсенбек» деген романды 1922 жылы бастап, 1927 жылы аяқтаған. Қайраткердің «Күміс қоңырау» деп аталатын тамаша повесі бар. «Салмақбай» повесінде ауылға кооперация қалай енгізу жайлы тәптіштеліп жазылған.

Бәресе «суық тиген» деп, біресе «астан уланған» деп диагноз қойылған Смағұлдың денесін шығарып салуға атасы Әлихан, Тұрар Рысқұлұлы, Нығмет Нұрмақұлы қатысқан. Олар бір-бірін өзара қатты сыйлаған. Кеңес үкіметі «оның мәйіті өте қауіпті, у тарауы мүмкін» деген сылтаумен «кремация жасау керек» деген шешім шығарған. Жары мен туыстары бұған еріксіз көнуіне тура келген. Бұл шешімнің өзі әріден ойланған әдіс секілді. Егер сүйегі қалса, ДНК құрамынан қарап, біраз нәрсені анықтауға болады ғой... Кейін сүйек күлін жары Елизавета Бөкейхановаға әкеліп береді, ол арнайы тас-табыт жасатып, крематорияның қабырғасына қойдырады. Смағұлдың күлін елге жеткізіп, дәстүрге сай жерлеу мәселесі 1991 жылы көтеріліп, оған тек 2011 жылы ғана қол жеткізілді. Ол күл уақытша «қара молаға» қойылған еді, кейін Кенесары сарбаздары жерленген көне қорымда мәңгілік мекен тапты. Смағұл мен Хан Кене әскерінің бейіті Астананың қақ ортасында, оң жағалауда тұрғандықтан,

бүгінде олардың рухы тәуелсіздікке қызмет етіп жатыр деуге әбден болады.



АТА-БАБА ҚОРЫМЫ

Сарыарқаның қай жері болмасын жиделі байсын ғой. Төрелердің Сарым жұртынан ат түйедей қалып алып, қоныстанған жері де сондай, аса бір шұрайлы өлке. Тоқырауын бойына Рүстем мен Мырзатай 1858 жылы көшіп келіп қоныстанған. Өйткені, Тоқырауын болыстығының сайлауында жеңіске жету үшін Сарым елінің атақты биі Шоңбай Балапанұлы төре тұқымдарының үстемдіктеріне жүгінген. Болыс сайлауында төренің жаңа туған баласына дейін тас салады екен, соны пайдаланғысы келген. Сол үшін Тоқырауын болысының жетінші ауылына қарайтын Желтау, Жіңішке, Ақтұмсық пен Тоқырауын өзенінің төменгі арнасын, Қызыларайдың оңтүстік беткейінің шұрайлы жерлерін төрелердің ұрпақтарына сыйлаған. Сөйтіп, ақыр аяғында болыс болған деседі.

«Тоқырауынның шығыс жағындағы алқаптағы табиғаттың өзі түгін тартса майы шығады дегендей шөбі шүйгін, аңғарлары толы бұлақ, жазығы түгілі тауының өзі жайылым, етегінде Жіңішке өзені аққан биіктігі 1169 мың метр Желтаудың батыс бетіндегі Қараүңгірге Батыр баласы Рүстем төре, теріскейіндегі Қаражалға інісі Мырзатай төре, осы екеуінің орта тұсындағы Беғазыға қараған Жекежалға кейіндеу Мырзатай баласы Нұрмұхамед қыстау салып қоныстанған. Бұл жер бертінге дейін Мұқан Нұрмұхамед қорасы деп аталып келген» деп жазған еді кезінде Қасымхан Қаленов ағамыз.

Осы Желтаудың төңірегінде Нұрмұхамбеттің, оның әкесі Мырзатайдың 4-5 қыстауы болған дейді. Негізінен бұлар ел арасында «Қасым қыстауы» деген атқа ие. Соның ішінен

Кеңес кезінде шопандардың қыстауы болған Қасым қорасынан алыс емес бірінші қатардағы қыстақты таңдап алыпты. Сол жерге Әлихан Бөкейханға сұр мәрмар тастан ескерткіш қойылған. Онда «Осы жерде «Алашорда» үкіметінің төрағасы, ұлт жанашыры Әлихан Нұрмұхамедұлы БӨКЕЙХАН 5.03.1866 жылы дүниеге келген» деген жазу бар.

Әлихан басына шығып отырады дейтін, Қарауылдың қара тасы да осы қыстаудың жанында тұр. Осы жерде Әлекең мектеп ашыпты. Осы Тоқырауынның төменгі сағасындағы Қарасуда Бижанның Қасені де мектеп ашқан. Ол Әлекеңнің мектебі туралы естіген соң өзінің мектебінен көптеген оқулықтар мен оқу құралдарын әкеліп тапсырыпты. Осы мектепті бітірген Мүсілім Құлымжанов мен Қабыкей Баймағанбетов кейіннен мұғалім болып, сабақ берген. Бүгінде сол қыстаудың іргетастары ғана жатыр. Бірақ іргетастарына қарағанда бұл жер жай қыстау ғана емес, әжептәуір ауыл болғанға ұқсайды.

Кеменің алдыңғы тұмсығы сияқты анау тұрған қара тастың басына шықсаңыз – көз ұшында биік Ақсораң шыңы анық көрініп, Қызыларай көлденең жатыр. Одан бері Бегазы алақанға салғандай. Мына жақта Крегетас. Анау Майлықтың Қара шоқысы, одан әрі Қаршығалы таулары қарауытады. Әлекеңнің осы тауларға қарап отырып талай ойға шомғаны анық.

Төрелердің, оның ішінде Әлихан Бөкейханның ата-бабасы жатқан, жұрт «Талды бейіт» атап кеткен қорым осы жерден онша алыс емес. Ол Тоқырауынға құятын Жіңішке өзенінің қабағына таяу жерде. Сыртын айналдыра шикі кірпішпен алты қырлы етіп қаланып қоршау жасаған.

Бұл қорымның «Талды бейіт» аталуының өзіндік себебі бар – қорымды бриазилиялық алып ағаш жайқалып өсіп тұр. Оны бір кезде Петербургта императорлық орман-экономикалық университетін бітірген Әлиханның өзі әкеліп отырғызыпты. Әуелде үш ағаш болған дейді. Соның ішінде біреуі өзі қурап қалады да, 1901 жылы жерленген әкесі Нұрмұхамбет пен 1905 жылы жерленген інісі Тәттіханның басына орнатқан екі ағаш жайқалып өседі. Енді соның біреуін

сонау ашаршылық жылдарында Балқашқа қарай бет алған босқындар отқа жағыпты дейді көнекөз қариялар.

Бөкей тұқымының Мырзатайдан тараған ұрпақтарының ішінде тек Әлихан мен Базылханнан басқасының барлығы осы қорымда жай тапқан. Олардың басына белгітастар қойылған. Бірақ олардың барлығы ескі шағатай тілінде арабша қаріптермен жазылғандықтан, оны оқуға білміміз жетпеді. Сондықтан газетте жарық көрген, Смахан төренің жиені Болатбек Мұхамедиевтің мақалсындағы деректерді пайдалануға тура келді. Бұл жазуларды Шабанбай би ауылының имамы Айдаржан Балтабай арабша емледен кирилл әріптеріне түсіріп беріпті.

Бірінші белгітас жазулары.

1901-1902 жж.

(Бас жағы оқуға келмеді. Бүлінген, өшкен).
...Шыңғысхан әулеті Бөкейхан рухы сұлтан Нұрмұхамбет Мырзатайұлы 1838 жылы дүниеге келді. 1901 жыл 1 апрельде және хижрада 1318 Зульхаджа Шазшөр 25-і жексенбі күні 62 жасында бұл дүниеден, ол дүниеге сапар қылды. Тас жаздырған Әлихан, Смахан.

Екінші белгітас жазулары.

1905-1906 жж.

«Шыңғыс хан, Жошы хан, Тоқайтемір, Өзтемір Қожа, Өз Жәнібек хан, Қасым хан, Сығай хан, Ондан хан, Қайнар-Көшек, Бөкей, Құдайменде, Тұрсын, Қырықсан Барақ хан, Бөкей хан, Батыр, Мырзатай, Нұрмұхамедұлы Тәтіхан 1905 жылы 25 февральда 25 жасында опат болды.

Шыңғыс хан – Жошы хан нәсілінен, өмір сүрген жері – Арқа, Қарқаралы уезі, бабасы – Бөкейхан. Жұрты – Қаракесек. Туған жері – Тоқырауын, Желтау. Бұл тас Жіңішке өзені, Тоқырауын тарауында анасы Бегім ханымнан, туыстары Ғалихан, Әзіхан, Фазылхан, тас қоюда бас болған Смахан.

Үшінші белгітас жазулары

1913-1914 жж.

Шыңғыс хан, Жошы хан, Тоқайтемір, Қожа, Орыс хан, Құйыршық хан, Барақ хан, Өз Жәнібек хан, Қасым хан, Сығай хан, Ондан хан, Қайнар-Көшек, Бөкей, Құдайменде, Тұрсын,

Қырықсан Барақ, Бөкейхан, Батыр баласы Мырзатай сұлтан
1913 жылы 12 мартта 93 жасында опат болды.

Шыңғыс хан, Жошы хан нәсілінен. Ғұмыр сүрген жері –
Сарыарқа, уезі – Қарқаралы. Бабасы – Бөкейхан. Жұрты –
Қаракесек. Бұл тасты қойған жер Жіңішке өзені Тоқырауын
тарауы.

Тас жаздырған немересі – Ғалихан, Әзіхан, Фазылхан,
Қасымхан, Мәнерхан, Әділхан, Мәтхан, Смахан.
Нұрмұхамбет балалары.

Төртінші белгітас жазулары
1918-1919 жж.

Тобықты Мамай батыр ұрпағы. Бөкейхан – тұқымы
Нұрмұхамбет ханымы – Бегім. 1918 жылы 27 сентябрьде
дүниеден өтті.

Жетім менен жесірді,
Жел жағында панасы,
Ық жағында қаласы.
Тоңғанда болған тон,
Жүрегінде болған өң.
Шөлдегенде болған сусын,
Жылағанның анасы.
Жығылғанның сүйеніші,
Сүйіскеннің сәулесі,
Бегжекем тасы осы жерде,
Тау Желтау, өзен Жіңішке.
Тасты жаздырған,
Баласы Смахан.

Бесінші белгітас жазулары
1926-1927 жж.

Өзтемір, Қожа, Орыс хан, Құйыршық хан, Қасым хан,
Сығай хан, Оңдан хан, Қайнар-Көшек, Бөкей, Құдайменде,
Тұрсын, Қырықсан Барақ хан, Бөкей, Батыр, Мырзатай –
Әбдіхан.

1926 жылы март 22 рамазан шариф сегізі дүйсенбі күні
84 жасында дүниеден өтті. Хәм немересі Қасым хан баласы
Өсмұрат 17 рамазан шариф үшінші сәрсенбі күні 7 жасында
опат болды. Ғұмыр сүрген жері – Сарыарқа, Қарқаралы уезі,
жұрты – Қаракесек. Туған жері – Тоқырауын, Желтау. Бұл

жаздырған: Зейнеш, Нұржамал, Зада, Шаһида, Серік, Қасымхан.

Белгі тастарды Семей қаласында шеберлерге арнайы қашатып, шаптырады екен. Әр тас үшін бірнеше ірі қара малды ақысына беретін болған. Өгіз арбамен Семейден Тоқырауын бойына дейін, апталап жүріп жеткізген. Тастардың ұзындығы үш метрден асып, ені 80 сантиметр болған.

Бұл тастардан басқа әулет қорымында Әлекеңнің інісі – Өзіхан Нұрмұхамедұлына арналған белгітас қойылған.

1960 жылдар ортасында.

Ырымдап Әлекеңнің құлақшынын (бас киімін) жерлеп, төте және бүгінгі жазумен өмірбаянын жаздырып бауыры Смахан Нұрмұхамбетұлы, өткен ғасырдың елуінші жылдар аяғында белгітас орнатқан.

Смахан Нұрмұхамбетұлы Балқаш қаласында 1967 жылы 25 қаңтарда қайтыс болған. Әулет қорымында жерленген. Белгітас қойылған.

Смахан төре зайыбы Нұршықызы Мария Шоңбай ұрпағы. 1979 жылы 27 желтоқсанда 84 жасында өмірден озды. Әулет қорымында жерленіп, белгі тас қойылған. Смахан Нұрмұхамбетұлы аталас туысы Борымхан ақсақал да осы қорымға жерленіп, белгі тас қойылған.

Қиыншылық жылдары әулет мүшелерінің келісімімен Руы – Қаракесек, Сарымұлы Жансары ұрпағы Баймағамбет ақсақал да осы Талдыбейітке жерленген. Өткен ғасырдың аяғында немересі Елубай Қабыкейұлы басына белгітас орнатып, туыстық парызын өтеген болатын. (*«Орталық Қазақстан» газеті. 08.08.2016 ж.*)

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ НАҚЫЛҒА АЙНАЛҒАН СӨЗДЕРІ

Адам баласы – нәпсінің құлы: мандайы тасқа тимей тоқтамайды.

Адам баласы бір-біріне өкімші де, құл да болған.

Адам жылап отырса – оның орнына келген заң қарпі не опа бере алады?!

Адам қызметіне кіріспей қазына тумайды.

Айыр сөзде айып жоқ.

Ақылға саңыраулық та – айып.

Ақылды сөз қылмақ қиын, ақылды сөзді ақылды іс қылмақ одан да қиын.

Атқыштың асығы түгел.

Әділдік жоқ жұртта береке-бірлік болмайды.

Әкім халықтың көбіне сүйенсе күшті болады.

Әр замананың өз рәсімі, өз салты бар. Біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды.

Байлық басы көпке байлаулы емес - базарда ақша болатынға байлаулы.

Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды.

Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей,
жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар - қысты
күні үңгірде жатып өз аяғын өзі сорған аю тәрізді.

Би – түзу, билік – әділ болсын.

Биді кім болса содан қорықпайтындай, біреудің бетінің
қызылына немесе біреудің жақсы жағасына қарамайтындай
жағдайға қою шарт.

Болғаннан – қашпа, болмағанға – саспа.

Болыс болуға лайық кісі – халық пайдасын білетін, жөн
мен жол көрген, жұрт сөзін тыңдай да, құрметтей де алатын
кісі.

Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ
қана.

Бұл болып тұрған заман - Алаштың азаматына зор жүк.

Бұл ғұмыр тойына шақырылған көптің бәрі бірдей өз
өнеріне тиісті орын ала бермейді.

Бұл заманда жылап мұратқа жетем деу - аш түйенің
күйсеуі сынды дәрменсіздік.

Бізде болыс көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп
әкелген бұралқы болды.

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін
ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін
ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.

Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса - башқұртша көріп мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді.

Біздің қазақ ұлтының автономиясы жерге байлаулы автономия болмақ.

Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса – үкімет ісін бөліп қойған оң болады.

Білім - біліммен, мінез - мінезбен. Көп оқыса, зейінді болса - білімді болмақ, ал мінезі жақсы бола ма әлде жаман бола ма - мұны құдай біледі.

Білімнен мақсат шықпайды.

Бір өнер қылған екі кісіге тар жер - екі өнер қылған екі кісіге кең болады.

Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады.

Дүние билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады.

Дүниеде не болса да бірте-бірте аздап ілгері басып болады.

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.

Еріншек пен езге жол, бәйге, сыбаға, мүше жоқ.

Еуропа мәдениеттімін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі әлі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ.

Еуропада халық партия болғанда адаспас ақ жол
табымыз деп, адам аспас асқар белден асамыз деп, жұрт ілгері
басатын іс қыламыз деп таласады.

Жалпак жұрттың көкірегінде жақсылық болмаса - жұрт
жұрт болып тіршілік құра алмақ емес.

Жер дауы - тәмам бес миллион қазақ дауы.

Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі - өмір
сүру мәселесінің зоры.

Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды.

Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер
табылса - қазақ халқы соңынан ерер еді.

Жұртқа әділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін
тындаған, билігін орнына жұмсайтын, арам жемейтін, іс
білетін, ел мүддесін ашық қорғай алатын болыс пайдалы.

Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздеу мақсат.

Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумады
ғой.

Кедей - тамақ асыраймын деп, ақылсыз жас - атымды
шығарамын деп, надан ақсақал - кек аламын деп ұрлық
жасайды.

Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман.

Көкіректе сайрап *тш*>, қолды заман байлап *тш*>.

Қазақ сайлауы - жұртқа келген бір жұт: сайлау жылы
мал бағусыз, егін салусыз, пішен шабусыз қалады.

Мал тұяғы - қазына.

Мақаланы қалам өзі тілегенде жазса – сөз кестелі болады.

Мансапқұмар ел – кемелдікке жетпеген ел.

Мәдениет әмірі – құдірет әмірі.

Өз күшіне сенбеген халық та, адам да ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды.

Өзіне-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу-өнер болмайды.

Өзің түйеден өткен жетекшіл болсаң – саған ақыл не керек?!

Талас-тартыс жоқ болса - өмір абақтыға айналар еді.

Түзу қалам - қисайған, өткір қалам - мүжілген заман.

Тіршілік – бәйге: жүйрік алар, шабан қалар.

Тіршілік-ғұмыр белгісі – алыс-тартыс, арбау-әдіс.

Тіршіліктегі жүйріктік – ақылда, ұсталық пен жанкештілікте.

Тірі болсақ - алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!

Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.

Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молда үкіметтен ақша алса – сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалақы алған молдалар үкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді.

Халық ісін орнына салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек.

Шыңғыс хан дүниені алды-артында түк белгі қалған жоқ. Ақсақ Темір дүниені алмаса да – артында Самарқанд, мешіт, медреседей белгі қалды. Шыңғыс – көшпелі, Ақсақ Темір – отырықшы.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Кітаптар:

Алаш қозғалысы, Құраст. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы, 2008.

Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Алматы, 2004.

Алаш. Алашорда. Энциклопедия, Құраст. Ғ.Әнес, С.Смағұлова, Алматы, 2009.

Алаш-Орда. Сборник документов. Состав. Н. Мартыненко. – Алматы, 1992.

Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. Алматы, 2009.

Аманжолова Д. Россия и Центральная Азия, 1905-1925 гг. Сборник документов (автор и составитель), Караганда, 2005 г.

Арын Е. Трагедия личности и драма народа: А. Н. Букейханов. - Абен Е. Первые лица государства: политические портреты. – Алматы, 2001. – С. 178 – 192.

Ә.Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойына арналған «Тарих кеңістігіндегі тілдерді дамытудың өзектілігі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Қарағанды, 2016 ж.

Бөкейхан Ә. Таңдамалы – Избранное (Состав., автор предисловия, научных комментариев и библиографического указателя С. Аккулыулы). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995.

Бөкейхан Ә. Шығармалары – Сочинения. 15 т. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018.

Бөкейханов С.Р. Өткен күнде белгі бар – Нельзя о прошлом позабыть. Алматы, 2016.

Букейхан А. Полное собрание сочинений в 7 томах: монографии, исследования, статьи, литературные переводы / Алихан Букейхан; сост. Ж. С. Аккулыулы. – Астана, 2009.

Движение Алаш: из истории изучения вопроса. Сборник документов и материалов Т. 4 / сост. Грибанова Е.М. – Алматы, 2008. – 468 с.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялылары (Мақалалар жинағы), Қарағанды, 2008.

Жұртбай Т. Біртұтас алаш идеясы. Алматы, Орхон, 2014.

Забих Ш. Публицистика Алихана Букейханова: Учебное пособие. - Алматы, 2007. -142 с.

Козыбаев М., Великий реформатор XX века. Избранные труды. – Алматы, 2006. – С. 201- 218.

Қойшыбаев Б., Әлихан Бөкейханов. – Алматы. Жеті жарғы, 2001. – 160 б.

Кумисбаев Ш. Председатель казахской автономии. Они были первыми. – Алматы:кітап, 2007. – С.134 – 138.

«Қазақ» газеті. 1913 жыл. 2-басылым/ Құраст.: С. Смағұлова, Ғ. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы., 2018.

Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры, Астана, 2008.

Қойгелдиев М. «Ұлттық саяси элита» Алматы, Жалын, 2004.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы, 1-2 том, Алматы, 2008.

Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер, Алматы, 1990.

Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. – Т. 3. – Кн. 1.

Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы, Алматы, 1998.

Қыдыралина Ж. Алимхан Ермеков судьба и время, Астана, 2015.

Нурмагамбетова Р.К. Проблема Алаш и Алаш-Орды в Казахской историографии 20-90-х годов /автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук / - Алматы, 1999. - 32 с.

Нұрпейіс К. Алаш һәм Алаш Орда. 1-2 том. Алматы, 1994, 2008.

Өскембаев Қ.Ә. Ә.Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі, Қарағанды, 2003.

Тайшыбай З. Атадан асыл азамат, Алматы, 2017.

Тайшыбай З. Мағжанның Қызылжары, Астана, 2008 ж.

Тайшыбай З. Сыр сандығым – Қызылжар, Астана, 2013.
Тайшыбай З., Дулатбеков Н. Жақып Ақбаев
(Күрескерлік өмірбаяны), Алматы, «Жет жарғы», 1997 ж.

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар:

Абдрахманов О. Ұлттың ұлы перзентінің генеалогиясы
// «Орталық Қазақстан» газеті, Қарағанды. – 2016.

Абжанов Х. Алихан Буксейхан и его мечта //
Казахстанская правда. – 2016. – 1 апреля. – С. 18.

Абильдинов Д. Наш современник Алихан Буксейханов:
[Науч. и творч. наследие каз. просветителя, одного из
основоположников партии «Алаш»] // Казахст. правда. 1996. -
7 авг.

Аблакова Р. Говоришь о прошлом - снимай шляпу, о
будущем - засучивай рукава: [А. Буксейхан] // Мысль. - 1998. -
N 8. - С.86

Аккулы С.-Х. Алихан всего алаша: Наследие Алихана
Буксейханова // Мысль. – 2013. - № 1. – С. 71-80

Аккулы С.-Х. Журналист и публицист: Наследие
Алихана Буксейханова // Мысль. – 2013. - № 7. – С. 73-84

Аккулы С.-Х. Загадки «Самарского периода» // Мысль.
- 2013. - № 4. - С. 79-92

Аккулы С.-Х. Об истории, которая нас ничему не учит
или О некоторых аспектах добровольного подданства
Казахстана и России в сочинениях А. Н. Букейхана // Литер. -
2013. - 7 ноября. - С. 6; - 14 ноября. - С. 7

Аккулы С.-Х. Омская экспедиция. Предварительные
итоги. Казахский лидер сел в тюрьму по воле своей партии //
Мегаполис. - 2014. - 28 июля (№ 27). - С. 13

Аккулы С.-Х. Он выбрал казахскую государственность
вместо министерского кресла империи // Мегаполис. - 2014. -
28 апреля (№ 15). - С. 12

Аккулы С.-Х. Собиратель казахских земель: к 90-летию Автономии «Алаш – Орда» посвящается // Мысль. - 2013. - № 1. - С. 81-88

Аккулы С.-Х. Казахское ханство: ликвидация или распад? // Central Asia Monitor. - 2015. - 4-10 сентября (№ 35). - С.6,9; 11-17 сентября (№ 36). - С.9

Аккулы С.-Х. Мировое признание заслуг // Казахстанская правда. - 2015. - 24 ноября - С. 1,10

Аккулы С.-Х. Завещание Алихана: лидер «Алаша» мечтал превратить Казахскую степь во вторую Японию // Central Asia Monitor. - 2016. - 12-18 февраля (№ 6). - С. 10

Аккулы С.-Х. Алихан Букейхан - первый казахский профессиональный журналист и публицист // Шэкәрім. - 2014. - № 4. - С. 33-47

Аккулы С.-Х. «Московская клетка» для лидера «Алаш – Орды» // Мысль. - 2013. - № 5. - С. 78 – 89.

Аккулы С.-Х. «Пока я жив, не перестану служить своему народу» // Культурное наследие = Мәдени мұра. - 2016. - №1. - С.126 – 131.

Аккулы С.-Х. Алихан Букейхан и переселенческая колонизация Казахстана // Magni El. - 2016. - №2. - С.50 – 56.

Аккулы С.-Х. Собиратель казахских земель // Мысль. - 2013. - №1. - С. 81-88., - № 3. - С. 71 – 76.

Аккулы С.-Х. «Нужно предоставить народам право жить не по Марксу, а так, как они захотят!» // Новая газета. - 2014. - 20 марта. - С. 24 – 25.

Аккулы С.-Х. «Московская клетка» для лидера «Алаш-Орды» (1922-1937): II часть // Мысль. - 2013. - №6. - С. 82-83

Акқулыұлы С.-Х., Әлихан Бөкейханов, «Егемен Қазақстан» газеті, 2015 ж. қараша.

Акқулыұлы С.-Х. Алихан Букейхан и русское масонство: [О членстве в масонской ложе «Полярная звезда» и встречах А. Букейхана с А. Ф. Керенским в 1919-1922 гг. Об орг. нац.

полит. партии «Алаш»] // Казахст. правда. - 1993. - 28 окт. - С. 6

Аккулыулы С.-Х. Примерное служение своему народу // Мәслихат және әкімдік = Маслихат и акимат. - 2011. - № 1. - С. 35-40.

Аккулыулы С.-Х. Алихан Букейхан и казахская земля // Қазақ үні. - 2014. - 6 мая (№ 18). - С. 10-11

Аккулыулы С.-Х. Алихан Букейхан. Жизнь, деяния, расстрел... // Central Asia Monitor. - 2011. - 11-17 марта. - С. 9

Аккулыулы С.-Х. История, которая ничему не научила: о наследии Алихана Букейхана в контексте основных аспектов принятия Казахстаном добровольного подданства России // Central Asia Monitor. - 2013. - 8-14 ноября (№ 44). - С. 14

Аккулыулы С.-Х. От марксизма - к идее «Алаш»: об идеологической и политической эволюции лидера казахского национального движения Алихана Букейхана // Central Asia Monitor. - 2014. - 14-20 марта (№ 10). - С. 10

Аманжол И. «Алаш-Орда»: История страны, история людей: История партии «Алаш-Орда» // Деловая неделя. - 2007. - 30 ноября. - С. 1, 14

Аманжолова Д. Алихан Букейханов - культура личности и культура власти // Приуралье. - 2012. - 25 февраля (№ 23). - С. 5; 28 февраля (№ 24). - С. 6

Аманжолова Д. Уроки от Алихана Букейханова // Прикаспийская коммуна. - 2011. - 22 сентября (№ 111). - С. 10

Анастасьев Н. Идеи и люди «Алаша»: Алихан Букейханов и партия «Алаш» // Central Asia Monitor. - 2006. - 17 февр. (N 7). - С. 8

Ахметова А. Вспоминают Алихана в Москве // Казахстанская правда. - 2016. - 10 марта. - С. 5.

Ахметова С. Тополя Букейханова // Индустриальная Караганда. - 2016. - 26 мая. - С.3.

Әшкеев Н. Ә. Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері, // Ақиқат, 2002, №3.

Базарбаев М. Властитель дум народных: [О жизни и деятельности главы нац. партии «Алаш-Орда» А. Букейханова] // Казахст. правда. - 1993. - 19 июня. - С.6

Байменов А. М. История должна учить и предостерегать // Вечерняя Астана. – 2011. - 31 мая. - С. 5

Балтабай К. Следствие проведут знатоки // Литер. - 2009. - 15 янв. - С. 5

Бельгибаев, М. Е. Алихан Бөкейхан – общественный деятель и ученый (140 лет со дня рождения): Наследие // География в школах и вузах Казахстана. - 2010. - № 5. - С. 37-40

Биданова А. Научный талант лидера Алаш-Орды // Казахстанская правда. - 2014. - 5 марта. - С. 7

Биданова А. Прерванный полет: Об А.Букейханове // Казахстанская правда. - 2008. - 31 мая.

Бөкейхан Смахан. Әлекеннің өмірі. Естелік. «Жұлдыз» журналы, 1996 ж. №3.

Бөкейхан Смахан. Әлекеннің әулеті. Шежіре деректері. «Жұлдыз» журналы, 2003 ж. №3.

Вайдман Л. Инакомыслящий: [Диалог о видном полит. деятеле, основателе нац. движения «Алаш» А. Букейханове, репрессир. в 1937 г.] // Казахст. правда. - 1991. - 7,10 сент.

Войткевич Е. Прерванный полет: О казахст. династии политиков братья Алихана Букейханова или сталин. репрессий // Эпоха. - 2006. - 6 окт. (N 39). - С. 11

Волкова Т. Алихан Букейханов о своей родословной // Простор. - 1996. - N 3. - С. 96-98.

Гора Н. На кругах ада: Памяти жертв политических репрессий // Мысль. - 2008. - № 7. - С. 14-18

Елизарова В. Истоки независимости // Известия. - 2012. - 11 декабря (№ 233). - С. 6

Енисеева-Варшавская Л. Сын степей: Наследие Алихана Букейханова // Мысль. - 2013. - № 2. - С. 74-77

Енисеева - Варшавская Л. Алихан всего Алаша: Вождь Алаш-Орды // Мысль. - 2013. - №1. - С. 71-80.

Ермеков О. Образец высокого духа и служения Отчизне // Казахстанская правда. – 2013. – 18 января. – С. 14

Ешмуратова Г. В. А. Букейхан о переселенческой политике царизма в Казахстане // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сер. = Вестн. КазНУ. Сер. ист. - 2005. - N 1 (36). - С. 192-194. - Библиогр.: 12 назв.

Жаныкулов Е.Ж. Оценка переселенческого движения в Казахстане в трудах А.Букейханова // Вестник КазНУ, сер. историческая. - 2008. - № 3. - С.21-27.

Жубанышбаева А. Парламентская деятельность казахских депутатов в Государственной думе: История права и государства // Фемида. - 2005. - № 10. - С. 30-31

Забих Ш. Алихан Букейханов в Омске // Вестн. КазГУ. Сер. журналистики. - 2001. - N 11. - С. 114-116

Забих Ш. Цвет степей: Политический деятель мирового масштаба // Литер-неделя. - 2007. – 5 апреля. - С. 14

Зубов А. Несгибаемый Алихан // Страна и мир. - 2009. - 14 дек. (№ 49/50). - С. 14

Иржанов М. Будет издано собрание сочинений // Казахстанская правда. – 2016. – 5 апреля. – С.14

Иржанов М. Славный сын казахского народа // Казахстанская правда. – 2016. – 4 мая. – С.3.

Какен А. Опередивший свое время: [О гос. деятеле, лидере нац.- освобод. движения А.Букейханове] // Акмол. правда. - 2000. - 28 нояб. - С. 3

Каленова Г. «Алаш» - гордость свободного народа // Прикаспийская коммуна. - 2011. - 17 сентября. - С. 10

Камелов Д. Алихан и Хайретдин // Индустриальная Караганда. – 2016. – 12 марта. – С. 6.

- Канафина Ж. Алихан всего Алаша // Караван. - 2013. - 29 марта (№ 13). - С. 23
- Каренов Р. Алаштың бас көсемі // «Азия-Транзит» журналы. - 2000. - №2, - 5-13 б.
- Кеменгер К. Алаш и национальное востоковедение // Культурное наследие. - 2015. - № 3. - С. 118 – 122.
- Козыбаев С. Первая ласточка национальной печати // Казахстанская правда. - 2013. - 31 января. - С. 6
- Қойгелді М., Реформаторлар буыны, «Егемен Қазақстан» газеті, 7 Қазан 2016.
- Койгелдиев М. Алихан всего «Алаша»: Беседа о жизни и деятельности Алихана Боксейханова / Беседовала Л. Варшавская // Известия. - 2006. - 31 мая. - С. 8
- Койгельдиев М. Алихан всего Алаша: К 140-летию Алихана Букейханова // Байтерек. - 2006. №- 4. - С.44-48
- Корниенко Н. Великий переговорщик // АиФ Казахстан. - 2016. - №10. - С. 2.
- Крамер Н. Глазами потомков // Индустриальная Караганда. - 2016. - 21 апреля. - С.8.
- Кульбаев Т. Алихан Букейханов – герой своего времени // Страна и мир. - 2011. - 26 декабря (№ 52). - С. 12
- Куприн В. Степной принц в уездной тюрьме // Краеведение. - 2002. - №4. - с.41-45.
- Кусайынулы К. Изучение архивных материалов движения «Алаш» // Мысль. - 2013. - № 3. - С. 77-82
- Кыдыралина Ж. У. Ценности независимости, интеллигенция и идеалы общества // Отечественная история. - 2012. - № 1. - С. 16-20. - Библиогр.: 11 назв.
- Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері // Айқап. - 2012. - № 2. - 48-65 б.
- Ларин Н. Честный почерк демократии: О лидерах «Алаш-орды» // Страна и мир. - 2008. - 18 июля
- Мажитов С. Возвращение Алихана Букейхана // Казахст. правда. - 1996. - 6 июня.
- Меркимбаева Д. Беседы о великом // Индустриальная Караганда. - 2016. - 19 апреля.

Мозг нации // Индустриальная Караганда. - 2014. - 16 декабря.

Наследие просветителя // Индустриальная Караганда. - 2016. - 9 февраля.

Нургалиев Р. Творческое наследие Алихана Букейханова // Простор. - 1995. - №4-5. - С.129-134

Нуркеева С. Судьба Алихана // АРУ ЖАН. - 2012. - № 7. - С. 2-6

Отегенова Ж. Ж. Лидеры партии «Алаш» // История Казахстана: преподавание в школе. - 2014. - № 7. - С. 25-28

Попов Ю. Алихан Букейханов среди биев Сарыарки // Индустриальная Караганда. - 2016. - 18 февраля.

Попов Ю. Евгений Букейханов: «Свидание со степью» // Индустриальная Караганда. - 2016. - 23 апреля.

Попов Ю. Из долговечного рода Букейхановых // Индустриальная Караганда. - 2014. - 27 сентября.

Попов Ю. Из степей Казахстана на берега Невы: Алихан Букейханов: награжден вечностью // Нива. - 2011. - № 11. - С. 161-187

Попов Ю. Каркаралиинские современники // Индустриальная Караганда. - 2016. - 4 июня.

Попов Ю. Каркаралинские учителя Алихана Букейханова // Нива. - 2013. - № 12. - С. 83-93

Попов Ю. Прикосновение к биографии // Индустриальная Караганда. - 2016. - 13 февраля.

Попов Ю. Соратник Алихана Букейханова // Индустриальная Караганда. - 2016. - 7 апреля.

Попов, Ю. Учителя Алихана Букейханова // Индустриальная Караганда - 2011. - 12 ноября.

Сабитова А. Сокровищница национального интеллекта и национального духа // Nomad-Kazakhstan. - 2011. - № 4/5. - С. 10

Садыкова А. «Советскую власть не любил, но признал» // Казахст. правда. - 2010. - 5 марта.

Сәрсекеев Қ. Алаштың Әлиханы, // «Орталық Қазақстан» газеті, - 2006 ж. - 19 қаңтар.

Сергеева О. Алихан Букейханов // Приуралье. - 2011. - 31 марта. - С. 10

Строкова А. В борьбе за свободу // Индустриальная Караганда. - 2016. - 2 февраля.

Тахан С.Ш. Очерки Алихана Букейханова на русском языке // Евразия. - 2007. - №5. - С. 38-48.

Тахан С. Очерки Алихана Букейханова на страницах русской прессы // Каз. правда. - 2007. - 17 авг. (N 129). - С. 7

Тахан С. Переселенческое движение как социальная проблема в публицистике Алихана Букейханова: История // Мысль. - 2007. - № 7. - С. 82-89.

Усеинова Г. Р. Партия «Алаш» и А. Н. Букейханов // Вестн. КазНУ. Сер. юрид. - 2002. - N 4. - С. 17-19

Усеинова Г. Р. Общественно-политическая деятельность А. Н. Букейханова в Самаре // Вестн. КазНУ. Сер. юрид. - 2002. - N 1. - С. 155-158

Усеинова Г. Р. Эволюция политических взглядов А. Н. Букейханова // Құқық және Мемлекет = Право и Государство. - 2013. - № 2. - С. 85-91

Хасанаев М. Букейханов в Омске: [Годы учебы в тех. училище в Омске] // Казахст. правда. - 2000. - 19 авг.

Цветкова В. Забытые страницы // Литер. - 2013. - 10 сентября. - С. 2

Шериязданова К. Остаться в памяти народной // Казахстанская правда. - 2011. - 14 сентября. - С. 3

Шуданбеков А. Ш. Роль Алихана Букейханова в формировании национального самосознания казахского народа // История в казахстанской школе = Тарих Қазақстан мектебінде. - 2013. - № 3. - С. 34-36

Шулембаева Р. Видному деятелю, ученому и этнографу // Казахстанская правда. - 2016. - 16 апреля. - С. 11 - 12.

Ашық интернет көздерінен:

<http://www.kaznu.kz/ru/>

b.ru/article/

<http://articlekz.com/articl>

<http://www.unesco.kz/heritagenet/kz/>

<https://ru.wikipedia.org>

<http://semeylib.kz/>

<https://sarbaz.kz/history/16621158-aelihan-boekekeyhanov---ult-koesem%D1%96/> Сарбаз © sarbaz.kz

http://www.inform.kz/kz/alihan-bokeyhanov-tiri-bolsam-kazakka-kyzmet-kylmay-koymaymyn_a2844303

http://alashainasy.kz/kazak_tarihy/sultan-han-akkulyi-abay-jolyi-romanyi-muhtar-aezovtn-ideyasyy-emes-89849



МАЗМҰНЫ

Желтаудағы жарқын күндер	3
Омбыда оқыған жылдар	10
Санкт-Петербургтегі сайрағын	19
Махаббат машақаты	28
Ойранды жылдар оқиғалары	41
Думадағы тасылмас дау	53
Ах, Самара қаласы	65
Орынбордағы оқиғалар	74
Торғай облысының комиссары	82
Тұңғыш саяси партия	87
Алашорда үкіметі	95
Семей – Алаштың астанасы	101
Сталинның қабылдауында	108
Бутыркада болғанда	120
Әміре Парижге аттанды	129
Абайды ардақ тұтты	139
Қарымды қаламгер, жалынды публицист	147
Ғылымда қалған өшпес із	155
Қазақ жерінің қорғаны	167
Жастарға деген қамқорлық	177
Шәуешек сапары	182
Тағы да тұтқындау	198
Қамаудағы соңғы күн	192
Әлихан ұрпақтары	199
<i>Қызы Зейнеп (Лиза)</i>	199
<i>Ұлы Өктай (Сергей)</i>	205
<i>Інілері мен қарындастары</i>	209
<i>Күйеу баласы Смағұл</i>	219
Ата-баба қорымы	215
Әлекеңнің нақылға айналған сөздері	220
Пайдаланылған әдебиеттер	226

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

**ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ
ӘЛИХАН**

Басуға 20.06.2024 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16

Қаріп түрі Times New Roman

Қағазы офсеттік. Көлемі 13,83 баспа табак.

Тапсырыс № 30977

Таралымы 500 дана.

**«Tengri Ltd» ЖШС баспаханасында басылды.
100022, Қарағанды қ., Бұқар жырау д-лы, 86/5 үй.
Тел.: 8(7212) 43-19-54**



Осы кітаптың жарық көруіне себепкер болған, «Арқаның Атымтай жомарты» атанған меценат, халықтың қамқоршысы, жуырда Қазақстан Журналистер одағының Алтын медалімен марапатталған **Бекзат Қомарұлы АЛТЫНБЕКОВКЕ** деген алғысым шексіз. Әрқашан Әлихан атасының аруағы қолдап жүрсін!





ISBN 978-601-7652-94-4



9 786017 652944